

«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» БМ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

Монография

Семей, 2018

ББК

УДК

К

«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» БМ Ғылыми Кеңесі
баспаға ұсынды, 2018 ж. 27 маусым, № 10 протокол

Сарапшылар:

Д.К. Нурпеисов, заң ғылымдарының докторы, Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Н.К. Мұқашева, PhD докторы, Семей қаласының қалалық сотының судьясы

Авторлық ұжым:

*З.К. Аюпова, М.Б. Бақтыбеков, Дм.А. Жампеісов, Др.А. Жампеісов,
Н.И. Ибрагимова, М.Д. Қаражанов, Д.У. Құсаинов, Э.С. Майшекина,
М.Х. Матаева, Н.Д. Мырзатаев, Қ.Қ. Тастекеев*

Жауапты редактор –

заң ғылымдарының докторы, профессор *М.Х. Матаева*

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саласындағы
конституциялық тәжірибесі [Текст] : монография / жауапты ред. *М.Х.
Матаева*. – Семей : «Интеллект», 2018. – 184 б.

ISBN

Монографияда құқықтың түрлі тармақтарында Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын жүзеге асырылу мәселелері қарастырылған. Мемлекеттік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық салаларда конституциялық нормаларды жүзеге асырылуының қолдану және атқарылу түрлері талданады.

Басылым конституциялық құқық саласында қызмет ететін ғылыми қайраткерлерге, оқытушыларға, заң жоғары оқу орындарының магистранттары мен студенттеріне, және конституциялық тәжірибе мәселеріне қызығушылық білдіретіндердің барлығына арналған.

ISBN АО «Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет»,
2018

Кіріспе

Алдағы жақындап қалған Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы - біршама қорытынды жасауға, конституциялық тәжірибені зерделеуге, оның тиімділігін арттыру жолдарын талқылауға маңызды себеп болып табылады. Конституция қоғам мен мемлекеттің дамуында құрылымдық тұрақтандырушы рөл атқарды және алдағы уақытта да солай жалғаса бермек.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқығы мен бостандығын жоғары құндылықпен құптады және Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік бүтіндігін қамтамасыз ететін құқықтық платформаға айналды. Күрделі тарихи және саяси оқиғалар қатар өрілген осы уақыт аралығында дамыған құқықтық жүйені қалыптастыру бойынша орасан зор жұмыстар атқарылды, оның барысында Қазақстан Конституциясының үлкен әлеуеті ашылып, оның қоғамдық қатынастардың барлық саласына тендестірілген ықпалы дәлелденді. Осы уақыттың барлығында Қазақстан Республикасының Конституциясы саяси тәуелсіздік пен еліміздің егемендігінің күзетінде тұрды, мемлекеттің барлық сан қырлы қызметі Конституцияның негізінде және аясында оның қағидаттары мен нормаларына сәйкестілікте жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі қағидаты қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барлық халықтың игілігі үшін экономикалық даму, неғұрлым маңызды мемлекеттік мәселелерді демократиялық әдістермен шешу болып табылады.

Конституцияның іске асырылуы деп конституциялық ұйғарымдарды шынайы іске асыру бойынша тиісті субъектілердің қызметі түсініледі. Осы күрделі және ұзақ процестің басты мәні Конституцияның мақсатын іске асырудан, саяси маңызы бар әлеуметтік қатынастар мен байланыс салаларында ерекше құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуден тұрады. ҚР Конституциясын іске асыру әртүрлі және сапалы біртекті емес қоғамдық қатынастар саласын қамтитын болғандықтан кешенді және әмбебап сипатта болады.

Конституциялық нормаларды іске асыру саласы қоғамның тұрмыс-тіршілігінің маңызды жақтары болып табылады, бұл процеске көптеген құқық субъектілері қатысады. Оның ерекшелігі

аталған қызметтің белсенді қатысушылары халық, мемлекет болып табылатындығында.

Бір авторлар құқықты іске асыру деп оның нормаларын мемлекеттің де қоғамның да, тұтастай алғанда мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, азаматтар мен олардың бірлестіктерінің сақтауы деп түсінсек,¹ Л.С. Явич «Конституцияны ұстану және орындау, пайдалану және қолдану – оны іске асырудың әдісі болып табылады» - деп есептейді². Кейбір ғалымдар басқаша анықтама береді. Сонымен, А.Б. Венгеровтың көзқарасы бойынша құқықты іске асыруды құқық субъектілерінің әлеуметтік тәртібі деп айқындауға болады, онда құқықтық нормалар ұйғарымы құқықты іске асыру, міндеттерді орындау бойынша тәжірибелік қызмет нысаны ретінде нақты көрсетіледі³.

Алайда демократиялық қоғамда құқық нормаларын сақтау табиғи құбылыс болып табылатыны айтпаса да түсінікті, ал «іске асырылмайынша құқық өзінің әлеуметтік мәнін жоғалтады»⁴. Тек құқық нормалары мен принциптерінің іске асырылу нәтижесінде ғана қоғам мемлекеттің Негізгі заңында белгіленген құқықтық моделдерді орнатуға қадам жасай алады.

К.К. Айтхожин⁵ оның принциптерін, идеяларын және нормаларын жүзеге асырудың барлық кешенді мәселелерін қамтитын Ата заңды іске асыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынады. Оның негізін Ата заңның елдің қолданыстағы құқық жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін әдістерін зерделеу мәселесі құрауы тиіс. М.К.Маликов конституциялық нормаларды іске асыру мәселесін көрсете отырып, «іске асыру» түсінігінің өзі оның ерекшеліктері мен

¹ Енгибарян Р. В., Краснов Ю. К. Теория государства и права: Учебное пособие. М.: Юрист, 1999 - С.38

² Явич Л. С. Право развитого социалистического общества. Сущность и принципы. М., 1978 - С.140

³ Венгеров А. Б. Теория государства и права: Учебник для юридических вузов. 3-е изд. М.: Юриспруденция, 1999. - С.431

⁴ Ген Н.Л. Специфика конституционных норм и особенности их реализации// "Журнал российского права", N 11, ноябрь 2001 г. - С.222

⁵ Айтхожин К.К. Теоретические вопросы Конституции Республики Казахстан. Дисс. на соискание ученой степени доктора юридических наук. Республика Казахстан. Алматы, 2008. – С.269

конституциялық ережені есепке алмастан заң ғылымдарының барлық саласында қолданылуы тиіс деген мәселеге назар аударады¹.

Конституциялық нормалардың іске асырылу ерекшеліктеріне оған құқықты іске асыру сипатындағы конституциялық-билік өкілеттігі берілген субъектілердің ерік-қалауын білдіруі ерекше ықпалын тигізеді. Мысалы, ҚР Конституциясының 66-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады. Республика Президентінің келісімі бойынша мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды, Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады және т.б.

ҚР Конституциясының 69-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағына міндетті күші бар қаулылар шығарады².

ҚР Конституциясының 44-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті: республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды; келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды; Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді; азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады; Республика

¹ Маликов М. К. Гносеологические основы реализации права: Учебное пособие. Уфа: Башкирский университет, 1998.- С. 117-121

² Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана, 2018. - 86-88 беттер

дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады және т.б.¹.

Конституциялық билік өкілеттігін іске асырудың аталған жағдайында ҚР Конституциясында айқындалған адам өз қызметін қолданыстағы заңнаманың, заңға тәуелді актілердің нормаларына сәйкес жүзеге асырады. Көптеген жағдайда осы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын солар әзірлейді және кейбір жағдайда қабылдайды.

Осы зерттеуде негізінен Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асырудың конституциялық ұйғарымдарды орындау сияқты формалары қарастырылды, оның сақтаудан айырмашылығы негізгі нормада көзделген және Конституцияда қойылған мақсатқа жетуге бағытталған белсенді қызметті бағамдайды. Бұл нысанды тиісті субъектілер конституциялық және заңнамалық нормалар аясында жүзеге асырады және азаматтардың алдында міндеттер мен міндеттемелерді орындаумен байланысты болғандықтан мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар үшін бірінші дәрежелі маңызы бар. Осы ретте айрықша рөл Қазақстан Республикасының Президентіне тиесілі (ҚР Конституциясының 40, 44-баптары)².

Конституциялық нормалардың іске асырылуын зерттей отырып, монография авторларының ұжымы қолдану түріндегі формаға көңіл бөледі, бұл құзыретті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заңды маңызы бар факторларды анықтауға бағытталған күрделі және жауапты мемлекеттік билік қызметін болжайды.

Конституциялық құқық нормалары азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қажет болған кезде немесе құқық туралы дау болған кезде қолданылады. Бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін мемлекеттік мәжбүрлеу аппаратын жұмылдыруға тура келетін жағдайлар жиі кездеседі.

1995 жылы ҚР Конституциясында бекітілген қағидалар бүгінгі күнге дейін біткен жоқ және өзін толық көлемде іске асырған жоқ. Бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсаруда, саяси

¹ Сол жерде, 68-бет

² Маликов М. К. Гносеологические основы реализации права: Учебное пособие. Уфа: Башкирский университет, 1998.- С. 117-121

жүйені және мемлекет пен қоғам өмірінің өзге де салаларын әрі қарай демократияландыру жүріп жатыр. Конституцияның негізінде идеологиялық, әлеуметтік және саяси плюрализмге негізделген нарықтық экономика, ашық демократиялық жүйе принципінде белсенді еркін азаматтық қоғамды қалыптастыру процесі жүреді. Демократиялық мемлекеттердің құқықтық жүйесіне жақындау конституциялық нормалардың дамуына өз түзетуін енгізеді, қолданыстағы Конституция тұрақтылығының кепілі болып табылатын жаңа құқықтық институттар пайда болады.

Оқырманға ұсынылып отырған монографиямен жұмыс жасау барысында авторлар төмендегі ғалымдар: С.А. Авакьян, С.С. Алексеев, К.К. Айтхожин, С.К. Амандықова, З.К. Аюпова, М.Т. Баймаханов, Ж.Д. Бусурманов, Л.Т. Жанұзақова, С.З. Зиманов, И.А. Кравец, А.А. Матюхин, Э.Б. Мұхамеджанов, В.С. Нерсисянц, А.Х. Саидов, Г.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, Ю.И. Скуратов, Ю.А. Тихомиров, Ш.В. Тлепина, Т.Я. Хабриеваның және т.б. жалпы теориялық еңбектеріне сүйенген.

Сонымен қатар зерттеу негізіне әртүрлі құқық саласын зерттеушілердің: Д.Л. Байделдінов, С.Д. Бекішева, В.К. Гавло, С.С. Зуйкова, В.Н. Карагодина, В.А. Малиновский, Г.М. Меңдікұлова, А.А. Мұқашева, Г.А. Мозговой, Б.Х. Төлеубекованың және т.б. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын іске асыру мәселелеріне арналған жұмыстарын негіз етіп алған.

Осы жұмыс кіріспеден, зерттеу саласы мазмұндалған сегіз параграфты біріктірген екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Бірінші тараудың «Қазақстан Республикасының Конституциясы және жария билік» (1.1) бірінші параграф авторы заң ғылымдарының докторы, КазГЮИУ профессоры М.Х. Матаева, (1.2) екінші параграфты PhD докторы Э.С. Майшекина, (1.3) үшінші параграфты заңтану магистрі КазГЮИУ-дің PhD докторанты М.Б. Бақтыбеков дайындаған.

Екінші тарауды «Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын әлеуметтік-экономикалық салада іске асыру» жазу және дайындау жұмыстарымен мамандар ұжымы айналысқан. Сонымен, бірінші параграфтың (2.1) авторы заң ғылымдарының докторы, профессор З.К. Аюпова (Қазақ ұлттық аграрлық университеті) философия ғылымдарының докторы, профессор Д.У. Құсайыновпен

тең авторлықта (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) жазған. Екінші параграфтың (2.2) авторы PhD докторы Думан А. Жампеисов заңтану магистрі, КазГЮИУ-дің PhD докторанты Дәурен А. Жампеисовпен тең авторлықта әзірлеген. Үшінші параграфты (2.3) заңтану магистрі, КазГЮИУ-дің PhD докторанты Н.И. Ибрагимова, төртінші параграфты (2.4) PhD докторы М.Д. Қаражанов, бесінші параграфты (2.5) заң ғылымдарының кандидаты Қ.Қ. Тастекеев КазГЮИУ-дің PhD докторанты Н.Д. Мырзатаевпен тең авторлықта әзірлеген.

Кіріспесі мен қорытындысын осы ұжымдық монографияның жауапты редакторы М.Х. Матаева жазған.

Аталған зерттеуді ғылыми-зерттеу аясында Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы - «Адам құқығы мен бостандығының кепілдігі және оны іске асырудың мемлекеттік-құқықтық тетіктері», Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы - «Жеке-құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу: теория және тәжірибе мәселелері» және Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы - «Қылмыстылықпен күрестің қылмыстық-құқықтық, криминологиялық, қылмыстық-процестік және криминалистикалық аспектілері» жасаған. Монографияның негізгі ережелері оқу процесіне енгізілген, «ҚР конституциялық құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы», «ҚР экологиялық құқығы» «ҚР кәсіпкерлік құқығы», «ҚР әкімшілік құқығы» және т.б. курстар бойынша сабақтарда қолданылды. Авторлар аталған курстар бойынша тәжірибелік сабақтар өткізу үшін әдістемелік нұсқауларды дайындау кезінде бірқатар зерттеу нәтижелерін де қолданған.

Бөлім 1

Қазақстан Республикасының Конституциясы және жария Құқығы

1.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: жетілдіру жолдары

Тұрақты конституциялық даму қоғамның және мемлекеттің тіршілік әрекетіне байланысты. Белгілі бір жағдайларда ол қоғамдық даму мен құқықтық сананың қажеттіліктеріне негізделген конституцияға сәйкес нормаларды жетілдіруге бағытталған мемлекеттік биліктің дәйекті саяси-құқықтық әрекеттерін қамтитын конституциялық реформаны жүзеге асырады. Конституциялық реформа бір жағынан - әлеуметтік-саяси, екінші жағынан –құқықтық процесс болып табылады және маңызды әлеуметтік қатынастардың динамикасын, олардың құқықтық реттеуін көрсетеді.

Бүгінгі таңда заң ғылымында конституцияны реформалау туралы әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Олардың бірі Конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз ету, оған қандай да бір өзгеріс енгізу қажеттілігін жоққа шығару, оның нормалары мен саяси тәжірибесі арасындағы белгілі бір сәйкессіздіктерді конституцияны өзгерту арқылы емес, оны түсіндіру арқылы, «іс жүзіндегі норманы шығару және құқық қолдану» жолымен жеңуге болады деген көзқарасты ұстанады.

Тағы бір көзқарас, Конституцияны догма деп қарастыруға болмайды, оны өмірдің қажеттіліктеріне қарай өзгерту керек деген ойды ұстанады. Бұл Конституция түзетуге болмайтын, қатып қалған дүние дегенді білдірмейді. Джефферсон Конституцияны демократиялық тұрғыдан нығайту үшін әрбір ұрпаққа оны өзгерту мүмкіндігін беру маңызды деп санаған. Егер қолданыстағы Конституция республикалық басқарудың іргелі қағидаты, яғни халықтың әл-ауқатына қайшы келсе, онда Гамильтонның пікірі бойынша, Конституцияны өзгерту немесе қабылдамау құқығы туындайды. Сонымен бірге ол «бұл қағидат сайлаушылардың басым көпшілігінде қолданыстағы Конституцияға сәйкес келмейтін ауыспалы ынталар пайда болған сайын олардың өкілдері

Конституцияны бұзуға құқылы деген сөз емес.... Халық салтанатты мәртебелі акт тәртібінде оны ұстап тұрған басқару нысанын жоймағанша немесе өзгертпейінше, жалпы халықтың, сондай-ақ әрбір азаматтың оған бағыну міндеттемесі өз күшін жоймайтындығын» ескерткен¹.

Мәселен, Ю.И. Скуратов конституцияның шексіз өзгерісі орынсыз және Ата Заңның түзетілуі «қолданыстағы институттардың саяси және құқықтық мәніне» әсер етпеуі керек деп есептеген.² Конституциялық реттеудің тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар ғалымдар конституцияға тек бір реттік түзетулерді енгізуді емес, керісінше ойластырылған конституциялық реформаны жүргізу қажет екенін дәлелдейді. Бұл ұстанымның соңғы көрінісі - жаңа конституцияны қабылдаудың уақтылығын негіздеуге әрекет жасау.

С.А. Авакья³ конституциялық реформалаудың проблемаларында қазіргі конституционализмде бір-бірін жоққа шығармайтын екі тәсілдеме айқындалады деп санайды: консервативті, реформалау өте сирек құбылыс ретінде танылады; және рационалды, яғни өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі. Конституциялық түзетулер енгізуді екі кезеңде жүзеге асыратын елдер бар: біріншіден, конституцияда ұсынылған өзгерістердің алғашқы талқылануы жүргізіледі, содан кейін жеткілікті ұзақ уақыт өткеннен кейін парламент оларды талқылауды бастайды. Кейбір елдерде Конституцияға өзгерістер енгізудің бастапқы талқылауынан кейін реформаторлық жұмысын жалғастыратын, Конституцияға түзетулер енгізу туралы мәселені талқылайтын жаңа парламент сайланады.

Жиі өзгерістер саяси немесе құқықтық институттардың жетілмегендігін көрсетеді. Басқа жағдайларда бұл қоғамның біртіндеп дамуы, мемлекеттік құрылымның нығаюы және құқықтық сананың дамуы туралы дәлел бола алады. Және бұл пікірлердің әрқайсысының жаны бар. Өзгерістердің қарсыластары, мысал ретінде, 1787 жылдан бері өзгертілмеген және преамбуладан, жеті бап

¹ Қараңыз: Федералист. А.Гамильтонның, Дж.Мэдисонның және Дж.Джейдің саяси эссесі, - М. 1993 - 507-508 беттер

² Ю.И. Скуратов Конституционная реформа и грани российской государственности //«Современное право».- № 10.- 2013 - 4-16 беттер

³ Қараңыз: Авакьян С.А. Практика конституционных реформ: некоторые проблемы //Мәскеу университетінің хабаршысы. Серия // ПРАВО.- № 1.- 2011.- 21-38 беттер

пен жиырма жеті түзетулерден тұратын Америка Құрама Штаттарының Конституциясын келтіреді.

И.А. Кравецтің айтуынша, конституция аралас саяси және құқықтық сипатқа ие, конституциядағы саяси және құқықтық сипат өзара тығыз байланыста¹. Тәжірибе көрсеткендей, дамудың қазіргі кезеңінде конституция өзінің оң рөлін жалғастырады, саяси күштердің оңтайлы теңгерімін нығайтады, қажетті саяси тұрақтылық пен экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Демек, Конституцияның тұрақтылығы тек саяси күштер теңгерімінің белгілі бір өзгерістеріне ғана емес, тұтастай алғанда қоғамның конституциялық және саяси мәдениетінің тиісті деңгейіне байланысты. Конституциядағы өзгерістер жиі кездесетін болса, олардың тұрақтылығы туралы әңгіменің мағынасы жоғарылайды. Конституцияны құрушылар оның тұрақтылығын көбінесе негізгі заңға өзгерістер енгізудің күрделі рәсімін жасаумен қамтамасыз етуге тырысады. Бұл жол, 1995 жылы ҚР-ның қолданыстағы Конституциясы үшін де таңдалды. Алайда, ең тұрақты конституция үшін бұл нұсқаның еш маңызы жоқ. Белгілі ресейлік мемлекеттанушы Н.М. Коркунов өз сөзінде жасанды түрде белгіленетін нысандармен және мерзімдермен мемлекеттік құрылыстың өзгеруін кейінге қалдыратын кез келген әрекет толығымен жарамсыз деп танылуы керек. Егер күннен-күнге өмірдің негізгі заңының сәйкессіздігі айқындалатын болса, конституция супер консервативті құжатқа айналады. Қоғамның дамуы конституцияға назар аудармай, оны кейінге қалдырады немесе одан әрі жалғасады. Бұл жағдайда «конституциялық емес» сипатқа ие бола отырып, ол конституцияның қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келуі туралы мәселені сөзсіз тудырады. Және де өзгеру тәртібі қаншалықты қиын болса да, ол жүзеге асады². Бұл жағдай Қазақстанда да болды. Тәуелсіздік пен егемендік алғаннан кейін, мемлекет коммунизм құру жолы көрсетілген Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы бойынша дамуды жалғастырды. Ал ел ішінде нарықтық қарым-қатынастар дами бастады, әрине ешқайсысы қалтықсыз коммунизм құру туралы ойлаған жоқ. 1993 жылы мемлекет 1995 жылғы 30 тамыздағы жаңа

¹ Қараңыз: Кравец И.А. Формирование российского конституционализма (проблемы теории и практики). – Мәскеу – Новосібір: «ЮКЭА баспасы» ЖШҚ, 2002. – 360 бет.

² Зорькин В.Д. Теория права Н.М. Коркунова. – М., 2008 – С. 24

Конституциямен алмастырылған Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдады.

Сонымен бірге қоғамда және заңгер-құқықтанушылар мен саясаткерлердің арасында конституцияның белгілі бір нормаларын және мемлекеттік құрылым принциптерін, басқару нысанын өзгертуге дейінгі өзгерту қажеттілігі туралы пікірлер айтылады. Конституционалист ғалымдардың пікірі бойынша, жаңа конституцияны қабылдау қажеттілігі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастар айтарлықтай өзгерген кезде пайда болады. Бұл құбылыс бүкіл қоғамдық құрылыстың конституциялық реформасы әртүрлі себептермен және жағдаяттармен байланысты болған кезде, 1995 жылы туындады.

Сонымен бірге белгілі бір елде осындай жолмен конституциялық өзгерістерге алып келетін себеп-салдарлық байланыстар бір құрамды емес, көп құрамды сипатта болады, ең алдымен, саяси күрес, қоғамның саяси күштерінің нақты арақатынасы, ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы (әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени негіздер және саяси дәстүрлер, азаматтардың құқықтық санасы және т.б.) сияқты маңызды фактордың бар болуымен байланысты.

Конституцияға енгізілген кез келген өзгерістер конституциялық реформалаудың себептерін болжайды. Конституционализмнің теориясында бірнеше себептер айқындалады. Бұл жаңа мемлекеттің пайда болуы; мемлекеттегі жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйені рәсімдеу; мемлекеттің нысанын, билік нысанын, саяси тәртібін өзгерту; конституция алдында тұрған міндеттерді орындау; мақсаттылықты ескеру; конституцияның сапасы, яғни заң шығарудың кемшіліктері.

Сонымен қатар әртүрлі елдерде конституциялық өзгерістер мазмұнына сыртқы себептер де әсер етуі мүмкін, халықаралық құқықтың дамуы, бірыңғай әлемдік ақпараттық, мәдени және құқықтық кеңістіктің құрылуы. Соңғы кезде әлемдік қоғамдастық жалпыадамзаттық құндылықтар негізіне көбірек шоғырланады. Қазақстан да, бәрібір, жаһандық кеңістіктің бөлігі ретінде осы процестен алыс бола алмайды. Бүгін, конституциялық даму жалпы заңдылықтар мен беталыстарды бағындыратын бір жаһандық процесс болып табылады.

Соңғы жылдары әлемдегі барлық конституциялық дамудың лейтмотиві - бір кездері либералды Батыс өркениетімен қалыптастырылған және бүкіл мемлекеттің өмірін жалпы демократияландырған конституциялық құрылыстың негізгі қағидаттарын әмбебаптау. Қазақстан Конституциясының талдауы оның мазмұны бойынша конституция негізінде либералдық саяси жүйелерді құруға, билікті шектеуге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті Австрия мен Франция сияқты қазіргі заманғы конституциялық модельдерге толық сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар конституциялық реформа туралы айта отырып, біз конституциялық және қоғамдық құрылысты одан әрі демократияландыру терең ғылыми зерттеулер, ішкі саяси жағдайды талдау негізінде және қазіргі заманғы елдердің конституциялық даму тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін түсінеміз.

КСРО ыдырағаннан және Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін оның конституциялық-құқықтық рәсімделуіне деген қажеттілік туындады, өйткені 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының мазмұны қалыптасқан саяси және экономикалық шындыққа сәйкес келмеді. Арнайы комиссияның ұзақ жұмысынан кейін 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Парламентімен қабылданған егеменді Қазақстанның жаңа Конституциясының мәтіні жарық көрді.

Қазақстанның жаңа Конституциясы ұзақ және қажырлы еңбектің нәтижесі болды. Конституциялық жобаның жұмысы екі жылдан асты. Конституцияның жобасы түрлі ғылыми форумдар, соның ішінде халықаралық форумдар талқылайтын басты тақырып болды. Ата заң жобасы бойынша адам құқықтары жөніндегі Халықаралық қауымдастық сарапшылары, Америка адвокаттар алқасы, ТМД, АҚШ, Франция, Дания және басқа елдердің заңгерлері өз қорытындыларын ұсынды¹. Осы кезеңде Конституцияның бірнеше нұсқасы талқыланды. Талқылау барысында бірқатар мәселелер туындады: мемлекеттік даму моделі және қазақ және орыс тілдерінің мәртебесі туралы; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері

¹ Қараңыз: Конституционные реформы в государствах содружества. Мақалалар жинағы. – СПб: Секретариат Совета МПА, 1993. – 30-бет

туралы; жоғары билік органдарын ұйымдастыру туралы; сот реформасы туралы; республиканың мемлекеттік-аумақтық құрылымы туралы¹.

1992 жылдың 12 мамырында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары З.Л. Федотовтың ҚР Конституциясының жобасын әзірлеу туралы мәлімдемесін тыңдады. ҚР Конституциясының жобасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сегізінші сессиясында қарастыруға енгізілсін деген шешім қабылданды². 1992 жылғы 5-і қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы мәселені қарастырды. Конституциялық Кеңес ұсынған ҚР Конституциясының жобасы негізінен мақұлданды және екінші оқылымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясына қарауға шығарылды³.

Конституция жобасы бойынша жұмыс істеу күрделі саяси ортада жүріп, жиі жағдайда ымыралы шешімдерді іздеуге тура келгендіктен, бұл егемен Қазақстанның алғашқы конституциясының мазмұнына әсер етті. Нәтижесінде парламент қабырғасында қарама-қайшылыққа толы құжат пайда болды, онда бір жағынан адамзат өркениетінің биіктігіне жету ниеті жарияланды, екінші жағынан бұрынғы әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар жүйесі сақталды. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанда, бұрынғы кеңестік республикалардағы сияқты, ішкі саяси тұрақтылықты сақтау қажет болғандығы анық. Бұл пайымдау елдегі басты проблемалардың принциптік және қайтарымсыз шешілу қажеттілігіне қатысты басымдыққа ие болды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы жаңа құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы тарихи оқиға болды. Ол саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда жаңа қатынастарды қалыптастыру және қоғамдық-саяси жағдайдың

¹ Михалева Н.А. Конституционное законодательство стран СНГ на современном этапе (динамика развития) //Мемлекет және құқық.2004. №9.73-80 бет

² Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. № 8(2129). 15 мамыр 1992. – 72-73 беттер

³ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. № 20 (214). 20 қараша. 1992 – 21-бет

тұрақсыздануына жол бермеу үшін тәуелсіз мемлекеттің құрылуының бастапқы кезеңінде белгілі бір негіз қалау мүмкіндігін беріп, өзіне бөлінген тарихи рөлін толығымен ойнап шықты.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Қазақстан Республикасының егемендігін ең жоғары құқықтық деңгейде бекітті, аумақтық жайластыру мәселелерін шешті, конституциялық және саяси плюрализм тәжірибесінде билікті бөлу қағидаттарын іске асыру жолында маңызды кезең болды, құқықтар мен бостандықтар кепілдіктерінің жүйесін құрды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы алғашқы Конституциясы президент және парламент өкілеттігі теңдестірілген парламенттік-президенттік республиканы белгіледі, парламенттің бір палаталы құрылымын және вице-президент лауазымын қарастырды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында мынадай новеллалар болды:

- преамбулада «қазақ мемлекеттілігі» формуласы қолданылды, бұл қазақ ұлтының саяси өзін-өзі айқындауын тану дегенді білдірді;

- Қазақстан Республикасын «өзін-өзі басқаратын қазақ ұлтының мемлекеттілігінің нысаны ретінде», демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде жариялау;

- «Қазақстан халқы Республикасының мемлекеттік билігінің жалғыз көзі болып табылады» деп мәлімдеу;

- мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөліну қағидатын және биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары «тежемелік және қарама-қайшылықтар жүйесімен өзара әрекет етеді» деген ережені мойындау (мысалы, Президенттің салыстырмалы ветосының институттары, Президент ветосын, Президент отставкасын, Министрлер Кабинетінің толық немесе жеке мүшелерінің әрқайсысының отставкасын еңсеру, Жоғарғы Кеңестің ұсынысы бойынша Президенттің Министрлер Кабинетінің мүшесін лауазымынан мерзімнен бұрын босатуы. Бірақ, тежемелік және қарама-қайшылықтар жүйесі биліктің бөліну қағидаларын толығымен іске асыруға мүмкіндік бермегенін атап өту керек);

- көппартиялық нысан түрінде саяси плюрализмді мойындау;

- адам және азамат бостандықтары мен құқықтарының басымдықтарын мойындау;

- жеке меншік құқығын экономикалық қызметтің еркіндігіне рұқсат беру арқылы мойындау;
- қос азаматтықты мойындау¹.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы үш негізгі міндеттерді шешті:

- 1) мемлекеттің тәуелсіздігі заңды түрде ресімделді;
- 2) Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қоғамдастыққа танытты;
- 3) елде, оның әлеуметтік-саяси және құқықтық салаларында, бұрын-соңды біздің қоғамымызға белгісіз болған немесе «нақты социализммен» бұрмаланған нысанында белгілі болған бірқатар институттарды бекітті².

Сонымен бірге 1993 жылғы Конституция туындаған көптеген проблемаларды шешпеді. Сонымен бірге әлеуметтік құқықтармен байланысты мәселелерде Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы тоталитаризм кезеңінің дәстүрлерінен толығымен арыла алмады, нарықтық жүйеге сенімділік болмады. Бұл тегін білім алу, денсаулық сақтау, жұмыс, тұрғын үй және т.б қатысты құқықтар. С. Зимановтың айтуынша, Президенттің мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасы Конституциясының кепілі болып жариялануы жоғары биліктің міндеттері мен жауаптылығының мазмұнын айқындайтын конституциялық принциптер мен құқықтардың автоматты түрде нығайтылуымен қатар жүрмеді: Парламенттің таратылу тәртібі, дағдарыс жағдайында жаңа сайлау тағайындау тәртібі белгіленбеді және Парламент қылмыс жасаған кезде немесе осы жоғары лауазымды атқаруға моральдық құқығы жоғалған жағдайда Президентті қызметінен шеттету өкілеттігіне ие болмады³.

Конституцияда басқару нысаны, ҚР Премьер-Министрінің айқын рөлі туралы ешқандай нормалар болған жоқ, судьялар тәуелсіздігіне кепілдік қарастырылған жоқ, елді мекендерде билікті ұйымдастырудың қайшылықтары шешілген жоқ. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы бойынша

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. – Алматы, 1995

² Тусупова А. Историко-правовой анализ развития конституционного законодательства Республики Казахстан // <http://group-global.org/ru/publication/15945-istoriko-pravovoy-analiz-razvitiya-konstitucionnogo-zakonodatelstva-respubliki>

³ Зиманов С. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы, 1996.- 206 бет

өкілеттіктерді бөлу қағидасы адам құқықтарын қорғауға және әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақтандыруға қабілетті күшті мемлекеттік билікті құруға ықпал етпеді.

1993 жылғы Конституцияның белгіленген кемшіліктеріне байланысты, түзетулер мен өзгертулер енгізу арқылы емес, жаңа Конституцияны құру негізінде Ата Занды түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындады.

1993 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Конституциясының күшіне енуі оның кемшіліктерін бірден ашты. Оның Қазақстандағы нақты әлеуметтік-экономикалық және саяси процестен алшақ болуын. Бұл халықтың елеулі бөлігінің тіл мәселесіне, меншіктік қатынастарға, оның ішінде жерге қатысты, азаматтық мәселелеріне, мемлекеттіліктің сипатымен байланысты шешімдерге наразылық білдіруінен көрінді. Кемшіліктердің басым көпшілігі мемлекеттік билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастар шиеленісінің артуымен көрінді. Үкіметтің отставкаға кетуімен жалғасқан екі жылдағы екінші парламенттік дағдарыс атқарушы биліктің дағдарысына қатер төндірді. Бұл елдің басқарылуын қамтамасыз ету мүддесіне және мемлекеттік биліктің тұрақтылығына үлкен қауіп төндірді.

Біртіндеп 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясын толық қайта қарау қажеттілігі идеясы қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын әзірлеу және қабылдау туралы шешім қабылдады. Бұл мәселені шешу кезінде Қазақстанның ұлан-байтақ аумағы бар көпұлтты мемлекет ретіндегі өзгешелігі, қазақстандық қоғам орнаған тарихи жағдай, конституциялық даму шешімін қабылдаған кезде ұқсас жағдайда болған елдердің тәжірибесі назарға алынды. Конституция тек қоғамдық дамудың қазіргі заманғы үрдістеріне лайықты ғана емес, сонымен қатар, олардан алға басуға тиіс болды. Конституция қоғам мен мемлекеттің қақтығыссыз дамуына кепілдік беруге, ұлтына қарамастан, өз азаматтарына ертеңгі күнге деген сенімділік сезімін орнатуға, қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге, заңға бағыну және құқықты құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға тиіс болды. Конституция жобасының 18 нұсқасы қаралды. Конституция жобасына құқықтық сараптама жүргізу үшін

1995 жылдың мамыр айында Республика Президенті Сараптамалық-Консультативтік Кеңес құрды.

1995 жылғы шілдеге дейін дайындалған конституция жобасы жалпыхалықтық талқылауға шығарылды, онда «58 республикалық ұйым, қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстар қатысты. 678 ұсыныс мен ескерту алынды. Жаңа Конституцияның жобасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, Қазақстанда күшті мемлекетті құру үстемдігіне негізделді. Елде 3 345 110 адам қатысқан 34 459 пікірталас өтті, 123 717 адам сөз сөйледі. Осы пікірталастар нәтижесінде 31 886 ұсыныс пен ескерту жасалды»¹.

1995 жылғы 30 тамызда референдумда жаңа, қазір қолданыстағы Конституция қабылданды. Ата Заңның осындай қысқа мерзімділігі Әлемдік конституциялық тәжірибеде сирек кездеседі. Референдумға 8 212 773 азамат қатысты (халықтың 81,14%). 800 839 азамат қарсы болды (референдумға қатысқандардың 9,9%). 78 130 бюллетень жарамсыз деп танылды. Референдум барысын 928 адам қадағалады, оларға қадағалаушылар куәлігі берілді².

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Президенттің өкілеттігін нығайтты және елде президенттік республиканы құрды.

Конституцияның 1-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»³.

1995 жылғы Конституция Қазақстанды президенттік республика ретінде жариялады, ал «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңдар мемлекеттік биліктің әр тармағының мәртебесі мен функцияларын реттеді.

Президент мемлекеттің және атқарушы биліктің басшысы болып табылады. Мемлекет басшысының өкілеттігі: 1)

¹ Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. – Алматы: «Кітап», 2002. - 115-бет

² Қараңыз: Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау туралы дауыс беру қорытындылары бойынша хабарлама // «Казахстанская правда». – 1995. - 5 қыркүйек.

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995

ұйымдастырушылық – Парламенттің бірінші сессиясын шақыру; Үкіметтің құрылымын айқындау, орталық органдарды құру, тарату және қайта құру, халықаралық келіссөздер жүргізу; қауіпсіздік Кеңесін, Жоғары сот Кеңесін құру және т.б.; 2) кадрлық – Парламент келісімімен Премьер-министрді, Ұлттық банк Төрағасын қызметке тағайындау; Үкімет мүшелерін, Қорғаныс, сыртқы істер, ішкі істер министрлерін және т.б. (Премьер–министрдің ұсынысы бойынша) қызметке тағайындау және қызметтен босату; 3) заңнамалық – Сенат ұсынған заңдарға қол қою; заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтару; Парламент заң шығару құзыретін берген жағдайда заңдар қабылдау; Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығару және т.б.; 4) төтенше өкілеттіктер – Премьер-министрмен кеңескен соң төтенше жағдай енгізу, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолдану және т.б. (44-45-баптар).

1995 жылғы Конституция Парламент заң шығару міндеттерін жүзеге асыратын республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылатындығын растады. «Парламент» ұғымы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында алғаш рет ресми түрде бекітілді.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат барлық өкілдік органдарының, яғни облыс, республикалық маңызы бар қала және республика астанасы депутаттарының бірлескен мәжілісінде сайланатын, әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың 7 депутатын палата құзыретінің мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс 77 депутаттан тұрады. 67 депутаты республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінуін есепке алып, бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды. 10 депутат тең өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады (50-баптың 2-3-тармақтары)¹.

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995

өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; 2) республикалық бюджетті, Үкімет пен республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есептерін және т.б. бекітеді; 3) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді; 4) Президенттің Премьер-Министрді, Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауына келісім береді және т.б.(53-бап)¹.

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру; Республика Президентінің Бас прокурорды және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру; республика заңдарына сәйкес жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; екі депутатты республиканың Жоғары Сот Кеңесіне жіберу және т.б. (55-бап).

Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау; Парламент қабылдаған заңдарға республика Президентінің қарсылықтары бойынша ұсыныстар дайындау; Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау; мемлекеттік опасыздық жасағаны үшін президентті айыптау және т.б.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл (50-бап).

Қазақстан Республикасының Үкіметі: 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді; 2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді; 3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және

¹ Сол жерде

заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; 4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады; 5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді; 6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды және т.б. (66-бап).

Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады (75-бап).

Жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді (мәслихаттар) және атқарушы органдармен жүзеге асырылады. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге халық сайлайды (85-бап).

Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады: аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту; өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу; заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау; мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу (86-бап)¹.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді (87-бап).

1995 жылғы Конституция негізінде жаңа конституциялық құқық құрылды, оған сәйкес Қазақстанда президенттік басқару нысаны нық бекіді. Оның негізінде Қазақстан Республикасының ілгерілеуін демократиялық жолдар бойынша құқықтық мемлекетке және нарықтық экономикаға бекіткен негізгі конституциялық заңдар қатары қабылданды.

Қазақстан Республикасының одан әрі экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына байланысты 1995 жылғы қолданыстағы Конституцияға түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстанда

¹ Сол жерде

Конституциялық реформалар 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары жүргізілді.

1998 жылдың 30 қыркүйегінде Президент республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өз бастамасымен құқығын қолданды, Парламент палатасының бірлескен отырысында осы мәселе бойынша сөз сөйледі. «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты жыл сайынғы жолдауында ҚР Президенті сот жүйесін реформалау және үкімет мүшелері жауапкершілігін күшейту, депутаттардың мәртебесін арттыру, Парламент өкілеттігін кеңейту және мемлекеттің саяси өміріндегі оның рөлін арттыру, мемлекеттік биліктің барлық институттарын қайта құру (өзгерту) тұжырымдамасын баяндады.

Түзетулер бойынша нақты ұсыныстар сол күні Парламентке Президент енгізген «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жобасында тұжырымдалды. Президенттік жоба Конституцияның 98-бабының 13 ережесіне арналды. Заң жобасы ережелерін талқылау 30 қыркүйекте Парламент палаталарының бөлек отырыстарында және комитеттерде басталды. Бұл талқылау қорытындыларының бірі республика Президенті атына бірқатар қосымша өзгерістер, оның ішінде Конституцияны түбегейлі қайта қарау ұсынысы жазылған 88 депутаттың өтініші болып табылады. 7 қазандағы Парламент палатасының бірлескен отырысында президенттік заң жобасы қабылданбады. Мемлекет басшысы дереу келісім комиссиясын құрды, комиссия құрамына Президенттен және Парламенттің қос палатасынан үш-үштен өкіл кіргізілді. Парламенттің қос палатасының кешкі бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сол күні яғни 1998 жылдың 7 қазанында Президент бұл заңға қол қойды, бұл заң күшіне енді.

1995 жылғы Конституцияның 19 бабы бұл заңмен толықтырылды және нақтыланды. Осылайша, республика Президентінің өкілеттік мерзімі 7 жылға дейін, Мәжіліс депутаттарыныңкі 5 жылға дейін, Сенат депутаттарыныңкі 6 жылға дейін

ұзартылды, мемлекеттік қызметшіге арналған бұрын қарастырылған жоғарғы жас шегі, атап айтқанда Президенттікі алынып тасталды, республика Президенті лауазымына үміткерлер үшін жастық ценз 35-тен 40 жасқа көтерілді. Президенттің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы норма жойылды, оның мерзімінен бұрын шығып қалуы жағдайында мемлекет басшысының өкілеттігінің ауысу тәртібі туралы норма қосылды. Президенттің міндетін атқарушы тұлғаға Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тыйым салынады. Парламент депутатына жұмысын мерзімінен бұрын тоқтату немесе оның өкілеттік мерзімінің өтуі кезінде бұрынғы жұмысын сақтап қалуы немесе тең бағалы жұмыс пен лауазым ұсынуына қатысты кепілдік берілмейді, бұған қатысты норма алынып тасталды.

Дауыс берудің жарамдылығына қажетті сайлаушылардың қатысуы үшін ең төменгі шегі жойылды. 77 депутаттан тұратын Мәжіліске он орын қосылды. Осы орындарға депутаттар пропорционалды өкілдік жүйесінің партиялық тізімдер негізінде және бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша сайланады, бұл саяси партиялар рөлінің күшеюіне ықпал етті; саяси партиялар үшін жоғары жеті пайыздық сайлау тосқауылы орнатылды; Парламенттің өкілеттігі кеңейтілді; Үкімет мүшелерінің Парламент алдындағы жауапкершілігі белгіленді; алқабилер институты және т.б. енгізілді¹.

Қазақстан Республикасының Конституциясына тарихи түзетулер 2007 жылғы 22 мамырда Қазақстанның ішкі даму логикасына толық сәйкестікте енгізілді және әлеуметтік-экономикалық және де қоғамдық-саяси реформалардың қуатты негізіне сүйенді. Конституцияға енгізілген түзетулерді іске асыру оның аумақтағы саяси көшбасшылығымен Қазақстанның танылған экономикалық жетістіктерін нығайта түсті.

Президенттің Конституцияға енгізген түзетулері Үкіметтің, Парламенттің, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар өкілдерінің қатысуымен көптеген жылдар бойғы талқылаудың нәтижесі болды. Осылайша, олар қазақстандық қоғамның барлық

¹Закон Республики Казахстан от 07.10.1998 № 284-1 «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» // Казахстанская правда.- 1998, 7 октября

топтарының ұсыныстарын қорытындылады және демократиялық реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасына айналды.

Парламенттің өкілеттігі және тұтастай өкілді билік тармағы күшейе түсті. Парламент депутаттарын сайлаудың пропорционалды жүйесі енгізілді, олардың саны 116-дан 154-ге дейін артты. Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістің тоғыз депутатын сайлауы маңызды жаңалық болды. Премьер-министрді тағайындау Мәжіліс мүшелерінің көпшілігінің келісімімен ғана жүзеге асырыла бастады. Үкіметтің қалыптасуы мен қызметіне бақылауды күшейту арқылы саяси партиялардың рөлі, олардың мемлекеттік басқару жүйесіне әсер етуі және қоғамдық өмірдің басқа да тұстарында айтарлықтай жоғарылау орын алды. Саяси партиялардың, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың тікелей мемлекеттік қаржыландырылуы енгізілді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін түбегейлі күшейту қажет болды. Оның функцияларын мәслихаттар орындай бастады, бұл ең маңызды жаңалық. Адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуда серпіліс жасалды. Өлім жазасы іс жүзінде жойылып, Қазақстанды жетекші еуропалық демократиялық елдермен теңестірді. Өлім жазасы адам қазасына әкеп соқтырған террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ бейбіт уақытта жасалған аса ауыр қылмыстар үшін жазалаудың ерекше шарасы ретінде белгіленді. Қазақстандағы сот реформасы барысында соттың қамауға алуға санкция беруі енгізілді.

Мәжіліс сайлауында пропорционалды сайлау жүйесін енгізу нәтижесінде партиялар дамудың өткір серпінін алды және елде сенімді, тиімді саяси жүйесі қалыптасты. Пропорционалды сайлау жүйесі шын мәнінде неғұрлым өкілді, неғұрлым репрезентативті. Егер мажоритарлық сайлау жүйесі «жеңімпаз барлығына ие болады» принципін ұстанатын болса, онда пропорционалды сайлау жүйесінде «барлық әлеуметтік маңызы бар саяси күштер парламентте ұсынылуы керек» принципі қолданылады. Қазіргі таңда саяси партиялардың қаржыландырылу тәжірибесін әлемнің 53 мемлекеті тікелей пайдаланады, соның ішінде Ұлыбритания, Франция, Италия, Австралия және тағы басқа дамыған демократиялық мемлекеттер бар. Әлемде 50-ге жуық мемлекет саяси партиялардың жанама қаржыландырылуын (салықтық жеңілдіктер, басқа да жеңілдіктер мен артықшылықтар, бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу және т.б.) жүзеге асырады.

Мемлекеттік қаржыландыруды енгізу біздің саяси партияларымызды нығайту мен елдегі демократиялық саяси жүйені құру жолындағы маңызды қадам болды. Саяси партияларды мемлекеттік қаржыландыру партиялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет, оған Парламент Мәжілісіне сайлау қорытындылары бойынша өткен партиялар ие болады. Конституциядан сайлау процесін немесе сайлау рәсімін реттейтін ережелер алынып тасталды. Олардың барлығы сайлау туралы конституциялық заңға енгізілді. Мәслихатта мажоритарлық сайлау жүйесі сақталды.

Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайтыны туралы конституциялық ереже Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды. Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша президенттік мерзім 7 жылдан 5 жылға дейін қысқартылды. Үкіметтің қызметін бақылау үшін Парламенттің өкілеттігі күшейтілді, Үкіметтің басшысын орнынан түсіру үшін Мәжіліске бұрын болғандай үштен екі дауыс емес, көпшілік дауысы жеткілікті. Президентке Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының спикерлерімен кеңескеннен кейін Парламентті таратуға құқық беретін норма қарастырылды.

Президентке заң шығару бастамасы құқығы берілді. Республика Президенті лауазымына кандидат Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұруы тиіс.

Конституциядан Президент өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиядағы қызметін тоқтата тұратыны туралы норма алынып тасталды. Сенат Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау құқығына ие болды. Облыс әкімдерін енді мәслихат (жергілікті заң шығарушы орган) келісімімен Президент тағайындайды. Мәслихат көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және Президенттің алдына оны қызметінен босату жөнінде мәселе қоюға құқылы. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізген түзетулері республиканың экономикалық тұрғыдан күшті және демократиялық дамыған мемлекет ретінде одан әрі дамуына бағытталды.

2011 жылдың ақпанында жаңа конституциялық реформа жүргізілді (хронология бойынша үшінші). 2011 жылғы 2 ақпанда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды¹.

«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Конституцияға кезектен тыс сайлау өткізу және тағайындау конституциялық негіздерді белгілеуге бағытталған өзгертулер енгізілді. Заңда былай жазылды: 41-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылды: «3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі».

Еліміздің егемен дамуының 25 жылдық тәжірибесіне, жаппай танылған конституционализм қағидаттарына, халықтың пікірін және ұлттық ерекшеліктерді кеңінен ескеруге негізделген конституциялық реформа мемлекеттің саяси-құқықтық дамуындағы жаңа парақты ашты. Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген конституциялық түзетулер 2017 жылдың ақпанында конституциялық құрылыстың, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының негізіне қатысты болмады, сондықтан Конституцияны қайта қарауды, жаңа Конституцияны әзірлеуді және қабылдауды талап етпеді. Өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша 2017 жылғы реформаның негізгі мақсаты елімізді басқарудың тиімді, орнықты және заманауи жүйесін құру болып табылады. Тәуелсіздіктің басында, республиканың қалыптасу кезеңінде мемлекетке күшті президенттік вертикаль қажет болды. Ол ел дамуында үлкен қиындықтарды еңсеру кезеңінде өзін ақтап, республиканың жетістіктерін жүзеге асыруға ықпал етті. Енді Мемлекет басшысы өзінің бірқатар өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке берді. ҚР Президентінен ҚР Үкіметіне және Парламентіне берілген шамамен қырық өкілеттігі қаралды.

Жүргізілген реформа басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Тәуелсіздік жылдарында еліміз билік құрылымдары мен

¹ Закон Республики Казахстан от 2 февраля 2011 года № 403-IV «О внесении дополнения в Конституцию Республики Казахстан» // Казахстанская правда. 03.02.2011. – № 38-39

президенттік жүйенің жұмысында табысқа қол жеткізді. Алайда уақыт бір орында тұрмайды, әлем жылдам қарқынмен өзгеріп отырады, Қазақстанда да қоғамдық процестердің жылдамдығы мен күрделілігі артып келеді. Жаһандық және өңірлік сын-қатерлер Қазақстанның алдына билік өкілеттіктерін қайта бөлу, жалпы алғанда саяси жүйенің одан әрі демократияландырылуын оңай шешетіндей маңызды міндеттер қойды. 2017 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша Жұмыс тобы құрылды. Ақпанның 13-і күні Ақорда билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесі бойынша топ құрамын жариялады.

2017 жылғы 25 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы, ал 2017 жылғы 26 қаңтарда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жалпыхалықтық талқылау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі жарияланды¹. Осы өкімге сәйкес 2017 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2017 жылдың 26 ақпанына дейін жалпыхалықтық талқылау өткізілді.

24 ақпанда Жұмыс тобы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын жалпыхалықтық талқылау мерзімінің аяқталғанын жариялады². Ол мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша ұсыныстарды ескере отырып, заң жобасын қайта қарау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы жалпыхалықтық талқылау барысында айтылған ұсыныстарды талдау мен қорытындылауды қамтамасыз етті. Жұмыс тобы атына Парламенттің рөлін күшейту, Үкіметтің және жергілікті билік органдарының жауапкершілігін арттыру, құқық қорғау және сот жүйесінің қызметін жетілдіру, сондай-ақ меншік құқығы мәселелері бойынша үш мыңға жуық

¹ Қараңыз: Распоряжение Президента Республики Казахстан «О всенародном обсуждении проекта Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан»; проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Конституцию РК» // Казахстанская правда. 2017, 26 января.

² Қараңыз: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-otkryil-itogovoe-obsujdenie-popravok-konstitutsiyu-313243/

өтініш келіп түскен. Бұл ұсыныстар Мемлекет басшысының конституциялық өкілеттіктерін, сонымен қатар елдің заңнамасымен бекітілген өкілеттіктер туралы да сөз қозғады.

Арнайы комиссия Президент, Парламент және Үкіметтің арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мүмкіндігін қарастырды, алайда «Қазақстан президенттік басқару нысаны бар мемлекет екенін және солай болып қалатынын» атап өтті. Реформалардың нәтижесінде республикадағы Үкіметтің және Парламенттің рөлі айтарлықтай өсті. Президент үшін жаңа шарттардағы басымдықтарға стратегиялық функциялар, билік тармақтары арасындағы қатынастардағы жоғарғы төреші рөлі ие болды. Мемлекет басшысы сыртқы саясатқа, ұлттық қауіпсіздік пен елдің қорғаныс қабілетіне ерекше назар аударатын болады.

Президенттің заңмен бекітілген әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу бойынша өкілеттіктерінің айтарлықтай бөлігі Үкіметке және басқа атқарушы органдарға берілді. Қазір бұл салаға Үкімет, министрліктер мен әкімдіктер толық көлемде жауап береді. Үкімет пен Парламентке өкілеттіктерді беру тиісті заңдарға өзгерістер енгізу есебінен қамтамасыз етілді¹.

Өкінішке орай, реформаторлар ұсынған Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 1 және 2-тармақтарының² түзетілуі халықтың меншік құқығы мен меншікке қол сұғылмаушылық мәселесі бойынша түсінбестігі салдарынан кейінге қалдырылды. Меншік - адамның шынайы тәуелсіздігінің негізі және оның болашаққа деген сенімі. Меншікке қол сұқпаушылық - жеке құқықтың іргелі принципі. Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке меншікке және заңды түрде сатып алынған мүліктерге құқығы шетелдіктер азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын бұзады.

Заңды түрде сатып алынған мүлікке меншік құқығын шектейтін заңдар мен өзге де құқықтық актілердің қабылдануына жол бермеу туралы ҚР Конституциясының 26-бабы 2-тармағына түзетулер Қазақстанда меншікке қол сұғылмайтындығы және оның бұзылуы бұрынғыдай болмайды, «мемлекеттік қажеттіліктер мақсатында»

¹ Қараңыз: <http://abctv.kz/ru/last/21386>.

² Конституция Республики Казахстан, Астана, 2011

сөздерімен түсіндірілмейді¹. ҚР Конституциясының «Президент» атты үшінші бөлімінің 44-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті бұдан былай Үкіметтің құрамына кірмейтін Республиканың орталық атқарушы органдарын құрмайды, таратпайды және қайта құрмайды. Енді бұл мәселемен Республиканың Үкіметі айналысатын болады (66-баптың 8) тармақшасы). ҚР Президенті Президенттің өзі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Сыртқы істер және қорғаныс министрлерін қоспағанда, Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін ұсынылған Үкіметтің құрылымын белгілейді.

44-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшасымен толықтырылды: ҚР Президенті адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды.

Парламент Мәжілісіне заң жобасын енгізу туралы, Президенттің Республика Премьер-Министрі және Үкіметі актілерінің әрекетін толық немесе ішінара тоқтата тұруы және жоюы, Президенттің Үкіметке берген тапсырмасы туралы нормалар жойылды (44-баптың 3-тармағы).

Парламент палаталары тарапынан Үкімет мүшелеріне сенімсіздік білдіру тәртібін жеңілдету, биліктің заңнамалық талаптарына бакылауды күшейту үшін атқарушы үкіметке оған толық жауаптылықта болатын мемлекеттік бағдарламаны бекіту тапсырылған. Егер бұрын ҚР Президенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары бекітілсе, қазір ол ҚР Үкіметінің айрықша құзыреті болып табылады, ол олардың орындалуын қамтамасыз етеді (44-баптың, 8-тармағы; 66-баптың 1) тармақшасы).

¹ Қараңыз: Мухамеджанов Э.Б. Конституционная реформа 2017 года в Казахстане (плюсы, минусы и предложения) // <http://www.zakon.kz/4842313-konstitucionnaja-reforma-2017-goda-v.html>.

Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар үшін еңбекақы төлеу мен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті емес, Үкімет бекітеді (44-баптың 9-тармағы; 66-баптың 9-1) тармақшасы).

Конституцияның 53-бабының 4) тармақшасында және 61-бабының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда Республика заңдарының күшіне енген қаулылар шығарған жағдайларда ҚР Президентінің заң шығару туралы нормалары тоқтатылған.

ҚР Конституциясының «Парламент» атты төртінші бөлімі тек екі түзетумен толықтырылды: Парламент қазіргі уақытта есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда бұрын болғандай көпшілік даусымен емес, Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы (57-баптың 2) тармақшасы).

ҚР Президентінің құқығы заң жобаларын қарау басымдылығын анықтайды, қазіргі уақытта тиісті заң жобасы бірінші кезектегі тәртіпте Парламенттің ағымдағы сессиясы аралығындағы қабылдануы керек (62-баптың 2) тармақшасы).

Парламенттің құқығы туралы баптар әр палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен жойылды, ҚР Президентіне заңнамалық өкілеттіктерді бір жылдан аспайтын мерзімге тапсыру (53-баптың 3) тармақшасы); Парламент депутаттары ҚР заңдарын Үкіметтің мүшелерінің орындамау жағдайында қызметінен босату туралы мәселені қайта қарау құқығынан айырылды (57-баптың 6) тармақшасы).

Парламенттік сайлауды жеңген саяси партия Үкіметтің қалыптасуына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Осыған байланысты ҚР Конституциясының «Үкімет» атты бесінші бөлімі бойынша мәжіліс депутаттарына қатысты көптеген құқықтар пайда болды.

Осылайша, Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныстарды Премьер-Министрі Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін ғана ҚР Президентіне енгізеді (65-баптың 2) тармақшасы); Премьер-Министр Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде тек Президентке ғана емес, Парламент Мәжілісіне баяндап

отырады (67-баптың 4) тармақшасы); Үкімет өз өкілеттігін жаңадан сайланған ҚР Президенті алдында емес, ҚР Парламентінің жаңадан сайланған Мәжілісінің алдында доғарады (70-баптың 1-тармағы).

ҚР Конституциялық Кеңесі 72-баптың 2-тармағына сәйкес Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.

79-баптың 3-тармағында баяндалған Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңға сілтеме жасау арқылы ауыстырылады. Заңмен қарастырылған процессуалдық нысандарда жергілікті соттардың қызметіне Республика Жоғарғы Сотының қадағалауы жергілікті соттардың соттылығына жататын сот істерінде көзделген жағдайларда Республиканың Жоғарғы Сотының қарауына ауыстырылды (81-бап).

Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады (83-баптың 1-тармағы).

Мәслихаттың өкілеттігі 86-баптың 5-тармағына сәйкес Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерінен өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады (87-баптың 4-тармағы). Бұрынғы редакцияда бұл тәртіп Қазақстан Республикасы Президентімен белгіленетін.

91-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны өзгермейді. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу рәсімі конституция мен конституционализмнің елеулі элементі болып табылады. Егер конституцияны қарапайым заң сияқты оңай ауыстыратын болса, онда ол өзінің құқықтық жүйедегі ерекше орнын

жоғалтар еді. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің күрделі қағидалары болмаса, кез келген адам заңдық импровизацияға немесе біреудің мүддесін іске асыруға жол беретін еді¹.

Сол себепті ҚР Конституциясының 91-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын 2017 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысындағы екінші және қорытынды оқылымында қабылдады.

Осыдан кейін заң мемлекет басшысына қол қоюға тапсырылған, ол Конституцияның 19 бабында 26 түзетуді көздеген құжатты Конституциялық кеңеске оның конституциямен белгіленген құндылықтарға, қызметтің негізгі қағидаттарына және мемлекеттік басқару нысанына сәйкестілігін қарау үшін жолдаған. 9 наурызда кеңес Конституцияға енгізілген түзетулерді Негізгі заңға сәйкес келеді деп таныды.

Мемлекет басшысының пікірінше,² 2017 жылдағы конституциялық реформа көптеген жылдар алдыға қарай саяси жүйенің тұрақтылық қорын қалыптастырады, қазіргі заманның сынтетеуріні алдында Үкімет пен Парламенттің рөлін арттырады. Жалпы алғанда 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдардағы конституциялық өзгерістер конституционализм қағидаты (мемлекеттік билік тармақтарының өзара бақылауы және бөлінуі) айқын көрінетін мемлекеттік құрылыстың жаңа құрылымын құруға әкелді, сондай-ақ халықтық егемендік қағидаты анық күшейтілді. Сонымен бірге конституциялық заңнаманың әрбір кезеңі алдыңғы дамудың

¹ Қараңыз: Матаева М.Х. Некоторые особенности процедуры внесения изменений и дополнений в конституции Казахстана и стран Центральной Азии // Вестник Томского государственного университета. 2006. № 292-1. С. 74-78.

² Қараңыз: Обращение Президента Республики Казахстан по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти // Вести Семей, 2017, 27 января.

қорытындыларын шығара отырып, қазақстандық мемлекеттіліктің даму тарихындағы сапалы жаңа кезеңді анықтайды және Қазақстан Республикасының демократиялық даму жолында жаңа тұжырымдамалық ережелерді бекітуді көрсетеді.

1.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекет Басшысын сайлаудың күрделі мәселелері

Занды өкіметтің институциялануы, әдеттегідей, халық егемендігі қағидатынан бастау алады. Демократиялық дәстүрге сәйкес халық егемендіктің иесі және биліктің бірден-бір бастауы болып табылады. Ал халық өкіметін көрсетудің тұрпаттары референдумдар мен сайлау болады. Сайлауда билікті заңды деп тануды институцияландыру үшін сайлау, немесе электоралды жүйе деп аталынатын институттар мен рәсімдер жүйесі қажет.

Демократиялық тұрпаттағы қазіргі қоғамдарда сайлау саяси үдерістің ажыратылмайтын бөлігі, тікелей демократия тұрпаттарының бірі болып табылады. Біріншіден, олар үлкен саясатқа бара жатқан адамға әлдеқандай жауапты мемлекеттік қызмет орнын иеленуге мүмкіндікті ұсынады. Екіншіден, сайлау кезінде елдегі биліктің жоғарғы органдарын қалыптастыруға тікелей ықпал жасауға мүмкіндік алатын қарапайым азаматтар саяси өмірге тартылады.

Қазақстан үшін сайлау институтының дамуы ерекше мәнді болып табылады, өйткені Қазақстан әлі транзиттік қоғамға жатады, өйткені саяси жүйені трансформациялау үдерісі әлі аяқталған жоқ. Еркін, ашық және әділ сайлауды өткізусіз кез келген мемлекетте өкіметтің заңды институттарын құру мүмкін емес екендігін айта кету өте маңызды.

Мемлекеттік билік органдарына сайлауды өткізу үміткерлер бәсекелі күреске түскенде және өз жағына сайлаушыларды тарту үшін әр түрлі қадамдар жасағанда саяси қызметтің ерекше түрін жүзеге асырумен байланысты. Саяси сахнада митингілер, жиналыстар, саяси көшбасылардың сөз сөйлеулері өтеді, көшелерде жарнамалық плакаттар пайда болады, үнпарақтар таратылады. Мемлекеттік органдарға сайлау қарсаңында және кезінде адамдармен басталатын және жасалатын оқиғалардың осы әртүрлілігінің бәрі сайлау үдерісі деп аталады.

Сайлау үдерісі азаматтық қоғамның негізгі саяси атқарымын – әрекеттегі көпшілік билікті заңды деп тануды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Басқа сөзбен, белгілі бір саяси элитаға заң шығарушы және атқарушы өкімет атқарымдары мен өкілеттіктерін заңмен бекітілген тұрпаттар мен рәсімдерде жүзеге асыруға саяси рұқсат ұсынылады. Дәл сондықтан электоралды кезеңде артынан барлығын бірнеше етіп қайтару үшін дәл осы билікті жаулауға орасан зор қаражаттарды жұмсауға әзір тұратын саяси элиталар, топталушылықтар мен бір мүдделі топтардың арасында нағыз күрес өріс алады.¹

Қазақстан Республикасындағы сайлау жоғарыда айтылғандай жалпыға бірдей болып табылады. Бұл 18 жасқа толған барлық азаматтар сайлау құқығына ие екендігін білдіреді. Тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілге және ұлтқа жатуына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына және т.с.с. байланысты азаматтардың сайлау құқықтарын тікелей немесе жанама шектеу жол бергісіз болып табылады және заң бойынша жазаланады. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған; сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған; және оларға қатысты бұлтартпау шарасы – абақтыда ұстау тандалынған тұлғалар ғана сайлауға қатыса алмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясы сайлау еркін болып табылатынын бекітеді. Қазақстандық сайлаушылар оларға сайлауға қатысу қажет пе және кімнің пайдасына өз таңдауын жасау керектігі туралы мәселені өз бетінше шешеді. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясы сайлаушылар мен мемлекеттік қызмет орындарына үміткерлерге пікірлер, нанымдар еркіндігіне және оларды тосқауылсыз білдіруге кепілдік береді, ақпарат еркіндігіне кепілдік береді. Сайлау тең болып табылады. Сайлаушылар дауыстардың тең мөлшеріне ие, ал мемлекеттік лауазымға сайланатын үміткерлер тең негіздерде сайлауға қатысады.

Сайлауды өткізудің осы қағидаттарын сақтау үшін сайлаушылар саны бойынша тең округтар құрылады. Қазақстан Республикасының әрбір сайлаушысы бір ғана дауысқа ие, дауыс беру үшін тізім қосылады, төлқұжат немесе оны алмастыратын құжат ұсынылғаннан

¹ Бектурганов Д.Б. Институт президентства в Республике Казахстан: административно-правовой аспект: дис. ...канд. юрид. наук. – Алматы, 2010. – 135с.

соң ғана дауыс беру үшін бюллетен алады. Бюллетен ол жерде бөгде тұлғалардың болуына рұқсат етілмейтін жасырын дауыс беру үшін кабинкада толтырылады. Бұл азаматтардың өз еркін білдіруінің бостандығын қамтамасыз етеді және Қазақстандағы дауыс беру жасырын болып табылатыны туралы куәландырады. Сайлау тікелей болып табылады. Мемлекет Басшысы тікелей сайлау жолымен тікелей азаматтармен сайланады.

Демократиялық мемлекеттің өте маңызды белгілерінің бірі оларды жүзеге асыру мемлекет қызметінің әр түрлі салаларында іске асатын азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын жариялау болып табылады. Азаматтардың конституциялық құқықтарын шынайы іске асыру үшін жағдайлар жасайтын міндетті алғышарт оларды сайлау құқығы нормаларында бекіту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңы Президенттің сайлауын әзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді, сондай-ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.

21 мамыр 2007 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заң қабылданды. Конституциялық реформамен мемлекеттік-құқықтық институттарды қалыптастыру тәртібі және рөлін жоғарылатуға елеулі өзгерістер енгізілді, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің кейінгі ілгері қарыштайтын дамуының негізгі бағыттары анықталды. Жаңартылған Конституция елдің қоғамдық-саяси жүйесінің заңнамалық негізі болып табылатын «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңдарға тиісті өзгертулерді енгізуді талап етеді. Конституциялық реформа ережелерін жүзеге асыру мақсатында 19 маусым 2007 жылы «Қазақстан Республикасындағы

сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды. Бұдан басқа, басқа нормативтік құқықтық актілер, соның ішінде, «Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін дайындату мен табыс етудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Қаулысы және басқа заңнамалық актілер қабылданды.¹

Сонымен бірге, сайлау құқығы нормаларын бұдан ары жетілдіруді талап ететін мәселелер бар. Заң әдебиетінде «сайлау құқығы» термині екі мағынада – объективтік және субъективтік қолданылады. Ғ.С.Сапарғалиев сайлау құқығын құрайтын конституциялық-құқықтық нормалар Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының бір бөлігі болып табылады деп есептейді. Сонымен қатар «сайлау құқығы» ұғымы Қазақстан Республикасы азаматының субъективтік саяси құқығы мағынасында қолданылады.² А.Н.Сағындықова сайлауды дайындау мен өткізу барысында туындайтын қарым-қатынастардай басқа ешбір қоғамдық қарым-қатынас соншалықты егжей-тегжейлі реттелінбейтінін ерекшелеп айтады. Сондықтан осы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы сайлау құқығы деп аталатын дербес институтқа бөлінеді және конституциялық құқық саласының маңызды институттарының бірі болып табылады.³

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 4-бабына сәйкес, жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы - Республика азаматтарының сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы; бәсең сайлау құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

¹ Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығы. Қазақстан Республикасы Сайлау туралы Заңы: бекітілді 28 қыркүйек 1995 жыл, №2464// http://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z950002464_/28.09.1995

² Сергеев С.Г. Выборы президента республики Беларусь в контексте международных избирательных стандартов: правовой и политический аспекты // <http://www.politex.info/content/view/296/30>.

³ Ибрагимова Н.Ш. Становление и развитие института президентства: теоретический и историко - правовой анализ: дис. ... канд. юр. наук. –Краснодар, 2007. – 163 с.

Демек, субъективті мағынада сайлау құқығы өзіне белсенді сайлау құқығы мен бәсең сайлау құқығын қамтиды. Сонымен бірге осы немесе басқа тұлға белсенді сайлау құқығына ие бола алып, бірақ осының өзінде бәсеңге ие бола алмайтынын ескеру керек.

Жалпыға бірдей сайлау құқығының құқықтық кепілдіктерінің бірі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңымен (бұдан ары Заң) бекітілген өзіне Республиканың Орталық сайлау комиссиясын, аумақтық сайлау комиссияларын, округтік сайлау комиссиялары мен учаскелік сайлау комиссияларын қамтитын сайлау органының біртұтас жүйесі болып табылады. Сайлау комиссияларын қалыптастыру тәртібі, олардың өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру Заңмен жеткілікті толық реттелінеді.

Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Орталық сайлау комиссиясы комиссияның Төрағасынан және алты мүшесінен тұрады. Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды.

Күші бар заңдарды талдау сайлау комиссиялары мен мәслихаттардың тұрақты әрекеттестігін қамтамасыз ететін құқықтық тетіктің жоқтығы туралы куәландырады.

Заңның 19-бабына сәйкес сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясын құрған органның шешімі бойынша өз міндеттерін атқарудан босатылады келесі жағдайларда:

- 1) міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш берген;
 - 2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;
 - 3) тиісті сайлау комиссиясы құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен;
 - 4) соттың оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;
 - 5) оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- б) қайтыс болған жағдайларда.

Заңның мағынасынан көрсетілген негіздер болғанда тиісті мәслихат сайлау комиссиясы мүшесін өзінің міндеттерінен босататыны көрінеді. Сонымен бірге, тек бір негіз болғанда - міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш беру – сайлау

комиссиясының мүшесі тікелей тиісті мәслихатқа жүгінеді және осы өтініштің негізінде мәслихат шешім қабылдайды. Сайлау комиссиясының қызметі дайындық кезінде және сайлауды өткізу кезеңінде ғана жүзеге асырылатындықтан қалған жағдайлардың барлығында мәслихат сайлау комиссияларының құрамы және сайлау комиссиясы мүшесі өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылу негіздерінің болуы туралы ешбір ақпаратқа ие емес. Сайлау комиссияларын мәслихаттар құрғаннан соң сайлау органдары мен жергілікті өкілді органдар арасындағы байланыс іс жүзінде тоқтатылады. Сонымен бірге кезекті сайлауды ұйымдастыру мен өткізуден басқа, сайлау комиссиялары Парламент пен мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды ұйымдастыратынын атап өту керек.

Құқықтық құралдар көмегімен аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысына кәсіби, басқа міндеттерден босатылған негізде өкілеттіктерді ұсыну жолымен сайлау комиссиялары мен мәслихаттар арасындағы әрекеттестік тәртібін анықтау керек. Нәтижесінде, аумақтық сайлау комиссиялары округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бақылауға шынайы мүмкіндік алады. Сонымен бірге мәслихаттарға сайлау комиссияларымен әрекеттестік тәртібін өздері реттейтін құқықты ұсыну қажет. Осы ереже жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталған Конституциялық реформа шеңберінде жүзеге асырыла алатыны көрсетіледі.

Күші бар заңнамаға тиісті өзгертулер енгізу қамтамасыз етуі керек:

- сайлау комиссияларының тиісті мәслихаттармен тұрақты әрекеттестігін;
- сайлау органдарының біртұтас жүйесіне кіретін сайлау комиссияларының қызметін үйлестіруді;
- саяси маңыздылықты жоғарылату мен жергілікті өкілді органдардың өкілеттіліктерін кеңейтуді;
- сайлау құқығы нормаларын жүзеге асыруда мемлекеттік органдар мен саяси партиялардың рөлін күшейту.

Сайлау комиссияларын қалыптастырғанда Заңның міндетті талаптарының бірі тиісті комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында сайлау комиссиясы мүшесінің өмір сүруі болып

табылады. Заңның 20-бабына сәйкес сайлау науқанын дайындау мен өткізу кезеңінде комиссияның отырыстары екі аптадан бір реттен сирек емес өткізіледі. Егер оларда комиссия мүшелері жалпы санынан үштен екісі қатысса, сайлау комиссияларының отырыстары заңды. Құқықтық норма мағынасынан комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында өмір сүру шарты сайлау комиссиялары мүшелерінің келуін қамтамасыз ету қажеттілігімен туындағандығы көрінеді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 1-бабында әкімшілік-аумақтық бірліктің мағынасы ашылады, соған сәйкес Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Осылайша, заң шығарушының еркіне ерсек, ендеше аумақтық сайлау комиссиясы облыс орталығында орналасқанда облыс орталығында тұратын азамат қана осы сайлау комиссиясының мүшесі бола алады. Дәл осы уақытта, салыстырмалы құқықтық талдауда сайлау комиссиясы облыс орталығында орналасқанда осы әкімшілік-аумақтық бірлік құрамына кіретін кез келген басқа елді мекенде тұратын азамат комиссия мүшесі бола алады деген қорытындыға келуге болады.¹

Заң шығарушы еркін түсіндіру мақсатымен, бұл жағдайда, бір мағыналы қолдануды қамтамасыз ететін және сайлау науқаны кезеңінде сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды жасайтын осы құқықтық норманы түсіндіру қажет.

Республика азаматтары сайлауға қатысуға құқықтарының құқықтық кепілдіктерінің бірі Заңмен бекітілген сайлаушылар тізімін толтыру тәртібі болып табылады.

Заңның 24-бабына сәйкес нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады. Бұдан басқа, уақытша болу орыны бойынша сайлаушылар тізіміне оны енгізу туралы жазбаша өтінішпен азаматтың жүгіну құқығы

¹ Асанова К., Сидоров О.Н. Сайлаушыларды тіркеу саласындағы халықаралық тәжірибіге ақпараттық-талдамалық шолу. –Астана, 2009. – 43 б.

қарастырылған. Сайлау құқығы нормаларымен сайлаушылар танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мерзімдері қарастырылған: дауыс беруге дейін он бес, бес және жеті күн бұрын. Заң мағынасына сәйкес сайлау комиссиялары көрсетілген мерзімдерден кешіктірмей азаматтарды сайлаушылар тізімімен таныстыруы міндетті.

Осылайша, сайлаушылар тізімдерімен танысу мерзімдері сайлау комиссиялары үшін бекітілген және сайлауға қатысуға азаматтардың шынайы құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңның 26-бабына сәйкес әрбір азамат сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы.

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Мұхамеджанов Э.Б. пікірі бойынша, оларға заңнамамен жүктелген міндеттерді жергілікті атқарушы органдар орындамаған жағдайларда, оларға сайлаушылар туралы тиісті мәліметтер ұсынылғандығы немесе ұсынылмағандығына қарамастан учаскелік сайлау комиссиялары сайлаушылар тізімдерімен өз бетінше және егжей-тегжейлі жұмыс жасауға міндетті, себебі осындай тізімдердегі кез келген дәлсіздіктер сайлаушылар құқығын бұзуға ғана емес, сонымен бірге учаске бойынша сайлау нәтижелерін бұрмалауға әкелуі мүмкін¹.

Бұл пікірмен келісуге тура келеді, себебі сайлаушылар тізіміне енгізілген азаматтар туралы әңгіме болып отыр, және олар туралы мәліметтерді нақтылау керек: тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын. Сайлаушылар тізімдеріне азаматтардың енгізілмеуі фактілеріне келсек, ендеше бұл жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы дәл сайлау күні азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу туралы мәселені өз бетінше шешуге құқылы емес. Сонымен бір уақытта, Заңда танысу мерзімдерін бекіту жолымен сайлау күні, соның ішінде сайлауды өткізу күні сайлаушылар тізімдерінен өзі туралы мәліметтерді азаматтың тексеру құқығын шектейтін тікелей тыйым жоқ. Дауысты есептеу басталғаннан кейін ғана сайлаушылар тізімдеріне өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

¹ Паречина С.Г. Институт президентства: история и современность. – Минск, 2003. – С. 163.

Дауысты есептеу басталғанға дейін сайлау күнінде сайлаушылар тізімдеріне азаматтарды енгізу мүмкіндігіне Заңда тікелей көрсету жолымен сайлау үдерісінің құқықтық негіздерін жетілдіру қажет.

Сайлау құқығының қарастырылған мәселелерінің өзектілігі құқық қолданушылық қызметпен дәлелденеді. Сайлау науқаны барысында Орталық сайлау комиссиясы қандай да бір норманы қолдану тәртібін түсіндіретін нұсқауларды шығаруға мәжбүр болады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң Парламентпен қабылданғаннан кейін 2007 жылы мамырда Парламент Сенатында «Конституциялық реформа және Қазақстандағы демократиялық үдерістерді тереңдету» конференциясы болды. Форумға қатысушылар – Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің өкілдері, мемлекеттік органдардың жетекшілері, Парламент депутаттары, мәслихаттар хатшылары, халықаралық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, жетекші ғалымдар – конституциялық реформаның жаңартуларын қарады және оны заңнамалық қамтамасыз етудің міндеттерін анықтады.

Конференцияға қатысушылардың сөз сөйлеулерінде қоғам мен мемлекетті бұдан ары жаңарту үшін конституциялық реформаның жоғары маңыздылығы ашылды. Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Төрағасы Тоқаев Қ.Қ. конституциялық реформа Қазақстанның жаңа тарихи дәуірге аяқ басуын білдіретінін басып айтты.¹ Академик Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстандағы конституциялық реформаның қазіргі кезеңі көптеген жаңа мәселелерді туындатқандықтан, күмәнсіз, құқықтанушылардың, экономисттердің, саясаттанушылардың, социологтардың зерттеу объектісі болады деп басып айтты .

Конституциялық Кеңестің Төрағасы Рогов И.И. пікірі бойынша конституциялық қосымшалар заң шығарушылық үдерістен олардың іс жүзіндегі орындалуын қамтамасыз ететін адекватты шараларды талап етеді. Конституциялық нормалар мен заңдар әрине басқа заңнамалық актілерді, сондай-ақ төменгі нормативтік құқықтық актілерді өзгерту тетігін әрекетке келтіреді.²

¹ Зюзина Е.Б. Институт президентства в США и России: сравнительный анализ; дис. ... канд. полит. наук. – Воронеж, 2002. – С. 220.

² The United States Constitution//<http://www.usconstitution.net/const.html>.

Қазақстан Республикасындағы сайлау заңнамасының негізгі мәселелері:

- сайлау тұнықтығын заңнамалық қамтамасыз етудің төменгі деңгейі;
- сайлау заңнамасы ережелерінің заңды тұрлаусыздығы мен болжамсыздығы;
- азаматтарға сайлау құқықтарының тиімсіздігі;
- сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру растығының күмәнділігі;
- азаматтардың конституциялық жанама сайлау құқықтарын шектеу
- сайлау үдерісінің тұнық еместігі;
- сайлау комиссияларында барлық саяси партиялардың өкілдерінің болмауы;
- жекелеген үміткерлер мен саяси партиялардың жөнсіз артықшылықтары
- сайлау алдындағы және сайлау кезеңдері;
- сайланатын лауазымдарда әйелдердің жеткіліксіз өкілдігі;
- сот қорғауының тиімсіздігі;
- заң бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік жүйесінің тиімсіздігі
- сайлау үдерісінің;
- БАҚ-на қол жетімдікті шектеу;
- бейбіт жиналыстар еркіндігіне құқықты шектеу.

Егер аталынған дәлелдерді нақтыласақ, ендеше «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының әрекеттегі редакциясы Қазақстанда тіркелген барлық саяси партияларға сайлау комиссиясының мүшесі ретінде сайлау комиссияларында өздерінің өкілдері бар болуына автоматты мүмкіндік бермейтінін айта кету керек.

Конституциялық заң сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясын (ОСК) құру тәртібі туралы нормаларды қамтымайды. Орталық сайлау комиссиясы Президентпен және оның саяси бақылауындағы мемлекеттің ең жоғарғы заң шығарушы органының төменгі палатасымен – Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісімен құрылатыны Қазақстан Республикасының Конституциясымен қарастырылған.

Сондай-ақ, егер азаматтар Президентке қандай да бір үміткерге дауыс беруді қаламаса, сайлау бюллетендерінде «барлығына қарсы дауыс беремін» графасы болмағандықтан өздерінің еріктерін білдіре алмауына байланысты жалпыға бірдей сайлау құқығын шектеу байқалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында оны ол 1995 ж. қабылдаған Қазақстан халқының еркін білдіретін жалпы демократиялық негіздер салынған. Осы негіздерге жатады: басқарудың республикалық тұрпаты және демократиялық саяси құрылыс, саяси әр алуандылық пен көппартиялық, азаматтардың негізгі саяси құқықтары, мемлекеттік егемендік және т.б. Олар біздің қоғам мен мемлекеттің барлық саяси-құқықтық және мемлекеттік-құқықтық институттарын түсіну мен реттеуге ықпал жасайтын, сондай-ақ конституционализм идеяларының, демократияның, адам құқықтарын құрметтеудің, заңдылықтың дәйекті және алға бағытталған дамуының қайтымсыздығы кепілдігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негіздерін құрайды. Конституциялық құрылыстың мызғымастығы Қазақстанның орнықты дамуын, орнықты конституциялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді. Конституциялық құрылыстың мызғымастығы мен тұрақты саяси дамуға тек азаматтар ғана емес, мемлекет те мүдделі.¹ Демократия негізін халықтың билікті таңдауы мен билікке және шешімдерді қабылдау үдерісіне үздіксіз ықпал етуінің негіздік құқығы құрайды. Және, түптеп келгенде, бұл азаматтардың белгілі бір партияға жататындықтарына байланыссыз.

Сайлау рәсімі заңнамамен егжей-тегжейлі реттеледі, соның ішінде қоғамдық бақылау да. 2011 жылғы президент сайлауында сайлау науқанының бұл аспектісі сайлау үдерісінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етудің, сайлаудың барлық қатысушыларының сайлау құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың, оларды заң бұзушылықтардан қорғаудың маңызды шарттарының бірі болып танылды.

ҚР Президенті сайлауының талдауы сайлау заңнамасы мен сайлау өткізуді ұйымдастыру тәжірибесінің мәселелерімен

¹ Жанпейісов К.Д. Сайлау кампаниясының бұхаралық акциялар ұйымдастыру мәселелері//Халықаралық ғылыми конференция материалдары.–Астана, 2010.– Б.118-121.

байланысты келесі қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

1. Сайлау заңнамасында тексеру жүргізудің тетігі ғана анықталынған және сайлау комиссияларының құқық қорғау органдары мен атқарушы билік органдарына жүгіну жағдайларында ғана заң бұзушылықты болдырмау тетігі. Алайда комиссияның өзімен немесе оның жекелеген мүшелерімен заңның бұзылуы жағдайында азаматтардың жүгіну тетігі қарастырылмаған. Мұнда сайлау комиссиясы мүшесіне қатысты қылмыстық істі қозғаудың қылмыстық істерді жүргізу тетігінің жетілмегендігі білінеді.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту күрделілеу болғандықтан икемдіректеу болып табылатын және сайлау комиссиялары мүшелеріне қатысты жоғары тұрған комиссиялармен емес, құқық қорғау және қадағалаушы органдармен іске асырылуы керек әкімшілік рәсімдерді көздеуді ұсынуға болады. Олар азаматтардың шағымдары бойынша, соның ішінде Интернет арқылы жіберілгендер де бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыра алатын және содан кейін қажеттілік болғанда іс материалдарын қылмыстық істі қозғау үшін тергеу органдарына жібере алатын еді.

Ол көп мөлшерде тәуелсіз (саяси партиялардан, мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті атқарушы билік органдарынан) және заңды кәсіби болғандықтан прокурорлық ресурсты сайлауда белсендірек қолдану қажет. Сайлау комиссиялары әрекеттерінің заңдылығына қадағалау жүргізгенде прокурорлардың өкілеттіктерін нақты анықтау қажет. «ҚР прокуратурасы туралы» Заңда прокурорлардың дауыс беру күні сайлау учаскесінде болу міндетін, сайлау комиссиялары мүшелеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қозғау міндетін арнайы қарастыру қажет. Прокуратураға дауыс беру нәтижелерін міндетті тексеру бойынша өкілеттікті ұсыну да жөнді.

2. Сайлау комиссиялары әрекетінің заңдылығына алдын ала әсер етуге мүмкіндік беретін келесі аспект сайлаудың растығын құптау рәсімімен байланысты. Ол кеңес уақытында сәтті пайдаланылып, қазір шетелдік тәжірибеде қолданылатынына қарамастан, қазіргі уақытта бұл рәсім Қазақстанда сұранысқа ие емес. Бұл өкілеттіктер тиісті өкілді орган немесе оның комитетіне жүктелуі керек. Депутаттар бұл құжаттармен алдын ала танысу мүмкіндігіне ие болу

үшін және сайлау легитимділігін бұдан ары бағалау үшін оларға сайлау туралы барлық хаттамалар мен басқа да құжаттар ұсынылуы керек. Өкілді орган тиісті прокурорға немесе тергеу органдары қызметкерлеріне қосымша тергеуді тапсыру мүмкіндігіне ие болуы керек.

3. Сайлау нәтижелерінің бұрмалануына шынайы тосқауыл болуы керек сайлау комиссиялары әрекеттерінің үстінен жария бақылау тетігінің мәселелеріне жекелей назар аудару қажет. Осы бақылау құралдарының бірі тәжірибемен сәтті құпталған сайлау учаскелерінде веб-камераларды қолдану болып табылады. Веб-камераларды дауыс берушілердің тікелей үстінен орнату немесе учаскеде болып жатқан әрекеттерді шолуды кеміту, дауысты есептеу кезінде веб-камераларды сөндіру жағдайлары мен басқа да құқық бұзушылықтарды болдырмау үшін заңнамада веб-камераларды қолдану ережелерін реттеу қажет.

4. Сайлауды жетілдіру мен демократиялау үшін сайлау комиссияларын қалыптастыру тәртібі ерекше маңызға ие. Заң шығарушы мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан олардың тәуелсіздігін бекітеді, алайда ол тәуелсіздіктің шынайы кепілдіктерін бекіту туралы қамқорлық жасауы керек. Тәуелсіздік қағидаты сонымен қатар жария маңызды атқарымдар берілген тұлғалар ретінде сайлау комиссиясы мүшелерінің тәуелсіздігі мен туралығын білдіреді. Сайлау комиссиялары бір жақтың мүдделерін қорғайтын сайлау қатысушыларына мүдделі болмаулары керек. Дауыс беруді ұйымдастыруды бақылау, сайлаушылар дауыстарын есептеу, сайлау нәтижелерін анықтау секілді өздерінің өкілеттіктерін іске асырғанда, сайлау комиссиялары ең әуелі сайлау құқықтарының иесі ретінде азаматтардың мүдделерінен әрекет жасайды. Сайлаушылардың партияда жоқ құрамының басымдығында сайлау комиссияларының құрамы өзімен әкімшілік немесе партиялық ресурсты білдірмеуі керек. Комиссиялар олардың көмегімен саяси үдеріске ықпал жасайтын атқарушы билік органдарына тәуелділікке түспеулері керек.

5. Сайлау комиссияларымен болмаған құқық бұзушылықтар бойынша үміткерлерді тіркеуде бас тарту мүмкіндігіне жол бермеуге мүмкіндік беретін сайлаулы лауазымдардың барлық деңгейлеріне үміткерлерді ұсыну рәсімін жеңілдету жөнді болып көрінеді

6. Қазақстандағы жаңа енгізілімдердің сәттілігі жиі заңнамамен емес, оны адал қолдану және бақылаумен байланысты, әсіресе президент сайлауында. Қазақстан Республикасының облыстары мен аймақтарында, заң жоғарғы оқу орындарында заңды сайлауды қолдауға тәуелсіз қоғамдық құрылымдарды құруға болады. Олар тек дауыс беру кезінде емес, сондай-ақ халықты, партия мен БАҚ өкілдерін, сайлаулы лауазымдарға үміткерлерді оқыту мен ағартуға қатыса отырып, сайлау науқанының ең басында да әрекет жасай алар еді.

7. Жалпыға бірдей, тең, тікелей сайлау құқығы мен жасырын дауыс беру қағидаттарына сәйкестігіне сайлау нормалары мен оларды жүзеге асыру қалыптарының мониторингі жоқ. Қазақстанда конституциялық бекітілген сайлауға азаматтардың қатысуының аталған қағидаттары уақытпен тексерілді және өзінің маңызын жоғалтпады. Алайда ақырғы екі онжылдықта сайлау заңнамасының долы және кей кезде бейберекет динамикасы түзетулердің қомақты көлемі кейде осы қағидаттарды елемеу мен кемітуді жасыратындығына әкелді.¹

Тең сайлау құқығы үміткерлер үшін тең құқықтарды бағамдайды, демек, ерлер секілді әйелдер үшін де заң шығарушы органда ұсынылудың тең мүмкіндіктерін бағамдайды. Президенттікке үміткерлерді ұсынудың қазір бар рәсімінде ерлерге қарағанда, үміткерлер тізіміне кіруге әйелдердің мүмкіндіктері азырақ. Шетелдерде белгілі бір жыныстың тұлғалары үшін орындардың белгілі бір санынан кем емес бекітілетін үлестеу қолданылады.

Сайлануды біле тұра жоспарламайтын тұлғаларды үміткерлердің ұсынуына да назар аударайық. Олар өзіне рейтинг қамтамасыз ету үшін ғана тізімге кіргізіледі.

8. Сайлауды бұрмалау үшін белсенді қолданылатын институттардан құтылу керек (мерзімінен бұрын дауыс беру, есептен шығару куәліктері). Тәжірибе көрсеткендей, мерзімінен бұрын немесе есептен шығару куәлігі бойынша дауыс беруге қатысуға ыңғайлы тұлғалар саны осы институттарды өтірік қолдану түрінде жасалатын құқық бұзушылықтардың көлеміне қарағанда соншалықты елеулі емес. Сайлау заңнамасымен бекітілген мерзімдер сайлауға қатысуға

¹ Асанова К., Сидоров О.Н. Сайлаушыларды тіркеу саласындағы халықаралық тәжірибіге ақпараттық-талдамалық шолу. –Астана, 2009. – 43 б.

мүдделі азамат дауыс берудің көрсетілген түрлерін қолданусыз мәселені алдын ала реттей алу үшін жеткілікті.

ҚР Президентін сайлау туралы заңнаманың жетілдірілуі.

Сайлау заңнамасын қазіргі заманға сай жаңғырту, оны тұтас Қазақстанның және оның жекелеген аймақтарының техникалық-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен елдің өзінің және шетелдердің тәжірибесін ескере отырып, 1995 жылғы Конституция заңдарының негізінде, берік конституциялық негізде жүйелі және кезең-кезеңімен іске асырған жағдайда сәтті болады. Құқықтың үстемдік құру принциптерін, ҚР Конституциясына мемлекеттік идеология мен саясатты, жалпы құқықтық дүниетаным мен азаматтық бейбітшілік пен келісімнің жалпы ұлттық идеясын ресми білдіретін және бекітетін, көпшілік билігінің қазақстандықтардың қазіргі және болашақ ұрпақтары алдындағы жауапкершілігін растайтын құжат ретінде адалдық танытуды, барлық деңгейлердегі мемлекеттік билік органдарының құрылуында және қызмет атқаруында конституциялық пен заңдылықты растауды бірізділікпен сақтау қажет.

ҚР Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы егемендіктің иеленушісі және жалғыз билік көзі оның көпұлтты халқы болып табылады, ол билікті тікелей (референдум, еркін және дүркін-дүркін өткізіліп тұратын сайлаулар, халық бастамасы және т.б.) және көпшілік билігі органдары арқылы жүзеге асырады. Демократиялық құқықтық мемлекетте халық егемендігі және халық өкіметі тікелей халықтың өз қалауын еркін білдіруі және халықтық үкімет жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Халық егемендігі мен халық өкіметінің конституциялық озық үлгісін шынайы түрде жүзеге асыру үшін қажет болатыны: біріншіден, жалпы әлемдік стандарттармен сәйкестікте, азаматтардың халықтың және тұрғындардың өмірлік аса маңызды мәселелері бойынша референдумдар өткізу және оларға қатысу құқықтарының, жүйелі түрде өткізілетін ҚР Президентінің сайлаулары үдерістеріндегі азаматтардың сайлау құқықтарының заңнамалықпен қамсыздандырылуы; екіншіден, сайлаушыларға әкімшілік қысым көрсетуді пайдаланбастан, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық сананы бұрмаламастан, алаламастан және құжаттарды қолдан жасамастан еркін және әділетті сайлаулардың өткізілуі;

үшіншіден, көпшілік билігі органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының «ортақ игілік» үшін, әлеуметтік әділдік үшін, барлық бұқара топтары мен әрбір жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз ету үшін қызмет атқаруы. ҚР Конституциясы елдегі халық егемендігі мен халық өкіметінің шынайы жүзеге асуының жоғарыда аталған шарттарын іске асуы үшін қажетті құқықтық негіздерді жасап берді.

Интернетте және бұқаралық ақпарат құралдарында барған сайын белсенді және ашық түрде, әсіресе, кеңес үкіметінен кейін дүниеге келген жастармен, кәсіпкерлердің ортаңғы тобының (класының) өкілдерімен халық үшін маңызды болып табылатын – мемлекеттік саясаттың қалыптасуына азаматтық қоғамның ықпалын күшейту туралы, көпшілік билігі органдарының қызметіне халықтық бақылау орнату туралы мәселелер талқылануда. Халықтың азаматтық белсенділігі артып келеді, бұл халық үнінің басқарушы саяси элитаның, оның көшбасшыларының құлағына жететініне, ал халық егемендігі мен халық өкіметі конституциялық құндылықтар мен идеалдар ретінде нағыз шынайылыққа айналатынына үміт арттырады.

Қазақстан Республикасының саяси жүйесін даму жосығы үйреншікті болып көрінетін қатынастарды реттеуге жаңа реңк берді:

Сонымен бірге, қазір бүгінгі саяси дамудың екі сценарийі болуы ықтимал:

- не азаматтардың жеке бастамалары заңды түрде іске асырылады және мемлекет саясатының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін болады;

- не бұл бастама заңды түрде шешімін таппайды және «қазаннан қақпақ кетеді».

Бұл арада екінші сценарийді қарамаймыз, себебі оның іске асуы барысында заңдар мен сайлаулар керек емес. Бұл сценарийдің арнасында, оған жасалған алғышарттар ретінде, – әртүрлі бүлдіргіш сайлау технологиялары, оның ішінде байқау, арыз-шағымдар беру құқығын теріс пайдалану бар. Тек теріс пайдаланулардың кез келген түрімен күресу керек екенін ғана атап өтпекпін. Мысалы, сайлау комиссиясы мүшелерін мәтіні біркелкі, қойылған қолдары әртүрлі хаттармен «көміп бастаудан» көрінетін, Интернет арқылы арыз-шағым беру құқығын теріс пайдаланумен, арыз-шағымдарды қарау тәртібі туралы заңда мемлекеттік органның сайтында осы сияқты

арыз-шағымдардың барлығына бір ғана жауап жариялау мүмкіндігін қарастыра отырып, күресуге болады.¹

Қолайлы сценарийді келесі көру бұрышымен барынша толығырақ қараймыз: уақыт сұранысына сәйкес келу үшін, сайлауларды ұйымдастыру және өткізу жүйесі қалай өзгеруі тиіс?

Ол барынша түсінікті, қисынды, қарама-қайшылықсыз және тұнық болуы тиіс.

Сайлау үдерісінің кез келген әлеуетті қатысушысы қандай мерзімдерде, іс-әрекеттердің ең төменгі қандай жинағын орындаумен, өз саяси белсенділігінің қандай да бір дәрежесіне орай, өзінің белсенді немесе енжар сайлау құқығын іске асыра алатынын түсінуі тиіс.

Қазақстан Республикасындағы халықтың жоғары жұмылғыштығы мен сайлаушының тұрғылықты мекен-жайына заңды түрде бекітілуі қарама-қайшылыққа түседі. Тұрғылықты мекен-жайынан тыс жерде жүрген азаматқа өзінің белсенді сайлау құқығын іске асыруға қалай мүмкіндік беруге болады? Бұл жерде тізімдердің дәлдігіне, дауыс берудің жиынына қатысты проблема туындайды ғой. Ескі механизмді пайдалануды жалғастыруға болады: барған жері бойынша тізімге енгізу туралы өтініш беру, комиссиялар арасындағы хат алмасу және т.б.²

Бірақ ең абзалы – сайлаушының электронды паспорты. Ол үшін, дегенмен, учаскедегі Кард-ридер де, учаскелік комиссиялар арасындағы байланыс та болуы керек. Әрине күрделі, бірақ қазіргі уақытта орындалуы мүмкін жұмыс. Келешекте бұл технология қашықтықтан электронды дауыс беру үшін де қолданылуы мүмкін.

Оның іске асуы үшін мыналар болуы тиіс:

–партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өздерін ұсынуына қолайлы мерзімдер және тікелей сайлау науқанының қысқа мерзімдері;

–құжаттардың түсінікті жинағы, келешекте – көпшілік құжаттардың электронды түрде берілуі;

–тіркелу үшін қажетті құжаттарды тексеру барысында формалдық талаптардың мейлінше қысқартылуы;

¹ Сартаев С.С., Ибраева А.С. Избирательная система Казахстана: проблемы совершенствования// <http://www.Lib.krsu.edu.kg>

² Сизько И.А. Совершенствование современного избирательного законодательства в Российской Федерации: конституционное–правовое исследование // <http://www.dissercat.com>.

–үгіт-насихат жұмыстары үшін БАҚ-ты пайдалануды ырықтандыру барысында тегін эфир уақыты мен баспа көлеміне кепілдіктің сақталуы;

– саяси жарнаманы заңдастыру және лайықты құқықтық реттеу.

Сондай-ақ, сайлау бірлестіктерінің сайлау қорлары сияқты ұғымдардан бас тартуы туралы мәселе де перспективалы болып табылады.

Сайлау науқанының мерзімдерін келесі кезеңдерге дәл бөлу:

– науқан басталғаннан бастап 30 күн – сайлау комиссияларына кандидаттардың ұсынылуы (өзін-өзі ұсынуы) туралы құжаттардың ұсынылуын, Президент лауазымына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуын қолдауға қол жинауын қамтитын кезең;

– дауыс берілетін күнге дейінгі 29-18 күндер – кандидаттардың тіркелуіне құжаттардың, кандидаттардың тізімдерінің берілуі, сол құжаттардың, кандидаттардың тіркелуінің, тізімдердің қаралуы;

– дауыс беру күніне дейінгі 12 күн, «тыныштық күнін» қоспағанда, – БАҚ-тағы ақысыз негіздегі сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары, мемлекеттің араласуымен болатын орналастыруларға заңмен белгіленген тең кіру жағдайларында сайлаушылармен кездесулер өткізу.¹

Жалпы алғанда, партиялар мен кандидаттар сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын сайлау науқаны басталған сәттен бастап жүргізе алады, ал ақысыз негізде, оның ішінде БАҚ-та, - сайлау қоры құрылғаннан кейін ғана.

Учаскелік комиссиялар саяси партиялардың ұсыныстарының және бүгінде бар ұсыныстарды енгізу құқығы субъектілерінің негізінде бес жылдық мерзімге құрылады. Сонымен бірге, әр субъект шығып кетуімен байланысты ықтимал ауысу мақсатымен бір орынға бірден артық ұсыныс бере алады, сол үшін учаскелік комиссиялардың кадрлық резерві құрылады. Ұсынылғандардың ішінен неғұрлым жақсы дайындалғандарды іріктеп алу мақсатымен, заңды білуін тексеретін тест алынуы мүмкін. Учаскелік комиссия мүшелерін жыл сайынғы оқыту бойынша кешенді іс-шаралар қарастырылады.

¹ Ермошина Л.М. Пути совершенствования избирательного законодательства Республики Беларусь//<http://www.pdf.vlib.by/banner/on-line>.

Аймақтық сайлау комиссияларының төрағалары жергілікті атқарушы органдардың сайлау комиссияларының мемлекеттік қызметші мәртебесі бар штаттағы қызметкерлері болып табыла алады.

Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасын жетілдіру мақсатында, халықаралық сайлау стандарттарымен сәйкестікте, сайлау құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғаудың қосымша механизмдерін белгілеуге арналған келесі шараларды қабылдау қажет:

– қажет болған жағдайда, енжар сайлау құқығына ие болудың шарты ретінде азаматтың ел аумағында бес жылдан аспауы тиіс мерзім ішінде тұрақты тұруының, шетелдік азаматтығының, мекендеу қағазының, шет мемлекетпен мүліктік немесе басқа байланысының және барлық немесе белгілі бір қылмыс санаттары үшін соттылығының болмауының талап етілуін қарастыру;

– қылмыс жасағаны үшін күдікті немесе айыпты деп танылған азаматтарды сот кесімі заң күшіне енгенге дейін енжар сайлау құқығын іске асыру мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

– дауыс беретін күні мемлекет аумағынан тыс жерде болған азаматтарды белсенді сайлау құқығын іске асыру мүмкіндігімен дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерде және мүмкіндігіне қарай, шет мемлекеттердің аумағындағы басқа да жерлерде сайлау учаскелерін ашу арқылы қамтамасыз; техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда, азаматтардың сайлау құқықтарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, қашықтықтан дауыс беруді (поштамен, Интернет арқылы және т.б.) пайдалану мүмкіндігін заңдық тұрғыдан қарастыру;¹

– саяси үдерістердің негізгі қатысушылары ретіндегі саяси партиялардың кандидаттарын немесе кандидаттар тізімін ұсыну құқығын қамтамасыз ету (мемлекет те екі немесе одан көбірек саяси партиялардан тұратын сайлау блоктарын құру және олардың кандидаттарын немесе кандидаттар тізімін ұсыну құқығын қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруға құқылы;

– кандидаттарды, кандидаттар тізімін тіркеуге негіздеме ретінде сайлаушылардың қолдарын және (немесе) сайлау кепілін ескерген дұрыс болады;

¹ Матюшин М.Н. Основные направления развития и совершенствования избирательного законодательства Российской Федерации // <http://www.edit.muh.ru> 2010.

– кандидатты, кандидаттар тізімін жылжытуды қолдау ретінде сайлаушылардың қолдарын ұсыну қажеттігі болған жағдайда, олардың саны сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1%-ынан артпауы тиіс (қолдардың саны абсолютті сандармен, не округ сайлаушылары санының пайыздық қатынасы ретінде белгіленуі мүмкін); сайлау комиссиясымен, не оның жұмыс тобымен жүзеге асырылатын қолдарды тексеру жұмысының нақты ережелерін, сондай-ақ қолдарды жарамсыз немесе дұрыс емес деп тану дәйектемелерінің толық тізімін қарастыру;

– сайлау (ақшалай) кепілін енгізу қажет болған жағдайда, оның мөлшері енжар сайлау құқығын іске асыру үшін өтуі қиын кедергілерді тудырмауы тиіс екенін белгілеу;

– кандидаттар тарапынан кандидатты (кандидаттар тізімін) ұсыну немесе тіркеу шарттары (енжар сайлау құқығының болмауы, ұсыну субъектісінің ұсынудың заңмен қарастырылған тәртібін бұзуы, ұсынылған құжаттардың немесе олардағы мәліметтердің болмауы, нақты еместігі немесе дұрыс еместігі, сенімді қолдардың қажетті санының ұсынылмауы және т.б.) сақталмаған жағдайда, не сот тәртібімен белгіленген сайлау құқық бұзушылықтары жасалған жағдайда (сайлаушыларды сатып алу, сайлау науқанын заңсыз қаржыландыру және т.б.), оларды тіркеуден бас тарту мүмкіндігін қарастыру; сайлау комиссияларына сайлау құқық бұзушылықтары жасалуымен байланысты, бұзушылық фактісін сот тәртібімен міндетті анықтаусыз кандидаттарды (кандидаттар тізімін) тіркеуден бас тарту құқығы берілген жағдайда, – сайлау комиссиясының шешіміне қатысты сотқа шағым беру құқығын қарастыру;

– тіркеуді кері қайтарудың (жоққа шығарудың) ықтимал дәйектемелері ретінде келесілерді белгілеу: тіркеу шарттарының бұзылуы (тіркеуден бас тартуға дәйектеме болып табылатын жаңадан ашылған жағдайлар, немесе сондай жағдайлардың табылуы); белгілі бір мәртебесін жоғалту (азаматтың енжар сайлау құқығы, саяси партия мәртебесі, белгілі бір кандидаттар санының кандидаттар тізімінен шығып кетуі және т.б.), сайлауға қатысудан өз еркімен бас тарту (өз кандидатурасын алып тастау, кандидатты, кандидаттар тізімін кері шақырып алу); заңның тіркеуден бас тартуға алып баратындай дәрежеде бұзылуы (мұндай құқық бұзушылықтарға лауазымдық немесе қызметтік жағдайының артықшылықтарын

пайдалануды жатқызуға болады); сайлаушыларды сатып алу; қайырымдылық іс-әрекеттерін жүзеге асыру; сайлау қорынан өзге құралдарды пайдалану; сайлауалды үгіт-насихат жүргізу ережелерін өрескел бұзу; басқа кандидаттар, партиялар туралы жалған мәліметтерді тарату; экстремистік іс-әрекет фактісінің анықталуы және т.б.);

–тіркеуден бас тартуды құқық бұзушылық жасағаны үшін сот органдарының араласуымен қолданылатын жауаптылық шарасы ретінде жүзеге асыру (тіркеуден бас тарту жөніндегі уәкілеттік сотқа, не сот шешімінің негізінде сайлау комиссиясына беріледі, не сайлау комиссиясы кандидаттың шешімге қатысты сотқа шағымдану құқығын береді);

–сайлауға сайлаушылардың белгілі бір саны қатысқан жағдайда, сайлауды өтті деп тану туралы ережені алып тастаған дұрыс;

–пропорциялы сайлау жүйесі қолданылған жағдайда, сайлаушылар даусының сайлау учаскелерінің әртүрлі санаттары үшін әртүрлі болуы мүмкін белгілі бір пайызын алған кандидаттар тізімінің мандаттарды бөлуіне рұқсат беру қажет; дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жартысынан кем емес мөлшерін құрайтын, саяси партиялардың белгілі бір санының мандаттарын бөлуге қатысумен қамтамасыз ету мақсатында, бөгет болатын кедергіні төмендету мүмкіндігін қарастырған дұрыс болады;

– кезекті сайлауда дауыс беру күнін белгілеу тәртібін заңмен қайта қарау (дауыс берудің белгілі бір күнін белгілеу, не дауыс беретін күнді парламенттің өкілеттік мерзімі аяқталған күннен бастап саналатын кезеңмен белгілеу);

–мүмкіндігіне қарай, сайлауды (сайлау науқанының басталу мерзімін) тағайындау туралы шешім қабылдануы тиіс болған нақты мерзімді қайта қарау;

–міндетті түрде жариялануы тиіс болған, оның ішінде Интернетте жариялануы тиіс болған сайлау комиссиясы шешімдерінің тізімін қайта қарау;

–қадағалаушыларды тағайындау туралы құжаттардың тікелей сол қадағалаушы тағайындалғалы отырған сайлау комиссиясына ұсынылуын ескеру (қоғамдық бірлестіктердің жоғары тұрған сайлау комиссиясында алдын ала тіркелуіне болады);

– халықаралық (шетелдік) қадағалаушылардың қатысу мүмкіндігін, олардың тіркелуі тәртібін, құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, сондай-ақ халықаралық қадағалаушылар топтарының мәртебесі мен қызмет тәртібін (миссиясын) қайта қарау;

– сайлаушылардың өз қалауын еркін білдіруін бақылауға тыйым салатын және сайлаушылардың сайлауларға ерікті түрде қатысуына кепілдік беретін ережелерді қайта қарау.

Президенттік институт ол демократияны айқындайтын, шынайлықтың бір жолы;¹

– сайлаушылардың сайлауларға өз қалауын ерін білдіруі негізінде қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу барысындағы шектеулерді қайта қарау, атап айтқанда: сайлаушыларды сатып алуға (бұл ұғымды заңды түрде белгілеу керек), конституциялық құрылымды күштеп құлатуға шақыратын үндеулерге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және өзге де араздықтарды тұтату, соғысты насихаттау және т.б. тыйым салу;

– бұқаралық ақпарат құралдарының тең үгіт-насихат жүргізу шарттарымен және үгіт-насихат материалдарын жариялаудың, саяси партиялар мен тіркелген кандидаттардың ешқайсысын шеттетпестен, барлығына ортақ тең құнымен қамтамасыз ету міндеттерін қайта қарау;

– сайлау органдарына сайлау қорларына қаржылық бақылау жасауды, бұл қызметке тиісті мемлекеттік және муниципалдық органдарды тарту мүмкіндігімен жүзеге асыру бойынша уәкілеттік беру;

– кандидаттың, сайлау бірлестігінің белгіленген тәртіппен келіп түскен қайырымдылық құралдарын себептерін түсіндірместен, тиісті тұлғаға қайтарып бере отырып, пайдаланудан бас тарту құқығын қайта қарау;

– дауыс беруге арналған үй-жайдың ақысыз негізде бөлінуін қарастыру;

– сайлаулардың нәтижелерін, дауыс беру қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында, ал сайлау учаскелері бойынша қорытындыларды – мүмкіндігінше, Интернетте жариялаудың міндеттілігін қарастыру;

¹ Малиновский В.А. Лидер: Президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: монография. – Астана: ТОО «Издательство «Норма-К», 2012. – 528 с.

–сайлаулардың сайлау комиссияларымен, не өз құзыреті шегінде жалпыға ортақ актілерді шығару құқығы берілген басқа да арнайы сайлау органдарымен өткізілуін қарастыру;

–сайлау органдарын әртүрлі саяси күштердің, ал мүмкін болған жағдайда, сайлау қатысушыларының өкілдіктерін ескере отырып қайта қарау;

–сайлау құқықтарын бұзатын шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) қатысты сайлау комиссияларында және сотта шағымдану мүмкіндігін және тәртібін қайта қарау, бұл ретте шағымда берудің және оның уәкілетті органда қаралуының нақты мерзімдерін белгілеу керек (мұндай мерзімдер шағымданудың үлкен мерзімдеріне қарағанда, қысқа болуы тиіс, бірақ бұл ретте шағымдардың аумақтық бір мекемеге тиесілігін ескере отырып, шағым берудің шынайы мүмкіндігімен қамтамасыз ету керек).

1.3 Интеграция процессінде Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органының мәні мен міндеттері

Қазақстан Республикасының әлемдік интеграция барысында дамуы. Ұлттар мен мемлекеттердің интеграция процесі қазіргі кезеңнің ажырамас бөлігіне айналды. Елдер аймақтық деңгейде белгілі бір мүдделерді жүзеге асыру мақсатында өзара тығыз байланыстар орнатуда. Бұл интеграциялар елдердің ғаламдық не аймақтық мәселелерін бірігіп шешуге, күш біріктіруге, өзара келісім мен түсіністіктің болуына және нәтижелі жұмыстар мен іс шаралардың жүруіне мүмкіндік береді. Әртүрлі интеграциялар әр кезеңде аймақтарда жүріп жатады. Қазақстан да әлемдік қатынастың бір бөлшегі ретінде глобализация мен интеграцияның белсенді қатысушысы болады.

XX ғ. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, халықаралық қатынастың субъектісі ретінде әлемдік процесстерге араласа бастады. Халықаралық аренада сыртқы және ішкі саясатын анықтап, өзге елдермен, ұйымдармен тығыз қарым қатынастарды халықаралық құқықтың негізінде құрып, бейбітшілікті, татулықты, жауаптылықты сезіне отырып, одан ары нығайта бермек.

1991 жылы желтоқсанда еліміздің егемендік алуымен конституционализм процесі (үрдісі) басталды, халықаралық

құқықпен тығыз байланысты заманауи құқықтық жүйесі құрылды. Сонымен бірге «Қазақ КСР мемлекеттік егемендік туралы» Декларациясында мемлекеттің халықаралық қатынастардың жеке субъектісі ретінде қатысатындығы жарияланды. Осында Қазақстанның халықаралық шарттарды жасау кезінде еркіндігі мен теңдігі сияқты халықаралық құқық қағидаларын ұстанатындығы бекітілген болатын. Осы арқылы біржақты түрде Қазақстан өзіне халықаралық құқықтық міндеттемелерді жүктеген болатын. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ мүше болу арқылы өзінің халықаралық құқық нормаларын сақтайтындығын біржақты түрде мәлімдеген. 1991 жылы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен өзінің қарым қатынасын халықаралық құқық қағидаларының негізінде құрады деп бекіткен болатын. Осы заңда 1948 жылғы Адам құқықтары туралы жалпы Декларация, 1966 жылға Адам құқықтары туралы Пактілердің ережелері имплементацияланған болатын».¹

1992 жылы әлемдегі ең маңызды ұйым БҰҰ мүше болып қабылданып, халықаралық қауымдастықтың адамзаттың игілігі үшін жариялаған барлық қағидалары мен міндеттерін қабылдап, оны жүзеге асыруда өзінің бағытын қалыптастыруда. Сол сияқты өзге де халықаралық және аймақтың ұйымдардың белсенді мүшесі болып отыр. Олар ОБСЕ, БСҰ, ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕАЭЖ т.б. ұйымдар.

Осы ұйымдармен қызметтестікте Қазақстан және өзге елдер ғаламдық және аумақтық мәселелерді бірігіп, бейбіт жолмен шешуді көздейді. Ондағы қабылданған келісім шарттардың, халықаралық шарттардың дұрыс орныдалуына міндеттеме алып күш салады. Халықаралық құқықтың жүзеге асуы мен сақталуына кепілдіктер беріп оның мемлекетпен сыртқы жағдайда да ішкі жағдайда да орындалуына мүдделі болады.

ҚР Конституциясының 8-бабында Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында қызметтестік пен татукөршілік саясатты жүргізеді, олардың татулығы мен бір бірінің ішкі ісіне араласпауды,

¹ Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждение конституционализма. Под редакцией.Рогов И.И. издательство «Раритет» 162-163 бет

халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді ұстанады, бірінші болып қару қолданудан бас тартады деп анықтайды.

Интеграцияның арқасында мемлекеттер бірігіп дамуды қалыптастырады, ортақ мәселелерді шешеді, ғаламдық және аумақтық проблемалар мен қауіп-қатерлерді жояды немесе нәтижелі күреседі, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан дамиды, мәдени және рухани байланыстарын артырады.

«Сыртқы факторлар әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарын еңсеру қажеттілігінен, қақтығыстардың шиеленісуінен, адамзаттың қазіргі проблемаларынан, өңірлік және жаһандық деңгейлерде жаңа геосаяси және геоэкономикалық ахуалдың пайда болуынан көрінеді.»¹

Қазіргі әлем өзара интеграция жүйесінде дамуды қарастырады. Қазір бүкіл әлем интеграцияланған ұйымдардың жиынтығы деуге болады және бұл жағдайда мемлекеттердің жекелей дамуы мүмкін емес, немесе алдында тұрған қиындықтарды еңсеруде.

Егемен Қазақстан Республикасы да өзінің дамуын аймақтық интеграциялармен тығыз байланыстырады және дамыған мемлекеттермен көреді. Сондай интеграциялық ұйымдардың мүшесі бола отырып халықаралық қатынастардың жалпытанылған қағидаларын және халықаралық құқықтың нормаларын сақтап, халықаралық шарттардағы өзіне алған міндеттемелері бойынша олардың жүзеге асуы мен сақталуын қамтамасыз етеді. Осы міндеттемелер шегінде экономикалық, саяси, құқықтық мәселелері оңды шеше береді.

Кез-келген мемлекет үшін, және Қазақстан үшін демократиялық институттары мен әлеуметтік экономикалық дамуы маңызды мәселелер болады. Сондықтан осындай мәселелерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде әртүрлі одақтарға бірігуді көздейді. Бірақ бұл өз кезегінде экономикасы енді құрылып келе жатқан мемлекетке қиындықтар тудырады, интеграциялық одақ шегіндегі талаптарды орындай алмай жатады. Сондықтан осындай қиындықтарды еңсеру үшін және әлемдік интеграцияға ену үшін

¹ Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Қазақстанда өзінің сыртқы қарым қатынастарын өзіне ыңғайлы жағдайда құрады немесе біртіндеп ену үшін жолдарын қарастырады.

Қазақстанның сыртқы саясаты көп векторлы бағытты ұстанады. Ол әлемнің барлық елдерімен достастық және ынтымақтастық қатынастарын құра бермек. «Қазақстанның сыртқы саясаты көп бағыттылық, теңгерімділік, прагматизм, өзара тиімділік, елдің ұлттық мүдделерін қатаң қорғау қағидаттарына негізделген. Қазақстан әлемнің барлық мемлекеттерінің теңдігін, өзара мүдделерді ескеруді және бір-бірінің ішкі істеріне араласпауды, сондай-ақ БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың үстемдігі негізінде халықаралық проблемалар мен жанжалдарды бейбіт және ұжымдық жолмен шешуді жақтайды.»¹

«Біз, қазақстандықтар, әлемдік қауымдастықта интеграцияда өз жолымызды тандаймыз, жаһандану процессіндегі өзгерістерге негізделе отырып оның жетілгендігінде емес, біз үшін, Қазақстан үшін жақсы жақтарының және артықшылықтарының көп болуын тандаймыз. Біз үшін ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттігімізді сақтау басты артықшылығымыз болады», деп – Н.А. Назарбаев атап өтеді.

Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес сыртқы саясаттағы негізгі күш-жігер мынадай негізгі мақсаттарға қол жеткізуге шоғырландырылады:

- 1) елдің ұлттық қауіпсіздігін, қорғанысқа қабілеттілігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын жан-жақты қамтамасыз ету;
- 2) бейбітшілікті, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
- 3) орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру;
- 4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық және үйлестіруші рөлі арқылы әділ әрі демократиялық әлемдік тәртіпті орнату;
- 5) өңірлік және халықаралық сауда-экономикалық қатынастар жүйесіне одан әрі интеграциялану;
- 6) 2050 стратегиясын іске асыру, халықтың жоғары тұрмыс деңгейіне қол жеткізу, көпұлтты қоғамның, құқықтық мемлекеттің және демократиялық институттардың бірлігін нығайту, адамның

¹ Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы

құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау;

7) ұлттық экономиканы әртараптандыру, индустриялық-технологиялық дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) елдің «жасыл» даму жолына біртіндеп көшуі және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру;

9) ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау және мемлекетті одан әрі дамытудың өзіндік жолымен жүру;

ЕАЭО және Қазақстан. Осындай мақсат міндеттерді ұстана отырып Қазақстан Республикасы ЕАЭО тең мүшесі бола отырып, байланыстарын халықаралық қатынастың негізінде құра бермек.

Евразиялық экономикалық одақ халықаралық құқықсубъектілікке ие аймақтық экономикалық интеграциялық халықаралық ұйым. 29 мамыр 2014 жылы Астанада ЕАЭО құру туралы келісімге Ресей, Белоруссия, Қазақстан арасында қол қойылды. Осыған байланысты Одақ көлемінде мүше мемлекеттер арасында ортақ мақсаттар мен міндеттер пайда болады.

Интеграция барысында халықаралық құқық пен ұлттық құқықты үйлестіру маңызды, оларды қолдану барысында кездесетін қиындықтарды еңсеру қажет. Халықаралық құқықтың, жалпытанылған халықаралық қағидалардың, Қазақстанның өзіне алған халықаралық міндеттемелерінің ұлттық заңнамалармен жүзеге асуы еліміздің халықаралық қауымдастыққа енуі мен жетекші елдердің қатарында болуының негізі болады.

ЕАЭО-тық интеграция барысында ҚР Конституциялық Кеңес органының атқаратын қызметі мен ролі. Интеграция латынның «integration- қайтақалпына келтіру, толықтыру, бүтіндей» деген мағнасын береді, бұл бір немесе бірнеше мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарын біріктіру, экономикалық және өндірістік қызметтестігін ұлғайту, өзара қызметтестік процессі¹ деп көрсетеді. Осы бірігу және қызметтесу барысында ең басты халықаралық шарттардың негізінде бекітілген міндеттемелердің мемлекеттердің өз еркімен орындауы, олардың ұлттық заңнамаларда жүзеге асуы маңызды болады.

Бұл процессте ҚР Президенті мен ҚР Парламентінің өзіндік атқару қызметтері бар, олар мемлекеттің халықаралық қатынастағы

¹ Юридическая энциклопедия. Под ред. М.Ю.Тихомирова - М,1998 - 185 бет

бағыты мен ұстанымдарын анықтайды, халықаралық шарттарды ратификациялау арқылы халықаралық қатынастағы мемлекеттің міндеттемелерін анықтайды.

Бұл процессте ҚР Конституциялық Кеңесі де маңызды институттардың бірі болып табылады. Конституциялық бақылау, конституциялық юстиция (әділет), конституциялық төрелік органы қоғам мен мемлекеттің дамуында, негізгі мәселелердің қалыптасуында Негізгі заңның (Конституцияның) үстемдігі мен бұзылмауын қамтамасыз етіп, құқықтық жүйенің жүйелі үйлесімді дамуын қалыптастыратын институт.

ҚР конституциялық бақылау органы «ішке бағытталған» құрлым. «Ішке бағытталған» деп айтатынымыз оның қызметінің негізгі мақсаты мемлекеттің ұлттық құқық жүйесінде қызмет ету. Мемлекеттің және қоғамның ұйымдастырушысы болатын Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету, тікелей қолдануын қадағалау, Конституцияның нормалары мен ережелерін түсіндіру, өзге заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру, мемлекеттің билік құрлымдарының өтініштері бойынша туындаған мәселелерге қатысты шешім шығарады. ҚР Конституциясының 72-бабында оның мынадай өкілеттіктері көрсетілген «Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша»:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді.

Конституциялық Кеңес Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.

Бұл өкілеттіктерден біз, Конституциялық Кеңесті, Конституцияның құқық жүйесіндегі негізгі өзек ретінде өзге заңдардың бірлігін қамтамасыз ететін және үстемдігін бекітетін орган ретінде көреміз. Оның қызметі сыртқы байланысқа бағытталмаған, бірақта интеграция барысында мемлекетіміздің халықаралық аренада орын алуы мен дамыған 30 елдің қатарына қосылудағы міндеттерге, халықаралық перспективалық бағыттарға, ортақ мақсаттарын жүзеге асыруда өз өкілеттігі шегінде қызметін атқармақ. Ең бастысы құқықтық жүйенің сақталуы мен халықаралық және ұлттық құқықтың өзарабайланысын қамтамасыз ету.

ҚР Конституциясы преамбуласында анықталғандай «дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып» мемлекетіміз өзге елдермен тығыз байланысты құруды көздейді.

Конституциялық кеңес ҚР Президентінің көпвекторлы сыртқы саясатының негізінде халықаралық қарым қатынастарды өзге құрлымдармен орнатады. Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында беделді халықаралық ұйымдармен, конституциялық бақылау органдарымен, шетелдік беделді ғылыми зерттеу ұйымдарымен және құқықтанушы ғалымдарымен өзара байланыс орнатады. Осының арқасында конституциялық бақылау органы қазақстандық заңнаманың қалыптасуына қажетті жаңа бағыттар мен идеяларды қалыптастырады. Бұл өз кезегінде құқықтың қалыптасуына, құқықтың түсінуіне және құқықшығармашылыққа оң әсер етеді. Нәтижесінде Қазақстанның ғаламдық дамудың бір бөлшегі ретінде жүйелі дамуға, алдыңғы қатарлы елдердің сапында болуына, заман талабына сай құқық жүйесінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Осы жылдар ішінде БҰҰ, ОБСЕ, Еуропалық Кеңес, Еуропалық Одақ және басқа ұйымдарда арнайы делегациялар Конституциялық Кеңеске келген болатын. Осылардың ішінде конституциялық юстиция сұрақтары бойынша арнайы мамандаған ұйым Еуропа Кеңесі құқығы арқылы демократия үшін Еуропалық Комиссиямен (Венеция комиссиясы) тығыз қызметтестік орнатуда. 13 наурыз 2012

жылы ҚР Президенті «Құқық арқылы демократия үшін Европалық Комиссияға Қазақстан Республикасының мүше болу туралы» Жарлығына қол қойды. Осы кезеңдерден бастап Қазақстандағы заң үстемдігін қамтамасыз ететін бірден бір орган ретінде Конституциялық Кеңес бұл халықаралық ұйымның мақсаттары мен міндеттерін қабылдап өзара байланысты бекітті. Венеция комиссиясы тәуелсіз кеңесші орган ретінде мүше мемлекеттердің құқықтық жүйелерін зерттеп, демократия мен құқықтық мемлекеттің принциптерін өмірде жүзеге асыруды қарастырды. Бұл ұйыммен қызметтестікті орнатумен ҚР Конституциялық Кеңесі арқылы мынадай процесстер жүреді:

1. «Мемлекеттердің құқықтық жүйесін зерттеуді тереңдету және олардың өзара жақындығын қамтамасыз ету;

2. Демократия мен құқықтық мемлекеттің принциптерін өмірде шынай жүзеге асыру;

3. Демократиялық институттардың қызмет етуі, нығайуы және дамуымен байланысты проблемаларды зерттеу»¹.

Осындай мақсаттарын жүзеге асыруда ҚР Конституциялық Кеңесі осы ұйыммен өзарабайланыс жұмыстарын жүргізіп келеді. «Осы халықаралық ұйымның құрамына әр ел өз мүшелерін тағайындауы және конституциялық юстиция органдарының арасында өзара ақпараттар айналымын қамтамасыз ету мен мүдделі адамдардың конституциялық бақылау органдарының қабылдаған шешімдерімен танысу үшін құжаттар орталығын құрылды. ҚР Конституциялық Кеңесінің нормативті қаулылары Комиссияның конституциялық төрелік Бюллетенінде жарияланып келеді. Венеция Комиссиясы жекелеген құқықтық институттарды реформалауда сараптамалық-әдістемелік көмектер көрсетті, құқықтың қалыптасуы бойынша өзекті сұрақтарда халықаралық конференциялар мен форумдар өткізілді.»² Бұл өз кезегінде Қазақстандық құқықты жасау кезінде немесе түсіндіруде, нақтырақ айтсақ, Конституциялық Кеңестің шешімдер қабылдауы мен нормаларды түсіндіруде, ұлттық заңнамалар мен халықаралық құқықтың үндесуі (гормонизациясы) не үйлесуіне мүмкіндіктер береді. Халықаралық құқықтың идеялары

¹ Құқық арқылы демократия үшін Европалық Комиссияның Жарғысы.

² Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждение конституционализма. Под ред. Рогова И.И. – Астана: «Раритет» -380 бет

мен ұғымдарының, ережелерінің ұлттық құқыққа трансформациясын, өтуін қамтамасыз етеді.

Сондай ақ ҚР Конституциялық Кеңесі өзге де халықаралық және аймақтық ұйымдардың құрамына қабылданған болатын: ол конституциялық бақылау органдарының халықаралық ассоциациясының конституциялық төрелік бойынша Әлемдік Конференциясына; жаңа демократия елдерінің конституциялық бақылау Конференциясы; Азиялық Конституциялық Сот пен оған теңестірілген институттардың Ассоциациясы сияқты ұйымдар мен алдыңғы қатарлы шетелдік ғылыми зерттеу және білім беру мекемелері мен заңгер ғалымдар.

Бұл ұйымдармен тығыз байланыстар орната отырып ұлттық заңнаманың дамуында алдыңғы қатарлы шетелдік құқықтық технологияларға қол жетімділігін қамтамасыз етеді, қаралып жатқан салада басқа қатысушы елдердегі бар проблемалық сұрақтарды еліміздің ақпараттануына мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар еліміздегі демократиялық және құқықтық реформалардың бұдан да ары жүзеге асуы үшін шетелдік институттармен байланыстарын нығайта бермек, оларды Конституциямыздың басымдылықтарымен таныстыра береді.

Халықаралық құқық нормаларының мемлекеттің құқық жүйесінде қолданылуы мен жүзеге асуы маңызды сұрақтардың бірі болады. Бұл мәселеде халықаралық және мемлекеттік құқықтың арасындағы өзарабайланысы мәселелерін реттеу үлкен теориялық және практикалық маңызға ие. Бұл жерде халықаралық құқықтың ішкі мемлекеттікпен жүзеге асуын қамтамасыз етудегі мәні мен заңи реттелуін қарастыру керек деп көрсетіледі. Халықаралық қауымдастықта мемлекеттің қандайда бір халықаралық міндеттемені қабылдауы мемлекеттердің оны сөзсіз сақтауына талаптар қояды. Сондықтан мемлекеттің заңдары мен өзге де нормативті актілері, егер мемлекет қандайда бір халықаралық шарттарға қол қоятын болса, ол міндетті түрде алдын ала келісуден өту керек, әсіресе Конституциямен. Кейбір мемлекеттердің Конституциялары халықаралық және мемлекеттік құқықтың өзара қарым қатынасына байланысты ережелерді қарастырып өтеді. Кейбір елдерде халықаралық шарттар ішкі құқықтың бір бөлшегі болатындығын Конституцияларында көрсетілсе, Мысалы: АҚШ Конституциясының

6- бабы, Испания Конституциясының 96- бабы, Болгария Конституциясының 4-бабында осы мазмұндар айтылады. Өзге елдерде халықаралық шарттар мемлекеттік құқыққа қарағанда жоғары заңдық күшке ие болатындығы көрсетілген. Мысалы: Франция Конституциясының 55-бабы; Голландия Конституциясының 94-бабы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселені қарастырып өткен. Және осы арқылы халықаралық құқық пен мемлекеттік заңнамалардың өзараәрекеттесуін көрсетеді. Негізгі заңның мазмұнында халықаралық шарттардың мемлекеттің құқық жүйесінің бір бөлшегі болатынын көреміз. Ол Конституция, соған сай заңдар мен нормативті актілер, халықаралық шарттар мен міндеттемелер, Конституциялық Кеңестің шешімдері мен Жоғарғы соттың қаулылары әрекет етуші құқық деп берілген. Сонымен бірге ратификацияланған халықаралық шарттар мен міндеттемелер оның заңдарынан басым деп бекітілген.

Игнатенко Г.В. Халықаралық нормалардың халықаралық қатынастардың белгілі бір саласын реттеуіне байланысты ішкі мемлекеттік құқыққа жатқызбайды. Бірақ қатысушысы болатын мемлекеттің заңдарының жалпытанылған халықаралық шарттар мен нормаларға сай болуы талап етіледі. Халықаралық міндеттеменің қатысушысы болатын елдің заңдары қайшылық келтіріп жатқанда ратификацияланған шарттың нормаларына басымдылық беріледі. Халықаралық нормалар мен ұлттық құқық нормаларының өзара сәйкестігін қамтамасыз ете отырып мемлекет өзіне міндеттемелер алады. Сондықтан халықаралық міндеттемелерді мемлекет қабылдағанға дейін халықаралық шарт пен ішкі құқықтың, әсіресе Конституциямен сәйкестіктерін қарауды қамтамасыз ету керек. Сондықтан кей мемлекеттер шарттың ережелерінің конституциялық екендігін алдын ала тексеруден өткізеді. Бұл кей жағдайларда конституциялық бақылау органы арқылы жүргізіледі. Халықаралық шартты өзінің қолданылатын құқық жүйесінің бірі ретінде мемлекеттің тануы, келешекте осы міндеттемелерді жүзеге асыруға байланысты ішкі құқықта заңдардың қабылдануын қажет етеді. Бұл өз кезегінде халықаралық шарттар мен ішкі құқық нормаларының сәйкестіне байланысты белгілі бір салаларда коллизияларды жою мақсатында кейінгі тексерудің болуына әкеледі. Несмеянов С.Э.

коллизия туындаған жағдайда мемлекет халықаралық шарттың үстемдігін қамтамасыз етуге міндетті. Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан үстемдігін тану мемлекеттердің халықаралық құқық қағидаларының негізінде жақындастырып, ішкі құқықтық жүйеде халықаралық құқықтың қолданылуына жағдай жасайды деп көрсетеді.¹

Мемлекеттер ішкі құқыққа халықаралық әдеттер мен жалпы құқықтық қағидалардың енуін әртүрлі қарастырады. Германия Конституциясы бойынша халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары федералдық құқықтың құрамдас бір бөлігі болады деп көрсетеді, Италия Конституциясының 10 бабында «Италияның құқықтық тәртібі жалпытанылған халықаралық құқық нормаларымен сәйкестендіріледі» деп бекітілген. Ал кей мемлекеттерде жалпытанылған халықаралық құқықтың нормаларына сілтеме жасалғанымен, оларды тек белгілі бір салаларда ғана қолданылады, көбіне адам құқықтарын қорғауға қатысты жағдайларда. Тәжірибеде соттар белгілі бір салаларды реттейтін ұлттық құқық болмағанда жалпытанылған халықаралық құқық нормаларына жүгінетіндігін байқауға болады.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық соттың шешімдері халықаралық құқықтың қайнар көздері ретінде қолданылуы жаңа бағыттар болып отыр. Мемлекеттердің Конституциялары бұл мәселені айналып өтуде, бірақта кез келген мемлекеттің белгілі бір даудың қатысушы болғанда, оған қатысты шығарылған халықаралық сот пен арбитраждық соттың шешімдері, халықаралық құқық нормаларының тәртібі бойынша, олар үшін орындауға міндетті болып табылады. Сонымен бірге халықаралық соттар өздерінің актілерімен халықаралық актілердің ережелерін түсіндіреді, ал бұларсыз ұлттық соттар актілердің ережелерін дұрыс емес түсіндіруі мүмкін.

Несмеянова С.Э. жалпытанылған халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын және халықаралық шарттарды ұлттық құқық жүйесінің бір құрамдас бөлігі, және халықаралық құқық ережелері заң нормаларынан басым күшке ие болатындығын көптеген елдердің Конституциялары танығандығын атай отырып,

¹ Несмеянова С.Э.Имплементация норм международного права в правовую систему государства. // Правовая реформа в Казахстане. – 2017 - №2

бірақ іс жүзінде осы конституциялық ереже практикада өзінің қажетті даму деңгейін алған жоқ деп көрсетеді. Автор халықаралық құқықтың ұлттық құқықта жүзеге асуының (имплементациясының) әртүрлі проблемаларын көрсетеді. Олар жалпытанылған халықаралық құқық нормалары мен қағидалары және ұлттық құқық жүйесі нормаларының арасындағы иерархия. Заң ғылымында халықаралық шарттардың артықшылығы не басымдылығы ұлттық конституцияларға тарайтындығы әлі шешілмеген сұрақ. Егер басымдылығы бар деп қорытынды жасалатын болса, онда мемлекеттің конституциясының ең жоғары күшке ие болуы, оның тікелей мемлекеттің барлық территориясында қолданылуы деген сияқты қағидаларына күмән келеді. Ал бұл қағидалар Конституциялардың жалпытанылған қағидалар мен халықаралық шарттардан басымдығын көрсетеді. Сондықтан қатысушысы болған мемлекеттің халықаралық шарты мен конституция арасында қайшылықтар туындаса, онда ол Конституцияның ең жоғарғы заңдық күшке ие болуы, тікелей қолданылуы, мемлекеттің барлық территориясында қолданылуы сияқты негіздер бойынша басымдылыққа ие болады.

Мемлекеттің негізгі нормативті құқықтық актісі нормалары мен халықаралық нормалардың өзара байланысының жүруінің тағы бір жолы адам мен азаматтық құқықтары мен бостандықтарын тану мен кепілдік беруде үстемдік берілген жалпытанылған қағидалар мен халықаралық құқық нормалары бекітіледі, немесе адам құқықтары саласындағы қатынастарда әрекет ететін халықаралық нормалардың басымдылығы танылып, қалған жағдайда Конституцияның үстемдігі мемлекеттің барлық құқық жүйесіне, оның ішінде жалпытанылған халықаралық нормаларына тарайды деп көрсетеді.

Жалпытанылған халықаралық құқық қағидалары мен нормалары ретінде әлемнің барлық мемлекеттерімен танылған нормаларды айтамыз. Сонымен де ешбір ұлттық құқықтық жүйеде, ешбір халықаралық актілерде жалпытанылған халықаралық қағидалар мен нормалардың жалпы тізімі жоқ. Бірақта айта кететін болсақ, жалпытанылған халықаралық қағидалар мен нормалар соңында белгілі бір халықаралық шарттарға айналады, солардың мазмұнында анықталады, олай болмаған жағдайда халықаралық шарттық әдеттерге айналады.

Кез келген құқықтық мемлекет құқық жүйесінің иерархиясының сақталуын қарастырады, оның ең жоғары басында ажыратылуға болмайтын адам құқықтары мен бостандықтарын бекітетін Конституция тұрады. Егерде конституция нормалары мен халықаралық шарттар арасында қайшылықтар туындаса ұлттық конституцияның артықшылығы қағидасының негізінде халықаралық шарттарға үстемдік беруге жол берілмейді.

Соңғы уақыттарда ұлттық заңнама жүйесінің дамуына халықаралық шарттар мен құқық нормалары әсері біршама артып отыр, бұл көптеген мемлекеттердің ұлттық құқық жүйесіне халықаралық құқық нормаларының имплементациясының жүріп жатуын айтуға болады. Имплементация кең мағанада «халықаралық құқық нормаларының мемлекетпен орындалуы не жүзеге асуы» болады. Бұл жалпы ұғымды нақтыландыратын болсақ, белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған мемлекеттің қызметі, және осы үшін халықаралық құқық нормалары қабылданады. Имплементация мемлекеттің халықаралық құқық нормаларын жүзеге асыру мен орындау қызметі ретінде халықаралық және мемлекеттік деңгейде құрылған қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілу керек. Әрбір мемлекет өзінің құқықтық жүйесіне халықаралық құқық нормаларын қосу арқылы өзіне ерікті түрде қосымша міндеттемелер алады.

Имплементация тар мағнасында, нақты бір нормада қарастырылған нәтижелерге қол жеткізу үшін мемлекеттің қызметі және осы жүзеге асыру нақты шараларда қарастырылады. А.С.Гавердовский «имплементация дегеніміз халықаралық құқықтық міндеттемелерге сай уақтылы, жан жақты жүзеге асырылатын жеке, ұжымдық не халықаралық ұйым арқылы қабылданған мәселелерді жүзеге асыруды қарастыратын, мемлекеттің мақсатты-ұйымдастырушылық, құқықтық қызметі» деп көрсетіледі.

Қазіргі күнде кез-келген билік органдары халықаралық және ішкі құқықтармен тығыз байланысты. Мемлекеттер ең алдымен халықаралық құқық нормаларын бекітетін ережелерді реттейтін, ратификациялайтын құқықшығармашылық қызметін артыратын органдарға жағдай жасау керек, екіншіден, халықаралық құқық нормаларының әрекет етуін қамтамасыз ететін тетіктерін

қалыптастыру керек. Осындай тетіктердің бірі, халықаралық құқық нормалары мен ішкі құқық нормаларының арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ететін, ұлттық конституцияның құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуші орган- конституциялық бақылау болады. Ол өзінің шешімдерінде жалпытанылған халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын қолдана отырып, олардың ұлттық құқықтық жүйеде сол қалпында танып бекітеді, мемлекеттің құқықтық жүйесіне имплементациялайды немесе жүзеге асырады.

Осы жерден мына мәселелерді ерекше атап өткен жөн болар еді.

Біріншіден, халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың өзараәрекеті және ондағы ҚР Конституциялық Кеңес органының маңызы мен құқықтық ұстанымдары;

Екіншіден, Әрекет етуші құқықты қалыптастырудағы ҚР Конституциялық Кеңес органының қызметтері;

Бірінші жағдайға тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органы жоғарыда айтылғандай ұлттық құқық пен халықаралық құқықтың өзарабайланысын, өзараәрекеттесуін, өзараықпалы мен байланысын үйлестіретін бірден-бір құқықтық тетіктер болып табылады. Бұл жерде ең бастысы еліміздің конституционализм процессін қамтамасыз ететін Конституциямызбен және әрекет етуші ұлттық құқығымызбен байланысты болуы. Конституциялық Кеңестің халықаралық құқық нормаларын қолдану мен оларды зерттеу, және ұлттық құқықпен өзараәрекеті санқырлы десе болады, ол сәйкес Конституция нормаларын түсіндіру, халықаралық құқық нормаларының заңдық қолдану шегі мен өзге де ерекшеліктеріне байланысты шешімдер қабылдауы, белгілі бір жалпы танылған халықаралық құқық нормалары мен қағидаларының әрекетін тәжірибелік бекіту және т.б.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 12 сәуір 2001 жылғы қаулысымен: « ҚР Конституциясының 8 бабында Республиканың халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын құрметтеуі дегеніміз ішкі мемлекеттік құқықты қалыптастыруда оның осыларды ескеруіге талпынуы. Осы жағдайда ҚР әрекет етуші нормалары Республиканың Конституциясын сай болу керек және заңдар

алдында басымдылыққа тек ратификацияланған халықаралық шарттар ғана ие болады» деп түсіндіреді.

Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде елдің мемлекеттік-құқықтық өмірінің барлық салаларын анықтайтын және халықаралық құқықтың нормаларының ішкі мемлекеттік орындалуының негізгі құжаты болады. Ол халықаралық құқық нормаларының ұлттық құқық жүйесіне енуі ғана емес, сонымен бірге олардың заңдық шегін де анықтайды.

Жалпы танылған халықаралық құқық нормалары мен қағидалары қазіргі күнде барлық елдердің құқықтық қатынастары мен заңдық практикаларында көрініс тапқан және олардың негізгі заңдарының мазмұндарында қарастырылып бекітілген, тіптен құқықтық санасы мен құқықты түсінуде қалыпты жағдай ретінде қоғамның субъектілерімен танылып бекітіледі. «Халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен қағидаларының жиынтығы «жалпыадамзаттық конституцияны» қалыптастырады, оның нормалары әмбебап сипатқа ие болады және адам құқықтарын қамтамасыз ету саласында «жоғары құқыққа» ие болады. Және бұл өзінің дәлелін ұлттық конституцияларды қалыптастыру деңгейінде табады. Қазақстан Республикасының Конституциясы да жалпытанылған халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын өзіне имплементациялайды немесе өзінің мазмұнына қабылдайды, жүзеге асырады.»¹

Осы жерден халықаралық құқықпен ұлттық құқықтың гармонизациясының бір аспектісін көруге болады, онда ең алдымен ұлттық құқық немесе заңнама жүйесі елдің Конституциясымен сәйкестендіріледі, ал Конституцияның мәні мен мазмұнында халықаралық құқықтың нормалары мен принциптері көрініс табады. Конституциялық Кеңес «ерекше маңызды мәндегі» нормаларды түсіндіре отырып Конституцияның органикалық бөліктеріне айналған халықаралық құқықтың осы нормаларын да түсіндіріп мемлекеттің құқық жүйесіне Конституцияның құрамында енуіне мүмкіндіктер жасайды. Конституциялық Кеңестің бірнеше қаулылары Республиканың территориясында Конституцияның

¹ Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждение конституционализма. Монография / Под редакцией: д.ю.н., профессор И.И.Рогова; д.ю.н. профессор В.И.Малиновского - Алматы: Паритет, 2015.-164 стр.

үстемдігі қағидасын бекітеді және халықаралық шарттардың оған сай болу міндетін көрсетеді.

Глобалды түрде алатын болсақ, күрделі халықаралық қатынастарда халықаралық құқық қажетті құрал болады. Әлем құқықтың үстемдігін тани отырып халықаралық қауымдастықты құрады. Халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатта құқықтың басымдылығын және үстемдігін қамтамасыз етеді. Әлем мемлекеттері халықаралық құқықпен басқарылатын қауымдастықты құруға бағыт алды. БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясы бойынша барлық мемлекеттер халықаралық құқықтың шегінде әрекет етуге шақырылған болатын. Ең алдымен БҰҰ жарғысы шегінде, халықаралық құқық қағидаларын қабылдау мен құрметтеуге, көпжақты шарттарға қосылуға және әсіресе, халықаралық құқық пен кодификациясының қарқынды даму саласындағы шарттарға қосылу.

Қазіргі қарым қатынастардың даму барысында халықаралық құқықтың нормаларын бұзу жиі кездесіп жатады, сондықтан халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың өзарабайланысы ерекше мәндегі қатынастарды талап етеді. Халықаралық құқықтың нормалары тәуелсіз елдің аумағында мемлекеттің билігімен рұқсат етілген ұлттық заңнамасыз толық көлемде әрекет ете алмайды. Бұл жерде ең алдымен халықаралық шарттардың ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілуі, ең бастысы Конституциямен қамтамасыз етілу қажеттілігі туындайды. Ол мемлекеттердің халықаралық құқықтық қызметі барысында әзірлеу, бекіту, орындау мен бақылау болады.

Әлемдегі қалыптасқан конституциялық бақылау жүйесі арқылы имплементацияланған жалпытанылған халықаралық құқық нормалары мен қағидаларының орындалуы қамтамасыз етіледі. Ол әр мемлекетте әртүрлі жолдармен жүзеге асады, европалық институционалдық жүйе, американдық модель, парламенттік модель, аралас модель тәртіптерімен. Осының негізінде ғылыми ортада конституциялық бақылау органы билік тармақтарында қандай орынға ие болады деген мәселені Е.М.Абайдельдинов көтере келе, көптеген мамандар, өтініштерді қарау процедурасына қарай бұл орган сот процедурасына жақын, сондықтан квазисоттық орган деп анықтайды, сонымен қатар «квазизаңшығарушы» орган деп есептейтіндер де конституциялық бақылау органын мемлекеттің

билік органдары үшін негізгі мәселелерді анықтауына байланысты, халықаралық құқық нормаларын қолдану мен қалыптастыруға байланысты заңнаманы қалыптастырумен, осы қасиетке ие деп анықтайды. Заңнаманы қалыптастыру дегеніміз, конституциялық бақылау органдарының қаулылары нормативті сипатта, олар белгілі бір жағдайларда заңдар, өзге де құқықтық актілер, халықаралық шарттар конституциялық емес деп танылуы мүмкін. Сондықтан Е.М.Абайдильдинов осы мемлекеттік органның жан жақтылығы мен ерекшелігіне байланысты келесідей қорытындыға келеді, Конституциялық бақылау органы биліктің ешбір тармағына кірмей келесідей маңызды міндеттерді орындайды: Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету, ал мемлекеттегі қабыладатын барлық нормативті актілер мен халықаралық шарттарды Конституцияға сәйкестендіру, және де Конституция мен Қазақстан таныған халықаралық құқық нормалармен танылған адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, деп көрсетеді.

Конституциялық Кеңес конституциялық бақылау органы ретінде өзіне берілген құзыры шегінде әрекет етуші құқықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді, оның ішінде халықаралық құқықтық базасына, заңнаманың дамуына, заңшығармашылық процессіне ықпал етіп, оларды құқықтық сағаға бағыттайды. Заңнаманы дамыту бойынша Конституциялық Кеңестің шешімдерінің мазмұнындағы ұсыныстар мен нұсқаулықтары өкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қарауына жатады және бұл туралы қабылданған шешім бойынша Конституциялық Кеңеске міндетті түрде хабарланады. Сондықтан ҚР Конституциялық Кеңес органы халықаралық құқықтың, халықаралық шарттардың Республиканың құқық жүйесіне сай әске асуын қамтамасыз ететін бірден бір орган болады. Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың байланыста болуын қамтамасыз етеді және мемлекеттің негізгі заңымен бір жүйеде дамуын қамтамасыз етеді.

Зертеудің барысында мынадай мәселелер анықталады:

1. Қазақстан ЕАЭО құра отырып оған тең мүше болады, және осы аймақтық ұйымның міндеттемелерінің орындалуына мүдделі.
2. Осы ұйым аясында жалпы халықаралық құқықтың ұстамдарымен қатар Одақтық шарттарды орындайды

3. Халықаралық нормалар мен құқықты, өзіне алған міндеттемелерді орындау барысында ұлттық заңнамалар мен құқықтық институттардың, тетіктердің үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

4. Осы интеграция барысында ҚР Конституциялық Кеңес органы «әрекет етуші құқықты» не ұлттық құқық жүйесін қалыптастыруда, халықаралық шарттардың орындалуында олардың үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ерекше құқықтық механизм болады. Осы орган халықаралық және ұлттық нормалардың қолданысы барысында оларды тәртіпке келтіру, жүйелеу, кездесетін коллизиялар мен қиындықтарды шешетін құқықтық құрал болады.

Бөлім 2

Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын әлеуметтік-экономикалық салада іске асырылуы

2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қазақ елінің құқықтық идеяларының сабақтастығы

Тәуелсіздігіміздің айқын көрінісі ретінде егемен еліміздің ең соңғы қабылданған ата-заңында «Қазақстан республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы- адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»¹ делінген. Осы конституциямызда белгіленген бағыт бағдарларды жүзеге асыруда ХХІ ғасырдағы іске асырылып жатқан реформалар дүниежүзілік тәжербиеге қарағанда түп-тамырымен өзгеше. Еуразиялық әлеуметтік кеңестікте объективтік факторлар тарихтың даму процесіне әсер ететіні дау туғызбайды. Алға қойған межеге қол жеткізетін объективтік факторлардың бірі-құқықтық мемлекет құру жолы. Ал енді қазіргі таңдағы құқықтық мемлекетті құру жолында моральдық

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2008. – 4 б.

сананың құқықтық нормаларға ықпалы ерекше екендігін әлеуметтік мәдени дамуымыздың тәжірибесі күнде көрсетіп отыр.

Бүгінгі күн талабында құқықтық мемлекет идеясын философиялық тұрғыдан қарастырғанда құқыққа моральдық ізгіліктік сипат берудің маңызы зор, яғни құқықтық мемлекет құқықтық нормалармен емес, ең бірінші моральдық нормалармен байланысты екендігін байқаймыз. Сондықтан да құқықтық сана моральдық сана арқылы қалыптасып дамиды. Себебі адам әрқашанда қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша іс-әрекетін жүзеге асырады. Қоғам дара тұлғалардың арасында өзара сыйластық, түсіністік, жанашырлық және т.б. іс-әрекеттер арқылы қарым-қатынасты реттеп отырады. Қазіргі біздің еліміздің басынан өтіп жатқан өтпелі қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық көзқарастар түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Сол себептен мораль мен құқықтың өзара байланысы ерекше орынға ие болады. Өйткені, құқық қалыптасқан тоталитарлық ойлау жүйесінен арыла алмайды да, қоғамның рухани негізі сыртта қалады. Сондықтан, моральдық принциптерді алға қойып, құқықтық негізінде мораль жатқандығына ерекше көңіл бөлу қажет, ол әлеуметтік дамудың объективті сипатынан бастау алады және қоғамның болмысына қарама-қайшы келеді. Ең бірінші, оның құқықтық жағдайына емес, рухани құндылықтарына әсер етеді. Мораль және оның құндылықтары болмыстық деңгейі жағынан, құқық және оның құндылықтарына қарағанда, басым екендігі айқын.

Осыған байланысты қандай да болмасын мемлекеттік шешімдердің руханилығы қажет екендігін негіздеп отыру қажет. Олардың әсерлерінен халықтың шығармашылық ынтасы арта түседі және биліктің демократиялық жағы нығаяды, ал ол құқықтық мемлекет құру реформасын іске асыруға көмектеседі.

Егемендік алағаннан бері республикамызда өтіп жатқан көптеген өзгерістер қазақ халқының тағдырына және мәдениетінің дамуының шешуші әсерлер тигізді. Көп ұлтты республикамызда ұлт аралық қатынастар ойдағыдай болу үшін халықтың мораль санасына және құндылықтар сферасына көңіл бөлу қажет. Мемлекет тарапынан қысым көрсетуге жол бермеу керек. Қоғамдық өмірде моральдық принциптерді еңгізу, басқа халықтардың құндылықтарына сыйластықпен қарау керектігін білдіреді. Соның негізінде

Қазақстанның көп ұлтты халқының бай шығармашылық жақтары ашылады. Олардың жетістіктері ұл игіліктерін одан әрі дамытуға қолданылмақ.

Әлемнің өркениетті елдерінің құқықтық мемлекетті зерттеу ісінің игі нәтижесі, біріншіден, батыс және шығыс ойшылдарының құқықтық мемлекетке деген көз қарастарын тануға көмектеседі, екіншіден, өркениет кеңістігінде ойшылдардан қалған жаңа түсініктің сипатын, әлеуметтік- философияның мәнін түсіну арқылы адамзат тарихындағы маңызын ашып, рөлін бақылауға қол жеткізуге талпыныс жасау бағытында адамзатқа тән гуманистік ой-пікірлер мен идеяларының батыс және шығыс көзқарастарындағы бейнесін тапқан болар дерлік. Олардың жетістіктері біздің мемлекетіміздің одан әрі нық басып дамуына оң әсерін тигізері сөзсіз.

Әлемдік философия тарихына көз жіберсек, дүниетанымдық көзқарастардың қалыптау кезеңінде «құқықтық мемлекет» ұғымының «қайырымды қала», «идеалды мемлекет», «әділетті мемлекет» деген баламаларын кездестіреміз. Ал енді бұлар мағынасы ұқсас түсініктер болса, онда әлеуметтік философияда «құқықтық мемлекет» ұғымы маңызды деп қабылдауымыз қажет. Қай дәуірде болмасын, қандай топ, қауымдастық болмасын: «Қоғам дегеніміз не? Мемлекет дегеніміз не? Ізгілік және зұлымдық дегеніміз не? Адамзат үшін құндылық не?» және т.б. шешуін таппай келген бұл сұрақтарға өз тарапынан жауабын айтып өткен ойшылдар көп, бұл бағыттағы ойлар толқыны әліде жалғасуда.

Қазіргі қоғамда құқықтық мемлекет мәселесіне келгенде, маңызды қырларының бірі мораль және құқық, олардың арақатынасы мәселесі де шығыс және батыс философиялық дүниетанымда кеңінен орын алған. Сондақтанда осы мәселеге қатысты әлем тарихында көптеген құнды ой-пікірлер айтылған. Осыған дәлел ретінде Ежелгі Шығыс, Ежелгі Грециядан бастап біздің заманымызға дейінгі көптеген ойшылдардың көзқарастарын алып қарастыруға болады, ол ой маржандарында бұл мәселенің әрбір қырымен сыры кеңінен айтылған.

Алғашқылардың бірі болып құқықтық мемлекет түсінігін Ежелгі Қытай философиясының көрнекті ойшылдарының бірі Конфуцийдің көзқарастарынан байқауға болады. Конфуцийдің этикалық-құқық және әдет-ғұрып нормалары мен қағидалары адам өмірі мен

тұрмысының барлық жақтарын қамтыған. Одан кейін антика заманың ұлы ойшылдарының бірі- Платон. Оның «идеалды мемлекет» деп отырғаны ол- құқықтық мемлекет десек қателеспейміз. Ол әділдікті әркімнің өз ісімен айналысуынан және басқаның ісіне араласуынан көреді. Ал оның шәкірті Аристотель әділетті мемлекеттің негізін тәрбиеден деп есептесе, ал Рим ойшылы М.Т. Цицерон оны ғылым мен өнермен байланыстарды.

Айтқан ойларды сараптап қарасақ, «құқықтық мемлекет» мәселесі орта ғасыр батыс және шығыс философиясында да қарастырылған. Б. Августин, Әбу Нәсір әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Ибн-Сина сияқты ғұламалар терең зерттеген. Өзінің «Қайрымды қала» трактатында әл-Фараби әлеуметтік, әділеттік пен еркіндікті орнықтыратын ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Ал Ж. Баласағұн мемлекетті заң арқылы басқару ғана адамдардың теңдігін орнатып, ізгі қарым-қатынастар жасауға жағдай туғызады деген пікір қалыптастырды. Сонымен қатар билеуші мен қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынастың реттелуі екі жаққа байланысты екендігін ерекше басымдықта көрсетеді.

Бізге жиі кездесетін кейбір әдебиеттердегі құқықтық мемлекет туралы идея Қазақстанда кейіннен ғана дамып келе жатыр деген көзқарас, біздің ойымызша, теріс көзқарас деп есептейміз. Қазақстандағы әлеуметтік-философиялық ойлардың даму тарихына назар аударсақ, тарихтың билік шыңынан көрінген қазақ халқының ұлы тұлғалардың, адамның ең құнды қасиеттері мен өмір сүру қағидаларына жүгінсек, ұрпақтар арасындағы, ғасырлар бойындағы мұрагерлік жүзеге асырып отырған әдеп-ғұрыптардың айналып келіп құқықтық мемлекетке соғатына көзіміз жетіп отыр. Ата бабамыздың тарихында салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптар құқықтық мемлекетпен органикалық байланыста қалыптасқан. VI-VIII ғасырларда тасқа жазылған Орхон-Енесей жазба есерткіштерінің дүниежүзілік өркениет тарихында алатын орыны ерекше. Мысалы, «Күлтегін» жазба есерткіштерінде түркі мемлекетін орнықтырған алғашқы қағанда ақылды болып сүреттелгенді. Ал енді ақылды қағандар басқарған мемлекеттің халқы да арқылы болып келеді, халықтық әдет-ғұрыптар мүлтіксіз орындалды. Халық билеушісі нашар болса, әдет-ғұрыптың талаптары сақталмаса, мемлекеттің шаңырағы шайқалады, халық құлға айналады деген пікірлерді айтқанын білеміз.

Бүгінгі күні барлық әлем үшін күлтегін есерткішіндегі жазба дүниежүзілік өркениет кеңістігінде баға жетпес құнды екені айқын. Ол туралы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Біздің еліміздің халықтары ұлы ата-бабаларымызды әбден орынды мақтаныш етуге құқықты, ал Бумын, Естемін, Білге қаған, Күлтегін сияқты алғашқы қағандардың есімдері ежелгі ерте заманның өзге ұлы қолбасшыларының және мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен әбден қатар тұра алады, олардың атқарған істерінен артық болмаса, тіпті кем емес»¹.

Ежелгі түрік дәуірінің философы Қорқыт Атаның әділетті қоғамды армандауы, адамдар үшін бейбіт өмір іздеу әрекеттері оның идеалды мемлекет құруды аңсағаны байқалады, сонымен қатар көптеген экзистенциналды бастауларға ие екені қазіргі ғалымдар мойындаған ақиқат.

Бергі тарихта қазақ халқының әлеуметтік- философиялық ойдың дамуына үлес қосқан ғалым Ш.Уәлиханов халыққа тиімді болу үшін және халықтың тұрмыс-салтын жақсарту мақсатында әлеуметтік және экономикалық өзгерістер қажет деген пікір айтады. Өзгерістің негізгі мақсаты- қазақ жерінде құқықтық мемлекетті құру. Себебі, Ш. Уәлиханов Ресей, Батыс және Шығыс елдерінің көзқарастарымен жетік таныс болған. Өзгеріс жасауда ғалым халықтың ерекшелігіне, психологиясына, ой түсінігіне назар аударған жөн деп санаған. Ол үшін құқықтық мемлекет- өзіне ерекше қатынасты талап ететін күрделі процесс. Бұл процестің берер нәтижесінің жағымды-жағымсыз, пайдалы-зиянды болуына тікіелей әсері үлкен екені объективті құбылыс.

Біз осы мақалада сөз етіп отырған құқықтық мемлекет құру мәселесіне қазақ халқының ұлы ақыны, философы Абай Құнанбайұлының құнды ойлары бар. Құқықтық мемлекет идеясының ең өзекті мәселелерінің бірі- адам құқығы және оның мемлекет тарапынан тиімді қорғалуы. Міне, осыған байланысты Абай өзінің еңбектерінде бұл мәселеге ерекше назар аударған. Адамның табиғи теңдік идеясын Абай былай деп түсіндіреді: «Адам баласына адам баласының бәрі дос». Осы мазмұндағы идеяны ойшыл өзінің өлеңдерінде де көтеріп, мынандай шумақпен қорытындылайды:

¹ Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Ғылым, 1999. – 95 б.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті»¹.

Бұл мәселеге Абайдың шәкірттері болып есептелетін қазақ демократиялық интеллигенциясының кош басшылары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов зор көңіл аударған. Ә. Бөкейханов «Қазақ» газеті арқылы Ресей өкіметінің күштеп еңгізген заңды қазақ халқының әдет-ғұрып нормаларына қайшы, ал ол өз алдына зұлымдық пен паракорлыққа алып келетіндігін атап өтеді. Құқықтық мемлекеттің принциптерін әрі қарай дамыта келе, ғалым ұлт ұстазы А.Байтұрсынов заң шығарушы органға ереше назар аудару қажеттігін айтады. Шығарылған және қабылданған заңдар жергілікті халықтың ерекшеліктеріне, тұрмысына, әдет-ғұрпына сәйкес болуы тиіс деген пікір туғызады. Осы принциптер мен идеяларды олар осыдан бір ғасыр бұрын көтергенің айтсақ, бұл мәселенің қазақ қоғамында терең тарихы бар екендігі сөзсіз.

Біз кеңес кезіндегі идеологияның әсерімен өсіп, кеңес мектебін бітіріп, қазақ елі, қазақстан тарихы туралы ақпараттармен білімді сол кездегі белгілі идеологиялық тапсырма бағдарламалар арқылы жазылған оқулықтардан ғана білдік. Енді, қазіргі кезде егемен елімізде болып жатқан көптеген еркіндіктердің әсерінен біз сол кездегі болған, әсіресе ХХ ғасырдың бірінші ширегінде болған, көптеген тарихи фактілердің бізге әдейі бұрмаланып бергеніне көзіміз жетіп отыр. Оның себебі не деген сұрақтар туады? Осы сұрақтарға мәдениет философиясы тұрғысынан талдау жасай отырып жауаптар іздесек, онда біз кеңес идеологтарының неге дәл солай өтірік айтып елін сүйген, көзі ашық, көкірегі ояу, көп жағдайда мәдени ситуацияларды түсіну деңгейінде сол кездегі Европа елдері мен алдыңғы прогрессивті ресей зиялыларымен терезесі тең қазақ демократиялық интеллигенциясының халық үшін жасаған іс-қимылын жабу, жасыру, сонымен қатар кеңес билігін қазақ даласында әбден нығайту барысында жасаған өте көп қателіктерін алаш лидерлеріне жауып, өздері сүттен ақ, судан таза болып шығулары үшін жасалған әдіс екені әрине, қазір, біздің заманымыздағы көптеген тарихи архивтің материалдары көмегімен дәлелденіп отыр.

¹ Құнанбаев Абай. Өлендері // Шығармалар. Екі томдық. – Алматы, 1968. –Т.1. – 289 б.

Біздің осы еңбегіміздің басты тақырыбы болып отырған қазақ елінің конституциясының басында тұрған құжат, алғашқы конституция- демократиялық интеллигенциясының көш басылары қалыптастырған «Алаш бағдарламасында» біздің көрсеткіміз келген идеяларымыз құқықтық мемлекет құру, азаматтық қоғам құру сияқты мәселелерге деген көптеген түсініктердің бастамасы мен төларналық қайнар көздері бастау алады, бұл ойларды айтқандағы ең басты себебіміз, олардың ойлау мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасуының әсерінен өздерінің ой жүйелерімен Мемлекетті қалыптастыру теорияларында өз заманынан әлдеқайда ілгері кетіп өздерінен кейінгі ғасырларда да қазақ халқы үшін пайдалы сабақ бола алатындай ойлар айтқанын көрсетіп беру және қазіргі кездегі мемлекетімізді одан әрі қарай жетілдіре дамытып қалыптастыру мәселелерімен салыстыра отырып талдау жасау олардың философиялық мәдениетінің жоғары болғандығына дәлел.

Кеңес идеологтарының өтірік айтуға мәжбүр болып отырған тағы бір себептері, сол кезде қазақ елі үшін өз болашағын одан әрі қарай жалғастырулары үшін оларға дейін қазақ елінде өте тағылық билік формалары болмаса мемлекеттің типтері мен формалары туралы ешқандай да көзқарастар болмады дегенді халықтың ой санасына сіңіру еді, ал шынына келсек қазақ жастарының көпшілігі сол шырмаудан әлі күнге дейін шыға алмай жүр. Себебі егемендік алғанымыздың осы соңғы күндеріне дейін Алаш партиясы, Алашорда үкіметі туралы толық білім жоқтың қасы, ал олардың бағдарламалары туралы тек қана бұрмаланған сындар қардай жаудырылды.

Бұл бағытты бір қалыпқа түсіру барысында заң ғылымдарының докторы Мұхтар Құлмұхаммед өзінің «Алаш Бағдарламасы: Қиянат пен ақиқат» деген еңбегінде өте нақты деректерге сүйене отырып Алаш партиясының лидерлеріне кеңес идеологтарының барлық жақтан жалаларының өтірік ойдан шығарылғандығын дәлелдеген. Сондықтан да біз өз зерттеулерімізде қазақ демократиялық интеллигенциясының дүниетанымдарындағы мемлекет құру мәселелеріне заң ғылымдарының позициясынан гөрі мәдениет философиясы шеңберінде қарастыра отырып, қазақ зиялыларының құқық философиясы басқаша айтсақ әр адамның ой санасы мен күнбе-күнгі мәдени өмірінде басқа адамдардың барлық құқықтарын түсініп, оны бұзбауға, онымен есептесуге, оны қорғауға тырысатын

қандай түсініктер мен іс-әрекет қозғалыстары қалпытасқанын көру, қазақ зиялыларының құқық мәдениеті деген ойды айтсақ, олар мемлекеттің мәнін қалай түсінді және мемлекетке қандай функциялар берді және осы функцияларды жүзеге асырудың қандай механизмдер арқылы істеу керектігін барша халыққа түсінікті түрде айта алды. Міне, біздің ойымызша құқық мәселесін мәдени философиялық тұрғыда түсіну дегеніміз осы, сондықтан да «Алаш» партиясының көшбасшылары өздерінің ресейде болған ақпан буржуазиялық революциясынан кейінгі қазақ елі қалай дамуы керек және қандай бағытта болулары керек екенін көрсететін бағдарлама жасады.

Осы бағдарламада қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдері мектепке деген көзқарастарын, адам құқығына деген көзқарастарын, азаматтық қоғам құру мәселесін жан-жақты қарастыра отырып көрсеткен, басқаша айтсақ осы бағдарламаларда қазақ елінің 1991 жылғы ата заңында (конституциясында) қабылданған көптеген идеялар, өте асығыс жасалған құжат болса да, сол кезде-ақ көрсетілген, сондықтан да біз қазақ елінің егемендігінің құқықтық негізі болатын ата заңымыз бен алаш партиясының бағдарламасының арасында идеялық, руханилық сабақтастықтар мол деп, ешқандай да қателесеміз деп қорықпай айта аламыз. Осы ойларымызды дәлелдеуді бастамай тұрып біз ой нақты болу үшін тарихқа үңілуді жөн көрдік.

Негізінен бұл кітапта қолданылған материалдар Америка Құрама Штаттарының Стенфорд университетінің, соғыс пен бейбітшілік және революцияларды зерттейтін Гуверов институтындағы ұлы октябрь революциясына байланысты бай архивтік құжаттарды қолданудың көмегімен жазылған. Эмиграцияға кеткен кеңес үкіметіне оппозицияда болған көптеген саяси тұлғалар мен ғалымдар арқылы оған жеткен материалдың ішінде Қазақстанға байланысты біраз деректер бар екен, бізді қызықтырғаны алаш партиясы мен алашорда мемлекеті туралы мәселелер болғандықтан соған көңіл аудардық.

Осы кітапта алаш партиясы қашан, қайда, қандай жағдайларда құрылғандығы туралы былай делінген: «1917 жылдың 28 июлінде қазақтардың жалпы ұлттық съезі Орынбор қаласында өтті. Съездге төрелік еткен Халел Досмұханбетов болды. Съезд 11 сұрақты талқылады, олар: мемлекеттік басқару формасы, қырғыз (қазақ)

облыстарындағы автономия, жер және әйел мәселелері, дін мен земство, ұлттық милицияны құру, келесі съезді шақыруды дайындау, ал он екінші сұрақ қазақтың саяси партиясын құру мәселесі туралы болып, бұл сұраққа байланысты съезд делегаттары саяси партияның принципты негіздерін құруды қарастырды, партия бағдарламасын жасап, оны талқылау арқылы оны қабылдауды бекіте отырып съездге қатысушылар уақытша үкімет басшыларына халықтың тыныштығын алмау туралы, соғыстан қайтқан әскерлерді қарусыздандырып, олардың қарапайым халыққа жасап жатқан әлімжеттік зорлықтарын тоқтатуды сұрап телеграмма соқты. Осы қарастырған құжаттың «Мемлекеттік басқару» атты пунктінде олар Ресей Демократиялық Федеративтік парламенттік республика болуы қажет деп көрсетіп Ресей астанасында осы мәселеге байланысты өтетін жиынға «Қазақ территорияларының автономиясын талап ету туралы тапсырмалар алды»¹.

Бұл құжаттардан айқын көріп отырғанымыз осы съездің шешіміне байланысты қазақтың ұлттық демократиялық партиясын құру жүзеге асырылды «Ал сол, 1917 жылдың 5 октябрінде қазақ газетінде ұлттық-демократиялық партия құрылғандығы және ол партияның аты Алаш деп біздің бабаларымыздың аты мен аталғандығы туралы жария етілуі»².

Ал енді осы Алаш партиясының бағдарламасына келетін болсақ барлық халыққа жариялылық сипатта болу үшін сол кездегі «Қазақ» газетінде жарияланды. Бағдарлама жасаушылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ. Жүндібаев, Ғ. Бірімжанов сияқты зиялыларының ең алдыңғы қатарлы өкілдері болды³.

Ал енді осы Алаш партиясының бағдарламалық жобасына келіп оны мәдениет философиясының тұрғысынан қарастыру үшін осы бағдарламаның мазмұнын беруді жол көрдік:

Алаш партиясының бағдарламасының жобасы:

I Мемлекет қалпы.

¹ Мұхтар Құлмұхаммед. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 129 б.

² Мұхтар Құлмұхаммед. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 130 б.

³ Мұхтар Құлмұхаммед. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 82-89 б.

Россия демократическая, федеративная республика болу. (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесу. Әр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жыға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапты болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте әм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек- әйел талғаусыз болады.

Законді жалғыз ғана Г. Дума шығаруы һәм Г. Дума хукімет үстінен қарау, іс тексеру, запрос (сұрау) жасау хақы да Г. Думада болады; Мемлекет салығы Г. Думасыз салынбау.

II Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірге болуы, реті келмесе бірден-ақ өз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы.

«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

III Негізгі құқық

Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға-жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға-еркіншілік; хуқмет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз, ешкім табалдырығын аттамаушылық; заңсыз жолмен ешкімді хумет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам сот бар жерде 24 сағат ішінде, сотсыз жерде бір жетіден қалмай сотқа тапсырылған, жабылса сот хукімі мен жабылуы.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болуы.

IV Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырылған болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағынан бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болуы, жесір дауы сотта қаралуы.

V Билік һәм сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм сот жергілікті халықтың тілін білу. Аралас жерде соттық тергеу-тексеру һәм хүкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би һәм сот орнынан тексерусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болуы; Құдайдан соңғы күшті би һәм сот болып, кім де болса, олардың хүкіміне мойын сұнуы. Айтылған хүкім тез орнына келуі. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылуы.

VI Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету; әскер тобына бөлгенде туысқан тобына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.

VII Салық

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге –кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII Жұмысшылар

Жұмысшылар заң панасында болу. (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик тобының программасын жақтайды).

IX Ғылым – білім үйрету

Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; хүкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер – профессорлар өзара сайлау мен қойылуы; өз ішінде кітапханалар ашылуы.

Х Жер мәселесі

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; сыбаға өлшеу – норма жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіп берілуі, Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі; жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл аймақ, туысқан тобына меншіктеп алу; өзара әділдік жолымен пайдалану.

Жер законінде жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттіке болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу¹.

Қазақ зиялылары ХХ ғасыр басында дайындалған құжаттың бүгінгі стилистикалық ережелерге сай келмейтін жерлерін өңдемей, тарихи ақиқатты сол күйінде беруді жөн санадық. Бір орталыққа бағынған Қазақ мемлекетінің Ресейдің құрамындағы ел болуын көздеген алаш зиялылары, бірінші кезекте, Ресейдің демократиялық, федеративтік ел болуын көксегенін, демократия, яғни елді сол елдің жергілікті тұрғын халқы басқару керек екендігін, осы басқаруды билік жүйесі қалай іске асыратындығы туралы да ойлар айтқан.

Ресейдің дәл қазіргі қалпы сияқты, оларға федерацияның керек екендігі және ол федерацияға өзара құқықтары мен бостандықтары тең мемлекеттер топтасу керек екендігін көрсеткен.

Бұл бағдарламаның жергілікті бостандық деп аталатын екінші бөліміне мәдени философиялық талдау жасайтын болсақ, қазіргі құлағымыз үйренген «жергілікті өзін-өзі басқару» деген түсінікті елестетеді. Бұл жерде қазақ демократиялық интеллигенциясының көш басшылары қазақ жерінің әртүрлі әкімшілік аймақтарының бірлігі, сонымен қатар дәл сол кездегі жағдайды естен шығармай,

¹ Мұхтар Құлмұхаммед. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 82-89 б.

Ресей федерациясының бір бөлігі болуын мойындайды. Әрине болашақта мақсат орындалып, реті келсе қазақ автономиясының өздері сияқты еркіндік алған елдермен бірлікте болуды көздейді. Әрине сол кездегі ситуацияны өте жақсы түсінетін олар Ресей сияқты империяның бірден шығып кете қоюдың мүмкін емес екенін біледі. Сондықтан да өздерімен тағдырлары бір езілген елдермен бірлікте болу қажеттігін мойындайды. Өздерінің туған халқының мәдениеті мен биліктің қалыптасу ерекшеліктерін жақсы білген қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдері, билік органдарына рухы таза, халқына жаны ашитын, әділеттік пен шындық принциптерін жақсы игерген азаматтардың келгенін көксейді және осындай адамдардың кандидатураларын халықтың өзі қалап алуы үшін, халықтың өз еркіне салады. Осы бағдарламаға мәдениет философиясы талаптарымен қарайтын болсақ қазіргі қоғамдық ойларда арман мен мақсат ретінде кездесіп жүрген зайырлы мемлекет, құқықтық мәдениеті белгілі дәрежеге көтерілген құқықтық мемлекет, азаматтық қоғамның негіздері туралы элементтер, қоғамдағы әртүрлі жағдайларға байланысты зәру, кемтар, ғаріп адамдарды қорғау сияқты мәселелер де кездеседі. Әрине бұл идеялар қазақ демократиялық интеллигенциясының сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің осы мәселеге байланысты біраз құжаттарымен танысқандығын көрсетеді.

Ал енді үшінші тарауда қарастырылған мәселелер «негізгі құқық» деп аталып, сол кездегі Ресей мемлекетінде өмір сүріп жатқан адамдарды ұлтына, жынысына, дініне қарамай тең құқықты етіп бөлу қажеттігін көрсетеді. Сол сияқты бұл жерде әр азамат үшін маңызды, қазіргі біздің елде де журналистер жиі-жиі көтеруді жақсы көретін, сөз бостандығы мәселелеріне көңіл бөліп, жиналыс жасау, әртүрлі қауым ашу (азаматтық қоғам элементі), газет, кітап шығару мәселелерін де баса айтқан. Сол сияқты адамдардың бас бостандығына байланысты ешкімнің сот шешімінсіз тұтқындалмауы, және жазықты деп есептелмеуі туралы мәселелер айтылған.

Ал дінге байланысты арнайы бөлім төртінші тарауда қарастырады. Жоғарыда көрсеткен зайырлы мемлекет идеясынан шығатын дін мен мемлекет ісін бір-бірінен ажырату, Ресейдегі барлық діндерге тең құқық беру идеялары айтылып, дін қабылдау немесе одан шығу бостандығы туралы талаптар қойылған ойларды

кездестіреміз. Бұл тарауда тағы бір қазақтың дәстүрлі қоғамнан келе жатқан жиі-жиі дау тудыратын мәселесі жесір дауына байланысты да ол даудың шешуін сот қарасын деген прогрессивті ойлар айтылған.

Бағдарламаның бесінші тарауында билік пен соттың әрбір халықтың өзіндік менталитетіне сай қолданылуы мәселесі көтеріледі. Тек қана қазақтар тұратын жерлерде сот іс-шараларының барлығы қазақ тілінде жүргізілуін талап етеді. Билер мен судиялардың мәртебесін көтеру үшін де біраз ойлар айтылып оларды құдайдан соңғы жердегі биліктің ең күштісі болуы деңгейіне жетуін талап етеді. Халық олардың шығарған үнімдеріне мойын ұсынуын, үкімдердің тез орындалуын дәріптейді.

Басты мәселелердің бірі болып есептелетін, ел қорғау мәселесін алтыншы тарауда қарастырған. Бұл жерде жасы жеткен жастардың өз жеріне үйретіліп, халықты қорғау үшін қызмет етіп, әскери топтарда оларды жақындық, туысқандық белгілеріне қарай бөлгенді қарастырады, бұл ойларда қазақ халқының ел қорғау тәжірибесінен алынған, тарихи сында тиімділігі дәлелденген дәстүрлер болатын.

Экономиканың нығаюындағы мәнінің зор екендігін жақсы түсінген олар жетінші тарауын салық ісіне арнайды. Салық жинауды іске асырғанда оның мөлшерін әр адамның табысына қарай, яғни байға – байша, кедейге-кедейше әділ есептелген жолмен салынуы керек дейді.

Сегізінші тарау жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесіне арналып, сол кездегі жағдайлардағы ерекшеліктерде кездесіп отырған өндіріс көздеріндегі ахуалға байланысты, Алаш зиялылары меншивиктер тобының бағдарламасын қолдайтындықтарын көрсетеді.

Тоғызыншы тарау оқу, білім алу мәселелеріне арналған. Оқудың ақысыз, пұлсыз болуы негізгі талаптардың бірі екендігін белгілейді. Бұл жерде оқу тек бастауыш мектептермен шектеліп қоймай, ана тілінде білім беретін университеттер ашудың қажет екенін айтады. Үкіметтің оқу ісіне араласпауы, мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау арқылы қызметке тағайындалуы, кітапханаларды ұйымдастырып, олардың жұмыстарын ретке қою мәселелері де қарастырылған.

Ең басты тарау дәл сол кездегі өзектілігіне байланысты оныншы тарау, онда жерге байланысты заң мәселелері ең алдымен жергілікті

халыққа берілуі керек, қазақтың өзі отырған жерінде жер алып орналасқанша, ауып келген мұжықтарға жер үлесін бермеу; бұрын үстемдік көрсетіп тартып алған жерлерді мұжықтар пайдаланбаған жағдайда, олардың қазақтарға қайтарылып берілуі; жерге байланысты норма – оның құнарлылығы мен шаруашылық түріне қарай өлшенуі; Түркістанда жермен бірге судың да бөлінуі керектігі, қазақ сана-сезіміне байланысты «судың да сұрауы бар» деген ойға қалдырады. Жер, ауыл-аймақ өзара туыстық пен көмек негізінде әділ бөлінуі керек. Ең бастысы бұл заңда жерді сатуға толық тыйым салу, оның қазба байлықтарының мемлекеттің меншігінде болуы керектігі баса айтылады.

Осы бағдарламаның айналасындағы туған көптеген сындарға қарайтын болсақ, олар мынандай бағытта дамыған шындықты бұрмалаушылардың арам ойы, біздің түсінігімізше, «партия бағдарламасын жасағандар» және қабылдағандар «ұлтшылдар» тобы болды, олар – феодалдық тәртіпті, ұлттық ұсақ буржуазия мүдделерін жан-тәнімен қорғаушылар, халықтың бұл бағдарламамен үш қайнаса сорпасы қосылмайды-мыс деп айтқысы келген болулары керек. Басқаша айтқанда олардың жасаған қыруар істерінің маңызын кемітіп халықпен ешқандай да байланысы жоқ ат төбеліндей авантюристер тобы деп көрсеткілері келді. Дәл осы жағдайларда тарихи ситуацияны кең де терең дәрежелі зерттеулерімен шындық жолына шығарған Алаш қозғалысы зерттеудегі үлкен маман К. Нұрпейісов болды¹.

Әрине, өздерінің құрған мемлекетінің өмірінің ұзаққа бармағаны олардың кінәсі емес, ол 1917-1919 –жылдардағы қалыптасқан объективті жағдайларға байланысты болды, ол оқиғалар олардан әлдеқайда күштірек болды.

Осы жасаған болашақ алдындағы қызметтері үшін біздің замандастарымыз, Қазақстанның болашағын жасаушы азаматтар, оларды тарих алдында әділетті жоғарғы орындарға көтеруіміз керек. Себебі олар декорация түрінде емес, реалды суверинитет идеяларын көтерді. Бұл идеялар Қазақстан республикасында XX ғасырдың ең соңғы он жылдығында жүзеге аса бастады. 1991 жылғы егемендік алуымызбен нақты тек сөз жүзінде емес іс жүзінде де егеменді мемлекет құру мүмкіндігін алды.

¹ Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Алматы: «НАС» баспа компаниясы, 2003. – 12 б.

Елбасымыздың соңғы жасап жатқан іс-шаралары айғақ, бәсекелестікке төтеп бере алатын елу елдің қатарына қосылу идеясы соның нақты көрінісі болып табылады.

Ал енді, осы еңбектің қарастыратын мәселелеріміз Қазақстан Республикасының конституциясы мен Алаш бағдарламасындағы идеялар сабақтастығы ел егемендігін нығайту үшін қазақ демократиялық интеллигенциясының идеялық мұраларының маңызы мәселелеріне арналып, қазіргі республикамыздағы мемлекеттің қалыптасуы қандай жағдайларда жүріп жатыр, оның қандай ерекшеліктері мен бағыттары бар, осы мәселелерді жүзеге асыруда қазақ демократиялық интеллигенциясының «Алаш бағдарламаларында» көрсеткен бағыт-бағдарлары қандай маңыздылық, құндылық сипатқа ие болып, күнбе-күнгі мемлекет құрылысы мәселелерін шешуге әсер тигізуде деген сұрақтарға жауап іздеу болып есептеледі.

Қазіргі кездегі жүріп жатқан қоғамды демократияландырудағы әрі конституциялық реформаның түпкі мақсатының бірі азаматтық қоғам қалыптастыру екендігі сөзсіз. Сонда, азаматтық қоғам ұғымын «мемлекеттік билік органдарының тікелей қол сұғуынан заң жолымен қорғалған азат адамдар мен азаматтардың ерікті түрде өздері құрған одақтары және ұйымдарының жиынтығы» деп қарастыра болсақ, ол туралы профессор Т. Ағдарбековтың: «көптеген институттар бір мезгілде, азаматтық қоғамның және мемлекеттің құрамды бөліктері болып табылады. Оларға саяси партиялар мен олардың арасын байланыстыратын қызмет ортасын белгілейтін ұйымдар жатады» деген анықтамасы оны нақтылай түседі¹. Ал, біздің ойымызша, азаматтық қоғам мемлекеттік қатынастардан тыс барлық мемлекеттік емес қарым-қатынастар жиынтығын білдіреді. Солай бола тұра, ол мемлекетпен тығыз байланысты. Сондықтан, осы ұғым аясына кіретін институттардың басты белгісі - өзін-өзі реттеу және индивидтер болмақ. Атап айтқанда, осы зерттеу жұмысы аясында мұндай институттар қатарында біз жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару, Қазақстан халқы Ассамблеясы, саяси партиялар сияқты қоғам өміріндегі маңызды институттарды қарастырамыз. Қазақстан Республикасында жергілікті маңыздағы мәселелерді халықтың өз

¹ Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан: диссер. ... докт. юрид. наук. – Алматы, 2005. – С.120.

бетінше шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылғандығы белгілі. Ал, мемлекеттік жергілікті басқару өзінің билік функцияларын жергілікті атқарушы және өкілдік органдар арқылы атқарады. Сонда, бұл жерде мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың айырмашылығы неде деген заңды сұрақ туындайды. Мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады және іс-әрекет үшін жауапты болса, ал өзін-өзі басқару болса халықтың мәселені өз бетінше шешуін қамтамасыз етеді. Жергілікті өзін-өзі басқару құқықтық мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздерін нығайта түсу арқылы осы заманның басты мақсат-мұраттарының бірі болып табылатын мемлекеттің, қоғам мен жеке адамның мүдделерін біртұтастыққа келтіруді жүзеге асыруды көздейді. Өйткені, жергілікті басқарудың негізгі мән-мағынасы әрбір жеке адам деңгейінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекет пен қоғамның мүдделерімен үйлестіруді жүзеге асырудан тұрады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың осындай бағыт ұстануы - адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылатын демократиялық құқықтық әлеуметтік мемлекеттің идеясына сай келеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару – жария билікті ұйымдастырудың маңызды элементтерінің бірі. Оның ерекшелігі, заң әдебиеттерінде айтылып жүргеніндей, екі қасиетінен көрінеді: біріншісі - саяси, екіншісі - қоғамдық. Бір жағынан алып қарасаңыз, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекетті басқарудың біртұтас жүйесіне кіргізілген. Жергілікті өзін-өзі басқару заңдар мен өзге нормативтік актілер негізінде әрекет етуші аппаратқа ие, олар өз беттерінше жергілікті бюджетті қалыптастырады, салықтар белгілейді. Тағы бір жағынан, жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық қоғамның маңызды институты болып табылады. Бұл институтты биліктің және қоғамдық институт ретінде қарастырғанда басқару субъектісі мен объектісінің сай келетіндігі байқалады. Өзін-өзі басқару еркіндік, теңдік және басқаруға тікелей қатысу қағидаларына негізделеді. Сондықтан, осы орайда, Л. Жанұзақованың «Біздің ойымызша, жергілікті өзін-өзі басқару туралы дербес, толықтай мемлекеттен тәуелсіз процесс ретінде айтуға мүлдем негіз жоқ. Мемлекет жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындай отырып, оған ерікті түрде өзінің жергілікті жердегі мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігін

береді» деген көзқарасымен толық келісуге болмас деп ойлаймыз¹. Дегенмен де, бүгінгі күні мемлекет пен өзін-өзі басқарудың бірлесіп жұмыс істеуі, сондай-ақ билік органдары әрекеттестігінің теориялық және құқықтық аспектілерінің мәнін ғылыми талдама көзқарасы тұрғысынан түсінуі, мемлекет пен қоғамның, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның ара қатынасындағы өзекті проблема болып отырғандығы да жалған емес. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша А. Тарановтың «қоғамдықты мемлекеттікке (қоғамдық немесе мемлекеттік өзін-өзі басқару), жеке адамды әлеуметтік топқа қарсы қоюдан емес, ал әлеуметтік қарым-қатынастардың анағұрлым терең «қатпарларында» жатыр деген пікірі арқылы дұрыс тұжырымдама жасауға болатын сияқты².

Осы уақытқа дейін жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері өз шешімін таппай келген еді. Еліміздегі мемлекеттік-саяси институттарды реформалау нәтижесінде мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесі нығайды. Өртүрлі елдердің практикасында жергілікті басқарудың бірнеше үлгілері бар. Ал, Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды ажыратуға негізделген өзіндік жергілікті басқару үлгісі пайда болды. 1993 жылға дейін Қазақстанда билікті бөлу қағидасын жоққа шығарған және тиісті аумақтағы өкілді органдардың толық билігіне негізделген кеңестік үлгі орын алды. Дегенмен, 1991 жылы «Қаз ССР Жергілікті өзін-өзі басқару және халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» заң арқылы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ендіруге алғашқы әрекеттер жасалған болатын³, ал арада он жыл салып тәуелсіз елдің жаңа заңы да қабылданғаны белгілі⁴. Нақтылап айтқанда, тек заңдарды қабылдап қою жеткіліксіз екендігі белгілі, сондықтан да, «жергілікті өкілдік және атқарушы органдар жүйесін

¹ Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан: диссер. ... докт. юрид. наук. – Алматы, 2005. – С.127.

² Таранов А.А. Муниципальное право Республики Казахстан. Часть. общ. – Алматы: Баспа, 1999. – С.13.

³ Закон КазССР от 15.02.1991 года «О местном самоуправлении и местных Советах народных депутатов КазССР» // Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. – 1991. – № 9. – ст. 118.

⁴ Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148 «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001. – № 3.

түбегейлі реформалау қажеттілігі оның бағытын, сипаты мен қарқынын айқындайтын экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық себептер кешеніне негізделеді»¹. Бірақ, саяси құрылымды демократияландыру мен халықтың өзін-өзі басқаруын дамыту оның орталық звеносы болып табылатын өкілдік жүйесіне жанаспай өте алмайды. Сондықтан, өкілдік жүйесінде де өзгерістер жасалды, бұл жүйеге парламентаризм элементтері енгізіле бастады, сайлау жүйесін әрі қарай демократияландыру процесі жүруде. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев Конституциядағы жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты 2007 жылғы өзгерістерді іргелі өзгерістер деп атап көрсетті. Реформа жүргізу нәтижесінде, жергілікті өзін-өзі басқару институтын қалыптастырып қана қоймай, жергілікті өзін-өзі басқаруға кепілдік беруді қамтамасыз ететін биліктің әртүрлі деңгейлеріндегі тежемелік және тепе-теңдік жүйесін де бекіту елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды қадамдардың бірі. Өйткені, сонда ғана осы институттың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Реформа жүргізу бір күндік шешім еместігі баршаға аян. Жалпы алғанда, 1995 жылғы Конституция қабылданған соң мемлекеттік басқару органдарын реформалау жүргізілгендігі және жүргізіліп келе жатқандығы белгілі. Осы 1995 жылғы Конституцияның VIII бөлімінде жергілікті мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесінің негізгі қағидалары белгіленген. Бұл нормаларда жергілікті мемлекеттік басқару билігінің негізгі екі тармағы бөліп көрсетілген: атқарушы органдар мен өкілді органдар. Жергілікті өкілді органдар өз қызметін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырады, ал жергілікті өзін-өзі басқару, яғни азаматтар оның органдарының ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібін өздері айқындайды. Өкілді органдар үш деңгеймен құрылады: жоғарғы өкілді орган – Парламент; жергілікті өкілді орган – Мәслихат; жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы. Бұл үшеуі де өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді. Бірде-біреуі өзгесіне есеп бермейді. «Мемлекеттік билік органдарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп әрекет жасау тиімділігі олардың ортақ мақсатқа қаншалықты тез және айқын жетуімен және алдына

¹ Основы государства и права Республики Казахстан: Учеб.пособие. /Отв. ред. Сапарғалиев Г.С. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – С.84.

қойылған ортақ міндеттерді шешумен өлшенеді»¹. Қазақстан Республикасы Конституциясында (86, 87 бап) мәслихаттардың қарауына нақты нелер жататындығы анық көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік органдарының орталықтандырылған жүйесі иерархиялық құрылымды көрсетеді. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар арасында құзыреттері бөлінген, мәслихаттар мен әкімшіліктер аймақтық деңгейдегі биліктің екі тармағы, бірақ жоғарғы билік органдарымен ұқсас салыстыруға келмейді.

Жергілікті деңгейде билік тармақтарының функциялары жоғары тұрған билікке қарағанда өзара тығыз, ол нақты мәселелерді шешуге байланысты болатын. Өкінішке орай, олардың арасындағы үйлесім атқарушы органдар жағына қарай тартып кеткендіктен, өзара теңдік және өзара бақылау қағидасы жоққа шығарылды, мәслихаттар мен жергілікті халық тарапынан әкімшілікке бақылау әлсіреді. Мәслихаттарға Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына әкімді қызметінен босату туралы мәселені қоюға берілген құқық, ол тек құқық қана, сондықтан ол әкім қызметінен кете қояды дегенді білдірмейді. Әзірге мұндай практика бізде орын алған жоқ. Дегенмен, «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң мәслихаттар мен әкімшіліктер арасында бірқатар сәйкестенген ара салмақты бекітіп берді. Негізі, әкімді қызметінен босату туралы мәселе, егер ол құқық бұзғаны үшін сот шешімі бойынша кінәлі деп танылса, онда бірден шешімін табу қажет. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы Қазақстан Республикасы Заңында мемлекеттік қызметкерлер саяси және әкімшілік қызметкерлер болып бөлінген. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін республика Президенті тағайындайды. Олар «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 7-бабы 2-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, саяси мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Президент айқындайтын тәртіпте сайланбаған, бірақ тағайындалған өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері де саяси мемлекеттік қызметкерлер болып саналады, олар Президент

¹ Тереник О.Д. Правовой механизм взаимодействия органов государственной власти с органами местного самоуправления // 2005 жылғы 15 сәуірде ҚазГЗУ АЗА-да өткізілген Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-жылдығына арналған Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу және даму мәселелері: халықаралық ғыл.-тәжірибелік конф. материалдары. – Алматы, 2005. – 129 б.

пен Үкіметтің өкілдері. Егер әкімдер бұдан былайғы жерде сайланатын болса, олар саяси мемлекеттік қызметкерлер санатына жататын бола ма, жоқ па, ол жағы белгісіз. Егер мұндай әкімдер саяси мемлекеттік қызметкерлер болмаса, онда әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер бола ма, ол жағы да белгісіз. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер сайланбайды, алайда конкурстық іріктемеден өтеді. Аталған Заңның 11-бабында саяси мемлекеттік қызметке қандай адам қабылдануы мүмкін екендігі туралы мәселе кеңірек қарастырылған. Мемлекеттік саяси қызметкерлерді қызметке алу, тағайындау не сайлау негізінде, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіп пен шартта жүзеге асырылады. Сөйтіп, бұл норма сайланған әкімнің саяси мемлекеттік қызметкер санатына жатқызылуына тыйым салмайды.

Бұл орайда жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізін әрі қарай да қалыптастыру қажет, ол үшін мынадай алғы-шарттарды ескеру керек болады деген пікірдеміз:

- аумақтық бірліктердің өзін-өзі басқаруы мемлекеттік басқарудың кез келген демократиялық нысанының бір негізі болып табылады;

- шынайы құзыретке ие аумақтық қауымның өзін-өзі басқаруы азаматтардың мемлекеттің алдыға қойған мақсаттарға жетуіне мүдделі болуын қамтамасыз ететін, басқаруды анағұрлым тиімді етеді;

- демократиялық негізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қорғау және нығайту мемлекет беделін арттыруға жәрдемдеседі¹.

Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдардан тұрады. Ол мемлекеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады және Республика үшін біртұтас мемлекеттік қызмет қағидаларын басшылыққа алады. Ғ. Сапарғалиевтің тұжырымы бойынша «жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің туындысы»². Сонда, жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік билік органдары жүйесіне кірмегенімен, өзінің табиғатына қарай жария биліктің бір бөлігі болып табылады. Өйткені, жергілікті өзін-өзі басқару Конституция мен заңдарға сәйкес әрекет етеді, сөйтіп мемлекет

¹ Озганбаев О.О. Проблемы законодательного обеспечения государственного управления и самоуправления в Казахстане // Саясат-Policy. – 1997. – № 7. – С.25.

² Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. 2-басылым. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2004. – 434 б.

туындысы болады. «Бұл тәуелсіз билік емес, ол өз шегінен шығып кете алмайды – олай болмаған жағдайда мемлекеттік билік органдары араласуға құқылы»¹. Сондықтан, осы жерде жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ұғымдарының арақатынасына байланысты мәселені қарастырып өту керек. Қазақстан Республикасы Конституциясында жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару ұғымдары бір бөлімге біріктірілгендіктен, бұл екі ұғымның арасында тығыз байланыс бар екендігі айқын. Біздің пайымдауымызша жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдық сипатқа ие, сондықтан ол азаматтық қоғамның құрамдас бір бөлігіне айналған. Алайда, азаматтық қоғамды бұл жерде мемлекеттен оқшау тұрған құрылым ретінде қарастырмау керек, ал тұтастай қоғамдық өмірдің бір аспектісі ретінде қарастырған дұрыс болады деген ойдамыз. Демократиялық конституциялық мемлекетте қоғам бір мезгілде мемлекетпен басқарылатын және өзін-өзі реттеуші жүйе ретінде де қызмет етеді, ал конституциялық мемлекет – басқарушы жүйе ретінде, сонымен бірге өзін-өзі реттейтін азаматтық қоғамға да тәуелді болады. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің мемлекетпен тығыз байланысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілетін мүмкіндіктерінен айқын көрінеді (ҚР Конституциясының 89-бабы 1-тармағы).

Қорыта келе, еліміздің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының жетілуіне, мемлекеттіктің одан әрі нығаюына, ұлы бабаларымыздың құқықтық мұралары қазір өзінің жасампаздық еңбегін сіңіруде, осы бағыттағы сабақтастықтың жемісі күннен-күнге көрініс беруде.

2.2 Көші-қонның бір түрі ретіндегі репатриацияның Қазақстандағы жағдайы мен болашағы

Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы көптеген елдерде тарихи әділеттілікті орнату, ата-бабалар рухының алдында парыз және олардың ұрпақтары алдында жауапкершілік, титулдық (байырғы) ұлттың санын көбейту, демографиялық дисбалансты

¹ Сапарғалиев Г.С., Салимбаева Ж. Проблемы конституционной ответственности. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – С.230.

түзету және еңбек ресурстарын толтыру мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Қазақстанның мемлекет ретінде дамуының факторларының бірі халықтың өсуі болып табылады. Осы факторды күшейтуде үлкен үлесті көші-қон енгізеді. Атап айтқанда, этникалық қазақтардың тарихи Отанына қайтып оралуы үдерісін айтуға болады.

Этникалық репатриация мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріліп, оны заңнамалық ресімдеу бойынша жұмыс жүргізіле бастап, халықтың дәл осы санатына арналған мемлекет тарапынан қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Осының арқасында Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері тағдырдың тәлкегінен дүниеде тарыдай шашылған бір миллионға жуық қазақ Елбасының шақыруымен ата жұртына қайтып оралды. Этникалық қазақтардың халықтың жалпы санындағы үлесі 1989 жылдағы 40 пайыздық үлестен 2012 жылы 67 пайызға дейін өсті. Қазақстан халқының саны 17 миллион адамнан асты.

Қазақстан Республикасына қайтып оралу, одан кейін бейімделуі мен ықпалдасуы барысында кездесетін кедергілер, бар құқықтардың жүзеге аспауы, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жетілмегендігі, құқықшығармашылық пен құқыққолдану үдерісіндегі шешімін күтудегі мәселелер тақырыптың өзектілігін негіздейді.

Оған қоса тақырыптың өзектілігі халықтың көші-қоны еркін жүріп-тұру мен тұрғылықты жерін еркін таңдау сияқты адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарынан туындауы, адам құқықтары туралы негіз қалаушы пактілер, конвенцияларды ратификациялауға сәйкес адам құқықтарының өзекті мәселелеріне халықаралық саясатта көп көңіл бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайына елеулі әсер ететін көшіп келушілердің легін саяси-құқықтық реттеудің қажеттілігі, ұлттық сәйкестілікті, соның ішінде шетелдік отандастармен байланыстарды сақтау және дамыту қажеттілігімен негізделеді.

Халықаралық құқық «репатриация» аталымына қарулы қақтығыстар құқығы (мысалы, репатриация, яғни әскери тұтқындар немесе жер аударылғандардың әскери әрекеттер аяқталғаннан кейін оралуы) және босқындар құқығы (босқындардың өздерінің тұрақты тұру орнына оралуы) нормаларын қолдану контексіндегі мағыналар береді. Біз қарастыратын мағынада репатриация бойынша әмбебап

немесе аймақтық-көптараптық халықаралық-құқықтық нормалар жоқ, өйткені бұл отандастардың репатриация үдерісінің өзгешелігі және әрбір мемлекеттің осы үдерісті мойындау және қамтамасыз ету сұрақтарындағы еркін тұжырымдауға байланысты¹.

Сонымен бірге, халықаралық құқықта жанама болса да, бірақ репатриация кезіндегі отандастардың құқығына жататын нормалар бар:

1. 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы:

«Әрбір адам қай жерде болмасын өзінің құқықсубъектілігін танытуға құқығы бар» (6 бап);

«1. Әрбір адам әрбір мемлекет шегінде еркін жүріп тұруға және тұрғылықты жерін таңдауға құқылы. 2. Әрбір адамның кез-келген елді, соның ішінде өз елін тастап кетуге және қайтып оралуға құқығы бар (13 бап)»;

«1. Әрбір адамның азаматтыққа құқығы бар. 2. Ешкім өзінің азаматтығынан немесе азаматтығын өзгертуге құқығынан айырылуы мүмкін емес (15 бап)»².

2. 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті:

«1. Қандай да бір мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген адамға осы аумақ шегінде еркін жүріп тұру және тұрғылықты жерін таңдау құқығы тиесілі.

2. Әрбір адамның кез келген елді, соның ішінде өз елін тастап кетуге құқығы бар.

3. Жоғарыда аталған құқықтар мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын немесе басқалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қажет, заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда ешқандай шектеулердің объектісі бола алмайды және осы Пактідегі мойындалатын басқа құқықтармен үйлесімді.

4. Ешкім өзінің еліне кіру құқығынан айырылуы мүмкін емес» (12 бап)³.

¹ Агаджанян М. Репатриация соотечественников: вопросы правового обеспечения и эффективной реализации // «21-й ВЕК». - 2006. - № 1 (3). – С.25

² Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций от 10 декабря 1948 года

³ Международный пакт о гражданских и политических правах от 16 декабря 1966 г.

3. 1950 жылғы Босқындардың мәртебесі туралы Конвенция:

«Келісетін Мемлекеттер мүмкіндіктерінше босқындардың ассимиляциясы мен натурализациясын жеңілдетеді. Атап айтқанда, олар натурализация бойынша іс жүргізуді жеделдетуге және оған байланысты алымдар мен шығындарды азайту үшін өздерінің қолынан келетіннің барлығын істейді» (34 бап)¹.

Қазақстан Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні ратификациялады, Босқындардың мәртебесі туралы Конвенцияға қосылды және сондықтан осы нормалардың ұлттық заңнамада көрініс табуы мен олардың құқыққолдану тәжірибесінде жүзеге асырылуы ерекше өзектілікке ие.

Орасан шетелдік диаспорасы бар, олардың ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға тырысатын және олардың тарихи Отанына оралуын көздейтін мемлекеттер тиісті заңдар қабылдады. Атап айтқанда, Польша 20 миллион поляк тегіндегі адамдары бар диаспорасымен байланыстарды қолдайды² Польшада Репатриация туралы Заң қабылданды.

Венгрияда халқының саны 10 миллион адам болса, 5 миллионға жуық венгрлер елінен тыс өмір сүріп жатыр³. Венгрияда Іргелес елдерде тұрып жатқан венгрлер туралы Заң қабылданды.

Қазақстанда Этникалық қазақтардың тарихи Отанына қайтып оралуы Тұжырымдамасы және Халықтың көші-қоны туралы Заң қабылданды.

БҰҰ-ның 193 мүше-мемлекеттерінің арасында тек 4 мемлекет: Қазақстан, Германия, Израиль және Ресей Федерациясы репатрианттардың тарихи отанына оралуымен мемлекеттік деңгейде айналысатыны баршаға белгілі⁴.

Нормативтік құқықтық актілердің заң күші бойынша сатысында Қазақстан Республикасының Конституциясының жоғары заң күші бар. Оның кіріспесінде Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрып отырғандығын жария етіп, оған қоса

¹ Конвенция о статусе беженцев от 28 июля 1951 года

² Kicinger Anna Beyond the Focus on Europeanisation: Polish Migration Policy 1989-2004 //Journal of Ethnic and Migration Studies. – 2009. - Vol. 35, No. 1, P. 79-95

³ О венгерском опыте работы с зарубежными соотечественниками. / Аналитический вестник Совета Федерации Федерального Собрания Российской Федерации. -2005. - № 20 (272)

⁴ Специальный доклад Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан» от 03.07.2012 г. № исх: 32-42.80-5

еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқықты бекітіп¹, бүкіл әлемдегі қазақтардың тарихи Отанына қайтып оралуға мүмкіндігін ең жоғары деңгейде бекітті.

Қазақстан Республикасында қазақтардың мемлекет құрушы ұлт ретінде бекіту, көші-қон үдерістерін дербес реттеу, шетелдегі қазақтармен қарым-қатынастарды құру және одан кейінгі этникалық репатриацияға құқықтық негіздер жасаған алғашқы актіге 1990 жылғы 25 қазандағы Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны атауға болады. Біріншіден, қазақ ұлтының еркін өзін-өзі айқындауға құқығы танылды және қазақ ұлтының тағдырына жауаптылық сезінді. Екіншіден, Қазақстан Республикасы Республика ішінде, Республика және басқа республикалармен көші-қон үдерістерін реттейтіні бекітілді. Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Республикадан тыс тұрып жатқан қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамқорлық білдіретіні айтылды. Төртіншіден, Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде болу құқығына ие болғаны, өзінің мүдделеріне сай сыртқы саясатты анықтайтыны, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасатыны, халықаралық ұйымдардың, соның ішінде БҰҰ және оның мамандандырылған мекемелеріне қатысатыны анықталды².

Бұл, өз кезегінде, иммиграцияның бірінші толқыны үшін мүмкіндіктер жасады. Қазақ диаспорология мен ирредентасының мәселелері бойынша белгілі қазақ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы Г.М.Мендикулова «жаппай репатриацияның басталуы 1991 ж. ақпан айына келеді, ол кезде Қазақстанға Монголиядан 97 қазақ көшіп келді. Бұл адамдардың өз бетімен (үкіметтік деңгейде ұйымдастырылмаған) көшуі болды. Оған қарамастан, қазақтарды Талдықорған (қазір Алматы) облысындағы Сарыөзекте, мүмкіндігінше жұмыс орындарын бере отырып орналастырды» деп жазады³.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация Республиканың

¹ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы // «Заң» деректер базасы

² «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» Қазақ Совет Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы Қаулысы

³ Мендикулова Г.М. «Казахская диаспора и ирредента: история и современность» // <http://www.mfa.gov.kz/upload/userfiles/file/diaspora.pdf>

егеменді мемлекет ретіндегі мәртебесін жүзеге асыратын заңнамалық және басқа да нормативтік актілерді әзірлеуге негіз болды. Атап айтқанда, 1991 жылғы 18 қарашада «Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін басқа республикалар мен шет елдерден Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына қоныс аударуының тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулысы қабылданды. Көшіруді жүргізу деп оларды тасымалдау, қабылдау және қоныстану жерлерінде орналастыру түсінілді¹.

Аталымдық айналымға «байырғы ұлттағы қоныс аударушы» және «қоныс билеті» деген ұғымдар алғашқы рет енгізілді. Қоныс билеті 1991 жылғы 13 ақпандағы «Қазақ КСР ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының басымдығы туралы» Қазақ КСР Заңымен көзделген мемлекетпен орнатылған жеңілдіктерді алуға құқық береді².

Қоныс аударушылардың тұрғын үй сұрақтары республикадан кейбір азаматтардың кетуі салдарынан босап жатқан үйлер мен пәтерлерді сатып алу жолымен шешілді, қоныс аударушылардың басқа республикалар мен шет елдерден көшіп келуімен байланысты шығындары, оған қоса мүлікті тасымалдау республикалық бюджет есебінен өтелді. Қоныстану орындарында қоныс аударушыларға шығу жерлерінде тапсырған малының санына берілген айырбас түбіртектерін ұсынған кезде мал беруді қамтамасыз етілгенін атап айту керек.

Қазақ КСР Еңбек министрлігі басқа республикалар мен шет елдерден көшіп келетін отбасылардың жыл сайынғы санын және осыған қажет материалдық, қаржылық ресурстарды анықтаған кезде жергілікті халық депутаттары Кеңестерінің өтініштеріне сүйенді.

Осы қаулыда алғашқы бейімделуге қажет шаралар болды және алғашқы рет «келген отандастар» аталымын қолданды. Атап айтқанда, «Қазақ КСР ауыл шаруашылық және азық-түлік

¹ «Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін басқа республикалар мен шет елдерден Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына қоныс аударуының тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашадағы қаулысы. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1224 қаулысымен. // «Заң» деректер базасы

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының басымдығы туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы 1991 жылғы 13 ақпандағы Заңы // «Заң» деректер базасы

министрлігі және Қазақ КСР халықтық білім министрлігіне мүдделі министрліктер, Қазақ КСР ведомстволары, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқарушы комитеттерімен бірлесе отырып келген отандастарға көмек көрсету бойынша шаралар әзірлеу керек, онда ықшамды орналастыру, кәсібі бойынша жұмысқа орналастыру, қазіргі заманғы қазақ алфавитіне оқыту, білім туралы құжаттарының тең құндылығын тану, отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыру және оқыту, кәсіби даярлықтан өткізу және т.б.»¹.

Халық депутаттарының жергілікті Кеңестерінің атқарушы комитеттеріне басқа республикалар мен шет елдерден келіп жатқан қоныс аударушыларды қабылдауды ұйымдастыруға жәрдемдесетін үйлестірушілік кеңестерді құру туралы норма қазіргі күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Уақыт бойынша келесі қабылданған акті ретінде қазақ ұлтының өзін-өзі еркін билеу құқығын растаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Конституциялық заңның 1 бабында «Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, демократиялық және хұқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді»², - деп көрсетілген.

1991 жылы 1995 жылғы Конституцияға дейін әрекет еткен қос азаматтықты мойындайтын норма қабылданды. Мысалы, осы конституциялық заңның 7 бабына сәйкес басқа мемлекеттерде тұратын Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқы танылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде көші-қон үдерістерін дербес реттей алды.

Осы бапта репатриацияның құқықтық негіздерін қалаған маңызды норма қабылданды. Онда «Қазақстан Республикасы жаппай

¹ «Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін басқа республикалар мен шет елдерден Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына қоныс аударуының тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашадағы қаулысы. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1224 қаулысымен. // «Заң» деректер базасы

² «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының басымдығы туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы 1991 жылғы 13 ақпандағы Заңы // «Заң» деректер базасы

қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына қайтып оралуы үшін жағдай жасайды» деп көрсетілді¹.

Осы норманың мағынасы бойынша Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған барлық этностардың өкілдері Қазақстанға келе алатындай болды. Оған қоса бұрынғы одақтас республикалардың аумағында тұрып жатқан байырғы ұлт өкілдеріне оралуға құқық бере тұра, басқа шет елдерде тұрып жатқан қазақтардың оралуға құқығы туралы айтылмады.

Осыған сәйкес, тәуелсіздіктің таңында этникалық репатриация тар мағынадағы құқықтық ресімделуге ие болды және бүкіл әлемдегі қазақтарды қамтымады.

Конституциялық заңның 8 бабы қазақ диаспорасы және ирредентамен байланыстың құқықтық негіздерін бекіте отырып, Қазақстан Республикасы Республика шегінен тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды, олар азаматы болып отырған мемлекеттермен жасалған шарттар негізінде бұл азаматтардың мүдделерін қорғайтының атап көрсетті.

Әрі қарай 1992 жылы 26 маусымда «Иммиграция туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңның 1 бабында «Шет елде тұрып жатқан отандастар өздерінің тарихи отаны – Қазақстан Республикасына еркін орала алады» деп жарияланды².

Алдыңғы актілерде «Республикадан тыс тұрып жатқан қазақтар», «басқа республикалардан және шет елдерден байырғы ұлттың өкілдері», «байырғы ұлттың қоныс аударушысы», «келген отандастар» деген ұғымдар қолданылса, Иммиграция туралы Заңда «шет елде тұрып жатқан отандастар», «репатриант», «босқын» деген ұғымдар енгізілді.

¹ «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының басымдығы туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы 1991 жылғы 13 ақпандағы Заңы // «Заң» деректер базасы

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы // «Заң» деректер базасы

«Иммиграция туралы» Заңның мақсаты республикаға қоныс аударуды ұйымдастырушылық-мақсаттық қамтамасыз ету мен реттеудің құқықтық негіздерін құру, жаңа жерде босқындар, тарихи отанына оралып жатқан тұлғалар мен отбасыларға өмірге қажетті жағдайлар жасау болды¹.

Қазақстан Президенті орнататын «көшіп келу квотасы» ұғымы енгізілді. Онда көшіп келушілердің шекті саны мен түрлері, келетін елдері, оларды қабылдауға, орналастыруға және бейімдеуге қажет материалдық-қаржы ресурстары, олар көшіп келетін аймақтар, жұмысқа орналастырылуға тиіс (мекемелер мен кәсіпорындар) шаруашылықтардың типтері көрсетілді.

Иммиграция субъектілері ретінде «ұжымдық қауымдастықтар» ұғымы айтылғанымен, оның мағынасы ашылып көрсетілмейді. Бұл жерде ауыл, селолар түріндегі, яғни тарихи отанына көшкісі келетіндерден тұтас тұратын елді мекендер түсінілуі керек.

Иммиграция туралы Заң алдындағы актіден қарағанда тек қана бұрынғы одақтас республикаларындағы қазақтарға ғана құқық берумен ғана шектелмейді. Шектеудің жоқ болуы шет елдерде тұрып жатқан, жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған барлық қазақтарға, олардың ұрпақтарының өзінің еліне оралуға мүмкіндік береді.

Алдындағы актімен ұқсастығы ретінде ұлтына қарамай Қазақстаннан өз кезінде республика аумағынан кетуге мәжбүр болғандарға Отанына қайтып оралуына құқық беріледі.

Ұлттық диаспораға, оның байырғы тұратын жеріне ерікті түрде көшуіне, оның бейімделуіне, жұмысқа орналасуына қамқорлық жасау және оған жаңа жерде өмірге тиісті материалдық-тұрмыстық жағдайлар, жеңілдіктер жасау үкіметке, оның иммиграциялық ведомствосына және республиканың жергілікті әкімшілігіне жүктелді².

Осы заңда «ықпалдастыру» аталымы қолданылмайды, ол

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы // «Заң» деректер базасы

² «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы // «Заң» деректер базасы

кейінірек пайда болады. Репатарианттарды бейімдеу бойынша міндеттерді мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарына жүктелді.

Босқындар мен қоныс аударушыларға көмек көрсету мақсатында бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттарды жинаған Мемлекеттік иммиграциялық қор құрылды. Бұл қор кейін таратылды.

Шет елдегі дипломатиялық өкілдіктермен республикаға қоныс аударуды ниет білдіретін шетелдіктер және олардың отбасылардан өтініштерді қабылдау жүйесі сақталды. Құқықтық жаңалық ретінде иммиграциялық ведомствомен осындай өтініштерді дербес (өзінің бастамасы бойынша) қарастыру болды, мұндай норма одан кейінгі актілерде де сақталады.

Басқа елдерден келетін тұлғаларды қабылдау мен жұмысқа орналастыру бойынша өтініштер міндетті орындаумен қамтамасыз етілді, өздерінің міндеттерін орындамаған жағдайда ұйымдардың басшылары заңнамаға тиіс жауапкершілікке тартылды.

Көшіп келушілердің әртүрлі салалардағы құқықтарын сақтаудың мониторинг жүйесін енгізу бүгінгі күнде де өзекті болып табылады. Бұл тиісті жағдайларға тиімді әсер етуге, жылдам шешімдер қабылдауға, олардың арасында әлеуметтік шиеленістің өсуінің алдын алуға, республика ішінде жүріп-тұруын бақылауға және жеделдетілген ықпалдасуға жәрдемдесуге ықпал етті. Мысалы заңның 16 бабында «Кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар иммиграциялық ведомствоны келесі жағдайларда хабарлауға міндетті: жұмыс берушілер – көшіп келушілермен еңбек шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, оқу орындары – көшіп келушілер оқу бағдарламасын үзген кезде немесе басқа оқу орнына ауысқан кезде, құқық қорғау органдары – көшіп келушілер республика заңдарын бұзған кезде немесе оларға құқыққа қайшы қол сұққан кезде, аудандық (қалалық) әкімшілік – көшіп келушінің бағыныстылық аумағынан мерзімінен бұрын шығып кеткен кезде»¹.

«Отандас» ұғымының мазмұнын анықтау кезінде Иммиграция туралы Заңның 1 бабымен 17 баптың 3 тармағы қайшылыққа түседі. Онда «Жаппай қуғын-сүргін, күштеу кезеңдерінде және қуғындау нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған,

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы // «Заң» деректер базасы

енді өзінің Отанына қайтып оралып жатқан отандастар және байырғы ұлт адамдарына, сондай-ақ әскери тұтқындар мен олардың ұрпақтарына босқын-репатрианттар мәртебесі беріледі» деп көрсетілген¹.

Осы баптың мазмұны бойынша көшіп келушілер отандастар мен байырғы ұлт адамдарына бөлінген. Заң нормаларын талдауына сәйкес отандастар деп республика аумағынан өз кезінде кетуге мәжбүр болған «Қазақстаннан шыққандар» түсінілді. Ал Заңның 1 бабында заң шығарушы «шет елде тұрып жатқан отандастар» деп айта отырып «байырғы ұлт адамдары» деген ұғымды қолданбай, «отандас» ұғымына екі ұғымды да біріктіретін кең мағына береді. Бұл құқыққолдану тәжірибесінде біркелкі түсіну мен қолдануға кедергі келтіреді.

Иммиграция туралы Заңның 17 бабына сәйкес заң шығарушы «босқын-репатриант» мәртебесін отандастарға, байырғы ұлт адамдарына және әскери тұтқындарға, олардың ұрпақтарына беретінін атап айту керек. Яғни, репатриация тек қана бір этнос емес, кең мағынада болғанын байқауға болады. Әскери тұтқындар деп Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ауғанстандағы соғыста тұтқындарға түскен тұлғалар түсінілген деп болжауға болады.

Босқындар, көшіп келуші мәртебесін алған тұлғаларға уақытша және тұрақты ықтиярхаттар берілді. Әрекеттегі заңнамамен салыстырғанда ықтиярхатты тиісті мәртебені алғаннан кейін тұрақты тұруға рұқсат алмай тікелей беру туралы норма жағымды болып табылады. Қазіргі кездегі тұрақты тұруға рұқсат алу рәсімдері ықтиярхатты алу рәсімдерін қайталайды және репатрианттардың бейімделу үдерісін қиындатады. Тұрақты тұруға рұқсат беру туралы норманың қажеттілігі даулы болып табылады, өйткені тұлғаны алдын ала арнайы тексеру бойынша мақсаттарды ықтиярхатты беру алдында да өткізуге болады, егер теріс негіздер табылатын болса оны бермеуге негіз болады.

Иммиграция туралы Заңның 14 бабы да өзекті болып табылады. Онда «Иммиграциялық ведомстволар және оның жергілікті жердегі өкілдері Қазақстан Республикасына көшіп келушілерді осы Заңнан туындайтын олардың құқықтары және міндеттерімен таныстыруға,

¹ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы // «Заң» деректер базасы

оларды жүзеге асыруға және олардың орындалуын қарауға міндетті» деп көрсетіледі.

Осы норманың қажеттілігі репатрианттар өздерінің құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздерін білмейтіндігімен негізделеді, оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарының аз болуы да осы мәселенің шешілуіне жәрдемдеспейді. Осы міндеттерді халықтың көші-қон бойынша уәкілетті органдарына жүктеу бұл мәселені ішінара шешеді, маңызды рәсім қарапайым нысаншылыққа айналмас үшін құқықтық мәртебемен таныстыруды дұрыс ресімдеу қажет.

Әр түрлі қайнар-көздердің статистикалық мәліметтері, тұрғын үй мәселесі маңызды екендігін көрсетеді. Мысалы, Әлеуметтік технологиялар орталығының мәліметтеріне сәйкес «оралмандар Қазақстанға қайтып оралған кезде жиі кездесетін мәселелерге жұмысқа орналастыру (45,3%) және тұрғын үйді тарату мен алудың күрделілігі (31,1%), тұрғылықты жерін еркін таңдаудың мүмкін болмауы (оралмандарды квота жоспарланған жерлерде ғана орналастырады) және қазақстандық азаматтыққа қабылдау (18%), репатрианттардың қайтып оралу рәсімі мен әрі қарай өмір сүруін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі (14,7%), тарихи отанына оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік-мәдени (14,3%) және экономикалық (13,6%) бейімделуінің күрделі жағдайлары жатады»¹.

Басқа социологиялық зерттеудің мәліметтеріне сәйкес репатрианттардың мәселелері келесідей болды: жұмысқа орналасу (66,8%), тұрғын үй сатып алу (54,8%), қазақстандық азаматтықты алу (29,8%), орыс тілін білмеу (25,5%), жергілікті салт-дәстүрлер мен мәдениетке бейімделу (18,8%), климаттық жағдайларға бейімделу (11,5%)².

Басқа зерттеудің нәтижелері келесідей нәтижелер көрсетті: тұрғын үйдің болмауы (66,0%), тіркеудің жоқтығы (36,0%), жұмысқа орналасудағы мәселелер (34,0%), өмір сүруге қаражаттың болмауы (28,0%), жұмыс берушілердің талаптарына сай болмауы (28,0%), азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарлардың қымбат болуы

¹ «Оралманы: реалии, проблемы и перспективы». Центр Социальных Технологий" (Опубликовано в Интернет-газете "ZonaKZ по адресу: <http://zonakz.net/articles/9865>)

² Есимова А.Б. Политика репатриации и проблемы адаптации репатриантов в Республике Казахстан // <http://txtb.ru/7/26.html>

(24,0%), тіл кедергілері (18,0%) және жергіліктің ділдің бөтен болуы - 12,0%¹.

Осы барлық мәліметтер иммиграциялық ведомстволар репатрианттардың құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасау міндеті, олардың орындалуын бақылау бойынша өкілеттіктермен қамтамасыз етілуі, яғни басқа мемлекеттік органдарға әсер ету тетігімен қамтамасыз етілуі үлкен маңызға ие. Мысалы, бұл репатрианттардың бейімделуі мен ықпалдасуы бойынша көптеген өзекті мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді, атап айтқанда жеке тұрғын үй мен ауыл шаруашылықты дамыту үшін жер учаскелерімен қамтамасыз етуге бағытталған иммиграциялық жер қорын нақты құру мәселесі.

Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заң және Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған жаңа Конституцияны әзірлеуге негіз болды.

1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақстандық мемлекеттілікті өзін-өзі билеген қазақ ұлтының мемлекеттілік нысаны ретінде ұсына отырып, оның ұлттық сипатын растайды². «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңдағыдай 1993 жылғы Конституцияда қос азаматтықты мойындау туралы норма сақталады. 1993 жылғы Конституцияның 4 бабына сәйкес «Басқа мемлекеттерде тұратын Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық азаматтардың, оған қоса шет мемлекеттерде тұрып жатқан қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу хұқы танылады³. 1993 жылғы Конституция нормасының 1991 жылғы Конституциялық Заңнан айырмашылығы қос азаматтыққа құқықты тану үшін жаңа субъекті ретінде «Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған азаматтар» деген жаңа субъектісін енгізу болды. Бұл сол кезде қабылданған 1992 жылғы Иммиграция туралы Заңның нормасының логикалық жалғасы болды, өйткені онда тарихи отаны – Қазақстан

¹ Аналитический доклад. Проблемы социализации оралманов и сельских мигрантов. ОФ «Агентство социальных технологий “Эпицентр”
//<http://www.zonakz.net/articles/14025?mode=reply>

² Макашев Е. - Этнополитика и межэтническая ситуация в Казахстане (1991-2001 гг.). Анализ // <http://www.centrasia.ru/news2.php?st=1041668340>

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 28 қаңтар 1993 жыл. 1995 жылы 30 тамызда жаңа конституция қабылдауға байланысты күшін жойды. // «Заң» деректер базасы

Республикасына қайтып оралу құқығына байырғы ұлт адамдары және өз кезінде республика аумағынан кетуге мәжбүр болған Қазақстаннан шыққандар ие болды.

Иммиграция туралы Заңның 10 бабында «Көшіп келушілердің әлеуметтік, соның ішінде зейнетақылық қамсыздандырылуы Қазақстан Республикасының заңнамасы және мемлекетаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады»¹. Осы нормаға сәйкес басқа мемлекеттермен мемлекетаралық келісімдер жасасу бойынша тиісті жұмыс жүргізілді. Мысалы, 1993 жылы қазан айында Қазақстан Республикасы мен Монғолия Үкіметі арасында Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім жасалды. Осы келісімнің 4 бабында «Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауда еңбек стажы толығымен, Ұағдаласушы Тараптардың қолданыста жүрген заңдарына сәйкес екі тараптың аумағында ие болған еңбек сіңірген жылдары үшін жеңілдікті зейнетақы алуға құқық беретін еңбек стажы да есептеледі»².

Көрсетілген келісім алыс шет елден келген репатрианттарды, осы жағдайда Монғолиядан келгендерді қолдау бойынша тиімді шаралардың, мемлекеттің дипломатиялық жетістіктерінің бірі болып табылады. Қытаймен осындай келісім осы күнге дейін жасалмаған. Толық мөлшерде зейнетақыларын алатын Монғолиядан келген репатрианттардан қарағанда Қытайдан келген зейнеткерлік жастағы репатрианттар 9330 теңге мөлшеріндегі жасы бойынша жәрдемақы алады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен келген репатрианттардың еңбек өтілі 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарына кепілдіктер туралы Келісім негізінде мойындалады³.

¹ Жампеисов Д.Ә. Формирование законодательной базы репатриации соотечественников в Республике Казахстан (1993-1997 годы). Сборник статей по материалам IV Межд.науч. практ.конф... «Конституционные основы гражданского судопроизводства: история, современное состояние и пути совершенствования». - Саратов, Россия: 2013. - С.271-273

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасында әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 шілдедегі N 823 қаулысы // «Заң» деректер базасы

³ «Соглашение о гарантиях прав граждан государств-участников Содружества Независимых Государств в области пенсионного обеспечения». Соглашение, г. Москва, 13 марта 1992 г. // «Заң» деректер базасы

1995 жылғы 30 тамыздағы Конституцияны қабылдау ұлттың аумақтық (азаматтық) моделіне көшумен мемлекеттілік сипатының жалпы азаматтық қағидаларын бекітті. Құжатта қазақстандықтардың титулдық және титулдық емес ұлтқа бөлу жоқ. Осы мағынада этносаясат азаматтық қоғам қағидаларына негізделген азаматтардың саяси тұтастығы ретіндегі қазақстандық ұлтты құруға бағытталды¹.

1995 жылғы Конституцияның мәтінінде репатриацияға қатысты тікелей нормалар жоқ болғанымен, оның кіріспесінде мемлекеттілік байырғы қазақ жерінде құрылып отырғандығы көрсетіледі. Бұл басқа елдерде тұрып жатқан қазақтардың тарихи отаны – Қазақстан Республикасына қайтып оралуына негіз қалады.

Заңнамалық нормалар мен мемлекетаралық келісімдерден басқа 1996 жылы 31 желтоқсанда Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Мемлекеттік бағдарламаны қабылдаудың мақсаты ретінде шетелдегі отандастармен жұмысты жан-жақты жетілдіру, қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім алу сұраныстарын барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, тарихи отанына қайта оралғылары келетіндерге мүмкіндік туғызатын ойластырылған шаралардың жүйесін жасау болды. Мемлекеттік бағдарлама іс-шаралар кешенімен ұсынылды және алты негізгі бөлімнен құрылды: ғылыми қамтамасыз ету; нормативтік-құқықтық база; білім беру; мәдениет; туризм және спорт; кітап шығару және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері; ұйымдастырушылық шаралар².

Алайда, Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылау жүктелген Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің қайта ұйымдастырылуымен байланысты, онда көзделген іс-шараларды жүзеге асырудың іс-қимылын дәйекті үйлестіру қамтамасыз етілмеді³.

¹ Макашев Е. - Этнополитика и межэтническая ситуация в Казахстане (1991-2001 гг.). Анализ // <http://www.centrasia.ru/news2.php?st=1041668340>

² «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 жарлығымен. // «Заң» деректер базасы

³ «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N

Оған қоса осы бағдарламаның кемшіліктеріне әлеуметтік қамсыздандыру, шет елдердің азаматтығынан жеңілдетілген түрде шығу мәселелері бойынша мемлекетаралық келісімдердің жасасу бойынша жұмысты әрі қарай жалғастырудың қажеттілігі жоқ болуын жатқызуға болады. Тарихи Отанына келгеннен кейін алғашқы бейімделуін қамтамасыз ете отырып, бағдарламамен қазақстандық қоғамға одан кейінгі ықпалдасудың рөліне баға берілмейді, атап айтқанда репатрианттардың жағымды кейіпін қалыптастыру, олардың қоғамға материалдық және рухани үлесін ашып көрсету, репатрианттар мен жергілікті халық арасында кедергілерді жою, репатрианттармен жаңа қоғамның моральдық, мәдени, құқықтық нормаларын игеру, кириллица негізіндегі қазақ тілі мен ұлтаралық тіл ретіндегі орыс тілін меңгеру.

Мемлекеттік бағдарламаны қабылдағаннан кейін бірнеше айдан соң Қазақстан Республикасының Президенті көші-қон саясатының 2000 жылға дейін негізгі бағыттарын бекітеді. Онда Қазақстан Республикасының Үкіметіне келесі тапсырмалар беріледі: құқықтық, ұйымдастырушылық кепілдіктер мен қаржылық қамтамасыз етуді көздей отырып осы Жарлықтың орындалуына нақты шаралар қабылдау; тарихи отанына қайтып жатқан байырғы ұлт адамдары мен босқындарды орналастыруды ұйымдастыру, репатрианттардың ұлттық қол өнерін жаңғыртуды қамтамасыз ететін жұмыс орындарын құру, олардың кәсіпкерлікпен айналасуына жәрдемдесу бойынша құқықтық актілерді әзірлеу мен бекіту.

Көші-қон саясатының орта мерзімдік кезеңге арналған негізгі бағыттары республикада халықтың көшіп-қонуы белсенділігінің артуына, оның елден тысқары кетуі мен елге келуінің, халықтың республика ішіндегі бөлінісінің тепе-теңсіздігіне, негізгі реттеуші құқықтық базаның болмауына және қаржылық қамтамасыз етілмеуіне орай жаңа тенденциялардың көрініс табуына байланысты болып отыр¹.

Осы құжатты қабылдаудың өзектілігі Статистика жөніндегі

1673 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен // «Заң» деректер базасы

¹ «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 3419 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен // «Заң» деректер базасы

Агенттіктің мәліметтеріне сәйкес 1997 жылы Қазақстаннан шығып кеткен этникалық қазақтардың саны келіп жатқандардан артып түсті, бұл Қазақстанның қазіргі замаңғы тарихындағы бұрын сонды болмаған дерек болды¹.

Ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу және ретке келтіру, қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтық татулықты сақтау, сондай-ақ көшіп-қонушылардың құқықтарын жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының аумағында баспана іздеген адамдарға мейірбандылық көрсетілуі үшін жағдай жасау көші-қон саясатының бірінші кезектегі мақсаты болып табылады деп жарияланды².

Көші-қон саясатының басымдықтары ретінде көші-қон мәселесі бойынша тиісті ұлттық заңнаманы әзірлеу мен қабылдау жарияланды. Сол 1997 жылы «Халықтың көші-қон туралы» Заңы қабылданып, 1992 жылғы Иммиграция туралы Заң өз күшін тоқтатады. Халықтың көші-қон туралы Заңының кіріспесінде «Осы Заң халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандар үшін жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауды белгілейді» деп көрсетілді³.

Алдыңғы кезеңдердегі нормативтік құқықтық актілерде этникалық репатрианттарға қатысты әр түрлі аталымдар қолданылғаннан кейін, «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына «репатриант (оралман)» аталымы енгізіледі және қолданыстан «отандас» ұғымы тыс қалады.

Репатриация деп әскери тұтқындар, жер аударылған тұлғалар, босқындар, эмигранттар, оралмандардың Отанына оралуы түсініледі.

Ұлты қазақ адамдарды Қазақстан Республикасына қоныстандыруға жан-жақты жәрдемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын ашу, оралмандарды әлеуметтік қамсыздандыру және оларға әлеуметтік көмек көрсету Халықтың

¹ Садовская Е.Ю. Репатриация этнических казахов в Казахстан. Алма-Ата. - 2001. - С. 108-124 // <http://www.demoscope.ru/weekly/2002/069/analit05.php>

² «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 3419 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен // «Заң» деректер базасы

³ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен // «Заң» деректер базасы

көші-қонын реттеудің негізгі принциптері ретінде жарияланды¹.

2007 жылы Заңға енгізілген өзгерістер ішінде тың жаналық ретінде «бейімдеу қызметтері» ұғымын енгізу болып табылады. Бейімдеу қызметтері деп оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелеріне оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында көрсетілетін, құқықтық консультацияны, мемлекеттік тілді және қалауы бойынша орыс тілін оқытуды, кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын қызметтер кешені түсінілді.

Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары осы заңды қабылдағаннан 10 жылдан кейін ғана құрылғаны² осы мәселеге тым кеш көңіл бөлінгені туралы хабарлайды. Осы жағдай жиынтығында жалпы мақсат ретінде қоғамда әлеуметтік тұрақтылық пен келісімге жетуді және нақтылы қоғамдық қатынастарға уақтылы әсер етуді көздейтін құқықтық нормалардың тиімділігін төмендеті.

Оған қоса оралмандар көшіп келу квотасы бойынша өзіне тұрақты тұратын жеріне жету және мүлкін (соның ішінде мал) жеткізу бойынша шығындарды өтеу, тұрғын үйді сатып алу үшін қаражатты бөлу, бір жолғы жәрдемақыларды төлеуді қосатын ақшалай жәрдемақыларды алу құқығына ие болды³.

Ықтиярхатты берер алдында «тұрақты тұруға рұқсат алу» деген аралық саты енгізілген. Оны алу үшін барлық көшіп келушілерге өздерінің төлем қабілеттілігінің дәлелін келтіру керек. Оралмандар осындай міндеттен босатылады, және бұл жерде 1992 жылы Иммиграция туралы Заңында айтылған республика аумағынан кетуге мәжбүр болған Қазақстаннан шыққандар, әскери тұтқындар мен олардың ұрпақтары айтылмайды.

Кейінгі актілермен салыстырғанда артықшылық ретінде жеңілдіктерді, өтемақыларды, жәрдемақыларды және атаулы

¹ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен // «Заң» деректер базасы

² «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары - мемлекеттік мекемелерін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі N 859 Қаулысы // «Заң» деректер базасы

³ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен // «Заң» деректер базасы

көмектің басқа да түрлерін алу құқығы оралмандардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына қарамастан, оралман мәртебесі берілген күннен бастап үш жыл бойы сақталғандығын айтуға болады.

Халықтың көші-қон туралы Заңын қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы Тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдама этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуының дамуына көзқарас, осы мемлекеттік саясаттың негіздемесін және осы саясаттың негізгі қағидалары мен жалпы көзқарастарын қосатын құжат болып шықты.

Тарихи отанына оралуын ұйымдастыру жұмысына баға берудің басты өлшемі - оралмандардың өз отанына көшіп келуіне қанағаттанушылық және тұрмыс-тіршілігіне қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілу дәрежесі болып табылатыны көрсетілді¹.

Көшіп келуді ұйымдастыруда маңызды тұстардың бірі ол шетелде дайындық жұмыстарын жүргізу және көшіп келгеннен кейінгі жұмыс, репатрианттардың бейімделу мен ықпалдасу мәселелеріне көңіл бөлу қажеттілігін түсіну.

1999 жылғы 12 мамырда бекітілген Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүрлі түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулықта «репатриант» аталымы қолданылады және «оралман» аталымына 1997 жылғы «Халықтың көші-қон туралы» Заңында көрсетілгеннен тар түсініктеме беріледі. Нұсқаулықта «Оралман (репатриант) мәртебесі жаппай саяси жазалау құрбандары болып табылатын жергілікті ұлт өкілдеріне, сондай-ақ олардың ұрпақтарына беріледі»² деп көрсетілген.

Осы жағдайда оралман мәртебесін алғысы келетін қазақ ұлтына жататын адамдар, өз кезінде республика аумағынан саяси қуғын-сүргін салдарынан емес, күштеп ұжымдастыру, азаматтық соғыс, бірінші дүниежүзілік соғысқа тыл жұмыстарына шақыру,

¹ «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 900 қаулысы // «Заң» деректер базасы

² «Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүрлі түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 12 мамырдағы N 5 Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің бұйрығы. // «Заң» деректер базасы

патшаның отаршылдық саясатына қарсы басқа да көтерілістер, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде кетуге мәжбүр болғандар жоғарыда көрсетілген 1999 жылғы Нұсқаулық нормасының мазмұны бойынша оралман мәртебесін алу мүмкіндігіне ие болған жоқ.

2003 жылғы 8 тамыздағы Оралман мәртебесін анықтау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу Нұсқаулығында¹ «оралман» ұғымының анықтамасы «Халықтың көші-қон туралы» Заңының мағынасына сәйкес және оралман мәртебесін алу үшін жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болу талабы көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасының егемендігін алған күн деп Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күні 1991 жылдың 16 желтоқсаны айқындалатынын атап айту керек. Бірақ мемлекеттік егемендік 1990 жылдың 25 желтоқсанында, ал мемлекеттік тәуелсіздік 1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланғаны белгілі.

2004 жылғы Оралман мәртебесін анықтау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу Нұсқаулығында алдындағы Нұсқаулықтың негізгі ережелерін қайтала отырып көшіп келу квотасына қосу үшін жаңа құжаттар енгізеді².

Этникалық қазақтардың репатриациясы саласында келесі нормативтік акт ретінде Көші-қон саясатының Тұжырымдамасы болып табылады. Ол Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасының күшін жоймай оны толықтырады. Өтпелі кезеңнің сұрақтарын шешу үшін көші-қон саясатының елеулі басымдықтарының бірі ретінде оралмандарды жайластыруға, қоныстанған жеріне олардың бейімделуіне және жергілікті әлеуметтік ортаға біте қайнасып кетуіне, қарулы жанжалдарды бастан кешірген адамдарды психологиялық сауықтыруға барынша жәрдемдесу, ал

¹ «Оралман мәртебесін айқындау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 60-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2430. Күші жойылды - ҚР көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 17 тамыздағы N 70-ө бұйрығымен. // «Заң» деректер базасы

² «Оралман мәртебесін айқындау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 17 тамыздағы N 70-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 18 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3078. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 224-ө Бұйрығымен // «Заң» деректер базасы

ұзақ мерзімге шет елдердегі отандастармен сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау және дамыту жарияланды¹.

Тұжырымдамада көші-қон саясатының негізгі бағыттары, жүзеге асыру тетіктері мен міндеттері де айқындалған.

Этникалық қазақтардың оралуына, олардың бейімделуі мен ықпалдасуына қатысты нормалар одан кейінгі нормативтік актілерде тиісті көрініс пен дамуын таппады. Атап айтқанда «Орталық және жергілікті атқарушы органдар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде және алыс шет елдерде тұрып жатқан этникалық қазақтардың қоныс аудару жағдайы туралы объективті ақпарат алуына, оралман мәртебесін алуына және Қазақстан Республикасында тұруына жәрдем көрсететін болады» деп көрсетілді².

Бірақ нақты өмір көрсеткендей, бүгінгі күнде шетелде тұратын отандастарға хабар тарататын тиімді жүйесі құрылмаған, сондықтан репатрианттардың бейімделу үдерісі күрделенеді, өйткені олар Қазақстандағы жағдай бойынша толық хабарлары жоқ, заңнама мен тарихи Отанына қайтып оралғаннан кейінгі рәсімдерді білмейді.

Оған қоса орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларын талдау жоғарыда аталған Тұжырымдама ережелерінің жоқтығын көрсетті.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін басқарудың қолданыстағы бағыттарын жетілдіруді және оның сапалы жаңа бағыттарын дамытуды көздейді.

2000 жылғы Көші-қон саясатының Тұжырымдамасынан қарағанда осы Тұжырымдамада қағидалардың бірі ретінде ең алдымен шетелде тұратын отандастарымыздың қайтып оралуын ынталандыруға бағдарланған саясаттың жүйелі де дәйекті жүргізілуін көздейтін елдің ұлттық бірдейлігін сақтау және дамыту жарияланды³.

¹ «Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1346 // «Заң» деректер базасы

² «Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1346 // «Заң» деректер базасы

³ «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 399 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 88 Жарлығымен. // «Заң» деректер базасы

Құжаттың мәтінінде бұрынғы нормативтік актілерде сияқты бір уақытта ешқандай айырмашылық жүргізбей немесе олардың бірдей қолданылуын негіздемей «шетелде тұратын отандастар» және «шетелде тұратын этникалық қазақтар» ұғымдары қолданылады.

Оған қоса көші-қон саясатының мақсаты мен негізгі міндеттері, негізгі бағыттары, құқықтық қамтамасыз ету саласын қосатын жүзеге асыру тетіктері айқындалды.

Бірақ мемлекеттің жоспарлау жүйесінің реформасына сәйкес 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен осы Тұжырымдама күшін жойды¹.

1997 жылғы Халықтың көші-қон туралы Заңы қабылданғаннан кейін сандық және сапалық тұрғыдан өзгерістерге ұшыраған көші-қон үдерістерін тиімді реттеуге бағытталған 2011 жылғы «Халықтың көші-қон туралы» Заңы қабылданды².

Ескі заңға қарағанда жаңа заңның кіріспесінде оралмандар үшін жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауға көңіл аударылмайды.

Халықтың көші-қоны туралы Заңында Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоны процестерін басқарудың мемлекеттік жүйесі бекітілген.

Егер 1993 жылдан бері оралмандардың көшіп келу квотасын Қазақстан Республикасының Президенті белгілесе, енді осы өкілеттіктер Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілді.

Қазақстан Республикасының Президентімен оралмандардың көшіп келу квотасы 2009 жылдан бері жылына 20 мың отбасы санымен орнатылған болса, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен 2012-2014 жылдары көшіп келу квотасы жылына 10 мың отбасы санымен орнатылған.

Жалпы, оралмандардың көшіп келу квотасының орындалуы жылдар бойынша келесідей болады: 1993 жыл - 10 мың отбасы, 1994 жыл - 7 мың, 1995 жыл - 5 мың, 1996 жыл - 4 мың, 1997 жыл - 2,2 мың, 1998 жыл - 3 мың, 1999-2000 жылдары - 500 мыңнан, 2001 жыл - 600 мың, 2002 жыл - 2665 мың, 2003 жыл - 5 мың, 2004 жыл - 10 мың, 2005-2007 жылдары - 15 мыңнан, 2008 жыл - 15 мың, 2009-2011

¹ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 88 Жарлығы // «Заң» деректер базасы

² «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV заңы // «Заң» деректер базасы

жылдары - 20 мыңнан, 2012-2014 жылдары - 10 мыңнан¹.

Қазақстан Республикасына келген оралмандардың санының динамикасы мен құрылымын талдау 1991 жылдан 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін 221,3 мың отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақтар оралғанын көрсетеді. Оның ішінде көшіп келу квотасына 127,7 мың отбасы, квотадан тыс дербес түрде 94,2 мың отбасы дербес жайғасып орналасты. Келген оралмандардың жалпы санының 51% астамы 2004 – 2008 жылдарға келеді (439 430 адам)².

Оған қоса Халықтың көші-қоны туралы жаңа Заңы бойынша көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар біржолғы жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алуға арналған қаражатты тек қана Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғаннан кейін, отбасының ұлты қазақ емес мүшелерінен басқа, отбасының кәмелетке толған мүшелерін қоса алғанда, жеке басын куәландыратын құжаттарын ұсынуы бойынша алатын болды. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алудан бас тартқан жағдайда бір жолғы жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алуға арналған қаражат есептелмейді және (немесе) төленбейді. Бұл құқықтық норма жалған құжаттармен жәрдемақылар мен өтемақыларды алу жағдайларын жоққа шығаратын болды.

Жаңа Заң бойынша оралмандарға жәрдемақылар тек орнатылған тұрғылықты жері бойынша ғана төленеді, ал тұрып жатқан өңірден (алғашқы үш жыл ішінде) немесе Қазақстан Республикасынан тыс көшіп кететін болса (оралман мәртебесін алған күннен бастап бес жыл ішінде) – бюджетке қайтарылуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға азаматтыққа жеңілдетілген (тіркеу) тәртіппен қабылдауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді және ұлты қазақ тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімі алты айдан үш айға дейін қысқартылды.

Оған қоса 2012 жылы 27 сәуірде «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңының 17 бабына Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды өтініш ететін

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылдан 2009 дейін Жарлықтары, «Оралмандардың 2012 - 2014 жылдарға арналған көшіп келу квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 1581 Қаулысы // «Заң» деректер базасы

² Специальный доклад Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан» от 03.07.2012 г. № исх: 32-42.80-5

этникалық қазақтар мен олардың ұрпақтарына қажетті құжаттардың тізімінен бұрынғы азаматтығынан шығу немесе оның тоқтатылғаны туралы анықтама алып тасталады¹ деген өзгерістер енгізілді. 2011 жылдың 16 тамызынан бастап, яғни Заңның заңды күшіне енген күннен аталған өзгерістерді қабылдағанға дейін оралмандар Қазақстан азаматтығын ресімдеудің мүмкін еместігіне байланысты бейімделуде елеулі қиындықтар бастан кешті².

Көші-қон полициясы аумақтық органдарының ақпаратына сәйкес «2012-2014 жылдарға арналған оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.12.2011 ж. № 1581 қаулысы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының 28.12.2011 ж. № 23-10/И-677 хатына сәйкес тоқтатыла тұрады³.

Қазақстанның Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы Комитетінің ақпаратына сәйкес Үкіметпен аталған қаулыны ерекше өкімге дейін кері қайтару туралы шешім қабылданған⁴.

Бірақ Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңның 40 бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің немесе оның кейбір нормаларының әрекеті белгілі бір мерзімге тоқтатылуы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның кейбір нормаларының әрекетін тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады және ол күшіне енген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ресми жариялануы мүмкін⁵.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын белгілейді.

Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуының, олардың

¹ «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 мамырдағы N 322-II Заңы // «Заң» деректер базасы

² Жампеисов Д.Ә. Историко-правовой анализ развития правовых основ репатриации соотечественников в Республике Казахстан (1998-2012 годы). Сборник IX Межд.науч.-практич.конф. «Ключевые вопросы в современной науке – 2013». - г.София, Болгария. - Бял ГРАД-БГ. - 2013. - С.30-35

³ Блог акима Карагандинской области // http://www.karaganda-region.kz/rus/blog_4/3617/

⁴ «В Казахстане приостановлена квота на иммиграцию оралманов» // http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-kazahstane-priostanovlena-kvota-na-immigratsiyu-oralmanov-212705/

⁵ «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы // «Заң» деректер базасы

одан кейінгі бейімделуі мен ықпалдасуының құқықтық негіздері мемлекеттік көші-қон саясатының басымдығы болып қала отырып үнемі даму үстінде.

Қазақстанда көші-қон заңнамасы қалыптасқанымен әлі де шешілмеген көптеген мәселелер бар. Соның ішінде бірқатары маңызды құқықтық ұғымдарды нақтылаудың өзекті мәселелері. Ол көші-қон үдерістеріне қатысатын субъектілердің құқықтары мен міндеттері, оралуы мен қоныстануы, бейімделуі мен ықпалдасуына тікелей әсер етеді. Осының барлығы мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының маңызды элементтері.

Жалпы мақсат ретінде қоғамда әлеуметтік тұрақтылық пен келісімге жетуді және нақтылы қоғамдық қатынастарға уақтылы әсер етуді көздейтін құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру маңызды мәселе. Құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсат арасындағы арақатынас түріндегі құқықтық реттеу тетігінің тиімділігін жоғарылату үшін құқықшығармашылықты, құқықты қолдануды жетілдіру және халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату бойынша біруақытты және кешенді жұмыс жүргізу қажет.

Сонымен, этникалық репатриация, репатриантардың бейімделуі мен ықпалдасуы мәселелерін құқықтық реттеу тиімділігін жоғарылату жолдарын іздестіруге бағытталған зерттеудің қорытындыларын тұжырымдай келе, келесі қорытындылар мен ұсыныстар келтіруге болады.

Этникалық көші-қон саласындағы құқықшығармашылықты жетілдіру бағытында келесі мәселелерге көңіл аудару керек:

- қолданыстағы заңнамадағы құқықтық санаттар мен аталымдарды жетілдіру;

- «Халықтың көші-қоны туралы» Заңында көрсетілген бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету субъектілерінің шеңберін кеңейту;

- «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңның 5 бабын кеңейту керек және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру салаларына репатриация, оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру тақырыбын қосу;

- «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының аталымдық аппаратына репатрианттарды бейімдеу және ықпалдастыру ұғымы

мен түрлерін енгізу;

- Оралман мәртебесі тоқтағаннан кейін және Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алу мүмкіндігін қарастыру;

- оралман мәртебесін алу үшін қазақ ұлтына қатыстылығын анықтайтын қосымша нақты тетіктер белгілеу қажет;

- тұрақты тұруға рұқсат берудің алдында (екі ай) және азаматтық берудің алдындағы (үш ай) ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдарының есептері бойынша мемлекетке қарсы қылмыстарды жасауын арнайы тексерудің екі түрін азаматтық беру алдындағы бір тексеруге біріктіру;

- «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңының 7 бабына оралмандар үшін жұмыс орындарына 1-3% квота белгілеу бойынша өзгеріс енгізу;

- Шет елдердің репатриация саласындағы репатрианттардың кәсіби тұрғыдан жандандыру, соның ішінде жұмыс берушілерді репатрианттарды жұмысқа алуын әр түрлі әдіс-тәсілдермен ынталандыруға қатысты заң актілерінде көрініс тапқан тиімді нормаларды қазақстандық заңнамаға енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- Оралмандар Қазақстанға тіркеусіз енгізген техниканы кеден төлемдерін кешіктіріп төлеу арқылы кеден заңнамасында заңдастырудың икемді жүйесін құру;

- әр түрлі нормативтік-құқықтық актілер арасындағы қарама-қайшылықтарды жою және алдын-алу;

- заң актілері мен заңға тәуелді актілердің бір уақытта қабылдануына қол жеткізу керек;

- қабылданатын нормативтік құқықтық актілерде сілтемесіз нақты тетіктердің көрсетілуі және қаржы-экономикалық негіздерінің болуы өте маңызды;

- көші-қон саласында қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің жобалары ашық негізде жария етіліп, қоғамдық талқылауға түсуін қамтамасыз ету;

- «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының нормалары декларативті болмауы үшін, оларды жүзеге асыру, қаржылық қамтамасыз ету кепілдіктері мен уәкілетті мемлекеттік органдардың жауапкершілігін орнату;

-2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Стратегиялық жоспарында қойылған мақсатқа жетудің нақты тетіктері мен жыл сайынғы индикаторлары барлық қатысты мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен аумақтардың дамыту бағдарламаларында көрініс табу керек;

- көші-қон үдерістерін тиімді басқару үшін, көші-қон заңнамасын толыққанды жүзеге асыру үшін 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 42 бабында көзделген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас сызбасын жедел әзірлеп іске қосу керек;

- оралман мәртебесін алған шетелдіктермен жасалған қылмыстар бойынша заңнаманы соттар бірегей және дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Шетелдіктер жасаған қылмыстар бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысын қабылдау мүмкіндігін қарастыру;

- әлеуметтік-экономикалық саладағы прокурорлық қадағалауды бөлек тақырыптық бағытқа бөліп шығарып, халықтың көші-қоны сұрақтарын да қосу керек, соның ішінде этникалық репатриация және онымен байланысты оралман мәртебесін алу, тұрақты тұру жеріне рұқсат беру, көшіп келу квотасы бойынша ақшалай жәрдемақыларды ресімдеу, ықтиярхат беру және Қазақстан азаматтығын алу сұрақтары бар;

- оралмандардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын толыққанды қамтамасыз ету қажет, соның ішінде мемлекетаралық келіссөздер және қажетті шарттарды жасасу;

Сонымен, көші-қон саясаты тиімді жүзеге асырылуы тек қана көші-қонға ғана қатысты емес, көшіп келушілердің келген беттегі бейімделуі мен кірітірілуінің сапасы және деңгейімен тікелей байланысты. Көштің тоқтамай, әрі қарай жалғасуы үшін тек қана көші-қонмен айналысатын мекемелер ғана емес, барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар ат салысу керек. Бұл ретте қабылданған заңдарды толық орындау және оларды жетілдіруге барлық мүдделі тараптар қатысу керек.

2.3 Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғаудың конституциялық-құқықтық негіздері

Әдебиеттерде «әлеуметтік қорғау» термині жиі қолданылады, бірақ қажетті талаптарынсыз. Халықаралық еңбек ұйымдарының анықтауы бойынша, әлеуметтік қорғау – бұл «экономикалық және әлеуметтік апаттардан қоғамдық мөлшерде қоғам өзінің мүшелерін қамтамасыз ету барысында қорғау, қайтыс болған немесе қартайған кезде, мүгедектік, жұмыссыздық, өндірістік қайғылы жағдайларды, ауру нәтижесінде, табысы қысқартылғанда немесе тоқтатылғанда балалары бар отбасыларды жәрдемақымен қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету»¹.

Біздің мемлекетіміздегі, өзге құқықтар сияқты, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес айтылған жағдайлар орын алған кезде жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, лауазымдық және мүліктік жағдайына, тұрған жеріне, дініне, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатысуына және өзге де жағдайларға қарамастан, Қазақстан Республикасының әр азаматына кепілдендіріледі².

Азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету өзінің қызмет көрсетуі мен қамтамасыз ету түрлерінің мазмұнына байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, оларға: әр түрлі тікелей төленетін төлемдер (зейнетақы, жәрдемақы); жұмысқа орналастыру және оған қажетті мамандандырылған оқу мен қайта оқыту; асырау үшін мүгедектер үйінде, интернаттарда, емдеу-сауықтыру орындарында, демалу орындарында, санаторийларда және басқа да емдеу-профилактикалық мекемелерден жеңілдік орындарын ұсыну және тағы басқалар жатады.

Мемлекеттің әлеуметтік қорғалмаған дәрежедегі азаматтар үшін беделді өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету бойынша саясат саласында механизм және тәртіптік әлеуметтік бағдарлама құрастырылуда. Бұл санатқа әр түрлі әдіснамалық анықтамаларға

¹ Волгина Н.А. Социальная политика: Учебник для ст-тов и слушателей вузов / Под общ. ред. Н.А. Волгина; Рос. акад. гос. службы при Президенте РФ. — М.: Экзамен, 2002. — С.30

² Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (07.10.1998 ж., 21.05.2007 ж. және 02.02.2011ж. өзгерістер мен толықтырулар). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

негізделе отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери қызметкерлері жатқызылады. Әлеуметтік бағдарлама тетігін жетілдіру саласындағы зерттеулер басқарманың барлық маңызды ресурстары мен факторларын есепке алу қажеттігін көрсетеді. Әлеуметтік бағдарламаны жетілдіруде кешенді ықпал тигізуді қамтамасыз етудің маңызды талабы болып ерекше әлеуметті-мәдени топ ретінде әскери қызметкерлердің мәдени және білім ресурстарын зерттеу болып табылады.

Әлеуметтік саясат теориясының тұрғысы бойынша, әлеуметтік қорғау – барлық деңгейдегі органдардың басқармалары мен басқа институттар, азаматтардың әлеуметтік, құқықтық және экономикалық кепілдемесі бекіткен заңнаманы жүзеге асыру бойынша механизм және басымдылық жүйесі, сонымен қатар қоғамның дамуындағы нақты талаптарға сәйкес халықтың әлеуметтік түрде тиімді өмір сүру деңгейіне қолжеткізу, әлеуметтік қызмет жүйесі¹.

Ресей Федерациясы Президентінің қарамағында адам құқықтары бойынша құзыретті В.П. Лукин атап өткендей: «Әскери реформа талаптарына сай әскери қызметкерлердің өмір сүру деңгейін жоғарылауы, әлеуметтік қорғалулары, олардың атқарып жүрген еңбектеріне лайықты ақы төлеу сұрақтары аса маңыздылыққа ие болуда. Көбінесе әскери қызметкерлерге әр түрлі қосымша, компенсациялық, әлеуметтік және басқа да төлемдер ұсталып отырады. Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің сақтандыруын қамтамасыз етуде құқықтары жиі бұзылады»².

Әлеуметтік қорғаудың маңызды көрсеткіші болып өмір деңгейі табылады – бұл адамдардың игілігін қамтамасыз ету бойынша, айрықша сандық көрсеткішін сипаттайтын (еңбекақы мөлшері, кірісі, қызмет пен тұтыну көлемі, өндірістік және сатылушы тауарларды тұтыну деңгейі, тұрғын үй талаптары, денсаулық сақтау және т.б.), олардың материалдық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін көрсетеді³.

¹ Холостова Е.И. Социальная политика. — М.: ИНФРА-М, 2001. — С. 165.

² Разаев Д.А. Управленческие ресурсы программирования в сфере социальной защиты (на примере военнослужащих)// Социология образования. — 2008. — № 6. — С. 64–72.

³ Бестужев-Лада И.В. Уровень жизни, жизненный уровень, жизненный стандарт: Российская социологическая энциклопедия / Под общ. ред. Г.В. Осипова. — М.: НОРМА-ИНФРА, 1999. — С.40

Әлеуметтік қамтамасыз етудің конституциялық құқығы әскери қызметті өтіп жатқан азаматтарға тиесілі. Бұл азаматтарды әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету өзгеше түрде жүзеге асырылады, олардың әскер қызметінен кеткеннен кейін ары қарай жүзеге асырылады. Мұндай қамтамасыз ету, әскери қызметтен кеткен тұлғалар және олардың отбасы мүшелері, қалған азаматтармен салыстырғанда, жағдайлары анағұрлым маңызды. Олардың әскери қызметте орындаған уақыт аралығындағы жұмысымен және оның өту талаптарымен анықталады, әскери міндет әскери қызметтің ұзақтығымен, қызметтен шығару есебімен және басқа факторлар сипатымен түсіндіріледі.

Әскери қызметті өткен және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі қарастыратын сұрақтарының талаптары мен оның жүзеге асырылу тәртібі Қазақстан Республикасының «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасында жасы бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы туралы» және «Қазақстан Республикасында арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы» заңнамаларымен қарастырылған.

Әрекет етуші заңнамаларға сәйкес бұл тұлғаларды әлеуметтік қорғау, оларды қандайда бір мемлекеттік міндеттерден босату немесе олар үшін кейбір басымдықтар беру, оларға белгілі бір әлеуметтік қызмет түрлерін ұсыну (қызмет көрсету), сәйкес ақша сомасын төлеу жолдарымен жүзеге асырылады¹.

Атап айтқан да «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы» Заңының 17-бабымен әскери қызметтен босатылған азаматтарға жұмысқа орналастыру бойынша қосымша құқық бекітілген. Әскери мерзімдік қызметті өтеп шыққан тұлғаларға жұмысқа орналасу кезінде өздері шақырылған мекемеге орналасу басымдылық құқығы қарастырылған.

Әскери қызмет уақыты үздіксіз жұмыс өтілі ретінде саналып, мамандығы бойынша мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы төлеу кезінде есепке алынады, еңбек сіңірген

¹ Кемелханов А.Ж. Сборник законодательств Республики Казахстан по военному праву. — Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2010. — 324 с.

жылдар үшін бір ретті сыйақы, еңбекақысына пайыздық үстеме, жеңілдіктер ұсыну.

Әскери қызметтен шығарылған азаматтарды еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік халықты жұмыспен қамту қызметінде олардың жұмысқа орналасу мен мамандық білімі бойынша құрылымдар құрылуда.

«Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы» Заңында, сонымен қатар әскери қызметтен шығарылған тұлғаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жеңілдік құқығы қарастырылған. Жекелеп қарастырғанда, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңының 5-бөлімі 101-бабында сол елді мекенде қызмет атқарған кезеңде қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй берілген әскери қызметшілер он жыл әскери қызмет өтілінен кейін, ал еңбек сіңірген жылдары, науқастануы немесе штаттың қысқаруы бойынша қызметтен босаған кезде қызмет мерзіміне қарамастан, оны (әскери қалашықтарда, шекара бекеттерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан тұрғын үй-жайлардан басқасын) жекешелендіруге құқылы деп жазылған¹.

Күнтізбелік есептеу бойынша еңбек сіңірген жиырма жыл немесе одан да көп, айтылған негіздер бойынша әскери қызметтен шығарылған әскери қызметкерлер тұрғын үйді ақысыз жекешелендіру құқығына ие.

Әскери қалашықтарда, шекара бекеттерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан тұрғын үй-жайлар тұрған әскери қызметкерлер, мұндай тұрғын үйді жекешелендіруге мүмкіншілік болмаған жағдайда, оның басқа жерден тұрғын үй алуы үшін, жекешелендіру құқығы соған сәйкес тұрғын үй құнымен орны толтырылады.

Жоғарыда айтылған жеңілдіктер тек бір рет қолданылады.

Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелерін (жеке санаттар) медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету, денсаулығын сақтау сұрақтары бойынша жеңілдік тәртіпте әлеуметтік қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

¹ Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-1 Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.zakon.kz.

Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау шегінде ақшалай төлемдер зейнетақы және жәрдемақы түрлері ретінде қарастырылған. Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелеріне зейнетақы төлеу материалдық қамтамасыз ету, өмір сүрудің негізгі көзі ретінде қарастырылады. Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелеріне ақшалай жәрдемақы бұл тұлғаларға бір жолғы және басқа уақытша материалдық көмек ретінде белгіленеді. Әскери қызметтен шығарылған азаматтар үшін жәрдемақының негізгі үш түрі қарастырылған: бір жолғы, ай сайынғы әлеуметтік және бір жыл уақыт аралығында әскери шені бойынша еңбекақы мөлшерін төлеу.

Әскери қызметтен шығарылған тұлғаларға бір жолғы жәрдемақы төленеді (оған әскерге шақыру бойынша әскери қызметтен өткен офицерлер жатқызылмайды): әскери қызметінде күнтізбелік 10-нан 15 жылға дейін еңбек сіңірсе — төрт айлық мөлшерді құрайды; 15 жылдан 20 жылға дейін — бес айлық мөлшерді; 20 жылдан 25 жылға дейін — алты айлық мөлшерді; 25 жылдан 30 жылға дейін — жеті айлық көрсеткішті; 30 жылдан артық — сегіз айлық көрсеткішті құрайды.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер бір айлық мөлшердегі көрсеткішті, ал айтылған тұлғалардың жетім балалар санынан, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар бес айлық көрсеткіш мөлшерде.

Әскери қызметтің өту барысында мемлекеттік орденмен марапатталған әскери қызметкердің бір жолғы жәрдемақы мөлшері екі айлық еңбекақы мөлшерін құрайды.

Қызметтен жасы бойынша шығарылған, штаттың қысқаруы немесе зейнетақыға құқығынсыз денсаулығы бойынша қызметтен шығарылу кезінде бір жолғы немесе демалыс жәрдемақысын сақтай отырып, ішкі істер органдарының орташа, бас және жоғарғы басшы тұлғалары мен офицерлеріне қызметтен шығарылған күннен арнайы немесе әскери шені бойынша жәрдемақы бір жыл көлемінде сақталып, төленеді. Оған қоса, егер көрсетілген мерзім ішінде айлық мөлшері көтерілсе, әскери немесе арнайы шені бар әскери қызметкерлердің және ішкі істер органдарының жоғары тұрған лауазымды тұлғалар құрамына, қызметте жүрген әскери қызметкерлерге, сәйкесінше әскери немесе арнайы шені бар әскери қызметкерлердің және ішкі істер органдарының жоғары тұрған

лауазымды тұлғалар қызметтен шығарылғаннан кейін осы айлық мөлшерлері бір жылдық мерзім өткенше де өседі.

Әскери қызметкерлер санындағы отбасы мүшелерінің қайтыс болған зейнеткерлер, ішкі істер органдарының басшылық және қатардағы құрамына, асыраушысынан айрылған жағдай бойынша жәрдемақы белгілегеніне қарамастан, бір жолғы жәрдемақы әйеліне (күйеуіне) – асыраушының үш айлық мөлшердегі зейнетақысын төлейді және отбасының әр еңбекке жарамсыз мүшесіне – асыраушысының бір айлық мөлшердігі көрсеткіш зейнетақысын өзі қайтыс болғанға дейін төлейді¹.

Әскери қызметтен өткен тұлғаға және оның отбасының мүшесіне мүгедектік бойынша, жасы бойынша және асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік жәрдемақы төленеді.

«Қазақстан Республикасының мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңының 11-бап 2-тармағына сәйкес мүгедектігі бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар мүгедектерге қатарына:

- мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер санындағы мүгедектер, әскери қызмет өту кезінде алған аурулар, мертігулер, контузия, жарақаттар нәтижесінен болған мүгедектік, азаматтық және әскери тағайындауда ядролық объектілерде апат жағдайының нәтижесінде немесе ядролық объектілерде апат салдарын жою кезінде болған мүгедектік;

- Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және ішкі істер органдарының басшылығы мен қатардағы құрам тұлғалары (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметкерлерден басқа) әскери қызметкерлер санындағы мүгедектер, қызметтік және әскери парызын орындамаумен байланысты емес немесе әскери қызметтегі міндетін орындамаумен байланысты емес, келеңсіз жағдайлар нәтижесінде пайда болған, әскери оқу салдарынан мүгедек болған жағдайда;

- Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және ішкі істер органдарының басшылығы мен қатардағы құрам тұлғалары (мерзімді әскери қызметтегі әскери

¹ Постановление Правительства РК от 26 августа 1998 года № 803 «Об утверждении Правил исчисления выслуги лет военнослужащим, сотрудникам органов внутренних дел РК, назначения и выплаты единовременных пособий». — [ЭР]. Режим доступа: zakon.kz

қызметкерлерден басқа) әскери қызметті өту кезінде алған ауру, әскери-оқу, контузия, жарақаттану нәтижесінен пайда болған мүгедектік жатады¹.

Мерзімді әскери қызметтегі санындағы мүгедектерге, әскери қызметті өту кезінде алған ауру, мертігу, контузия, жарақаттану нәтижесінен пайда болған мүгедектік; азаматтық немесе әскери тағайындау ядролық объектілерінде апаттық салдарды жою кезінде немесе ядролық объектілерде апаттық жағдай нәтижесінде және төтенше экологиялық жағдай салдарынан болған мүгедектерге, сонымен қатар ядролық жарылыстар мен сынақтар жүргізу кезінде және олардың себепті тергеу талаптарымен байланысты радиациялық әрекеттесу нәтижесінен пайда болған мүгедектікке, мүгедектік бойынша бір айлық жәрдемақы келесідей мөлшерде төленеді:

- бірінші топ мүгедектеріне — тоғыз айлық есептік мөлшерінде;

- екінші топ мүгедектеріне — алты жарым айлық есептік мөлшерінде;

- үшінші топ мүгедектеріне — бес айлық есептік мөлшерінде.

Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және ішкі істер органдарының басшылғы мен қатардағы құрам тұлғалары (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметкерлерден басқа) әскери қызметтік міндетін орындау кезінде, әскери қызметті өту кезінде алған ауру, мертігу, контузия, жарақаттану нәтижесінен пайда болған мүгедектікке, мүгедектік бойынша бір айлық жәрдемақы келесідей мөлшерде төленеді:

- бірінші топ мүгедектеріне — он алты айлық есептік мөлшерінде;

- екінші топ мүгедектеріне — он жарым айлық есептік мөлшерінде;

- үшінші топ мүгедектеріне — жеті айлық есептік мөлшерінде.

Асыраушысынан айрылуы бойынша жәрдемақы. Асыраушысынан айрылу бойынша жәрдемақы алуға, асыраушы қайтыс болған отбасының оның қарауында болған еңбекке жарамсыз мүшесі құқылы. Сонымен бірге егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе, әкесі, шешесі (оның ішінде асырап алушылар), зайыбы, жұбайы; егер қайтыс

¹ Закон Республики Казахстан «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в РК» 1997 г. с изменениями и дополнениями на декабрь 2003 г. — [ЭР]. Режим доступа: zakon.kz

болған асыраушысының 8 жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса, ол асыраушының қарамағында болған-болмағанына қарамастан, отбасының еңбекке жарамсыз мүшесі қайтыс болды деп санамағанша асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы тағайындалады.

Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметкердің отбасы мүшелерінің әскери қызметті өту кезінде немесе әскери қызметтік міндетін орындау кезінде алған аурулар, мертігулер, контузия, жарақаттар салдарынан өлген немесе қайтыс болғанда, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақының бір айлық мөлшері, отбасының әр еңбекке жарамсыз мүшесінің бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне көбееді, бірақ барлық отбасы мүшесіне 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайды.

Енді жасы бойынша жәрдем ақы тағайындау сұрағын қарастыру қажет. Жасына байланысты жәрдемақы азаматтарға зейнетақы төлемдеріне құқығы болмаған жағдайда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жасқа жеткен кезде Орталықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан тағайындалады немесе зейнетақы төлемдерінің мөлшері зейнетақының ең төмен мөлшерін алғанда.

Жасы бойынша айлық жәрдемақы үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады¹.

Әскери қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жүйесіндегі маңызды фактор зейнетақымен қамтамасыз ету болып табылады.

Әскери қызметкердің еңбек сіңірген жылдары зейнетақыға шығу құқығы мен оның мөлшерін Қазақстан Республикасының 1997 жылы 20 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» №136-1 Заңымен анықталады².

¹ Закон Республики Казахстан «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в РК» 1997 г. с изменениями и дополнениями на декабрь 2003 г. — [ЭР]. Режим доступа: zakon.kz

² Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» 2013 ж. 21 маусымдағы № 105-V Заңы. (10.06.2014 ж. өзгерістер мен толықтырулар). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: zakon.kz

Әскери қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылы 26 тамыздағы «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, өртке қарсы қызметі, қаржы полициясы, ішкі істер орган қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдар үшін бір жолғы жәрдемақы төлеу мен тағайындау Ережесін бекіту туралы» №803 Қаулысына сәйкес саналады¹.

Зейнетақыны төлеуді жүзеге асыру мен тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылы 23 ақпанда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, өртке қарсы қызметі, қаржы полициясы, ішкі істер орган қызметкерлеріне, олар бойынша арнайы шен беру және ішкі істер орган қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте әскери қызметкерлерге мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы төлеу, мемлекеттік базалық зейнетақы төлеу, зейнетақы төлеуді жүзеге асыру мен тағайындау Ережесін бекіту туралы» №138 Қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақыны төлеуді тағайындауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау мен Еңбек министрлігінің зейнетақыны төлеу бойынша Республикалық бюджет есебінен банктегі Зейнетақы қорына аударылу жолымен Мемлекеттік орталық төлемдерді ағымдағы айда төлеуді жүргізеді.

Мемлекеттік бюджет есебінен төленетін зейнетақылар 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап әскери қызметте еңбек сіңірген жылдар үшін әскери қызметкерге толық және толық емес көлемде тағайындалады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан 10 жылдан артық әскери қызметте еңбек сіңірген жылдар үшін әскери қызметкерге зейнетақы төлеу толық көлемде тағайындалады және қызметтен шығарған кездегі қаражат көлемінің 50–65 % шамасындағы көлемде бекітіледі.

«Еңбек сіңірген жылдар үшін зейнеткерлік» түсінігі «әскери қызметте еңбек сіңірген жылдар» түсінігімен сәйкес келмеуі мүмкін.

¹ Постановление Правительства РК от 26 августа 1998 года № 803 «Об утверждении правил исчисления выслуги лет военнослужащим, сотрудникам органов внутренних дел, финансовой полиции, противопожарной службы, уголовно-исполнительной системы Министерства юстиции РК, назначения и выплаты единовременных пособий». — [ЭР] Режим доступа: www.zakon.kz

Әскери қызметкерлерді зейнеткерлікке тікелей әскери қызметте еңбек сіңірген жылдар үшін ғана емес, сонымен бірге экстремалды жағдайларда уақыт өткізгені немесе әскери қызметтің кейбір түрлері қосылады. Әскери қызметтен басқа (оның барлық түрлері) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығарады, мысалы:

- Украина, Белоруссия, Латвия, Литва және Эстония территориясында 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықта халықты қорғау мақсатында отрядтарда және взводтарда, жойғыш батальонында қызметте болғандар;

- Азаматтық министрліктерде, ведомстволарда және ұйымдарда оларды әскери қызметке қалдырғандарды, мемлекеттік билік органдарында офицерлердің жұмыс уақытында;

- Ұлы Отан соғысы кезінде халық жасағының құрамасы мен бөлімдерінде, кеңес партизан құрамасы мен бөлімдерінде қызметте болған;

- әскери құрылыс отрядтарда (бөлімдер) әскери құрылысшы ретінде қызмет атқарғандар;

- Әскери қызметкерлердің (сонымен бірге әскери қызметке мерзімді шақырылғандар) тұтқында, қоршауда және арнайы тексеруде болған, егер тұтқында ерікті түрде болмаса, әскери қызметкер тұтқында болған кезде Отанына қарсы қылмыс істемеген болса;

- әскери қызметкерлер (сонымен бірге әскери қызметке мерзімді шақырылғандар) жер аударылған кезде және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын атқарған кезінде, қамауда болған уақытта, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарды, негізсіз репрессияға ұшырағандар мен нәтижесінде ақталғандар (еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығарудың барлық түрлерінің тізімі Үкіметтің Қаулысында анықталған)¹.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығаруда, еңбек өтілі қажет жағдайларда, сонымен қатар олардың зейнеткерлікке шығу құқықтарын бекіту үшін әскери қызметтен шығарылған жасын жұмыстан шығарылған күні белгілейді. Еңбек сіңірген жылдарын әскери қызметкердің жеке ісінде бар мәліметтермен, қызмет

¹ Қазақстан Республикасының «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңына 20 қаңтар 1993 ж. (2008 жылғы 27 маусымдағы № 626 толықтырулар мен өзгерістер). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: zakon.kz

тізіміндегі мәліметтер және басқа да мағлұматтарды санау бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының 1993 жылы 20 қаңтарда қабылданып, 2009 жылы қазанда толықтырулар мен өзгертулер енгізген «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы» Заңында әскери қызметкерлердің жауапкершіліктері мен міндеттері, құқықтары бекітілген, әскери қызметтен шығарылған азаматтарды, әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік және құқықтық қорғау бойынша мемлекеттік саясаттың негізі анықталған.

Әскери қызметкерлердің демалыс және қызметтік уақытының жалпы ұзақтығы әскери қызметкерлердің апта сайынғы қызметтік уақыты (мерзімді әскери қызметке шақырылғандар мен (арнайы) әскери оқу орындарындағы курсанттардан басқа) жұмысшылар мен әскери қызмет етушілер үшін заңнамада бекітілген жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауы тиіс, ал мерзімді әскери қызметке шақырылғандар үшін әскери жарғының талабына сәйкес анықталады.

Әскери қызметкерлерге (мерзімді әскери қызметке шақырылғандар мен (арнайы) әскери оқу орындарындағы курсанттардан басқа) апта сайын бір тәуліктен кем емес демалыс ұсынылады, бірақ айына алты тәуліктен аз емес демалыс беріледі.

Жауынгерлік кезекшілік (жауынгерлік қызмет), оқу және басқа да әскерлер мен әскери қалыптастырулар құрылымында әскери қызметкерлер әскери қызметте тұрады, қызметтік уақыттың жалпы ұзақтылығын шектеусіз өткізу іс-шаралар тізімін Қарулы Күштер басшылығы анықтайды. Әскери қызметкерлерді апта сайынғы қызмет уақытынан тыс бекітілген әскери міндеттерді атқаруға қатыстыру кезінде, сонымен қатар демалыс, мереке және жұмыс күндері емес уақытында болатын болса аптаның басқа күндерінде командирлерге (бастықтарға) демалыс беріледі.

Әскери қызметкерлерге (мерзімді әскери қызметке шақырылғандар мен (арнайы) әскери оқу орындарындағы курсанттардан басқа) жылдық негізгі демалыс беріледі, оның ұзақтығы әскери қызмет талабы мен ерекшеліктеріне, жылпы еңбек сіңірген жылдарға байланысты бекітіледі: әскери қызметте 10 күнтізбелік жылдан артық еңбек сіңіргені үшін — 30 тәулік; 10

жылдан 15 жылға дейін— 35 тәулік; 15 жылдан 20 жылға дейін — 40 тәулік; 20 жылдан артық — 45 тәулік.

Жаздық әскери қызметте қызметін өтеп жатқан тұлғаларға, сонымен қатар жергілікті жерлерде қызметін атқарушылар үшін демалыс ұзақтығын Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітіледі — 45 тәулік.

Демалыстың ұзақтық уақытына демалу орнына барып-келу үшін қажетті уақыты саналмайды.

Әскери қызметкерлердің демалысы (әскери қызметке мерзімді шақырылғандарды есепке алынбайды) әскери қызметкердің тілегі мен қызметтік мүддесі есепке алына отырып, екіге бөліп алу мүмкіндігі қарастырылған.

Айтылған әскери қызметкерлер санаттарына қосымша демалыс ұсынылады. Зиян (ауыр) талаптарда міндеттерін атқарған үшін, қызметтің ерекше сипаты үшін (ұзақ іс- сапарлар, жауынгерлік кезекшіліктің вахталық тәсілі және олардың өз орналасқан жерлерінен басқа жерге ұзаққа ауыстырған жағдайлар) қосымша демалыс уақытын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

Экологиялық апат аумақтарда қызмет өткендер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес беріледі.

Мерзімді әскери қызметке шақырылғандар үшін марапаттау ретінде қысқа мерзімді демалыс Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери Жарлығында анықталған тәртіпте беріледі.

Әскери қызметкерлерге ауруы, отбасылық жағдайлары бойынша қысқа мерзімді, ал арнайы әскери оқу орындарында оқитындар үшін — демалыс бойынша беріледі.

Әскери қызметкерлерге (мерзімді әскери қызметке шақырылғандардан басқа) адъюнктураға, әскери докторантураға дайындық пен түсер алдындағы емтихан тапсыру үшін, сонымен қатар жоғары оқу орындарына түсу үшін оқуға түсер алдындағы емтихан тапсыру үшін оқу демалыстары ұсынылады, ал кандидат немесе докторлық ғылыми дәреже ізденушілер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша шығармашылық демалыс ұсынылады.

Әскери қызметте істейтін әскери қызметкер әйеліне (күйеуіне) жыл сайынғы демалыс олардың күйеулерінің (әйелдерінің) кезекті демалысына сәйкес бір уақытта беріледі. Демалыс ұзақтығы

күйеуінің (әйелінің) демалыс ұзақтығымен бірдей болуы мүмкін, еңбекақысы сақталмауынсыз қосымша демалыс ұсынылады¹.

Әскери қызметкерлер әскери медициналық мекемелерде, бөлімдерде, бөлімшелерде тегін медициналық қамтамасыз етілуге құқылы. Қызмет орны бойынша немесе тұрғылықты жерінде әскери медициналық мекеменің болмауы немесе оларда медициналық көрсеткіш бойынша арнайы жабдықтар немесе олар үшін сәйкес бөлімдер болмаған жағдайда, ведомстволық жабдыққа қарамастан, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке денсаулық сақтау орындарында және жеке медициналық тәжірибемен айналысатын тұлғалар кепілдендірілген көлемде тегін медициналық көмек алуға құқылы.

Әскери қызметкерлерге жеке денсаулық сақтау орындарында және жеке медициналық тәжірибемен айналысатын тұлғаларға кепілдендірілген көлемде тегін медициналық көмек көрсеткені үшін шығын Қазақстан Республикасын Үкіметімен бекітілген тәртіп бойынша мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Емдеуге кеткен құралдардың орны Қарулы Күштердің әскери қызметкерлерімен, басқа әскер мен әскери құрамалар құрылымында өздерінің әскери қызметтерін өтеген әскери қызметкерлермен толтырылады.

Сонымен қатар әскери қызметкерлерді санитарлы-эпидемиологиялық қамтамасыз ету, әскери қалаларда, шекара бекеттерінде және комендатураларда пәтерге орналастыру Қазақстан Республикасы заңнамасы бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Әскери қызметте міндетін атқару кезінде ауру немесе мүгедектік, зақым, контузия, жарақат алған әскери қызметкерлер әскери құрама және басқа әскер түрінде, олар әскери қызметін өткенде құрылым, Қарулы Күштер есебінен шипажайға жіберіледі.

Әскери қызметкер әйелдер ана мен баланы қорғау, әйелді әлеуметтік қорғау сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған барлық жеңілдіктерді қолдана алады. Бұл жеңілдіктер балаларын анасыз тәрбиелеп отырған барлық әскери қызметкерлерге қолданылады (оның қайтыс болу жағдайында,

¹ Қазақстан Республикасының «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңына 20 қаңтар 1993 ж. (2008 жылғы 27 маусымдағы № 626 толықтырулар мен өзгерістер). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: zakon.kz

ата-ана құқығынан айырған және заңмен бекітілген өзге де жағдайлар).

Әскери қызметкерлер арнайы әскери оқу орындарында оқуға құқылы.

Арнайы әскери оқу орындарын бітірген әскери қызметкерлер біліктілікті көтеру мен қайта дайындау курстарында оқуға мүмкіндіктері бар.

Әскери қызметкерлерге (мерзімді әскери қызметке шақырылғандар мен (арнайы) әскери оқу орындарындағы курсанттардан басқа) әскери құрама және басқа әскер түрінде, олар әскери қызметін өткенде құрылым, Қарулы Күштердің басшыларының келісіміне сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сессиялық және қорытынды емтихандар тапсыруға демалыстар ұсына отырып, сырттай немесе кешкілік оқу нысаны бойынша орташа, жоғарыдан кейінгі, жоғары оқу орындарынан кейін және қосымша білім беру ұйымдарында оқуға рұқсат етіледі.

Оқу кезінде әскери қызметке шақырылған тұлғалар әскери қызметтен шығарылғаннан кейін әскери қызметке шақырылғанға дейін оқыған оқу орындарында оқуын жалғастыруға құқылы.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеуші солдат (матрос), сержант (старшина) лауазымындағы әскери қызметкерлер күнтізбелік санау бойынша сегіз жылдан кем емес уақыт қызметін атқарғандар, шығын орнын толтыру есебінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бюджеттік құрал есебінің оқу құнының елу пайыздық мөлшерде ақылы түрде оқуға құқығы бар. Бұл жеңілдік бір рет қана қолданылады.

Айтылған шығынның орнын әскери қызметкерге өзі әскери қызметін атқарған мемлекеттік орган толтыруы тиіс.

2.4 Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлерін анықтау мәселелері

Қазақстан Республикасының Конституциясының 38-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға

және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті¹. Бірақ, пайда болған экологиялық жағдайларға байланысты елде бірқатар қиын дағдарыстық жағдай белең алуда.

Қазақстанда ластаушы салалар ретінде мұнай, түсті және қара металлургия, тау-кең саласы, өнеркәсіптік және жылу энергетикасы табылады. Қоршаған орта әлі күнге дейін радиациялық, химиялық және өзге де қауіпті әсерлерге түсуде. Каспий шельфін белсенді өндіру, мұнай операцияларын жүргізу экологияны қауіпті жағдайға әкеліп отыр.

Барлық экологиялық қауіптер ішінде Арал және Семей ядролық полигонының аймағы қауіпті болып қалып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау мен сапалы дамытуды қамтамасыз етудің мемлекеттік және басқа ұйымдар табиғатқа осындай залал келтіретін шаралардың алдын алу үшін бағыттарын ары қарай күшейтіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 қаулысымен бекітілген «2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы» келесі мақсатты көздейді: «бағдарлама ресурстарды пайдалану мен экономикалық өсудің экологиялық салдары арасындағы тәуелділікті жоюды көздейтін «жасыл экономика» прогрессивті қағидатын пайдалануға бағдарланған². «Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған³.

Тарихи дәлелденген, адамзат дамуының бастапқы кезеңдерінде, олардың іс-әрекеттері табиғаттың өзінің қайта қалпына келуіне еш

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды //«Заң» деректер базасы.

² «2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 Қаулысы // «Заң» деректер базасы.

³ «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы //strategy2050.kz/news/1211/

залалын тигізбесе, қазіргі техникалық прогресс нәтижесінде қоршаған ортаның ластануынан, сондай-ақ, табиғи байлықтарды қалпына келтірместен пайдалануынан қоршаған ортаға орны толмас залал келіп жатқаны уақыт өте дәлелденіп келеді.

Сондықтан, қазіргі экологиялық заңнамалардың бұзылуының әр дерегіне мемлекет тарапынан сәйкесінше әсер ету керек.

Жаңа қылмыстық кодекстің 2015 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енуі жаңа «қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымының енуіне алып келді. Ендігі кезекте экологиялық қылмыстар ұғымы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымымен қамтылатын болды. Алайда, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар екіге бөлінетін болды: экологиялық қылмыстық теріс қылықтар және экологиялық қылмыстар. Осындай атаулардың енгізілуі, толық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі мәселесін кейінде шеше алмады. Аталған мәселенің шешімін табу мақсатында күшінде бұрын болған және күшіндегі заңнаманы талдау жолымен зерттеу жасаймыз.

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 шілдедегі Қылмыстық кодексі бұрын жеке-жеке болған экологиялық қылмыстардың құрамдарын бір тарауға біріктірді, бірақ қылмыстық заңнама «экологиялық қылмыс» ұғымын бермейді. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі де экологиялық қылмыстың анықтамасын көрсетпейді¹.

2015 жылдың 1 қаңтарынан қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдарын кеңейтіп толықтырған еді. Алайда, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды аралас құрамдардан ажырату және ары қарай экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық мәселесін зерттеу мақсатында, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі белгілерін анықтап, «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымын енгізу керек.

Заң шығарушы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымын көрсете алмағандықтан, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 13-ші тарауын қолдану жоққа шығарылып, қылмыскерді қылмыстық

¹ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодекс //«Заң» деректер базасы.

жауаптылықтан босатады немесе шенеуніктер өз дегендерін жасай алады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен тергеу барысында қылмыстық-құқықтық ұғымдарды анықтау үшін құқықтың басқа салаларындағы, соның ішінде экологияға, жер, суға қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге жүгінуге тура келеді. Себебі, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі бланкетті сипатта болады. Алайда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі ғана қылмыстық құқықтың қайнар көзі екенін түсіну керек. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымын өзі ғана түсіндіру тиіс, бірақ заң шығарушы оны есепке алмаған.

Осыған байланысты, «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымына ғылыми тұрғыдан аса назар аударылуда. Бірақ та, ғалымдар арасында бұл тұрғыда бірыңғай түсінік пен ғылыми көзқарас әлі қалыптаспаған.

«Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымының анықтамасын белгілеу қажеттілігі, оны дұрыс түсіну және экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды талдау арқылы экологиялық қылмыстылықпен күресу нәтижесіне жету екенін атап кеткен жөн. Заңға қайшы іс-әрекеттердің сипаттамасы қылмыстық жауапкершіліктің тиімділігі мен қолданылатын қылмыстық-құқықтық жазалау шараларының нәтижелілігімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, осы сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы осы түрге жататын қылмыстық құқық бұзушылық тобының мазмұны мен нақты аумағын анықтайды. Бұл өз кезегінде, құқықтық немесе басқа арнайы органдар тарапынан қылмысқа екінші дәрежелі қылмыс ретінде қарауды немесе керісінше, назар аударуды қажет ететін қылмыс ретінде қарауды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді¹.

Кейбір авторлар «экологиялық қылмыс» ұғымын толық түрде қылмыстық-құқықтық сипатта емес екенін атайды². Қылмыстық

¹ Қаражанов М.Д. Экологиялық қылмыстар түсінігі мен жүйесі мәселесіне //«Қазақстан - 2050» стратегиясын жүзеге асыру аясында заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелері»: халық. ғыл.-тәж. сырттай конф. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - Б.123-127.

² Дмитриев О.В. Экологические преступления //Специфика правового регулирования социально-экономических отношений. - Омск, 1997. - №11. - С.102-107.

заңнамада экологиялық қылмыс деп белгіленген әрекеттің аумағын анықтау үшін, жүйені жетілдіру үшін, сондай-ақ, оларды қолдану тәжірибесі үшін бұл ұғымды Қылмыстық кодекстің бір бабына анықтап бекітудің маңызы зор екенімен келіспеу мүмкін емес¹. Алайда, заңгерлердің мұндай мүмкіндігі жоқ.

Алғаш рет «экологиялық қылмыс» ұғымын 1972 жылы заң ғылымдарының докторы, профессор О.С. Колбасов қолданған, алайда ол оған нақты анықтама бермеген². Ресейлік қылмыстық құқығында 80-ші жылдардың басынан бастап қана, «экологиялық қылмыс» ұғымы «табиғатты қорғау саласындағы қылмыс» ұғымының баламасы ретінде қолданыла бастаған³.

Соңғы жылдары авторлармен қарастырылып отырған мәселелерді көтерген көптеген ғылыми жұмыстар жарыққа шығып, көптеген диссертациялар қорғалды.

Авторлар тарапынан анықтама беру мәселесін шешудің бірыңғай жолдары мен критерилерін анықтауға деген ынталары әлі бітпегені көрінеді. Алайда, бұл мәселе шешілді деген дұрыс болмайды.

Әлі күнге дейін отандық сөздіктер мен энциклопедияларда «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымы енгізілмеген. Тек 2000 жылдардан кейінгі сөздіктерде бір-біріне қайшы келетін дифинициялар келтіріледі.

Мәселен, энциклопедиялық сөздіктердің кейбіреулерінде «экологиялық қылмыс» - қоршаған орта мен оның жекеленген элементтеріне (объектілеріне) қауіп төндіретін қылмыс деп берілсе⁴, екінші бір энциклопедияда «экологиялық қылмыс» дегеніміз – қоршаған орта мен оның компоненттеріне, халық пен халық мекен ететін аумақтарға экологиялық қауіп тудыратын, экологиялық заңнамаларды бұзатын қылмыстардың жиыны деп беріледі⁵.

Анықтама беру мәселесіне байланысты жағдайды талқылай отырып, заң ғылымдарының кандидаты О.В. Дмитриев бүгінгі күні

¹ Романова Н.Л. Понятие и система экологических преступлений: дис. ...канд. юрид. наук. - Иркутск, 2001. - 219 с.

² Колбасов О.С. Право окружающей среды в СССР и Великобритании. - М., 1988. – 133 с.

³ Плешаков А.М. Уголовно-правовая борьба с экологическими преступлениями (теоретические и криминологические аспекты): дис. ...док. юрид. наук. - М., 1994. - 339 с.

⁴ Словарь международного права. - М.: Междунар. отношения, 1982. - 245 с.

⁵ Большой юридический энциклопедический словарь /под ред. А.Б. Барихина. - М., 2003. - С.699.

экологиялық қылмыс ұғымын қалыптастыруда екі шекті атап көрсетеді: біріншісі – экологиялық қылмысты қоғамға аса қауіп төндіретін қылмыс ретінде қабылдауды жоққа шығару, екіншісі, табиғатқа залал келтіретін барлық қылмыстарды бір тарауға біріктіру. Автордың бұл екі нұсқаны да қабылдауға келмеді деген пікірін негізді деп табуға болады, себебі біріншісінде, экологиялық қылмыс объектісінің болмауына байланысты байқалмайды, ал екіншісінде, бұл объект басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісін өзіне «сіңіріп» алады¹.

«Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» түсінігінің әртүрлі берілуі шет елдердің заң әдебиеттерінде де кездеседі. Батыс елдерінің көпшілігінде «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» (ecological crime) түсінігі сирек кездеседі. Ағылшын елдерінде «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» ұғымының баламасы ретінде «environmental crime» (қоршаған ортаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық), «crime against wild nature» (тура мағынасында жабайы табиғатқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық ұғымдары қолданады. АҚШ пен Батыс елдерінде қоршаған орта ұғымы біздің түсінігімізбен сәйкес келмейтіндігін, оларда «қоршаған табиғи орта» түсінігінен де кең мағына беретінін, тіпті табиғи ортаға қатысы болмауы мүмкін екенін де айта кеткен жөн. «Environment» сөзі «орта» немесе «қоршаған орта организмдерінің дамуына әсер ететін және оны қоршаған барлық шарттар» немесе «адам өмірінің сапасына әсер ететін физикалық, экономикалық, мәдени, эстетикалық және әлеуметтік жағдайлар мен факторлардың жиыны» деп те аударылады»².

Қазіргі заң әдебиеттерінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық объектісін әр түрлі түсіну ерекшеліктеріне негізделген анықтама беру мәселесінің екі тұрғысын атап көрсетеді. Кейбір авторлар оны табиғатты қорғауға бағытталған қоғамдық қатынас ретінде атап көрсетеді, олар табиғат (материалдық, физикалық) объектілерін қылмыс құралы ретінде көрсетеді. Ал екінші бір авторлар экологиялық қылмыс объектісі деп табиғаттың өзін және оның материалдық құндылықтарын көрсетсе, табиғатты қорғау

¹ Дмитриев О.В. Экологические преступления //Специфика правового регулирования социально-экономических отношений. - Омск, 1997. - №11. - С.102-107.

² Blacks law dictionary. With pronunciations. Sixth Edition. St Paul, Minn. - 1990. - P.534.

аумағындағы қатынасты («экологиялық құқықтық тәртіп») аталған қылмыс тобының заты ретінде көрсетеді¹.

Алайда, әдебиеттерде анықтама беру мәселесін зерттеуде тереңдетілген талдаудан кейін кем дегенде үш тұжырымдамалық көзқарастың барын көруге болады. Біріншісіне сәйкес, оны «натуралдық» деп айтайық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі – қоршаған табиғи орта мен оның бөліктері. Бұл шешімнің жақтастары ертеден қалыптасқан экономикалық тұжырымға сүйенеді (бастапқыда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз қоршаған ортаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық болып саналған).

Заң әдебиеттерінде бастапқыда қалыптасқан «натуралдық түсініктен» анықтама орнына «екінші толқынның» анықтамасы келгені экологиялық залалдың қылмыстық-құқықтық маңыздылығы тек табиғи объекіден, күрделі объектіге ауысқаны көрініп тұр. Мұндай анықтамалардан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі табиғаттан (материалдық объектілерден) басқа әртүрлі комбинациялар мен қоғамдық қауіпсіздік, экологиялық заңнама, қоршаған табиғи ортаны қорғау, адам денсаулығына зиян келтіру сияқты компоненттерден құралуы мүмкін. Мүмкін нұсқалардың әртүрлі анықтамаларын беруге болады:

1. Заң ғылымдарының кандидаты Ғ.Т. Медетбекованың пікірінше, экологиялық қылмыстар деп қоршағана ортаға, табиғи объектілерге елеулі зиян келтіру мен табиғатты қорғау заңнамасының нормаларын бұзатын, сондай-ақ белгіленген экологиялық құқық тәртібіне қол сұғушылықтарды айтамыз².

2. Заң ғылымдарының кандидаты Ф.С. Жақсыбекова экологиялық қылмыстарға келесі анықтама береді: «Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы арнайы заңдармен бекітілген жер, су, ауа қабаты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қоса алғанда қоршаған ортаны, яғни табиғатты қорғау тәртібіне қарсы

¹ Столяров В.Б. Уголовно-правовой анализ экологических преступлений //Экологическое право. - 2001. - №1. - С.10-15.

² Медетбекова Ғ.Т. Атмосфераны ластау: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалары: заң ғылым. ...канд. авторефераты. – Алматы, 2006. – 35 бет.

бағытталған осы тараудағы көзделген қылмыстарды кінәлі тұлғалардың жасауы экологиялық қылмыстар деп танылады»¹.

3. Заң ғылымдарының кандидаты А.А. Гареевтің пікірінше, экологиялық қылмыстар – бұл қоршаған орта мен оның компоненттеріне, оларды үнемді пайдалану мен қорғау адамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін, сондай-ақ халық пен аумақтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын, әлеуметтік құндылық ретінде табиғи объектілерді тікелей құқыққа қайшы пайдаланудан (немесе құқыққа қайшы әсер етуден) тұратын, қоршаған орта сапасының жағымсыз өзгеруіне әкелетін жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік)².

4. Заң ғылымдарының докторы, профессор И.Ш. Борчашвили экологиялық қылмыстар ретінде адам мен қоғамның қолайлы қоршаған ортаға деген құқығына қатысты қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, оған экологиялық зиян келтіретін және табиғат объектілерін ластау, жою түрінде орын алатын кінәлі әрекетті түсінеді³.

5. Заң ғылымдарының кандидаты Б.Ш. Исмаилова экологиялық қылмыстар ұғымына келесі анықтама береді: «қоршаған табиғи орта мен халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын және оларға зиян келтіретін не зиян келтіру қауіпін туғызатын Қылмыстық кодекспен көзделген құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекет»⁴.

6. Заң ғылымдарының докторы З.А. Умирбаеваның пікірінше, «экологиялық қылмыстар ретінде табиғатты қорғау ережелерін бұзатын, сондай-ақ табиғи ортаға жағымсыз әсер ету арқылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол сұғатын, егер олар әлеуметтік-экологиялық қорғалатын қатынастарға бұл әрекеттер

¹ Жаксыбекова Ф.С. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол сұғатын экологиялық қылмыстардың криминологиялық проблемалары: заң ғылым. ...канд. авторефераты. Астана, 2008. – 21 бет.

² Гареев А.А. Экологические преступления: уголовно-правовое противодействие. дис. ...канд. юрид. наук. - СПб, 2006 - 152 с.

³ Борчашвили И.Ш. Экологические преступления: понятие и квалификация. – Караганда: КВШ МВД РК, 1995. – 204 с.

⁴ Исмаилова Б.Ш. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика преступлений против биологических ресурсов в Республике Казахстан: дис. ... канд. юрид. наук. - Астана, 2010. – 144 с.

елеулі зиян келтірсе немесе зиян келтіру қауіпін туғызса осы тарауда көзделген қоғамға қауіпті әрекеттер, - деп түсіндіріледі»¹.

Жоғарыда көрсетілген анықтамалардың нұсқалары «мәжбүрлі» қақтығыс тактикасын сипаттайды. Авторлар мұндай анықтамаларда объектіні қоғамның заңдық қорғау әдісінің біріккен бірыңғай мақсатының кешені ретінде қарастырады. Бүгінгі таңда табиғат ұғымы, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің, тіпті, кешендік объектінің бір бөлігі ретінде де сәйкес келмейді. Бұл Қылмыстық заңнамасындағы дәстүрге қайшы келеді, сондықтан жан-жақтан сынға ұшырайды.

Сондықтан, бұл анықтамалардың барлығы дерлік өзіндік ерекшелігімен экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының әртүрлі бағыттарын қамтиды. Біз заң ғылымдарының докторы, профессор Э.Н. Жевлаков пікірін есепке алуымыз керек. Ол экологиялық қылмысқа анықтама беру үшін келесі жағдайларды білу керек деп көрсетеді:

- осы қылмыстар ішінен барлығына тән болатын елеулі болып табылатын объективтік және субъективтік белгілерді анықтап тандап алуымыз керек;

- осы белгілердің ажырату қасиеттерін анықтау керек;

- оларды зерделеу арқылы анықтама беру керек².

Қазіргі әдебиеттерде әлеуметтік тұрғыдан қарағанда әлеуметтік-экологиялық бағытының жаңа аумағы анық белгіленеді.

Осы идеяны жетілдіре, заң ғылымдарының докторы, профессор Э.Н. Жевлаков тек осылар ғана табиғатты қорғау аумағындағы қылмыстық қол сұғу объектісі бола алады, - дейді. Егер авторлар экологиялық қылмыс объектісіне табиғи ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді қолдану қатынастарын қоспағанда, бұл пайымдаумен келісуге болар еді. Табиғатты қорғау қылмыстық заңнамалық міндетіне табиғатты қолданудың заңдық реттеуі кіретінін атап көрсетпейтін басқа да зерттеулер осы көзқарасты ұстанады. Алайда, табиғатты қолдану мәселесімен байланысты сұрақтарды заңдық реттеу мәселесін шешу табиғатты қорғаудың қылмыстық-

¹ Умирбаева З.А. Уголовно-правовые проблемы борьбы с экологическими преступлениями: автореф ... док. юрид. наук. - Бишкек, 2012. – 50 с.

² Жевлаков Э.Н. Экологические преступления: понятие, виды, проблемы ответственности: дис. ... док. юрид. наук. - М., 1991. – 496 с.

заңнамалық мақсатына кіретін көбірек негізделген ой болып табылады¹.

Сондықтан, қылмыстық заңнамада мағынасы бірін-бірі «қайталайтын» нормаларды тіркеу мақсатсыз. Сонымен қатар, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықпен қарсы күресу тәжірибесінде, мақсаты айқын, басымдылығы анық, нақты талап қойылған, нормасы дұрыс және қайшылықсыз құрылған заң шығарушы саяси еркі анықталғанда ғана, экология аумағында қылмыстық құқықтық заңнаманы пайдаланудың тиімділігі көрінеді. Осы орайда, табиғатты қолдануға қатысты «тиімділік» ұғымының дұрыстығын мамандардың өздері күдігін туғызатынын айта кеткен жөн.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржановтың пікірін ұстанып объект ретінде мүддені сипаттап нақты анықталған қоғамдық қатынастарды аламыз².

Бұл жерде, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға анықтама бергенде мүдде ретінде адам, қоғам және мемлекет мүддесін ескеруіміз керек.

Сонымен қатар, «табиғи орта» ұғымынан гөрі, «қоршаған орта» ұғымын пайдаланған дұрысырақ. Өйткені, қоршаған орта ұғымы табиғи ортаны да, антропогендік объектілерді де қамтиды. Мұның дәлелі 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 1-бабының 41-тамағында берілген: «қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы».

Осы жағдайды заң ғылымдарының докторы, профессор А.С. Тимошенко да қолдайды: «Адамдардың табиғатқа деген көзқарасы оны «қоршаған ортаға» ол қарым-қатынасқа түсетін ғарыштың бір бөлігіне ғана байланысты болады³.

¹ Каиржанов Е.И. Избранные труды: (Selected works in criminal and criminology): в 2 т.– Алматы: Экономика, 2008. - Т. 1. - 360 с.

² Тимошенко А.С. Формирование и развитие международного права окружающей среды. - М.: Наука, 1986. - 191 с.

³ Курумисава Й. Защита окружающей среды и общество // Современное экологическое право в России и за рубежом: сборник научных трудов. - М.: Изд-во ИНИОН РАН, 2001. - С. 47-53.

Сонымен, талдау нәтижесінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына көптеген ғалымдар өз пікірлерін білдіргенін көруге болады, олардың әрбіреуінің жағымды және жағымсыз жақтары бар. Сондықтан, осы пікірлерді есепке алып және жалпы қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының белгілерін ескеріп анықтама береміз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық – бұл ҚР ҚК-нің 13-тарауында көзделген қоршаған орта мен оның компоненттеріне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын және қоршаған орта жағдайы мен сапасының елеулі өзгеруіне әкелетін, зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін туғызатын кінәлі қоғамға қауіпті әрекет». Қазақстан Республикасының ҚК-нің 3-бабына экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымына анықтаманы сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар сияқты енгізген жөн болады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы бойынша оның келесі белгілерін бөлуге болады: экологиялық, құқыққа қайшылық, қоғамға қауіптілік.

Экологиялық – бұл белгі осы топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға жататындығын сипаттайды. Экологиялық қоршаған ортамен адамның және қоғамның өзара әрекеттесуінің әлеуметтік және жаратылыстану-табиғи сипатындағы заңдылықтарымен байланысты. Ол ғылым, технология, тұтыну мөлшерлерінің тарихи деңгейін, антропогендік әсер етудің әр түрлері бойынша зардаптар бойынша түсінік деңгейін көрсетеді. Жалпы алғанда ол қоршаған орта мен адамның арасындағы өзгеріп тұратын қарым-қатынаспен байланысты.

Адам қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасқа түспей өмір сүре алмайды, бұл қарым-қатынас табиғатқа елеулі зиян келтіреді (тек бір адамды барлық қажеттімен қамтамасыз ету үшін жылына бір миллионнан артық куб метр су, ауа, басқа да табиғи заттарды қалыпты түрден өңдеу керек). Сондықтан, құнды болып келетін табиғаттың өзін ғана емес, сонымен қатар, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты қорғау өзекті болып тұр¹.

¹ Курумисава Й. Защита окружающей среды и общество // Современное экологическое право в России и за рубежом: сборник научных трудов. - М.: Изд-во ИНИОН РАН, 2001. - С. 47-53.

Осыдан экологиялық «қоршаған ортаны қорғау» ұғымын да қамтиды. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 1-бабында «қоршаған ортаны қорғау деп - қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесін» көрсетеді. Осы ұғымнан мемлекет қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында қажетті шараларды қамтамасыз ететіндігін көрсетеді. Экологиялық өмірді қамтамасыз ету үшін қоршаған орта объектілерімен байланысты қамтиды. Бұл байланыс негізінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажырата аламыз.

Сонымен, осы белгі бойынша экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажырату белгілеріне келесілерді жатқызамыз: өмірді немесе өзге әлеуметтік құндылықты сақтап қалу үшін қоршаған орта объектілерін өңдеу; қоршаған ортаны осындай пайдалануға бағытталғандық немесе тікелей қылмыстық заңмен тыйым салынған әсер ету; қоршаған ортаның қалпы пен сапаның немесе жеке параметрлерінің тікелей әлеуметтік айыпты өзгеруі; адамның қолайлы қоршаған ортаға конституциялық құқығының бұзылуы.

Келесі күрделі белгі ретінде құқыққа қайшылық табылады. Құқыққа қайшылық қоғамға қауіптіліктің заңды көрінісі. Құқыққа қайшылық белгісі әрекеттің тікелей заңда көзделгенін талап етеді, себебі ол онда көзделмесе қандай қоғамға қауіпті болса да қылмыс деп саналмайды. Қылмыстық құқықта ұқсастық бойынша қолдануға рұқсат етілмеген. Құқыққа қайшылық құқық теориясында жалпы және арнаулы болып бөлінеді. Экологиялық қылмыстарға қатысты жалпы құқыққа қайшылық қолданылады, себебі бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтар нормаларының диспозициясы бланкеттік сипатта болып келеді.

Заңшығарушы «қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу» ұғымын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдарын ашқанда кеңінен қолданады. Бұл соңғы жылдары әртүрлі бағытта дамып келе жатқан, соңына дейін құрастырылмаған құрамы аса кең және күрделі арнайы терминологияда қолданылатын басқа экологиялық заңдарға көңіл бөлуді талап етеді. Сондықтан,

қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінен басқа, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің, министрліктер мен ведомстволардың актілерін қолдануды талап етеді. Осы актілерден басқа, ҚР ҚК-нің 13-тарауындағы нормаларды қолдану кезінде табиғатты қорғауды, оны пайдалану мен құрылыс ережелерін реттейтін МОСТ-қа көңіл бөлу керек.

Мәселен, жалпы құқыққа қайшылыққа осы біздің монографиялық зерттеу көлемінде қаралатын орталық орын алатын қылмыстық құқық бұзушылықтар тобы жатады, яғни экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Осылай ҚР ҚК-нің 324-бабында қылмыстың диспозициясында: «Табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу немесе реконструкциялау, пайдалануға беру немесе пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу, егер бұл іс-әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе», - деп көрсетілген, нақты түсініктер ашылмаған¹. Алайда, оның мазмұнын ашу үшін жеке ережелерге сілтеме жасалады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекше материалдық белгісі болып қоғамға қауіптілігі табылады. Қоғамға қауіптілік қауіпті жеке зардаптар, келтірілген экологиялық және экономикалық зиян, сондай-ақ адам денсаулығына келтірілген зиян жиынтығынан ғана тұрмайды. Ол сандық және сапалық сипаттамалардан тұрады. Қоғамға қауіптіліктің сапалық сипаттамасы әлеуметтік құндылықтардың мазмұны мен экологиялық маңызымен анықталады, оған қарсы құқыққа қайшы әрекет тұрады, қоғам мен адамның шынайы мүдделері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді, сондай-ақ экологиялық зиянды тәртіппен анықталады. Сонымен, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ// «Заң» деректер базасы.

қауіптілігі қоғамның экологиялық мүдделерін кемсідуден, яғни кез келген адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығын бұзудан, денсаулыққа, мүлікке, табиғатқа зиян келтіруден, құқықтық табиғат қорғау және өзге нормаларға қадірлеуді жоюдан, халық қауіпсіздігі деңгейінің төмендеуінен көрінеді.

Сандық сипаттамасы оның дәрежесінен көрініп, заңшығарушымен санкцияларда және әрекет жасағанда жауаптылық мазмұнында қолданылады. Қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау белгілеріне: келтірілген зиянның мөлшерімен (ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе, қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына тағы басқа), саралаушы белгілер жиыны және өзге де қоршаған орта объектілерінің әлеуметтік құндылығын кемсідудің сандық параметрлері жатады. Мысалы, ҚР ҚК-нің 327-бабындағы «Ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу» және ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы «Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу» қоғамға қауіптілік деңгейі бойынша ажыратылады.

Заң әдебиеттерінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жүйесіне байланысты және олардың жіктеу мәселесіне қатысты нақты бірыңғай пікір жоқ.

Қазіргі таңда, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар мен экологиялық қылмыстылықты зерттеу бойынша әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу бойынша көптеген тұрғыларды байқауға болады. Олар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау тәсілі, қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі бойынша, субъективтік жағы бойынша, зардаптар бойынша тағы сол сияқты жіктеулерді қамтиды.

Көптеген тұрғылардың болуы жіктеу сөзін анықтауды талап етеді. Жіктеу (лат. тілінен *Classis* – сынып және *fasere* – жасау, бөлшектеу) – ол білімдерді жинақтауға көмектесетін ғылыми танымдағы маңызды әрекетті білдіреді. Орыс тілінің (С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведованың) түсіндірме сөздігі «жіктеу» сөзіне келесі анықтама береді: топтар, сыныптар және бөлімшелер бойынша бөлу,

ал жіктеу мағынасын ашқанда «жіктелуге жататын жүйе ретінде» сипаттайды.

А.А. Гареев, Ю.В. Ивлев, В.П. Малаховтар жіктеу деп белгілі бір қасиеттерге ие бөлу жүйесін айтады, оларға келесілерді жатқызады:

- теориялық және практикалық міндеттерді шешу үшін қажетті белгілер негізінде бөлудің дәйектілігі;

- заттарды топтар бойынша бөлуге мақсатқа лайықтылық, жіктеу орны бойынша олардың қасиеттерін анықтау мүмкін болу керек;

- келесі рәсімдеу процесі үшін ыңғайлы болу керек¹.

Жіктеу ғалымдармен қандай да бір білімді жүйелеу әдісі ретінде қолданылады. «Зерттеу тәсілі ретінде жіктеу екі түрлі мағынада қаралады – бұл зерттеуге жүйе мен тәртіпті енгізеді, екіншіден, ол ішкі жағынан зерттеу тұжырымдарының толықтығы мен дұрыстығын анықтайтын тәсіл»².

Жіктеу түріндегі жүйелендіру көптеген әртүрлі зерттелетін объектілерді аздаған түрдегі объектілерге әкеліп, талдаудың алғышарт өлшемін анықтап ұғымдар мен терминдер жүйесін шығарады. Жіктеу белгілі бір объектілердің арасындағы тұрақты белгілер мен қатынастарды, жаңа байланыстар мен қарым-қатынастарды анықтау үшін қажет. Ол арқылы объектінің оның қасиеттері негізінде белгілі жүйеде орнын анықтауға болады³.

Жіктеу ұғымы мен жүйелендіру ұғымдарын ажырата білу керек. Заң ғылымдарының кандидаты, профессор Л.Н. Кривоченко «жүйелендіру бұл жіктеудің сыртқы жағы», - деп көрсетеді»⁴. Жүйелендіру – бұл белгілі түрге келтіру және әрекеттер байланысы; ол заңды орналасқан белгілі байланыстағы бөліктердің бірлігін белгілі бүтінге келтіру⁵. Осы түрде жүйелендіру жіктеуге қарағанда

¹ Энциклопедия уголовного права: экологические преступления. // изд. профессора Малинина – СПб, 2013. - Т.23. - 560 с.

² Познышев С.В. Основные вопросы изучения о наказании. - М.: Унив. тип., 1904. – 447 с.

³ Осмоловская И.М. Методология науки. Научное познание: формы, методы, подходы. - М., 2001. – 64 с.

⁴ Кривоченко Л.Н. Классификация преступлений. - Харьков:Вицашк. Изд-во при Харьк. ун-те, 1983. - 129 с.

⁵ Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: Азбуковник, 1999. – 944 с.

басқа мақсаттар көздейді, сондықтан олар ұқсас ұғымдар емес. Жіктеу мақсаты болып білімдерді жүйелендіру болады, бірақ оған ол ылғи жете бермейді, ал жүйелендіру мақсаты - тиімді білімдерді жинақтау болып табылады. Сонда жіктеудің ары қарай жалғасы болып жүйелендіру болып табылады.

Жіктеудің негізі бүтінді бөлуге байланысты елеулі қасиеттерге жататын қажетті белгі болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу тәртібі көбінесе қылмыстық заңнама ерекшеліктеріне байланысты күрделене түседі. Сондықтан, осы қылмыстық заңнама нормалары күрделі топтастыруды талап етеді.

Алайда осыған қатысты заң ғылымдарының кандидаты А.А. Гареевтің пікірімен келіспеуге болмайды. «Ол көптеген заңгерлер қылмыстарды жіктеу кезінде мереологиялық бөлу тәсілдерін қолданып нәтижелеріне таксономия қасиеттерін көрсетеді, - дейді. Осындай келіспеушіліктерді жою үшін ол келесі жолдарды көрсетеді: біріншіден, әрбір бөлінудің ерекшелігін ажырата білу керек; екіншіден, жіктеу мен жүйелендіру процестерін синхрондауға көшу керек; үшіншіден, экологиялық қылмыстарды жіктеу мен жүйелендірудің алғашқы бөлу сатыларында «ішкі логикалық қарама-қайшылықты жою керек.

Қазіргі қылмыстық құқық ғылымында экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу бойынша авторлар арасында көптеген тұрғылар орын алады. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды зерттеуші ғалымдар осы мәселеге қатысты әрбіреуі өз жіктеуін ұсынып кеткен. Әрбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу өмір сүруге құқылы, әрбіреуі әр автор пікірі бойынша дәлелденген болатын. Осы пікірлердің кейбіреуін практикаға маңыздылығы болғанына байланысты талдағанды жөн көріп отырмыз. Кез келген құбылысты зерттеу олардың жіктеулік зерттеуінсіз мүмкін емес, себебі ол арқылы жалпы және жеке заңдылықтар ашылады.

Көптеген экологиялық қылмыстылықты сипаттайтын таксономиялық ұғымдар жиынтығына ҚР ҚК-нің «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 13-тарауының белгілерімен айқындалады.

Көбінесе кездесетін жіктеулер қол сұғу объектісі белгісінен – нақты объектілерге қол сұғатындардан (су, ауа, шельф тағы сол

сияқты) бастап қоғамдық қатынастарға қол сұғатындарға дейін бөлінеді. Әрекет сияқты белгі жіктеу кезінде сирек кездеседі, бұл қандай да бір ережелерді немесе нормативтік актілерді бұзу¹.

Осындай талдау кезінде келесі сұрақ туындайды: Ыңғайлы, қызмет істейтін жіктеуді, зерттеу құралы – жіктеуден қалай ажыратады?

Осы сұрақ бойынша А.М. Воронцов пен М.Н. Никанорованың зерттеу жұмысы ғылыми қызығушылық тудырады. Олар біріншіден, белгілі нақты қасиет немесе белгі бойынша таңдалған таксондар жүйесі, жеке таксондардың белгісіз қасиеттерін көруге көмектеседі, жаңа жіктеу объектілерінің пайда болуын анықтауға мүмкіндік жасайды. Екіншіден, бөлінген таксондар біздің жағдайда, базалық нормативтік және құқық қолдану практикасына сәйкес келу керек. Үшіншіден, таксондар ерекшелік (қауіптілік) деңгейі бойынша тез анықталуы тиіс, ол арқылы басымдықтарды және экологиялық қауіпсіздікке басты төнетін қауіптерді анықтауға болады. Төртіншіден, біркелкі түсіп қалған көріністер болмау керек, сонымен қатар, жіктеу топтары 7 ± 4 көлемде болуы шарт, себебі үлкен жіктеу топтары ақпаратты емес сипатта болады, ал көп объектілер мен бөлінулердің болуы адам психикасы ерекшелігіне байланысты түсіну қиындыққа әкеледі².

Мәселен, үлкен жіктеуді заң ғылымдарының кандидаты Б.Ш. Исмаилова береді. Біз оны жаңа қылмыстық кодексе сәйкестендіру жолымен келесідей берген едік. Ол тікелей объекті бойынша келесі жіктеу береді:

1) Жұмыс жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 324-бабы);

2) Экологиялық қауіпті объектілермен айналысқан кезде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 325-326-баптары);

¹ Каражанов М.Д. Проблема классификации экологических преступлений (сравнительный анализ УК Республики Казахстан, Российской Федерации и Республики Беларусь) // Материали за 9-а международна научна практична конференция, «Новината за напреднали наука». – София, 2013. - Т.32. - С.3-6.

² Воронцова А.М., Никанорова М.Н., Тангиев Б.Б. Разработка классификационной системы экологической преступности и построение новой методологии по выявлению и оценке приоритетных угроз в зонах экологического бедствия и зонах чрезвычайных ситуаций. //Проблемы управления рисками в техносфере. – 2008. - Т.5. - №1. - С.153-158.

3) Ауыл шаруашылық қызметіндегі экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 327, 332-баптары);

4) Суды қорғауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 328, 330-баптары);

5) Ауаны қорғауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 329-бап);

6) Жер мен жер қойнауын қорғауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 331, 333-334-баптары);

7) Табиғи биологиялық ресурстарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 335-342-баптар).

Көптеген заңгерлер экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды тұрақты белгісі бойынша – тікелей объект пен қылмыстық құқық бұзушылық заты байланысында жүргізуді қолдайды. Мұндай жағдайда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды келесідей жіктеуге болады:

1) Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 324, 325, 331, 342 баптары);

2) Арнайы сипаттағы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 326-330, 332-341, 343 баптары).

Осыған ұқсас, бірақ қылмыстық құқық бұзушылық затымен байланысты жіктеуді заң ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Л. Романова береді. Ол келесі қылмыстар топтарын бөледі:

1) Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар, тікелей объектісі - халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қоғамдық қатынастар, қылмыс заты – бүтіндей табиғи орта;

2) Арнайы сипаттағы экологиялық қылмыстар, тікелей объектісі – жеке табиғат қалыптастыратын компоненттерді қорғау аясындағы қоғамдық қатынастар, қылмыс заты – сол компоненттер (су, ауа, жер тағы басқа);

3) Туынды табиғи компоненттерді (жануарлар мен өсімдіктер дүниесі және биогенездар) қорғауға қол сұғатын ерекше экологиялық қылмыстар¹.

¹ Романова Н.Л. Соотношение экологических преступлений и административных правонарушений в сфере экологии: проблемные вопросы // 4-я международ. науч.-практ. конф., посвящ. 250-летию образования МГУ на юрид. ф-те МГУ им. М.В. Ломоносова /отв. ред. В.С. Комиссаров. - М., 2005. - С.56.

Бұл жіктеу қылмыс заты бойынша елеулі болып келеді, бірақ мұндай жағдай біздің пікір бойынша заңшығарушының тікелей объект бойынша ҚР ҚК-де қылмыстық құқық бұзушылықтар топтарын орналастыру ерекшелігіне сәйкес келмейді және құқық қолданушымен қолдануға ыңғайсыз болады.

Тікелей объект бойынша өзгеше жіктеуді заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев береді:

1) Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 324-327, 343 баптар);

2) Суды және атмосфераны тиімді пайдалануға және қорғауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 328-330 баптары);

3) Жерді, құрлықтық шельф, жер қойнауын қорғауға және пайдалану ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 331-334 баптары);

4) Жануарлар дүниесін тиімді пайдалану, сақтау және қорғау ережелеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 335-338 баптары);

5) Өсімдіктер дүниесін қорғау және тиімді пайдалану ережелеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 340-341 баптары);

6) Ерекше табиғи биологиялық түрдегі дүниелерді қорғау ережелеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 339, 342 баптары)¹.

«Ресей Қылмыстық құқығы» Практикалық курс авторларының тобы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды олардың орналасу ерекшелігіне байланысты келесі түрлерге бөлген:

1) Жалпы экологиялық орта мен оны құраушыларға қарсы қылмыстар;

2) Экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар;

3) Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау аясындағы қылмыстар².

¹ Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер – Алматы: Жеті-жарғы, 2015 – 768 б.

² Уголовное право России. Практический курс: учеб.-практ. пос.: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» /под ред. Р.А. Адельханяна; под науч. ред. А.В. Наумова - 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Волтерс Клувер, 2004. – 752 с.

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент В.В. Сверчков экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды келесі түрлерге бөледі:

1) Жалпы экологиялық қауіпсіздік ережелерін бұзумен сипатталатын қылмыстар;

2) Базалық табиғи ортаның объектілеріне (су, ауа, жер, жер қойнауы, құрлықтық шельф) қатысты қылмыстар;

3) Балық, өсімдік және өзге де органикалық дүниеге қатысты қылмыстар¹.

Осы жерде, жіктеу кезінде толық еместік орын алған, ол өз кезегінде жіктеудің негізгі ұғымдарын түсінуге қиындық туғызады. Автормен берілген жіктеуде «жалпы экологиялық қауіпсіздік» ретінде нені түсіну керек анықталмаған, яғни онда «арнаулы экологиялық қауіпсіздік» те өмір сүруі ғажап емес.

Заң ғылымдарының кандидаты Т.В. Ваулина экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеуде табиғатты тірі (өсімдіктер мен жануарлар) және тірі емес (жер, ауа, су, жер қойнауы) деп бөлуді ұсынады. Осыған байланысты ол экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды үш топқа жіктеуді ұсынады:

бірінші топқа ол қандай да бір ережелерді бұзумен байланысты қылмыстарды жатқызады (талаптарды бұзу, микробиологиялық агенттер мен улы заттармен жұмыс істеу, ветеринариялық тағы басқа);

екінші топқа - тірі емес табиғатқа қол сұғу (суларды ластау, ауаны, құрлықтық шельф туралы заңнаманы сақтамау, жерді бүлдіру, жер қойнауын қорғау және пайдалану туралы ережелерді бұзу);

үшінші топқа – тірі табиғатқа қарсы қылмыстар (ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою немесе зақымдау, жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу, заңсыз аңшылық тағы басқалары)².

Бұл жіктеуде барлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу сияқты шартты болып келеді, себебі «Ерекше қорғалатын

¹ Сверчков В.В. Ответственность за экологические преступления по российскому уголовному законодательству. -Н.Новгород, 1998. - 269 с.

² Ваулина Т.И. Уголовное право. Особенная часть: учебник. /под ред. И.Я. Козаченко. М.: НОРМА: ИНФРА-М-НОРМА, 2000. – 755 с.

табиғи аумақтар режимінің бұзылуы» сияқты экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық түрі тірі және тірі емес те табиғат түріне жатады. Сондықтан, бұл жіктеу де тиімді болып табылады және өмір сүруге толық құқығы бар.

Сондықтан, қазіргі қылмыстық заңнама осы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар саласында химиядағы Менделеев таблицасы сияқты жолмен «ашық орындардан» тұрады. Олар келешекте экологиялық деп танылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қажет болады.

Осындай заңшығарушының келешекке «экологиялық әлеуеті бар қылмыстық құқық бұзушылықтар» бойынша көңіл бөлгенін көптеген ғалымдар да қолдайды. Мәселен, И.Ш. Борчашвили, С.Д. Бекишева, Б.Ш. Исмаилова, М.М. Бринчук, О.Л. Дубовик, М.А. Лапина, Н.Л. Романова және тағы басқалар ҚР ҚК-нің 13-тарауынан басқа тарауларда да қоршаған табиғи ортаны қорғауға қол сұғумен байланысты басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар бар екенін өздерінің зерттеулерінде атап көрсеткен.

Әртүрлі жіктеулерде авторлар ҚР ҚК-нің 13-тарауындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ғана есепке алып, экология, қоршаған орта және экологиялық қауіпсіздікке қатысты басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеуде ескермейді. Мәселен, осыған байланысты заң ғылымдарының докторы, профессор О.Л. Дубовик РФ Қылмыстық кодексінің 26-тарауын есепке алып барлық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды екі топқа бөлуді ұсынады:

- ҚК-тің 26-тарауындағы (ҚР ҚК-нің 13-тарауы) жауаптылықты көздейтін қылмыстар;

- РФ Қылмыстық кодексінің өзге тарауларына енгізілген экологиялық қылмыстар.

Сонымен қатар, заң ғылымдарының докторы, профессор О.Л. Дубовик РФ ҚК-нің 26 тарауына кіретін қылмыстарды келесідей жіктейді:

1) экологиялық маңызды қызмет ережелерін бұзудан тұратын қылмыстар, тікелей объектісі – қызмет тәртібі;

2) қоршаған ортаның жеке элементтеріне (су, ауа, орман, жер қойнауы, құрлықтық шельф, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) қол сұғатын қылмыстар;

3) Өсімдік мен жануарлар дүниесі объектілеріне қол сұғатын қылмыстар.

Отандық атақты-ғалымдар С.М. Рахметов, Е.О. Алауханов, Т.Ә. Бабанов басшылығымен жазылған Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы оқулығында үш деңгейлі жүйе ескерілген. Авторлар ұжымы экологиялық қылмыстарды оның объектісі бойынша келесідей жіктейді:

- Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар;

- Өсімдіктердің (флора) және жануарлардың (фауна) сақталуына қарсы қылмыстар;

- Жер қойнауының сақталуына қол сұғатын қылмыстар.

Алайда, аталған жіктеуде үш деңгейлі жүйе дұрысырақ, бірақ жалпы сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп жіктесе, онда екіншісі арнаулы сипаттағы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар болуы шарт еді. Сонымен қатар, үшінші топта жер қойнауы сияқты қоршаған ортаның элементі қолданылса, онда неге су, ауа, жер сияқты объектілер есепке алынбайды. Әр түрлі авторлармен ұсынылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеудің әдістері мен тәсілдерін бағалап, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеуде заңшығарушы қолданған қылмыстық құқық бұзушылықтарды олардың тікелей объектісі бойынша жіктеуді жөн көрдік:

1) Экологиялық орта мен оны құрайтындарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 328-334, 342-баптары);

2) Экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар немесе заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев ұсынған сияқты «Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар» [91, 557 б.] (ҚР ҚК-нің 324-327, 343-баптары);

3) Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 335-341 баптары).

Осы жіктеу біздің ойымызша, әрекеттердің қоғамға қауіптілігін сипаттайды және ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан ажыратуға ықпал етеді. Сонымен, жоғарыда айтылғандар бойынша келесі тұжырымдарды жасауға болады:

1. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар – бұл ҚР ҚК-нің 13-ші тарауында көзделген қоршаған орта мен оның

компоненттеріне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын және қоршаған орта жағдайы мен сапасының елеулі өзгеруіне әкелетін, зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін туғызатын кінәлі қоғамға қауіпті әрекет». Қазақстан Республикасының ҚК-нің 3-бабына экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымына анықтаманы сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар сияқты енгізген жөн болады.

2. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар келесі белгілерге сәйкес болуға тиіс: экологиялық, құқыққа қайшылық, қоғамға қауіптілік.

3. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды олардың тікелей объектісі бойынша келесідей жіктейміз:

1) Экологиялық орта мен оны құрайтындарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 328-334, 342-баптары);

2) Экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар немесе заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев ұсынған сияқты «Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар» (ҚР ҚК-нің 324-327, 343-баптары);

3) Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 335-341 баптары).

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобы өзіндік объективтік және субъективтік белгілермен сипатталады. Әрбір қылмыстық құқық бұзушылық өзінің затымен байланыста болады және онымен ерекшеленеді. Сондықтан, осы ерекшеліктерді ашу үшін зерттеу жұмысының орталық мәселесі - экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық аспектісі шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау және бағалау жолымен ашылады. Шетелдердің тәжірибесі экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жетілдіруде және онымен күрес жүргізуде үлкен көмегін тигізеді. Сондықтан, өз қателерімізді жою үшін шетелдік тәжірибені пайдаланған дұрыс болар.

2.5 Жоғарғы білім беру саласындағы 2010-2017 жылғы реформаларға құқықтық талдау

Білім саласын реформалау тарихи, құқықтық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ оның негізі Адам құқықтарының жалпы ортақ декларациясын айтуға болады. Онда әрбір адамның білім алуға деген құқығына басымдық берілген болатын. Білім алуға құқық адамның нәсіліне, тіліне, дініне, жынысына қарамастан тең екендігін айқындап берген болатын. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясы 10.12.1948 жылы 217 А (III) резолюциясы¹ адамның білім алуға деген құқығы адамның табиғи құқығы ретінде табылғандығын білдіреді. Осы аталған тарихи құжаттың жалғасы іспетті 1990 жылы Джомтъянде (Таиланд) 150 мемлекет «Баршаға арналған білім/ Education for all» (EFA) дүниежүзілік қозғалыстың тұжырымдамасын қабылдады². Баршаға арналған білім бұл нақты өз елінің әлеуеттік-экономикалық жағдайын жасау арқылы білімге бет бұрғанын айғағы. Әлемде миллиартқа жуық ересек адамдардың сауатсыздығы бүкіл адамзатқа қатерлі сын болып отыр. Жаңа мыңжылдықтың басында әркімге арналған білімнің тұжырымдамасы жаңа жаһандық бастама болды.

2015 жылдан бастап адамның білім алу құқығын қамтамасыз етуде үлкен ілгерілеуге қол жеткізілді. Ондаған жылдың ішінде мектепке бармайтын балалардың саны шамамен 2 есе, әлем халқы сауатсыздығының деңгейі 1,2 есе азайды. Алайда, білімнің басты мәселелері жаһандық әлемнің күн тәртібінде әлі де тұр. Мұндай аспекті білім беру ошақтарына қаржылық инвестициялардың жеткіліксіздігімен және барлық балалардың сапалы білімге шектеулі қолжетімділігімен түсіндіріледі. ЮНЕСКО жыл сайын әлемнің 180 астам мемлекеттің қабылдаған міндеттемелері үшін жауапкершілігінің мониторингін жүргізеді. Баршаға арналған білім (БАБ) мониторингінің тұңғыш дүниежүзілік баяндамасы 2002 жылы жарияланған еді.³ Баршаға арналған білімнің баяндамасына сәйкес 94

¹ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясы 10.12.1948 жылы 217 А (III) резолюциясы.

² Баршаға арналған білім туралы дүниежүзілік декларация. Джомтъян, 1990ж.

³ «Дакар іс-әрекет жиектемелері. Баршаға арналған білім: біздің ұжымдық міндеттерімізді орындау» Астана.-2017ж.

елде білім берудің алдына қойған мақсаттарына қол жеткізу ұсынылған еді.

Бүгінгі күннің жаңа талабы білім және еңбек нарығы бойынша сәйкестендіру қажеттігі артып келеді. Білім саласы тез өзгермелі еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыр алатындай бейімделуі қажет.

2020 жылға қарай жоғары білімі мен қажетті біліктілігі бар мамандардың жетіспеушілігі бүкіл әлемде 40 млн. адамды құрайды. Білім кіріс деңгейімен тығыз байланысты: әлемнің 139 елінде әрбір қосымша оқу жылының тиімділік нормасы шамамен 9,7% құрайды. Білім алушылардың анағұрлым жоғары білім алу мүддесін қамтамасыз ету үшін білімге инвестициялар керек. Бұл білікті жұмыс күшіне сұранысты арттыруға жағдай жасайтын тиісті экономикалық саясатпен қуаттандырылу керек¹.

Білім беру саласының дамуы әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары мен муниципалитеттерің дамуын жетілдірудің тетігі ретінде білім мен оқуды өмір бойы тиімді пайдалануға болады. Жергілікті мемлекеттік басқару мен білім саласындағы байланысты шынайы дамыту қажеттігі байқалады. Оның дәлелі ретінде Колумбия, Шанхай, Калифорнияны алсақ.

Білім беру және ағарту қызметі негізінде әлеуметтік түрлендіру стратегияларының арқасында Медельин мэрі (Колумбия) өз қаласын зорлық-зомбылықтың дүниежүзілік астанасынан әлемнің заманауи қалаларының біріне айналдырды. Қалалар өздерін жоғары білім берудің, дағдылар мен таланттарды, білім мен инновацияларды дамытудың әлемдік орталықтары ретінде жайғастырып, адами ресурстарды және шетелдік инвестицияларды тартады. Шанхай (Қытай) ірі қаласы талантты адамдардың көп санын тартады, онда 100 мыңнан астам ЖОО-лардың түлектері тұрады, ал колледж дипломы бар мамандардың саны он жылда екі есе артты. Мамандардың пікірі бойынша, Стэнфорд университеті экономикаға

¹ «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама», 2017 жыл. С. Ырсалиев, А. Құлтуманова, Э. Төлеков, Т. Бұлдыбаев, Г. Кусиденова, Б. Ысқақов, Л. Забара, Л. Барон, Е. Коротких - Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 - 482 б. http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017_kaz_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf.

едәуір жаһандық ықпал етеді: ол орналасқан Калифорния штатында оның түлектері құрған 18 мың фирма тіркелді.

Білімнің нақтылығы мен оның дамуы өзкезегінде әлемнің тұрақты дамуына әсер ететін негізгі фактор ренде қарастырсақ болады. Мысалы, зерттеу өткізілген 66 мемлекеттің тек 8% ғана 2013 жылы тұрақты даму мәселелерін мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына енгізген.

Ойластырылған, инклюзивті және баршаға қолжетімді шаралар жанжалдарды реттеуге және әлеуметтік бірлікті арттыруға, адам құқықтарына қатысты заңдар және терминдер туралы анағұрлым жақсы хабардар болуға, жаһандық азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға жағдай жасады. 78 мемлекетте оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша 110 астам ұлттық жиектемелік құжаттарды талдауы 2005-2015жж. жүргізілген. Оның үштен төрті мемлекет белгілі бір нысанда өздерінің оқу бағдарламаларында тұрақты даму мәселелеріне назар аударғанын көрсетті. БМДБ жұмысы шеңберінде орта мектепке арналған тарих, азаматтану, әлеуметтік пәндер мен география оқулықтары бойынша деректердің үш жиыны әзірленді. Талдау көрсеткендей, 2000-2013жж. адам құқықтары, 1890-1913жж.5% салыстырғанда, оқулықтардың шамамен 50%-да аталды.

Соңғы ширек ғасыр бойы адамның дамуын Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы негізінде дүниежүзінің әл-ауқатын осы елдің адами дамуымен өлшеніп отыр. Әр бір тұлғаның ұзақ өмір сүруімен сапалы білім алуға құқығы танылып отыр.

Адами даму тұжырымдамасы мен өлшемі туралы баяндамада өмір ұзақтығын, ересектердің сауаттылығын және жан басына шаққандағы ЖІӨ-ді қандайда бір мемлекеттің гүлденуінің басты көрсеткіші ретінде алып отыр¹. Халықаралық сарапшылар адамның дамуын оның білім дәрежесіне қарай деп баға беріп отыр. Адамның әл-ауқаты мен осы елдің экономикалық көрсеткіштері де осы жеке адамның білім деңгейімен сарапталып отыр.

АДИ-1990 рейтингінде КСРО құрамындағы Қазақстан 130 әлем елдерінің ішінде 26-орынға ие болды. 1993 жылы егеменді Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан жоғары АДИ-мен мемлекеттер тобына кірді (0,802 немесе 54-орын). 1994-1998 жылдары Қазақстан АДИ-

¹ ҚР білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама. Астана,-2013ж.
Режим доступа: edu.gov.kz/.../natsionalnyy%20doklad%20o%20sostoyanii%20i%20raz

інің төмендеуіне 90-жылдардағы саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай ықпал етті (-0,107). Мемлекет көрсеткіштерінің оң динамикасы 2000 жылдан 2009 жылға дейін тіркелді (+0,05). 2008-2009 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыс АДИ-дің 13 жылға кейін қайту нүктесінің себебі болды (1997ж. - 0,709 және 2010ж. - 0,714). Соңғы бес жылда Қазақстан АДИ-ді 0,08-ге арттырды және 188 әлем елдерінің ішінде 56-орынға ие болды (2016ж. - 0,794). Қазақстан АДИ-нің тарихи реті күтілетін өмір ұзақтығының (+2,8 жыл) және жан басына шаққандағы Жалпы ұлттық кіріс (ЖҰК) (+8 578\$) оң динамикасын дәлелдейді. Осы кезекте, қазақстандықтың тууы кезінде күтілетін өмір ұзақтығы, Гонконгпен салыстырғанда, 14,6 жылға қысқа. Осында оның ең жоғары мәні тіркелді (84,2 жас). Қазақстан мен Сингапурдың жан басына шаққандағы ЖҰК көрсеткіштеріндегі айырмашылығы 56 мың долларды құрайды (Сингапур - 78 162\$, Қазақстан - 22 162\$). Халықаралық сарапшылар АДИ-і индикаторларының шекті мәндерін жыл сайын түзетеді. Алғашқы есептеу әдістемелерінде өмір ұзақтығының ең жоғары мәні 78 жасты құраса, 2016 жылы 85 жасты құрады. АДИ-2016 баяндамасында әлемде оқудың орташа ұзақтығы 15 жылға дейін артты (1991ж. - 12,2 жыл). 2009 жылға дейін Білім Индексі АДИ-де 2 көрсеткіш негізінде есептелді. Бұл - 15 және одан асқан жастағы ересектердің сауаттылығы және біліммен қамту құрама коэффициенті. Қазақстан индексінің жиынтық мәні 2010 жылы 0,965 құрады. 2010 жылы Білім индексінің әдістемесі қайта қаралды. Оқудың орташа және күтілетін ұзақтығының көрсеткіштері енгізілді. Бұл адами даму тұжырымдамасы – сауатты болу және өмір бойы білім алу құқығы. Осы компоненттердің жылдар динамикасындағы мәндері денсаулық пен кіріс көрсеткіштерінен әрдайым артық болды. Осылайша, білім беру жүйесі Қазақстан АДИ тұрақтылығы мен өсімінің әрдайым басты факторы болды.

Бірікен Ұлттар Ұйымының «Баршаға және әркімге арналған адами даму» 2017 жылғы баяндамасында жаңа ғасырда адамның жаңа тұрпаты мен дағдыларын қалыптастыру көкейтесті өзекті екендігін көрсетіп отыр. Өмір бойы білім алуды меңгеруге сыни тұрғыдан ойлау, жасампаздық және коммуникативтілікті дамытып жетілдіруді қажет етіп отыр. Адам өзін өзі дамыту жетілдіру арқылы өзінің білімі

мен дүние танымын көбейтіп отыруына арналған үздіксіз білім беру қолға алынған.

Адмның білімі қазырғы таңда екі жолмен қарастырылуда. Бірінші, ересектердің білім деңгейі мен орта және жоғары білімі барлар. Салыстырмалы түрде қарастырсақ ересектердің сауаттылығы жоғары көрсеткішке ал, жоғары білімі барлардың саны аздығын статистикалық мәліметтер көрсетіп отыр. Мамандардың пікірінше саны жағынан емес сапалық жағынан қарастыратын бірегей индекстің жоқтығын алға тартып отыр.

Еліміз экономикалы, әлеуметтік саланы дамытуды қолға алып қолдан келген барлық іс-шараларды жасап жатыр. Дегенмен, айтарлықтай нәтижелер де жоқ емес бірақ біздегі бар табиғи ресурстармен оданда жоғары дәрежеде дамуға болатындығын жұртшылық айтып жүр. Біздің ойымызша, аталған мақсаттарға тек еліміздің адамдары денсаулығы мықты, білімі жоғары, мәдени рухани құндылықтар деңгейін жоғарлату арқылы ғана жетуге болады. Бұл дегеніміз, мықты адами капиталды ғана дамыту арқылы экономикалық әлеуметтік және тағы басқа мәселелерді шешуге болады.

Жаңа ғасырда адами капиталды жаңа құзыреті мен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегінсіз елестету мүмкін емес. Сондықтан да, әлемдік жаһандануда интернет пен электронды кітаптарды ақпараттық дерек қорларды және олармен жұмыс сасауды автоматтандыру және халықтың ол бойынша сауатын арттыру қажет. Қазырғы таңда ІТ технология мамандығы бойынша маман даярлау қолға алынғанымен жалпы көпшілік жаппай сауатты деп айтуға әлі ертерек. Егер әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ дамыған елдерде ІТ технологияны пайдалану мен қолдану бойынша көрсеткіш жоғары екенін байқауға болады. Қазақстан Республикасы да 2009 жылдан бері осы БҰҰ рейтингіне қатысып жиырма төғызыншы орынды иеленіп келеді. Халықтың ғаламторды пайдалану көрсеткіші жоғарлап отырғанын, телекоммуникация дамуы мен халықтың қолжетімділігі осы ақрапаттық технологияны пайдаланып жоғары білім алу бойынша көрсеткіштің 2009 жылы 9пайыз болса 2016 жылы ол 41 пайызды құрағанын көріп отырмыз. Университеттерде веб-платформалардың, онлайн курстар, бейнеконференциялар,

интерактивті қосымшалар жоғары білімді түрлендіріп отыр. Жоғары оқу орынна түсі кезінен бастап осы ақпараттық технологияларды пайдалану, студенттің оқу үлгерімін бағалау бойынша платон жүйесін пайдалану, барлық қажет ақпаратты университеттің интернеттегі желісінен табуға болатын ақпараттық техниканың көмегі өте зор. Сонымен қатар, қазіргі таңда Еуропа мен АҚШ жоғары білім алушылар мен екінші жоғары білім алушылар және жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың еңбек ету құқығы бұзылмай білім алуына да осы технологияна пайдалану арқасында мүмкін болып отыр. Ол қашықтықтан жоғары білім беру тәсілі. Ұлттық білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен оны пайдалану қарқынан одан әрі жетілдіре түскен абзал деп ойлаймыз. Жоғары білім беру саласындағы құқықтық реформалаудың ендігі жаңа бағыты осы саланы қамтуы тиіс деп ойлаймыз.

Жоғары білім беру саласын құқықтық реформалау кезең кезеңмен алдын ала жоспарланған жүйемен еніп отырды. Кез келген саланы дамыту жетілдіру үшін осы саланы зерттеп зерделеп барып енгізеді. Сондықтан да, білім салу саласындағы реформалар қажеттігі еліміздің саяси сахынада тәуелсіздік алуымен байланыстырған жөн. Еліміздегі саяси өзгерістердің нәтижесінде Егеменді ел болып отырмыз. Осы егемен ел болу мен тұңғыш ҚР Конституциясы қабылданып осы тарихи оқиға еліміз үшін құқықтық реформалауды қамтамасыз етудегі ең алғашқы ерекшелік деп қарастыру қажет. Тәуелсіз Қазақстанның екінші Ата заңы қабылданған уақыттан бастап құқықтық қамтамасыз ету жаңа бағытта дамуға бет бұрды. ҚР Конституциясының 30-шы бабында білім беру туралы жаңа бағытқа дамуға негіз қаланған еді. Білім туралы ҚР заңының құқықтық негізі осы ата заңға негізделіп ондағы басты қағидалар заңның ең негізгі құндылығы ретінде басшылыққа алынып келеді.

Білім беру саласында мемлекет әр түрлі саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына орай білім беру саласын құқықтық реттеуде өзінің дербес саясатын жүргізіп келген еді. Еліміздегі барша ның сапалы білім алуына тең құқықылы болуын қамтамасыз етіледі. Қазақстанда білім беру жүйесін дамытудың басымдығы болады. Адамның зияткерлік дамуы, халықтың барлық деңгейін білімге қолжетімділігін қамтамасыз етудің дарыны бар адамдардың білімін дамыту мен жеке адамның білімін ынталандыру. Сонымен

қатар, білім беру деңгейлерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету. Білім беру саласының ашықтығын демократиялық сипатын қамтамасыз ету арқылы қамту. Ата заңымыздағы 30-шы бапта білім беру мекемелері меншік нысанына қарамастан мемлекеттік стандартқа сәйкес болуы тиіс. Ол тек орта білім беру саласында ғана емес сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесінде, осы талап қойылған болатын ҚР Конституциясы негізінде. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай орта білім де жоғары білім де алуан түрлі болып отыр. Оған негіз білім туралы ҚР заңының 3-бабына сәйкес «білім беру ұйымының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрі болуы» көрсетілген. Осы орайда заңнамалардың арасындағы қарама қайшылық болғанымен құқықтық қамтамасыз ету барысында қажетті нормативтік құқықтық актілер арқылы реттеліп отыр. Дегенмен, біздің ойымызша ҚР Конституциясының нормасындағы талап бұзылып отыр. Сондықтан да, не Ата заңға тиісінде өзгертулермен толықтырулар енгізу қажет. Заңдардың жоғарыдан төмен қарай бағыныштылығын ескере отырып Білім туралы заңды ҚР Конституциясына өзгертуге де болар еді онда, қазырғы жағдайдағы білім беру саласының әртүрлілігі мен дербестігі туралы мәселе туралы мемлекеттік саясаттың жүзеге аспауы. Еліміздің әлемдік жоғары оқу орындарымен терезесі тең болып оның түлектерінің дипломдарын әлемнің елдері тану үшін жүргізіп отырған саясаты мен Елбасының жолдаулары Үкіметтің бағдарламалары іске асыруға құқықтық тұрғыдан кедергі іспетті қарастыруға болады. Дегенмен, заң шығарушы орган аталған мәселе бойынша көкейтесті өзектілікті байқамай отырған сыңай танытып келеді. Алайда құқықтық мемлекет ретінде өзін әлемге жар салып отырған Қазақстан үшін аталған олқылықты қалайда болса түзету қажет. Өйтпегенде заң нормасының орындалуы мен оныдағы құқықтық қамтамасыз ету қағидасы бұзылып отыр деген ой түйеміз. Мамандардың пікірі бойынша да білім туралы заңдағы осы норма мен ҚР Конституциясының арасындағы құқықтық ерекшелікті жоюды қалың көпшілікке жариялап келеді. Құқықтық қамтамасыз ету бойынша 2017 жылғы ата заңға енгізілген толықтырулар мен өзгертулерге арнайы ұсыныс та жасалынған болатын, алайда аталған баптың нормасын қарастыру өзектілігі жағынан маңызды болғанымен бірінші кезекте меншік мәселесі мен мемлекеттік билік органдарының

арасындағы өзара өкілеттіктер мен құзыреттіліктер аясында ғана қарстырылып тиісінше өзгерістер енген болатын. Білім мен ғылым саласын зерттеп жүрген көптеген ғалымдар мен жоғары білім беру саласын зертеушілер ҚР Конституциясыны өзгерістер енгізу туралы Елбасы ұсынысын жариялаған кезде осы көкейтесті мәселені де шешу бойынша ұсыныстар жасап оң өзгерістер күткен еді. Алайда аталған мәсел сол күнде қалып отыр. Заңдардың орындалуын қамтамасыз ету үшін заңмен реттеу тетігі қарастырлған. Мемлекеттің ұзақ мерзімге және қысқа мерзімге жасалынған бағдарламалары аясында білім беру жүйесін дамыту халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылмақ. Оған алғы шарттар мен құқықтық негіздер де қаланған. Бірақ ең басты Ата заңдағы 30-шы баптың нормасын өзгеріссіз қалдырғаны бізге түсініксіз жағдай болып отыр. Аталған саланы құқықтық тұрғыдан зерттеп, зерделейтін отандық ғалымдардың өте аз болуы мен осы салаға қатысты ғылыми зерттеу институттарының болмауы да, тақырыптың өзектілігін тиісінше зерттелмегендігін байқатып отыр. Дегенмен, аталған тақырып аясында 2012-2015 жылдары ғылыми жоба аясында зерттелген. Ата заңдағы осы норма біздің ойымызша да барлық стратегиялық бағдарламалардың тиісінше дауына кедергі болмағанымен теориялық тұрғыдан алғанда құқыққа сай емес жүзеге асырылып отыр. Сондықтан да, кез келген реформалауды жасау үшін құқықтық қамтамасыз етілу ерекшеліктері негізсіз және заңсыз дегенге сайып келеді. Кез келген бағдарлама мен жолдаудағы Елбасының тапсырмасы тиісінше Үкіметтің және министірліктің нормативтік құқықтық актісі шығаруымен орындалуға жол ашылып отыр. Жоғары білім беру саласының сан алуан түрінің болуын мемлекет өзі тиісінше көрсетіп отыр. Осыған орай мемлекетімізде әр түрлі басқару деңгейіндегі органдардың шығарғын нормативтік құқықтық актілерін жүзеге асырып келеді. Жоғары білім беру саласында білім беру бағдарламаларының алуан түрлі болуына ата заңның 30-шы бабы құқықтық тұрғыдан қарағанда кедергі келтіріп отыр. Барлық жоғары оқу орындары мемлекеттік стандарт негізінде білім беру бағдарламалар негізінде ғана жүзеге асыруы тиіс. Алайда елімізде Назарбаев автономды университеті бар. Ол құқықтық тұрғыдан қарағанда отандық заңнама аясынан тыс ретеліп отыр. Осы тұрғыдан алғанда ҚР Конституциясының нормасына тиісінше өзгертулер

енгізбей жүзеге асыруға қалай жол беріліп отыр. Азаматтық кодексі негізінде заңды тұлға ретінде университет автономды болуға құқықтық негіз бар болғанымен мемлекеттік стандарт Конституцияда көрсетілгендей барлық жоғары оқу орындарында сақталуы тиіс болып отыр. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай АҚ-ның жарғылық қорында негізгі қызмет көрсету аясын жазу арқылы құрылып отырған ерекше нысандағы Назарбаев университетінің тәжірибесінде байқап отырмыз. Ендігі жолдауда осы Назарбаев университетінің тәжірибесін негізге ала отырып өзге жеке меншік нысандағы жоғары оқу орындарының автономды университет ретінде қайта құрылуына құқықтық негіз жоқ деп ойлаймыз. Сондықтан да, аталған бағытта жұмыс жалғастыру үшін бірінші тиісінше құқықтық қамтамасыз ету қажеттігі осыдан көрініп тұр.

Әлемдік жоғары оқу орындарының тәжірибесіне жүгінетін болсақ онда білім беру жүйесінің әр алуандығы заңмен тыйым салынатын норма жоқ. Онда білім беру жүйесінің автономдығы барлық деңгейдегі заңнамамен рұқсат етілген және айқындалған. Сондықтан да, құқықтық тұрғыдан қарастырғанда ешқандай мәселе жоқ. Халықаралық заңнама аясында да адамның білім алуы ол табиғи құқық ретінде танылып отыр. Сондықтан да, халықаралық қауымдастық өз заңнамаларын тиісінше өзгертіп алған. Дегенмен, әр елдің ұлттық және басқа да ерекшеліктеріне қарай өздерінің ұлттық білім беру жүйелерін қалыптастыру барысында ең алғаш құқықтық қамтудан бастау алады. Оған мысалыға 2010 жылы еліміз мүше болған Болон процесін айтсақ болады. Еуропа елдері жоғары білім беру саласын интеграциялау мен жаһандандыру үшін ең бірінші Лисабон конвенциясын қабылдау арқылы халықаралық акті қабылдап барып қана оны одан әрі жүзеге асыруға құқықтық негіз қалаған болатын. Біздің елімізде осы халықаралық құжатқа қол қою арқылы еніп отыр. Осы құжат аясында жоғары білім беру жүйеміз сәйкесінше қайта қалыптасқан болатын. Бұл тұрғыдан қарасақ халықаралық рационализацияланған актілердің заңдық күші ата заңнан да басы екендігі осы конституциямыздың өзінде көрсетілген. Сондықтан да, практикадағы заңгерлердің пікірінше ҚР Конституциясына ешқандай да өзгерістер енгізбей ақ халықаралық норманы тікелей қолдануға болатындығын алға тартып отыр. Бір жағына алып қарасақ, ол да заңға қайшы емес, білім туралы ҚР заңының орындалуына осы

халықаралық құжат та жеткілікті болып отырған тәрізді. Алайда біздіңше, ҚР Конституциясына тиісінше өзгерістер енгізбей тек тікелей халықаралық норманы қолдану теориялық тұрғыдан қате пікір деген ойдамыз. Халықаралық акті негізінде жоғары білім саласын реттеудің өзі ең алғаш Ата заңмен сайкестендірілуді қажет етеді. Реформалауды құқықтық қамтамасыз ету осы елдің ең негізгі заңынан бастау алуиіс деп ойлаймыз. Әлемдік дамыған елдердің тәжірибесін қарайтын болсақ Болон процесіне еніп отырған бастапқы құрушы елдерің өз елдерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалатын норманы қалдыра отырып Еурпалық жоғары білім беру кеңістігіне енгіп отырғанын көріп отырмыз. Ешбір Еуропа елдері өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан жоғары білім беру жүйесін түбірімен түбегейлі өзгерткен жоқ. Олар өздерінің заңнамаларын да тек халықаралық қауымдастық түлектердің дипломдарын ресми түрде танып олар жұмыспен қамтамасыз етілулеріне құқықтық тұрғыдан жол ашып беріп қана отыр. Сондықтан да, аталған халықаралық норманың қағидаларын орындау әр бір егемен ел үшін өзінің ұлттық мүдесі аясында ғана қарастырылатын мәселе ретінде ғана қалып отыр. Ал Қазақстан үшін Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіне ену арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тәжірибесінеде ұлттық жоғары білім беру мекемелерінің беделін қалыптастыру арқылы ендіү көздейтін саясат ұстануда. Сапалы білім беру жоғары оқу орындарының арасындағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білімалушылардың тәжірибе алмасуы, дипломдарының танылуы мен адами капиталды кез келген ел өзіне тартуды көздеп отырған саясатта жоқ емес. Біздің жоғары білім алушылардың басым көпшілігі отандық еңбек нарығындағы сұранысты қанағаттандыруға бағытталған сапалы маман даярлау болғанымен адами сапалы капиталымыдан да айырылу қаупы бар. Мидың сыртқа кетуі қазырғы жаһандану жағдайында өте қолайлы мүмкіндіктер жеке адамдарда болғанымен біздің мемлекетіміздің дамуы үшін өзінің теріс ықпалын тигізіп отырғаны баршаға аян.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа

мүмкіндіктері» атты жолдауында 4.1 Білім беруге арналған болатын¹. Осы жолдаудан көріп отырғанымыз 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс болды⁶. Аталған жоспарды жүзеге асыру үшін ҚР Үкіметінің алдына көптеген экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, және тағы басқа факторларды шешу арқылы ғана енгізу тетігін ойластыру қажет болды. Орта білім беру жүйесін реформалау бойынша бірден енгізу тәсілдері де алғашқыда зерттеліп зерделенген болатын. Алайда оның тиімсіз екендігін ғалымдар жанжақтан дәлелдеп бақты. Жоспарланған орта білім беру жүйесін халықаралық стандартқа келтіру үшін ондаған жылдардың қажет екенін оқу бағдарламаларын қайта жазып жаңа талаптарға сәйкес келтіру үшін ұзақ уақыт қажеттігін аңғартты. Дегенмен, соңғы сегіз жылдың ішінде орта мектептің оқу бағдарламалары өзгертіліп жаңа бағытқа ену кезең кезеңмен жүргізілетін болды. Жалпы білім беру стандарттарын өзгерту еліміздің оқытушы профессорлық құрамына айтарлықтай сын болып отыр. Санымен, уақыттық шектеуден гөрі аталған бағдарламаның сапасы халықты қызықтырғанымен кейбір олқылықтар да жоқ емес. Жаңа форматта оқытуды орта білім беру жүйесіне 2017 оқу жылымен енгізіп бастауыш сыныптағы білім беру стандарттарын жағңартып болдық. Құқықтық құрғыдан орта білім мен жоғары білім беру жүйесін енгізуді салыстырмалы түрде қарастырсақ көптеген айырмашылықтарға кез болып отырмен. Жоғары білім беру жүйесін халықаралық жүйеге енгізіп Лисабон конвенциясындағы келісімінеге келумен ұштастырамыз. Болон процесіне ену арқылы сол жылы дереу жоғары білім беру жүйеміз үш деңгейлі білім беру жүйесіне ауыстыру туралы жарлық шыққан болатын. Нәтижесінде қолданыстағы ҚР Білім туралы заңа қайта жаңартылып жарияланды. Ғылым туралы заңымыз өзгертілді. Нәтижесінде жоғары білім беру аясын реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілер тиісінше жаңа бағытқа сәйкестендіріліп өзгертілді. Қазақстан жаңа мүмкіндіктер атты жолдау аясында шынайын жаңа бағытты ұстанып әлемдік білім беру жүйесіне 2010 жылы Лисабон конвенциясына қол қою арқылы енген болатын. Құқықтық тұрғыдан алғанда еліміздің жоғары білім

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жылғы 29 қаңтар. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері».

беру жүйесінің түбегейлі өзгеруіне негіз болған ең басты құжат ретінде Болон келімімін айтуға болады. Болон қағидасының Қазақстанның жоғары оқу орындарына енгізудің құқықтық теориялық тұрғыдан қарастыруға осы жұмыс негіз болып отыр. Жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында жоғары білім беру жүйесіне еніп отырған Болон процесі Қазақстанның жоғары оқу орындарына жаңа бағытқа бұруға негіз болды. Жоғары білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сәйкес құқықтық реформалау арқылы біз үш деңгейдегі жоғары білім беру жүйесін әлемдік тәжірибеге шет елдің жоғары білім беру жүйесінің маман даярлау бойынша құқықтық тұрғыдан негізге алып өзіміздің ішкі құқықтық нормативтік актілерімізді реформалауға жол ашылған болатын. Болон процесі қазіргі заманғы жоғары білімнің дүниежүзілік интеграциялану үрдісіне негізделген ең қолайлы жүйе болып табылады. Бұл процес барысында жоғары және жоғары білім беруден кейінгі білім беру саласындағы халықаралық жаһанданудың даму ерекшелігі қалыптасты. Қазіргі қалыптасқан жағдайда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында мамандар даярлауда шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесі мен әлемдік стандарттар негізінде реформалау процесін жүзеге асырылып отыр. Болон процесіне негізделген қазіргі заманғы жоғары мектепті дүниежүзілік реформалаудың негізі болып интеграциялық қозғалысы табылады. Бұл аталған процес мазмұны жағынан алып қарағанда негізгі қызметі жоғары және жоғары білім беруден кейінгі білім саласын реформалаудың аясын қамтиды. Болон процесі негізінде қалыптасқан құжаттар, еуропа елдерінің үкіметтерінің алдағы онжылдықта білім беру саласын сапалы дамытуға жасалынған нақты қадам болған еді. Болон процесіне 47-ші мүше - ел ретінде Қазақстан Болон декларациясына 2010 жылдың наурызында заңды түрде қосылды. Қазіргі таңда университеттердің Ұлы хартиясына Қазақстан да қосылды және әлемнің 650 астам университеті біріктіру туралы өз қолдарын қойған болатын. Баса айта кететін болсақ Ұлы хартияға 60-тан астам қазақстандық университеттердің қосылуы, жалпы еуропалық бұл процеске атсалысу айтарлықтай белсенді болғандығын көрсетеді. Біздің еліміздің Болон үдерісіне қосытуы отандық жоғары оқу орындары мен студенттерге және басқа да білімалушыларға көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізуге жақсы

ұсыныстар болып отыр. Аталған мүмкіндіктердің бірі ретінде студенттердің академиялық ұтқырлығын айтуға болады. Академиялық ұтқырлық бойынша оқу басқа ЖОО-да белгілі бір кезеңге дейін, ол бір семестр немесе бір оқу жылына сөзылуы мүмкін. Академиялық ұтқырлықты екі бағытта қарастыруға болады. Біріншісі осы елдің ішіндегі ішкі ұтқырлық оған, мемлекет ішіндегі жоғары оқу орындарында студенттердің білім алмасуы. Екінші ол сыртқы ұтқырлық. Оған өз елінен тыс шет елдің жоғары оқу орындарында студенттердің ұтқырлығы. Аталған ұтқырлық аясында тек білімалушылар ғана емес сонымен қатар жоғары оқу орындарының оқытушыларына да осындай мүмкіндіктер беріледі. Тек егер ол университетте халықаралық ашықтық болса онда басқа жоғары оқу орынның оқытушылары сабақтар жүргізуге мүмкіндік алады. Болон процесіне қазақстандық білім беру жүйесінің қосуылуы қазақстандық білім беру бағдарламаларын еуропалық стандарттарға сәйкес келтіруді көздейді және міндеттейді. Еуропалық жүйесі маңызды компоненті ретінде кредиттерді қайта есептеу қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері және шетелдік жоғары оқу орындары үшін оларды ортақ есепке жатқызу үшін ESTS кредиттерді арқылы тапсыруы болып табылады. Еуропалық жүйе арқылы ауысу барысында білім беру траекториясының ауысуы кезінде оқу пәндерінің игерілген сынақты қайта салыстыру арқылы, білім алушылардың кредиттер жинақтау мен аудару негізінде жүзеге асырылады. Бұған мысал ретінде шет елдің студенттерінің айырма кредиттерін тапсыруы мен қазақстандық студенттердің де шет елде оқу үшін айырма кредитерді қайта тапсыруына тура келетіндігі. Маңызды аспектісі болып бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу арқылы заманауи білім беру процесінде мамандарды дайындау сапасын бағалау (дескрипторлар мен құзыреттерін), сипаттамалары, оқыту нәтижелерін (білім беру профилдер), сондай-ақ басқа да компоненттері, жүйесін қалыптастыратын оқу жүктемесінің (модульдер), өлшеу жаңа қағидаттарын іске асыру болып отыр.

2012 жылы "ШЖҚ РМК Болон процесі және академиялық ұтқырлық" Орталығы құрылды, оның ведомстволық бағынысты бойынша ол Қазақстан Республикасы БҒМ бағынады, Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011– 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы 171-тармағына сәйкес жоспарын

іске асыру жөніндегі іс-шаралары. Аталған орталықтың қызметі Болон үрдісінің негізгі ережелерін әдіснамалық, ғылыми әдістемелік және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуге бағыттталып жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің академиялық ұтқырлық және Болон процесі Орталығының ресми сайтында мақсаты мен міндеттері көрініс тапқан¹.

Болно процесіне жоғары білім беру саласының интеграциялануын анықтайтын негізгі құжаттар мыналар болып танылды:

-Бірінші, 1998 жылы 25 мамырда қабылданған Сорбон декларациясы.

-Екінші құжат, Еуропалық білім министрлерінің бірлескен мәлімдеме аймағы Болонья қаласында 19 маусым 1999 жылы қабылдаған «Еуропалық жоғары білім беру» туралы акт.

-Үшіншіден, 19 мамырды 2001 жылы қабылданған Париждық коммюнике.

-Төртінші, «Жоғары білім берудің жалпы еуропалық кеңістігін қалыптастыру» туралы 19 қыркүйек 2003 жылғы Жоғары білім министрлерінің коммюнике конйеренциясы.

-Бесінші құжат, «Еуропалық жоғары білім кеңістігі: қол жеткізе отырып, алға қойған мақсаттары» коммюнике еуропалық жоғары білім министрлерінің Берген қаласында 20 мамыр 2005 жылы қабылдаған акт. -Алтыншы, «Еуропалық кеңістігіне жоғары білім: қатерлерге қарай отырып әлемдік жаһандану» жоғары білім министрлерінің Лондан қаласында 19 мамыр 2007 жылы қабылдаған дерекнамасы.

-Жетінші, коммюнике еуропалық министрлерінің «Болон үрдісі 2020- кеңістік еуропалық жоғары білім беру жаңа онжылдықта» Леван қаласы 29 сәуір 2009 жылғы конференция материалдары.

-Сегізінші, Будапеш-Вена декларациясын құру туралы Еуропалық жоғары білім беру кеңістігін 12 наурыз 2010 жылы қабылдағын құжат.

-Тоғызыншы, Бухарест қабылдаған коммюнике 26 мамыр 2012жылғы.

¹ Орталығы Болон процесі және академиялық ұтқырлық білім және ғылым Министрлігінің, Қазақстан Республикасы. Орталық туралы. [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://enic-kazakhstan.kz/ru/about/o-centre>.

-Оныншы, Ереван қабылдаған 15 мамыр 2015 жылғы коммюнике¹.

Елбасының 2010 жылғы жолдауында «жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек» - деген болатын⁶. Осы алға қойылған мақсатқа жету үшін ҚР Үкіметі мен тиісінше министірлігі стратегиялық бағдарлама жасап оны жүзеге асырып келеді. Бірақ қазырғы қалыптасқан жағдай бойынша көптеген пікірлер мен ойлар бар. Мамандардың кейбірінің пікірінше жоспарлы түрде емес нарықтағы сұранысқа қарай оны қанағаттандыра алатын жоғары білім беру жүйесі қажеттігін айтып отыр. Енді бірі осы жоспарлау арқылы алдымызға міндеттерді айқындап барып қана оны жүзеге асыру тетіктерін адын ала ойластырып барып жүзеге асырғанды дұрыс санайды. Қалай дегенмен екі көзғараста өздерінше дұрыс деп ойлаймыз олар бірін бірі толықтырып отыр. Сондықтан да, біздіңше осы екі пікірді ұштастырып жүзеге асыратын механизмді енгізсек мәселе шешілген болар еді деп ойлаймыз.

Білім беру саласының үздіксіздігін қамту мақсатында жоғары оқу орыны келетін түлектерді орта және кәсіби білім беру деңгейімен байланыстыру керек деп ойлаймыз. Аталған мәселе бойынша да осы жолдауда «Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек болатын» - делінген еді. Экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай мамандықтарды даярлаумен айналыспасақ тек кәсіптік техникалық білім беру арқылы еліміздің экономикалық және жұмыссыздық мәселелерін шеше алмаймыз. Жұмыссыздар қатарын арттырғанна гөрі тек сұраныс болған мамандықтар бойынша ғана кәсіби техникалық білім беру әлде қайда тиімді болмақ.

Жодауды жүзеге асыру тетігі ретінде инновациялық жүйелерді құру да Үкіметке тапсырылған болатын. Аталған жүйенің жемісін таяу арада көруге нақты қадам ретінде ҚР Үкіметіне нақты тапсырмалар да берілген болатын.

¹ Центр Болонского процесса и академической мобильности Министерства образования и науки Республики Казахстан. Документация. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://enic-kazakhstan.kz/ru/bolonskiy-process/dokumentatsiya>.

2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс. Қазырғы таңда аталған бағыт бойынша жұмыстар әлі де жүргізілуде оның нәтижесін немесе жемісін 2020 жылдардан ары қарай көруге болатынына сеніміміз мол.

Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – “Жаңа Халықаралық Университет”, “Арнаулы Қор” және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқан “Интеллектуалдық мектептер” секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ. Аталған жобалар аясында дарынды, білімді жас ұрпақ даярлауға мүмкіндік алып отырмыз. Осы білімді жастардың өзара бәсекелес болуына да, арнайы құрылған интеллектуалдық мектептер өз септігін тигізіп отыр.

Интеллектуалды мектептердің отандық білім беру жүйесінің флагманы болып, осы заманғы оқу бағдарламаларын кейіннен оларды бүкіл республика бойынша енгізетіндей етіп әзірлеу мен байқап көру жөніндегі басты алаңға айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет. Интеллектуалды мектептер мен Назарбаев халықаралық университеті бүгінгі таңда еліміздің барлық орта білім беру жүйесі мен жоғары білім беру саласына интеллектуалды мұрындық болып отыр. Орта білім беру саласындағы 12 жылдыққа көшу, жаңа бағытта оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға бағыт бағдар мен әдістемелік қолдау көрсететін орталыққа айналмақ. Ал жоғары білім беру жүйесі Назарбаев халықаралық университетінің тәжірибесінде жеке меншік университеттер автономды болып қайта жабдықталмақ. Осы процестің жүзеге асыруына да мұрындық болатын өндірістегі тәжірибелі жоғары оқу орны ретінде Назарбаев университетінің тәжірибесіне сүйене отырып енгізу ұйымдастырылып отыр. Жоғары оқу орындарын ғылыми зерттеу орталықтарына айналдыру үшін тәжірибе ретінде алғашқыда ЭльФараби Қазақ Ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті таңдалып алынған болатын. Бірақ қазіргі таңда жоғары оқу орындарының трансформациялануы жүзеге асырылып жатыр. Бұл дегеніміз жеке меншік нысандағы жоғары оқу орындары өздерінің бар күш жігерін ұштастырып білім мен ғылымды, ғылыми зерттеу ортасын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға талпынып жатыр.

Осы және жоғарыдағы айтылған Елбасының жолдауын жүзеге асыру үшін әрине оны құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету керек сонда ғана ол жүзеге асырылуға құқықтық негіз бастау алады. Осыған байланысты «осы оқу орындарының толыққанды жұмыс істеулері үшін Үкіметке үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Парламентке тиісті заң жобасын әзірлеуді және Парламентке енгізуді тапсырамын» – деген болатын Елбасы өзінің жолдауында.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы¹. Аталған жолдау тарихи тұрғыдан мәні өте зор. Себебі енді ғана халықаралық білім беру кеңістігіне еніп отырған еліміздің жоғары білім саласының дауына тиісінше қолдау мен жол көрсету болып табылды. 2010 жылғы Болон конвенциясына енгеннен кейін барлық жоғары білім беру саласындағы мәселе шешіліп кеткен жоқ. Керісінша жаңа форматта қайтадан қалыптасып жабдықталу үшін атқаратын қызметтер көбейді. Оның ең біріншісін құқықтық базамызды халықаралық стандартқа сәйкестендіру. Заң шығарушы органның алдына Елбасының тапсырмасымен тиісінше Үкімет және министрліктер өз жобаларын жасап ұсынуға міндетті болды. Жоғары білім беру жүйесінің жаңа халықаралық стандартқа сәйкестендіру қолға алынды. Оқу бағдарламалары мен кредиттік жүйенің қыр-сырын кеңінен тарату және тағы басқа көптеген мәселелер бойынша жұмыс атқаруға тура келді.

Жаңа форматқа көшу үшін білім беру бағдарламаларын жаңғыртуды одан әрі жалғастыру қажет. Барлық орта және кәсіби білім беру саласы мен жоғары оқу орындарын компьютермен қамтамасыз ету мәселесін қазырғы таңда шешіп отыр мемлекет. Аталған салаға қомақты қаржы бөліп оны өзінің қадағалауында ұстап отырған еліміз ҚР Үкіметі пен министрлігіне оны жүзеге асыруды тапсырыуды толықтай беріп отыр. Орта білім беруді 12 жылдық моделге ауыстыру кезең кезеңмен өткізу туралы алғышарттарын жасау мен оны біртіндеп жүзеге асыру қолға алынды. Осы жолдау аясында қазақстандықтардың білім алуы үздіксіздік қағидасына негізделген. Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!». Режим доступа. http://www.akorda.kz/kz/addresses-/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-28-01-2011zh_1341123781.

жеке кредосы болуына да аталған жолдау мұрын болып отыр. Елбасының 2011 жылғы жолдауының 2.1 тармағы осы білім беруге арналған болатын.

Білім берудің сапасын арттыру мақсатында кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңарту көзделіп отыр. Қоғамдағы сұранысты қанағаттандыратын техникалық мамандықтар бойынша кәсіби маман даярланатын болады.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ елімізде 149 жоғары оқу орын болған 2011 жылы. Көптеген мамандардың пікірінше ол әлемдік стандартқа сайкес келмейді. Сондықтан сайкестендіру қажеттігін айтқан еді. қазырғы уақытта алдыңғы қатарлы дамыған елдерде 1 миллион тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін ғана келетінін алға тартып біздің елімізде жоғары оқу орындарының саны адам басына шаққанда көп деген ой айтып отыр. Кейбір ғалымдарымыздың пікірінше жоғары оқу орындарының көп болғаны нарықтық экономикалық жағдайда халық үшін де мемлекет үшін де тиімді. Экономиканың ең негізгі қағидасы ол сұраныс болған жерде ұсыныс болуы шарт. Осы қағидаға орай қазақстандықтардың жоғары білім алуға құштарлығы өте жоғары екенін көріп отырмыз. Бұл пікірге қарсы тараптың саны бар бірақ сапа жоқ жоғары оқу орындарын қысқартқан абзал деп отыр. 17 миллион адамға 149 жоғары оқу орыны олардың ойынша тек сапасыз диплом берумен ғана шектеледі. Керісінше пікірдегі ғалымдар жоғары оқу орындарының көпті қайта әлеуметтік экономикасы әлі де болса жетілдіруді дамытуды қажет етіп отырған еліміз үшін ауадай қажет деп отыр. Олардың ойынша, сапасыз білім беріп отырған жоғары оқу орындарына күн өткен сайын талаптар күшейіп келеді. Ол білімалушы тарапынан оның ата анасы мен инвесторларының және жұмысберушілердің де сұранысын қанағаттандыру үшін олар өздігінен сапалы маман даярлауға мүдделі деп отыр. Өйтпегенде жеке меншік университетте талапкер болмайды немесе студент өзге жоғары оқу орына ауысып кете береді. Сондықтан да, жеке меншік жоғары оқу орындары нарықта өз беделімен талапкерлерге қызмет көрсетуін жалғастыру үшін мемлекеттік басқару нысандағы жоғары оқу орындарынан әлдеқайда сапалы білім беруге тырысып бағады. Аталған үрдіс барлық алдыңғы қатарлы дамыған елдердің жоғары оқу орындарының тәжірибесін үлгі ретінде алуға тырысуы болып

отыр. Мысалы, Охфорд және Кембредж университеттері жеке меншік нысандағы университеттер ондаған ғасырлық тарихы бар. Білім беру сапасы жағынан алғанда әлемнің ең алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары болып саналады. Олар ешқандай мемлекеттік меншіктегі университеттерден кем емес керісінше, мемлекеттік университеттердің сапалық білім беру деңгейі өте төмен болып отыр. Біздіңше екі пікір де, орынды дегенмен қазақстан үшін жоғары оқу орындарының санының көптігі мемлекетімізге пайда болмаса еш зиянын тигізе қоймайды. Бірнеше жылдың ішінде нарықтық бәсекелестік ортаның қалыптасуын тездетеді. Елдің әлеуметтік жағдайына сәйкес емес мемлекеттік жоғары білім беру саласындағы ақылы білім беруге айтарлықтай бәсеке болып отыр. Жоғары білімнің сапасы тұрғысында әр адамның қандай жоғары білім беру мекемесінде білім алу құқығы сақталуы керек деп ойлаймыз. Бірінің отбасылық жағдайына байланысты өзге қаладағы жоғары оқу орына бара алмайды. Енді бірі шалғайдан келіп оқитын қаржылық жағдайы көтермейді. Келесі бірінің қаражаты шамадан тыс болғандықтан мемлекеттік жоғары оқу орын оқи алмайды. Бірақ бұл дегеніміз адамның жоғары білім алуына деген құқығына нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан да, шалғайдағы жергілікті жерлерден тек алматы мен астана қалаларындағы атақты жоғары оқу орындарына емес сол жергілікті жердегі жоғары оқу орындарында қалаған мамандығы бойынша жалпы халықтың қалтасы көтеретін жоғары білім беру қызметін ұсынып отырған жеке меншік университеттерді жабуға келісе алмаймын. Бұл жерде мемлекет ат төбеліндей жоғары оқу орындардың сойылын соғатын саясатты ұстанбау керек. Мемлекет ортақ адам құқықтық тұрғысынан алғанда халықтық басым көпшілігі қалап отырған жоғары білім алу құқығын әр түрлі әдіс тәсілдермен шектеуі дұрыс емес деп ойлаймыз. Керісінше, мемлекет жеке меншік жоғары оқу орындарының еңбек нарығында айтарлықтай бәсекелес болуына барынша жағдай жасауы қажет деп ойлаймыз. Ал сапасы мүлде сын көтермейтін жеке меншік оқу орындарын ашу кезінде тиісінше мемлекеттің тексеру мен қадағалау органдары өз жұмысын тиісінше салғырттық танытқанның белгісі деп мойындау. Одан басқа жоғары оқу орындарын ашқан кезде рұқсат беруші мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтық болғандығы деп осы мәселемен мемлекет барынша өзі күресу қажет деп ойлаймыз. Сонда техникалық жағынан, кітапхана

қоры немесе аудитория қоры жетіспейтін жеке меншік оқу орындарын ашуға лицензия бермесе жеткілікті ғой. Зандық тұрғыдан сапалы білім алуға барлық қызмет көрсету үшін тиісінше материалдық жағынан қауқары бар жоғары оқу орындарының ашылуына еш кедергі болмауы тиіс. Жоғары оқу орындары санның көптігі ешқандай заңдық тұрғыдан кедергі келтіру заңсыздық. Себебі заң бойынша барлық жоғары оқу орындарын ашуға теңдей талап қойылады. Саны жағынан шектеу біздіңші құқықтық тұрғыдан алғанда негізсіз және заңсыз. Сондықтан да, 149 университетті ашуға рқұсат берген мемлекеттің өзі енді оның санын қысқартуды өз міндетіне алып әр түрлі мәжбүрлеу әдісін қолданып келеді. Біздің ойымызша мемлекет нарықтық экономикалық қоғам құрып сол бағытта мемлекеттік саясатты жүргізіп отырғандықтан жоғары білім беру саласы да тек нарықпен ондағы сұраныс пен оны қанағаттандырудан тұруы қажет. Сонда ғана қоғамда тез бәсекеге қабілеттілік дауы арқылы халықаралық сапаға да нақты жетуге болады. Қоғамның экономикалық дамуын сол нарықтың өзі арқылы табиғи бәсекелестіктен өткізіп барып жетілдірген жөн. Сонда ғана алдаңғы қатарлы 30 елдің қатарынан қосылуға мүмкіндік болады. Халықаралық бәсекелестікке де жоғары оқу орындарымыз төтеп беретіндей тәжірибесі де болады. Өйтпегенде жасанды жолмен жоғары жоқу орындарын әлемдік нарыққа шығару оның өміршең болуына кері әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Құқықтық тұрғыдан егер жеке меншік немесе мемлекеттік жоғары оқу орыны ашу оның саны арқылы ретелу үшін алдын ала санақ нәтижесі бойынша жергілікті жер мен елдің астанасындағы жоғары оқу орындарының ең шекті санын айқындап алдын ала тиісінше заңмен регламенттелуі тиіс. Дегенмен біздің елімізде ондай арнайы заң немесе тиісінше нормативтік құқықтық акті де жоқ. Дейтұрғанмен, мемлекетіміздің 2011 жылғы саясаты осы 149 жоғары оқу орындарының санын азайтып оны 100 түсіру туралы болды.

Келесі қозғалған мәселе ғылыми кеңестер оның қызметі аясында. Елімізде 2010 жылы 200 жуық ғылыми кеңестер жұмыс жасаған еді. Олардың негізгі қызметі әр түрлі сала бойынша ғылым кандидаттары мен ғылым докторларын сүзгіден өткізіп тиісті ғылыми атағын беру. Жолдауда Елбасы сынға алған мәселесі осы ғылыми кеңестен кандидат немесе ғылым докторы атағын алып шыққан

ғалымдардың сол ғылыммен айналыспай отырғанын тілге тиек етті. Мысалы, 60 кандидаттың 1-і және 37 доктордың 1-і ғана ғылымға барады. Ғылыми кеңестердің жұмысында көпшілікке мәлім сыбайлас жемқорлықтың терең белең алуы, аталған саланың беделін ғана түсіріп қойған жоқ сонымен қатар, оның қызмет етуіне де кері әсерін тигізіп отыр. Сондықтан да, Елбасының жарлығымен ғылыми кеңестердің жұмыстары тоқтатылған болатын. Заңдық тұрғыдан алып қарағанда жоғарыдағы аталған мәселелер аясында ғылыми кеңесті жауап, өзгесін ашуға да болар еді. Бірақ еліміздің жаңа форматты жоғары оқу орындары қалыптасуына жаңа серпін беретін Болон жүйесіне ену арқылы сапалы білім беру мәселесін шешуді жөн санаған болатынбыз. Алайда, аталған кеңестің жұмысын тоқтату жоғары білім беру саласына ғана емес сонымен қатар, ғылым сабасына да көптеген жаңа мәселелерді тудырған еді. Аталған мәселердің ішінді түлектердің дипломдарын тану, мемлекеттік қаржыға оқыған аспиранттар мен сойскательдердің бірден бакалавр дәрежесіне түсіп кетуі, сонымен қатар бес жылдық білім алушыларға маман атағы беріліп ал төрт жыл жоғары оқу орындарын оқығандарға бакалавр атағын берумен шектелді. Біздіңше, заң шығарушы орган ескі жүйе мен жаңа Болон жүйесінің аясында тиісінше уақытша нормативтік құқықтық актілер шығару арқылы осы екі жүйенің ерекшеліктері бойынша тиісінше норма қабылдау қажет болған. Сонда көптеген аспиранттер өз алған білімдері аясында доктор PhD бейіні бойынша бірден қорғауға рұқсат беру мәселесін шешу керек еді. Келесі мәселе ол ғылым кандидаттарының дәрежесін осы доктор PhD мен теңестіру туралы да тиісінше құжатнама қабылдану керек еді. Бірақ талаған мәселе ол қоғамның өз көкейтесті өзекті мәселесі болып қала берді. Заңшығарушы орган аталған мәселеген табандап аяқ баспай қойды. Сондықтан да, елімізде бір онжылдыққа ғылыми және ғылыми атағы бар буын кемдігі алдағы уақытта өзінің кері әсерін беруі әбден мүмкін. Еліміздің атқамінерлері мен атқарушы үкімет тарапынан да тиісінше заңнама жобалары немесе үкіметтік нормативтік құқықтық актілер түрінде регламенттелетін нормалар да қарастырылмады. Осы саламен тікелей айналысып отырған Білім және ғылым министірлігі де тиісінше заң шығарушы органға аталған мәселені шешудің оны құқықтық реттеудің тетігі ретінде өзінің нормативтік құқықтық актілерін шығара да алмады, ұсыныс та

жасамады. Аталған мәселелерді жоғары білім саласындағы оқытушы профессорлық құрам мен ізденушілер, ғылыми қызметкерлер бұқаралық ақпарат құралдарында қаншама мәселе көтергенімен оны еститін естияр құлақ табылмады. Жалпы білім іздеген халықтың басым көпшілігі бес жылдық жоғары оқу орындары бітірген және аспирантура бойынша білім алушылар мен бұрын білім алғандар бірік, сол кездегі заңнама бойынша кандидаттық минимумды тапсырған ізденушілерге он жыл көлемінде кандидаттық диссертациясымен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертациясын қорғауға заңнама рұқсат берілген болатын. Осы аралықта жоғары оқу орындарында аспирантураны бітіріп өзінің мамандығына сәйкес ғылыми зерттеу жұмыстарын ізденісін жалғастырушы аспиранттардың барлығы ғылыми атағын алуға деген құқығынан айырылды. Олардың осы жоғары оқу орындарына үш жыл алтын уақыты мен қаражатын жіберіп оны, одан әрі ғылыми нәтижеге жету үшін зерттеуін жалғастырушы қаншама аспиранттардың құқықтары аяқ асты етілді. Бірден енген жаңа жүйе бойынша бакалавр, магистратура, доктор PhD атты үш буынды жүйе қалыптасын өз қызметін бірден бастап кетті. Осы орайда бұрынғы ғылыми кеңестер өздерінің қызметін тоқтатып жаңа бағытқа сәйкес қайта жабдықталып қайтадан құрылды. Ғылыми кеңестің бұрынғы жүйесінде әр бір мамандықтың шифрына сәйкес маман даярлайтын болса ал жаңа жүйеде тек доктор философия атағын алып шығатын жалпы докторлармен толықтырылатын болды. Жаңа жүйенің енуіне сегіз жыл болды, бірақ жоғары білім беру саласы мен ғылыми жүйеде әлі де, ғылыми мамандар жетіспейді. Оның өзіндік себептері бар. Жаңа форматта білім алып оны қорғап шыққан доктор PhD-лар отырдық жоғары оқу орындарында оның ішінде оқытушы болуға мүлдем қызығушылығы жоқ. Сондықтан да, олар өздері қалаған өндіріс орындары мен мемлекеттік қызметке, жеке бизнеске, алпауыт компанияларға, шетелдік компанияларға қызметке топ топ болып кетіп жатыр. Заңдық тұрғыдан оларды оқытушылық қызметпен ғылыммен айналысуына мәжбүрлейтін норма жоқ, және ол конституцияға қарсы болмақ. Оқытушы қызметтен қашуға себептер өте көп оның бірнешеуін атап айтсақ. Біріншілен оқытушы экономикалық жағынан жастарға тиімсіз. Аз ғана жалақыға ол отбасын емес өзін де толығымен асырай алмайды. Екінші мәселе

оқытушының қоғамдағы рөлінің өте төмендеп кетуі. Заң аясында мемлекеттік қызметпен теңеспей қалуы. Қызырғы таңда оқытушылар әлеуметтік қызметкерлер қатарына жатады. Келесі мәселе ол қағазбастылық пен жұмыстың шамадан тыс болуы, жеке өміріне және болашақ жосраптарын жүзеге асыруға мүлдем уақытының болмауы. Күнімен жұмыста түнімен үйге берілген тапсырманы тексеру мен жаңа сабаққа дайындалу іздену күнделікті ешқандай жастарды қызықтырмайды. Оларға беделді жұмысы, тәжірибесіне қарай тездетіп өсуді көдейтін, жалақысы жоғары, қоғамда беделді, жұмыс уақытынан тыс уақытта жеке басының жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік туатын қызмет қажет. Сондықтан да, ғылыммен оқытушылық қызметпен жаңа заман докторлары қызмет жасауға ықтиярсыз. Біздің ойымызша, мемлекеттік грантта оқып қорғаған доктор PhD – ларды он жолға келісім шарт негізінде жоғары оқу орындарына жұмысқа алу тетігін Білім туралы заңға тиісінше толықтырулар енгізе отырып шешкен жөн. Оған көнбеген доктор PhD – ға әлеуметтік пакеттер бойынша мемлекеттік кепілдіктерді арттыру арқылы аталған мәселені шешуге болады. Мысалы, тұрғын үй беру, жер телімдерін беру арқылы сол жоғары оқу орының орналасқан аймағында адамдарды тұрақтандыру арқылы тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, аталған мәселе өте күрделі. Себебі кез келген жоғары оқу орынның оқытушысы тек бір жылға еңбек шарты жасалынатыны баршаға белгілі. Келесі оқу жылы адам жұмыспен қамтылады мен жоқ әлде жұмыссыз қалады ме ол белгісіз. Тағдырын оқытушылық қызметпен біліммен ұштастырған жандар жылсайын күйзеліске ұшырып жұмыстан ажырап қалу қауапы басым. Үміт пен үрейге толы қазырғы нарықтық жағдайда ертеңгі болашағы бұлыңғыр жағдайда жұмыс жасау әрине психологиялық тұрғыдан да өзінің кері әсерін тигізіп келеді. Жыл сайын жаңа оқу жылына жұмыс беруші ала ма, жоқ па, алса қандай критеримен немесе қандай жаңа талаптар немесе қосымша талаптар қою арқылы шартты түрде ғана жұмысқа алу қалыптасқалы қаншама жылдың жүзі болды. Осындай олқылықтарды заңнама аясында шешілмей жоғары оқу орындарында сапалы оқытушылық қызмет көрсету дамымайды, ондағы сыбайлас жемқорлық тыйылмайды. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында бар мәселе жоғарыдан келетін қоңырау аясында шеліп келсе ал, жеке меншік жоғары оқу орындары туралы айту мүлдем артық нәрсе.

Осындай әлеуметтік мемлекетте өмір сүріп отырған қазақ жастары, ғылым мен білімге өздігінен ден қойып оны дамыту мен жетілдіруге атсалысуы тиіс. Атсалыспаған жағдайда қағазбастылықтан айырыла алмай отырған жоғары оқу орындарында ғылым мен білім тиісінше деңгейде көтерілмейді. Сапалы қызмет көрсетуге де қауқарсыз болып отырғаны осы кадр даярлау мәселесі. Кез келген жоғары оқу орында оқытушы құрам оның ең беделсіз қызметкері, оның шамадан тыс жұсымен қоса қосымша атқаратын тәрбие мен қоғамдық тегін жұмыстары да жетерлік, оған қоса әр түрлі деңгейдегі бөлімдердің жұмысын жасау үшін барлық оларға керекті ақпаратты шығыл деген нұсқаумен жинап берумен шұғылданып келеді. Оқытушы құрамға қарағанда әкімшілік аппараттар, басқару құрылымдары мен бөлімшелер, толып жатқан департаменттер өте беделді және жалақысы да жоғары. Жоғары оқу орындары ректордан бастап тек қызмет көрсетуші қосымша қызметкер екендерін анық сезіну үшін де арнайы заң нормасын қабылдау қажет. Онда барлық деңгейдегі басшылар мен бөлімдер, бөлімшелер толып жатқан құрылымдар, ол қаржы саласы болсын, мемлекеттік сатып алу болсын, заң бөлімшелері, материалдық тезникалық жабдықтармен қамтамасыз ету т.б. көптеген құрылымдар қосымша қызметкер екендігін анық айқындаған арнайы заң қажет. Осы арнайы заң жобасында оқытушы құрам мен білім алушылар ең негізге қызметкер мен оған қызмет көрсетілуші екендігін университет қабырғасында кез-келген білім алушы сезіну тиіс. Сонда ғана білім алушылар тек білім алумен жан-жақты ізденумен шұғылданады. Оқытушы профессорлық құрам өзінің оқытушылық қызметімен етене айналысуына мүкіндікті заңдық негізде ғана алады. Өйтпейінше жоғары білім беу саласы осылай құрдымға кете береді, нәтижесінде зардапты қоғам, мемлекет, жекелеген азаматтар ғана көреді. Бұндай бағытта даму елдің ертеңіне болашағына балта шабады. Сондықтан да, ғылыми кеңестерді жауып тастап қана қордаланған барлық мәселені шеше саламыз деп болжаулау қате деп ойлаймыз және нәтижесін қазырғы таңда көріп те отырмыз. Аталған жолдау бойынша 2010 жылдан ары қарай тек ғылыми бағытта жоғары оқу орындары тек магистрлар мен PhD докторларды дайындалатын болады.

Елбас осы жолдауда университеттік деңгейде білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуді міндеттенген болатын.

Қазырғы таңда Назарбаев университеті өзге қазақстандық жоғары оқу орындарына үлгі болып отыр. Бірақ ол оған өзінің нарықтық сұранысты қанағаттаныра алатын, инновациялық жаңа моделін қалыптастыру арқылы қол жеткізіп отыр.

Бұл тұрғыда Елбасы өзінің жолдауында айтқан болатын. «Бүгінде жаңа «Назарбаев университеті» арқауында нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі қалыптастырылуда. Ол барлық қазақстандық ЖОО-лар үшін үлгі болуы керек. Елбасының тапсырмасы бойынша бүкіл елде ашылып жатқан 20 зияткерлік мектептер дарынды балаларды үздік ЖОО-лар үшін дайындаудың негізгі арқауына айналатын болады – деген еді.

Елбасының жолдауын жүзеге асыру үшін Үкіметке бірқатар тапсырмалар да, берілді. Ең алғашқысы, жоғары оқу орындарының қызметін инновациялық қызмет көрсетуге көшу тетігін ойластыру. Жоғары білімге азаматтардың басы көпшілігінің қолы жететіндей бірақ сапалы білім беретін жаңа тұрпаттағы қаржы экономикалық тұрғыдан білім беру саласына қолдау болатын жаңа құралдарды тауып енгізу. Арнайы техникалық білім беру мен жоғары білім беру аясында ипотекалық жиниак банкі іспетті жаңа құрылымдарды зерделей отырып оған ұқсас жүйенің жобасын әзірлеуді тапсырды. Адамдар мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып өздерінің балаларын оқытуға алдын ала қаражат жинаудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға тапсырды. Білім беру мекемелері мен жұмыс берушілер және бизнес өкілдерінің қатысуымен кәсіптік техникалық мамандарды дайындау бойынша ұлттық кеңес құрау тапсырылған еді.

Қазырғы таңда аталған тапсырмаларды саралап қарайтын болсақ онда төмендегідей заң нормалары дүниеге келді. "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 наурыздағы N 146-IV заңы¹ - қабылданған болатын. Келесі тапсырманың бірі ол білім саласындағы ата аналардың өз баларына алдын ала қаражат жинау жүйесі, ол

¹ "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 наурыздағы N 146-IV Заңы.

бойынша «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы. ҚР-ның 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-V Заңы»¹. "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" заңы Елбасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" Қазақстан халқына жолдауынан және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында дайындалып жасақталып қабылданған заң еді. Бұл жүйені құрудағы негізгі мақсат ол – жалпы жұрттың жоғары білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мен оны кеңейту үшін жаңа қаржы-экономикалық құралын енгізу. Экономикалық тұрғыдан алғанда қаражаты тек түн көрістен аспайтын қарапайым халықтың өз балаларына салған инвестициясы іспетті. Ол азғана қаражатты бірнеше жылдар бойы жинау арқылы жасөспірімнің жоғары білім алуына қаражат жинау. Шамасы келгендер алыс жақын шет елдерге ал, ондай қомақты қаржы жинай алмаған ата-аналардың балалары отандық жеке меншік жоғары оқу орындарында білім алуға қолжеткізіп отыр. Бұл екінші жағынан отандық банк жүйесінің жетіліп дамуына жағдай жасау арқылы еліміздің қаржылық қызмет көрсету секторын да дамыту болып отыр.

Инновациялық бағытта жетілдіру үшін алыс жақын шет елдердің инновациялық жүйелері зерделенді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып ҚР Үкіметі инновациялық саланы дамытуды жүзеге асыру бағытында тиісінше нормативтік құқықтық акті қабылдаған болатын. Ол «Инновациялық даму институттарының тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 1201 Қаулысы»² – 2012 жылы бекітілген еді. Онда: "Ұлттық инновациялық қор" АҚ; -"Ғылым қоры" АҚ; - "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ; - "ҚазАгроИнновация" АҚ. -"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы" АҚ"¹². Осындай акционерлік қоғамдар құрылып еліміздің инновациялық потенциалын арттыру бағытында біршама жұмыстардың алғы шарттары осы 2011 жылғы жолдаудан бастау алып отыр. Аталған инновациялық қорлар

¹ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-V Заңы.

² Инновациялық даму институттарының тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 1201 Қаулысы.

арқылы еліміздің ғылымын оның техникалық инженерлік дамуына жағдай жасау. Сонымен қатар, еліміз шикізат өндіруші ел болғандықтан ауылшаруашылық саласына айтарлықтай басымдық беріледі. Осы саланы қолдау аясында ҚазАгроИнновациялық акционерлік қоғамы өзінің жемісті жұмысын беруде. Елімізде тұрғын үй мәселесі халықтың әл ауқатының өскенімен бірге осы секторда дамып жетіліп келеді. Сондықтан да, экономикалық тоқыраудың алдын алу мен осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілер шашыраңқы жүйесін бір орталыққа реттеуге икемдеуге тырысуы байқалады. Осы тұрғыдан алғанда тұрғын үй коммуналдық шаруашылық орталықтарының қызмет аясын дамытуды орталықтандыру қажеттігі туындаған еді. Аталған мәселені шешуге бағытталған осындай инновациялық акционерлік қоғамдар қазырғы таңда өзінің жемісін беріп отыр.

Жоғарыдағы аталған жолдауда Елбасы «білім беру жүйесіндегі барлық жұмыс мынандай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс»⁹ - деп көрсеткен болатын. «Мектепке дейінгі білім берумен және тәрбиемен қамтылған балалардың үлесі 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай 100 пайызды құрайтын болады. Елбасының тапсырмам бойынша қабылданған «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде тек 2010 жылы ғана 35 балабақша, 1534 мини-орталық, 137 жекеменшік балабақшалар салынды. Бұрын жекешелендіріліп кеткен мектеп жасына дейінгі мекемелерді қайтару есебінен 172 балабақша ашылды. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 30-дан 55 пайызға дейін өсті. 2020 жылға қарай біз оқытудың 12 жылдық моделіне толықтай көшетін боламыз. Ол үшін біз 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаржысы есебінен кемінде екі жүз мектеп салып, осынша мектепті жергілікті бюджет есебінен тұрғызамыз. 2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға дейін артады. 2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өткен ЖОО-лар үлесі 30 пайызды құрайтын болады. Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін ЖОО-лардың үлесі 5 пайызға дейін артады. Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болады. Осы аталған

мақсаттарға жету үшін алғышарттар ретінде қажетті нормативтік құқықтық актілер қажеттігі көрініп тұрды. Осыған орай «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы»¹ қабылданған болатын. Аталған Жарлық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығына»² негізінде айқындаған мерзімдер мен тәртіпте осы бағдарламаны іске асыру мониторингі мен оның нәтижелерін ҚР Президентінің әкімшілік аппаратына ұсынылған болатын.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығының»³ қабылдануға негіз болған басты құжат ол: «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын⁴ іске асыру мақсатында қабылданған еді. Осы жаоғарыдағы аталған жарлықтар елбасының 100 мектеп бағдарламасын жүзеге асыру үшін ең қажетті нормативтік алғы шарттар ретінде бастау алатын нормативтік актілер болдырып табылады.

Елбасының халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өткен ЖОО-лар үлесі салмағын пайыздық мөлшерде алғанда жылсайын артыру туралы міндеттер жүктегені белгілі. Халықаралық тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өту тетігін жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің қызмет көрсету аясын зерттеу мен реттеу барысы да қоғамда көптеген саын пікірлерге талқылаудың объектісі болған еді.

¹ «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.

² Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығы.

³ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

⁴ Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 жарлығы.

Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі N 61-IV Заңы¹ білім беру саласындағы сәйкестікті анықтау мен растау жөніндегі органдарды, сынақ, тексеріп салыстыру, калибрлеу зертханаларын (орталықтарын), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу саласындағы қоғамдық қатынастарды, сонымен қатар білім саласындағы сәйкестікті бағалау саласындағы олармен байланысы бар өзге де қатынастарды реттеп отырады.

Мемлекеттік аттестаттау мен аккредитацияның негізгі мақсаты ретінде былай түсінуге болады. Мемлекеттік ғылыммен айналысатын арнайы мекемелерді аттестаттауда оның негізгі қызмет көрсету тиімділігін сонымен қатар, оның материалдық техникалық, еңбек пен қаржы ресурстарының жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілгендігін анықтап, сонымен қоса, олардың мәртебесін анықтау, желілер мен құрылымдарын реттеу мақсатында жүзеге асырылады. Ал мемлекеттік емес мекемелерді аккредиттеудің негізгі мақсаты аккредиттелген ғылыми мекеменің мемлекеттік құрылымдарымен қарым-қатынас барысында оның мәртебесін қамтамасыз етуі сонымен қоса, азаматтарға ғылыми кадрларды дайындау сапасына кепілдік беру үшін жүзеге асырылап отыр.

Жоғарыда айтылған Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қойылған маңызды міндеттердің бірі «-Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде ендіру» - деген міндетті жүзеге асыру үшін Қазақстанның жоғары оқу орындары жаһандық рейтингтерге белсенді қатысып келеді.

Олар QS рейтингі бойынша ең табысты нәтижелерге ие. 2012 жылы британдық QS агенттігінің нұсқасы бойынша екі отандық жоғары оқу орны топ-400 ең табысты университеттер қатарына енген болатын. Білім берудің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттіктің деректеріне сәйкес, академиялық статистикалық көрсеткіштерді талдау, сарапшыларды бағалау және жұмыс берушілерді сауалнамалау негізінде Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының Ұлттық (бас)рейтингі – 2017

¹ Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі N 61-IV Заңы.

жасалды. Институционалдық рейтингті есептеу әдіснамасы үш құраушыға негізделеді: бірінші құраушы (№1 сауалнама) – жоғары оқу орнының академиялық ресурстарын бағалау, оған жалпы баллдар санының 70% бөлінеді; екінші құраушы (№ 2 сауалнама) – бұл жоғары оқу орындары қызметінің сапасын сараптамалық бағалау (15%); үшінші құраушы (№ 3 сауалнама) – бұл жұмыс берушілерге және мемлекеттік органдарға социологиялық сауалнама жүргізу негізінде жоғары оқу орындарының қызметін бағалау (15%). № 1 сауалнама – 70 салмақты пайызды қамтитын сауалнама (жоғары оқу орны ала алатын ең жоғары балл– 700 балл); ол жоғары оқу орнының академиялық қызметін көрсетеді. Жоғары оқу орындары деректерді агенттікке береді, деректер түрлі әдістер арқылы қайта тексеріледі; IQAA ақпараттың бөлігін жоғары оқу орнымен байланысты емес көздерден сұратады. № 2 сауалнама- сарапшылардың жоғары оқу орындарын орташа беделді бағалауы болып табылатын сауалнама, 15 салмақты пайызды қамтиды (150 балл – жоғары оқу орны жинай алатын ең жоғары балл). Сарапшылық пул Агенттікпен белгіленеді. № 3 сауалнама – жұмыс берушілердің сауалнамасы, ол бойынша жоғары оқу орнының жұмыс берушілер, соның ішінде мемлекеттік және өңірлік органдар арасындағы мәртебесі айқындалады, ол беделдік болып табылады. Бұл 15 салмақтық пайыз (150 балл – жоғары оқу орны жинай алатын ең жоғары балл). Қазақстан-2017 жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингіне көпбейінді, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық және педагогикалық бағыттағы, сондай-ақ өнер бағытындағы жоғары оқу орындары қатысты. Бірақ Қазақстан-2017 үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингіне тек 57 жоғары оқу орны енді¹. Қорытынды, нәтижелер бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 99,87 пайыздық көрсеткішпен бірінші орынды иеленсе, ал Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 95,58 пайызбен екінші орынды иеленген болатын.

Осы аталған міндеттердің ең сүбелісі сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» – деген болатын Елбасы 2011

¹Мемлекеттік қызметтер және ақпарат онлайн порталы. Қазақстандағы үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі.egov.kz Режим доступа: <http://egov.kz/cms/kk/articles/2Fbestuniinkz30>.

жылғы жолдауда. Осы жолдаудың жалғасы мен оны одан әрі жаңғыртуға бағытталған уақыт ағымына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы жолдауы болды¹.

Жаңғырту аясында ең алғаш сапалы адами капиталды дайындап шығаруға бет бұрылды. Кез-келген елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы осы елдің адамының жоғары білім иесі мен оның интелектісіне байланысты бағаланады. Қазақстан өзін дамыған 30 елдің қатарынан көруді көздеген амбициясы жоғары жасампаз ел. Осы асыл мақсатқа жету үшін әрине адамның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына мемлекет барынша қолайлы жағдай мен икемді құқықтық нормамен қамтамасыз етуі тиіс. Елбасының 2012 жылғы 27-ші қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы осынң дәлелі. Осы жолдаудың сегізінші тарауында адами капиталдың сапасын өсірк керектігі тілге тиек етілген болатын. Адам өзінің ой өрісі мен білімін рухани сана сезімін дамыту үшін әрқашан білімнен қол үзбеуі қажет. Сонымен қатар, үнемі өз білімін жетілдіріп орыту арқылы адами капиталды жетілдіруге болады. Бірақ, ол үшін ең қажеттісі әрине денсаулық және білім. Адамның денісау болса ғана ол өзін, ұлтын ойлауға және оған қызмет етуге мақсаттар қойып сол жолда аянбай еңбек етеді. Егер адамның денісау болмаса оның білімге және басқа да рухани құндылықтарға уақыты да шамасына ынтасыда болмайтыны бәрімізге мәлім. Біздің пікірімізше, «адамның білімге деген құштарлығын арттыру үшін оның дені сау болуына үнемі мән берген жөн. Мемлекет тек денсаулық саласы мен білім беру саласын өзінің қатаң бақылауына алғанда ғана адам тұлға ретінде қалыптасып өсіп өрекендейді адами сапалы капиталға айналады, азаматтарымыз білімі жоғары еңсесі биік тұлға ретінде қалыптасып жетіледі. Сонда ғана мемлекет оның жемісі ретінде сапалы маман мен рухани бай қоғамға иеленеді». Біздің ойымызша да, адами капитал туралы өзге де көптеген мамандар мен ғалымдардың пікірі бойынша да, адамның

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 27 қаңтар. Режим доступа:

[a.http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respulikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121.](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respulikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121)

дамуы оның ішкі сұранысын қанағаттандыруға бағытталған өзінің ізденісінің сыртқы көрінісі деп анықтама беруге де болады.

Жолдау аясында білім беру саласын модернизациялау барысында ескерілуі тиісті шаралар мыналар еді.

Біріншіден, жоғары білім беру барысында жаңа әдістер мен технологияларды көптеп енгізу. Әлемдік жаһандану аясында жаңадан құрылған инновациялық бағыттағы халықаралық стандарттар негізінде қалыптасқан Назарбаев университеті мен интеллектуалды мектептер өз қызметін бастап та кеткен болатын.

Аталған университет пен мектептің заңдық негізі болып «"Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Заңы»¹ – қабылданған болатын. Елбасының бастамасымен құрылған осы зияткерлік білім беру ошақтары құқықтық мәртебесін айқындайтын және олардың құрылу тәртібі мен оның қызметінің ерекше құқықтармен айрықша режим негізінде заңнамамен айқындалған.

Осы зияткерлік мектеп пен университеттің тәжірибесін барлық білім беру мекемелерінде кеңінен насихаттап және олардың тәжірибесі жекекші орынды иелену керектігі тапсырылған болатын. Осы тапсырмаға орай жергілікті жерлерде зияткерлік мектептер ашылып ең үздік деген оқушылар іріктеліп алынып оқытылып келеді. Осы мектептің түлектері Назарбаев университетінің білімалушыларына айналып еліміздің ертеңіне өз үлестерін қосуға барынша сапалы кәсіби мамандар дарланып жатыр.

Екіншіден, сапалы адами капиталды қалыптастыру үшін осы білім беру мекемелеріндегі оқытушы құрамның сапалы біліктілігін арттыруды қажет етеді. Осы жолдау аясында педагог қызметкерлердің мемлекеттік стандартқа сәйкес базалық педагогикалық білімінне қойылатын талапты күшейтіп, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытушылардың біліктілікті арттыру қажеттігі айтылған болатын. Біліктілікті арттыру курстары тек орталықтарда немесе Астана мен Алматы қалаларында ғана емес республиканың барлық аймақтарында оқытушылардың біліктілігін

¹ "Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Заңы.

артыратын орталықтар қалыптастырып орнықтыру қажет деген болатын.

Білім беру мекемелеріндегі оқытушы құрамның біліктілігін үздіксіз қамтамасыз ету үшін арнайы заң да қабылданған болатын. Ол «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығы»¹.

Үшіншіден, тәуелсіз біліктілікті арттыру жүйесін құру тапсырылған еді. Бұл бойынша мемлекет өзінің шығарған мемлекеттік стандартын өзі баға беру мен оның білімнің сапасын, қызмет көрсетуін өзі бағалаудан бас тарту. Оның орнына тәуелсіз білім беру сапасын бағалайтын орталықтарды қалыптастыру қажеттігі назарда болған еді. Жоғары оқу орын бітірген инженер, медик, заңгер ол әлі врач емес, ол әлі инженер емес, ол әлі судья, адвокат, заңгер емес, ол өзін маман ретінде нарықта өндірісте дәлелдеуі қажет. Сонда ғана ол маман бола алады. Бұл әлемдік қалыптасқан үрдіс халықаралық тәжірибе.

Төртіншіден, ауыл жастарын және аз қамтылған отбасылардың жоғары білім алуын қамтамасыз ету механизмін қалыптастыру және жатахананың дамуын жетілдіру. Осы аталған бөлімде Елбасы ең өзекті мәселе ретінде ол жұмыс жасап жүрген жастардың осы жұмысыннан қол үзбей жоғары арнайы кәсіби білім алуына мүмкіндік жасау екендігін алға тартқан болатын. Көптеген жастар мен адамдардың қалаға келуі мен оларды жұмыспен қамту өзекті мәселе. Аталған мәселені шешу білім және ғылы министрлігіне жүктелген болатын.

Аталған мәселе әлі күнше дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Себебі ауылдан қалаға келушілердің легі әле тоқтаусыз жүріп келеді. Жұмыс жасайтын жастардың күндізгі бөлімде жоғары білім алуларына университеттердің ішкі нормативтік актілері қайшы болып отыр әлі күнге. Сондықтан біздің ойымызша, аталған мәселені халықаралық жоғары білім беру саласындағы тәжірибелерге сүйене отырып шешкен жөн. Жоғары білім беру саласындағы қашықтықтан

¹ Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығы.

жоғары білім беру саласын дамыту керек. Сол арқылы осы мәселенің жастардың ауылдан қалаға көшу легін тоқтатуға болады. Қашықтықтан білім беру үшін көпмютер мен интернет желісі қажет. Жергілікті жерлерді интернет желісімен қамту қолға алынып қазырғы таңда басым көпшілік аймақтар интернет желісіне қосылуға мүмкіндігі бар. Дегенмен, ауылдақ жерде жұмыссыздықта есекере отырып ондағы жалақы көлемінің төмендігін осы интернет желісін пайдаланушыларға жеңілдетілген тарифпен беруді үкімет қарастырса. Сондай ақ, қашықтықтан білім алу үшін компьютерлік белгі деңгейде білімі болуы немесе біліктілігі қажет. Осы мақсатта барлық ауылдық мектептерде 10-11-12 сыныптарды компьютер желісі бойынша пәндер енгізіп онда жас жеткіншектердің болашақ университеттердің сайттарымен электронды үкімет сайттарымен қашықтықтан оқыту бағдарламаларын алдын ала меңгерсе. Осыған министірлік жағдай жасап орталықтар ашық халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру барысында білімін жан-жақты арттыруға жағдай жасап мүмкіндіктер берсе. Осы аталған мәселелерді үкіметтің шешіп беруі арқылы ғана ауыл жастарының қашықтықтан жоғары, арнайы кәсіби, жоғары білімнен кейінгі білім алу, екінші жоғары білім алуға кеңінен жол ашылар еді. Сонда ғана нағыз электронды үкіметке еліміздің білім беру жүйесі тыс қалмай өмір легімен лескен болар еді. Өйтпегенде білім беру мен ғылым саласы қаражаттың жеткіліксіз болуынан немесе осындай жобалардың үкіметке ешкімнің ұсынбауы салдарынан Елбасы жолдауы жүзеге асырылмай отыр. Жолдаудағы тапсырмаларды кешенді түрде орындау өте маңызды сонда ғана елдің экономикасы жан-жақты дауу мүмкіндігіне жол ашылып ол кез келген дағдарысқа төтеп береді. Егер бір саланы дамытып басқа салаға оның ішінде білім беру мен ғылым саласына айтарлықтай көңіл бөлінбесе онда басқа барлық жасалынып жатқан жұмыс құрдымға кетері анық.

Бесіншіден, білім беру мекемелері тек теориялық білім берумен шектелмеуі керек, сондай ақ ол, осы алған білімін өндірісте қолдана алатындай әлеуметтік ортада қалыптасып жетілу керек.

Алтыншыдан, тәрбие білім берумен ұштаса жүретін процес болғандықтан жастарды үнемі тәрбиелеп отыруға аса ден қою қажет. Жастарға патриоттық, рухани, ұлтаралық келімім, толеранттылық,

физикалық және ішкі рухану дамуы мен заңды орындаушылық қасиеттерді бойына сіңдіре отырып тәрбие берілуі тиіс.

Мемлекетімізде көп ұлтты болғандықтан саясатымыз ба соған сәйкесінше халықтар мен ұлттардың достығы негізінде үш тілді саясат ұстанып отырған елміз. ҚР Конституциясының 7-ші бабы бойынша мемлекеттік тіл қазақ тілі оған ешкімнің дауы жоқ. Осы тілді мемлекет әрі қарай да дамыта бермек. Мемлекеттік тілмен қатар мемлекеттік органдарда орыс тілі тең қолданып келеді ол да өзінің құқықтық негізін осы ҚР Конституциясы мен Тіл туралы заңынан бастау алады.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы¹ қабылданған болатын. Осы Заң аясында Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болады.

Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр. Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметтегілер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет.

ҚР Үкіметіне берілген тапсырманың бірі осы жоғарыда аталған нысанда білім беру ошақтарында жаңа пәннің типтік жобасын жасауды тапсырған болатын. Жастарға тәлім тәрбие беретін оқулықтар мен оқу құралдарының жоқтың қасы осы бағытқа жастардың адами капиталын дамыту үшін өзе маңызды орынды жастардың өміріне етене енуі тиіс. Жалпы жастардың спортпен және дене шынықтырумен айналысуына жағдайды одан әрі жақсарты.

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайтын «Дене шынықтыру және

¹ Қазақстан Республикасындағы тіл туралы. ҚР-ның 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.

спорт туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ»¹ - жұмыс істеп келеді.

Қазақта мақал бар «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» - деген. Қазырғы экономикалық әлеуметтік дағдарыс жағдайында адамның ауырмау тиіс. Ауыру ол экономикалық жағанан да, тиімсіз. Денсаулықты сақтандыру бойынша егер адамның неғұрлым мені сау болса көп сақтандырып, ал адам неғұрлым денсаулығы жоқ болса сақтандыру да аз көлемде жүзеге асырылады. Бұл экономиканың заңы. Сондықтан да, жастардың жалпы қоғамның дені сау болуын өздері қадағалап күнделікті денешынықтару мен спортпен айналысуына ешкім де кедергі келтірмей керісінше мемлекет барлық жағдайды жасап отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «14 желтоқсан 2012 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты болған еді. Осы 2013 жылға арналған жолдауыда білім беру мәселе өзекті мәеле реінде көкейтесті бағыттарды шешуге арналып отыр. Онда: білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары 1.3. Білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту, 1.4. Білім беру әдістемелерін жаңғырту, 2. Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты, 2.1. Технологиялар трансферті, 2.2. Ғылым мен бизнестің кооперациясы, 2.3. Перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастыратын жол картасы².

Жолаудағы 4-ші бағыт Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты туралы айтылған. Адамдардың жағдайын түбегейлі өзгертудің, өмір сүру жағдайын жақсартудың өмірлік маңызы бар. Соңғы 15 жылда халықтың саны 14 млн-нан 17 млн. адамға дейін өсті. Өмір сүру ұзақтығы 70жасқа дейін ұлғайды. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2009

¹ Дене шынықтыру және спорт туралы. ҚР-ның Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.

² Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «14 желтоқсан 2012 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы.Режим доступа. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan.

жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы¹. Біз қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту бағытын дәйекті жүргізудеміз. Біз әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждержелісін дамытудамыз. Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны 182%-ға ұлғайды. 1993 жылы біз «Болашақ» атты бірегей бағдарлама қабылдадық, соның арқасында 8 мың талантты жас әлемнің таңдаулы университеттерінде озық білім алды. Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті құрылды.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды.

Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек. Туу көрсеткішінің жоғарылығын, жалғасып жатқан демографиялық өсімді ескере келе, Елбасы мен «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзартуға шешім қабылдадым. Үкімет пен әкімдердің алдына балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100% қамтуға қол жеткізу міндетін қоямын - деген еді.

«Қазақстан-2050» Жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын. Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді. Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-

¹ Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы.

зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет. Біз академиялық автономия кепілдігін берген жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс.

Жеке бизнестің, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі білім беру саласында айрықша көрінуі керек. Бұл ең бірінші кезекте лайықты білім алуда оқу ақысын өз бетінше төлей алмайтын жастарға көмек беруге қатысты. Ол үшін қажетті шаралар:

-Жоғары және орта білім беру жүйесін дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі желісін құру.

-Көпсатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу.

-Бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру.

-Жоғары оқу орындарындағы оқудың екінші курсынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту.

Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады²⁴. Қашықтықтан оқыту жүйесін құру оқу үрдісінің белсенділігін қамтамасыз ететін қашықтықтан оқыту мәселелерін, мақсаттарын іске асырады, бұл білім алушының өз бетімен жұмыс істеу уақытының көлемі артуына және оқытушының үнемі оқу үрдісін қолдауына мүмкіндік береді. Оқытушының кәсіпқорлығының сапасына жоғары талап қойылып, оның жұмысы кеңейеді, қиындайды, оқыту үрдісін жүзеге асыру әдістемесі ақпараттық-байланыс технологияларын қолдану арқылы жетіледі¹.

Қашықтықтан жоғары білім беру қазырғы кезде өте ыңғайлы болып отыр. Әлемнің барлық алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің жоғары оқу орындарында осы жүйе бойынша жоғары білім алу кеңінен қолданылып келеді. Осы орайда ҚР-да «Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру. Негізгі ережелер. ҚРМЖМБС 5. 03.004 - 2006»² - қабылданған болатын. Осы норманы жүзеге асыру барысында

¹ Егоров В.В., Жилбаев Ж.О. Проблемы дистанционного обучения в условиях непрерывного образования // Педагогические проблемы информационно-технологической подготовки специалистов высшей школы: Сб. науч. тр. - Караганды: Изд-во КарГУ, 2004. - С. 3-7.

² Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру. Негізгі ережелер. ҚРМЖМБС 5. 03.004 - 2006.

көптеген мәселелерді оқу процесінде шешуге мүмкіндік беретін норма қабылданды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 қарашадағы N 590 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың Ережесі¹. Біздің ойымызша, қашықтықтан оқыту жоғары білім саласына өте ыңғайлы және қазыргы таңда қажет. Сондықтан да, білім туралы қолданыстағы заңға тиісінше өзгертулер мен толықтыру енгізу арқылы жоғары оқу орындарына қашықтық білім беруді құқықтық нормаман міндеттейтін норманы енгізді ұсынамыз. Бұрынғы сырттай оқу мен кешкі оқу яғни жұмыстан тыс кезде адамның жоғары білім алуға деген құқығы болуы тиіс деп ойлаймыз. Жоғары оқу орындарының жоғары білім беру саласындағы қызмет көрсету аясы халықтың өмір сүруі мен экономикалық жағдайына қарай ыңғайлы етіп ұсынуы тиіс деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтар «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында «Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдірген жөн»² – деген болатын. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет.

Университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Осы саланы зертеген отандық ғалымдар өте көп-ақ, дегенмен, осы жоғары білім беру департаментінің қызметкері А.Ахметжанова «Жетекші шетелдік университеттердегі автономия және Қазақстандық ЖОО-на арналған мүмкіндіктер» атты мақаласында бас талдаушы, Жоғары білімді дамыту департаменті «Автономияны жалпы жүйені жүргізбей

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 қарашадағы N 590 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың Ережесі.

² Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Режим доступа: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar.

енгізу қоғамның жоғары білімге деген сенімін жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін, өйткені қоғам орталықтандыруды мемлекеттік бақылаудың жоғалуы деп түсінеді. Автономия түсінігі болса, керісінше, ЖОО-ның ең алдымен қоғам алдында ашық болуды және есеп беруді білдіреді. Сондықтан Қазақстанда ЖОО автономиясын ары қарай дамыту аталған факторларды ескерумен өткізілуі тиіс»¹ - деген ой айты. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Әлемдік университеттердің тәжірибесіне сүйенсек оларда студенттерге арналған степендияның басым бөлігін мемлекет қаржыландырмайды. Керісінше эндаумент қорлар, жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер арнайы степендия тағайындау арқылы тегеін білім алушылардың тепе-теңдігін нарықтық сұранысқа қарай қанағаттандырып отырады. Ал біздің елде басым бөлігі тек мемлекеттік грант пен мемлекеттік степендия ғана берілумен шектеледі. Сонымен қатар, Президенттің, ректордың және степендиялары бірен саран тағайындалып қояды сонымен бітті. Аталған мәселе өте күрделі сондықтан біздің елге де шет елдік тәжірибені тиімді енгізу қажет етеді. Осы салатын реттейтін бірқатар нормалар бар олар: - «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік степендиялар төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 266 Қаулысы»².

«Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген степендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 136 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет

¹ Ахметжанова А. «Жетекші шетелдік университеттердегі автономия және Қазақстандық ЖОО-на арналған мүмкіндіктер» // "Білімді ел - образованная страна" №19 (56) от 11 октября 2016г. Режим доступа <http://iac.kz/kk/publishing/zhetekshi-sheteldik-universitetterdegi-avtonomiya-zhne-kazakstandyk-zhoo-na-arnalghan-0>.

² "Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік степендиялар төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 266 Қаулысы.

министрлігінде 2011 жылы 03 мамырда N 6936 тіркелді»¹. Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысы².

Біздің ойымызша білім алушыларға берілетін степендия олардың тұрғын үй жалдауы мен жол шығындарын қоспағанда күнделікті ішіп жеуіне жететін мөлшерде берілуі қажет етеді. Мысалы, жоғары білім алғысы келетік кез келген жастардың не үйі не басқада әлеуметтік экономикалық жағдай шамалы немесе жоқтың қасы. Ол білім алумен шұғылданама әлде тамақ тауып жеу мен пәтер жалдау бойынша ақша тауы керек пен екеуі де оның болашақ өмірі үшін маңызды алғышарттар. Сондықтан да, ең төменгі күн көріс деңгейін министірдің жалақысы деңгейіне ал министірдің жалақысын студенттің степендия көлеміне теңестірді ұсынамыз.

Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2015 жылғы 30 қараша «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» жолдауында, білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда³ – деген болатын елбасы. Тұтастай алғанда, осы Жолдау жобаларын жүзеге асыруға 7,5 триллион теңге тартылмақ. Осы қаржыларды тиімді пайдалану – Үкіметтің басты міндеті және жауапкершілігі. Қиындықтарды еңсеруде біз жалғыз емеспіз. Өзіміздің салмақты сыртқы саяси қызметімізбен біз бүкіл

¹ Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 136 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 03 мамырда N 6936 тіркелді.

² Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысы.

³ Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-30-karasha>.

әлем бойынша көптеген достар таптық. Олар бізді қолдап келеді. Дүниежүзінде біз бастаған реформалар туралы, Жүз қадам туралы жақсы біледі және оларды бәрі қолдайды³⁴. Н.Назарбаев Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауын жариялаған болатын. Осы жолдаудың төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту¹.

Біздің ойымызша, адами капиталды дамыту үшін мемлекет тек денсаулық сақтау саласы мен білім беру саласын ерекше өз қамқорлығына алу арқылы жүзеге асыруға болады. Оларға айрықша өкілеттіктер бере отырып жетілдіруді қажет етеді. Қазырғы нарықтық жаңдайда мемлекет барлық құрылымдар мен салаларды басқарудан бас тартып оларға автономия мен өзін-өзі басқаруға көшіп отыр. Аталған саяси жүйе еліміздің адами капиталының дамуына кері әсерін тигізіп отыр деп ойлаймыз. Елдің әлеуметтік деңгейі, жұмыссыздық, білімнің сапасыз болуы, аталған саланы басқарудың арнайы даму жолын қарастырған абзал. Коммерциализациялау барлық салаға оның ішінде денсаулық саласы мен білім беру саласына да етене еніп отыр. Осы коммерциализациялау елдің адами капиталының дамуына кедергі деп ойлаймыз. Ақылы медицина, ақылы жоғары білім бұл қоғамның бәсекелес нарықтық жағдайын қалыптастырып отырған жоқ. Керісінше, осы екі саланың дамуына ондағы сыбайластақ, қызмет көрсетудің сапасының төмендігі, білім беру мекемелерінің тиісінше қызмет көрсете алмауы, қағазбастылық пен толып жатқан есепберулер, мәселені шеше алмай отыр. Тағы да бір мәселе ол адами капиталдарымыздың шет елге кетіп жатуы. Ол үшін елімізде оларға айтарлықтай еңбек пен жоғары жалақының жоқтығы және құқықбықушылық пен етене еніп кеткен сыбайластық өзге елге кетуге мәмбүр етіп отыр.

Елімізде жалпы көпшіліктің жоғары сапалы білім иесі болуына ықпал ететін фактор ол ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты-қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, қала мен ауыл мектептері

¹ Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы.

Режим доступа: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar.

арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту арқылы да сапалы білімге қол жеткізуге болады деп ойлаймыз.

Елбасының 2017 жылғы тапсырмасы бойынша «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс. Кәсіптік білім беру жүйесінде, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек. Ол үшін кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет. Жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет. Келесі басымдық – ЖОО-дағы институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы жүзеге асыру. Әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде¹.

Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Режим доступа:

http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar.

Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Өткен жылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары жасалды. Біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымыз өзгеріссіз қала береді. Қажетті бағдарламалардың барлығы бар. Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды.

Дейтурғанмен, жоғары білім беру саласы осы қоғамда болып жатқан тың өзгерістермен бірре еріп жүрмей керісінше оған мұрындық болатындай өзінің қоғамдағы маңызды орынның жоғалтпау қажет деп ойлаймыз. Жоғары оқу орындары еліміздің айнасы мен адами сапалы капиталдың жинақталған орталығы іспетті болуы шарт. Осы жоғары білім беру ошақтарынан барлық стратегиялық бағдарламаларды тиімді жүзеге асырудың жолдары мен экономикаға тиімді механизмдердің жобаларын жасап алғаш ұсыныс жасаушыларға айналу қажет. Сонда ғана халықтың жоғары білім беру сапасының артып онық мемлекет пен халықтың, қоғамдық сұранысты қанағаттандыра алатындай жоғары білім беру саласында кәсіби қызмет көрсету бойынша әлемдік бәсекелеске түсе алады деп ойлаймыз.

Қорытынды Еліміздің жоғары білім саласын әлемнің дамыған елдерінің сан ғасырлық тәжірибесі бар университеттерімен бәсекеге түсе алатындай құқықтық тұрғыдан алғышарттар мен тиісінше бағдарламалар жасалынап болды. Ендігі мақсат тек осы заңнамаларды қоғамның қажеттілігін есере отырып жоғары оқу орындары сапалы қызмет көрсетуге көші тиіс.

Бүгінгі күннің жаңа талабы білім және еңбек нарығы бойынша сәйкестендіру қажеттігі артып келеді. Білім саласы тез өзгермелі еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыр алатындай бейімделуі қажет етеді.

Бірікен Ұлттар Ұйымының «Баршаға және әркімге арналған адами даму» 2017 жылғы баяндамасында жаңа ғасырда адамның жаңа тұрпаты мен дағдыларын қалыптастыру көкейтесті өзекті екендігін көрсетіп отыр. Өмір бойы білім алуды меңгеруге сыни тұрғыдан ойлау, жасампаздық және коммуникативтілікті дамытып жетілдіруді қажет етіп отыр. Адам өзін өзі дамыту жетілдіру арқылы өзінің білімі мен дүние танымын көбейтіп отыруына арналған үздіксіз білім беру қолға алынған.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Еуропа мен АҚШ жоғары білім алушылар мен екінші жоғары білім алушылар және жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың еңбек ету құқығы бұзылмай білім алуына да, ақпараттық технологияны пайдалану арқасында мүмкін болып отыр. Ол қашықтықтан жоғары білім беру тәсілі. Ұлттық білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен оны пайдалану қарқынан одан әрі жетілдіре түскен абзал деп ойлаймыз. Жоғары білім беру саласындағы құқықтық реформалаудың ендігі жаңа бағыты осы саланы қамтуы тиіс деп ойлаймыз.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ елімізде 149 жоғары оқу орын болған 2011 жылы. Көптеген мамандардың пікірінше ол әлемдік стандартқа сәйкес келмейді. Сондықтан да, сайкестендіру қажеттігін айтқан еді. Қазыргы уақытта алдыңғы қатарлы дамыған елдерде 1 миллион тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін ғана келетінін алға тартып біздің елімізде жоғары оқу орындарының саны адам басына шаққанда көп деген пікір айтылып отыр. Біздіңше, қазақстан үшін жоғары оқу орындарының санының көптігі мемлекетімізге пайда болмаса еш зиянын тигізе қоймайды.

Егер мемлекеттік ЖОО саны қарайтын болсақ оеда ол халықаралық стандартқа сәйкес. Ал жеке ЖОО-ның санына келсе онда мәселе басқада. Бірнеше жылдың ішінде нарықтық бәсекелестік ортаның қалыптасуын тездетеді. Елдің әлеуметтік жағдайына сәйкес емес мемлекеттік жоғары білім беру саласындағы ақылы білім беруге айтарлықтай бәсеке болып отыр. Жоғары білімнің сапасы тұрғысында әр адамның қандай жоғары білім беру мекемесінде білім алу құқығы сақталуы керек деп ойлаймыз.

Келесі қозғалған мәселе ғылыми кеңестер оның қызметі аясында. Елімізде 2010 жылы 200 жуық ғылыми кеңестер жұмыс жасаған еді. Олардың негізгі қызметі әр түрлі сала бойынша ғылым

кандидаттары мен ғылым докторларын сүзгіден өткізіп тиісті ғылыми атағын беру. Мысалы, 60 кандидаттың 1-і және 37 доктордың 1-і ғана ғылымға барады. Біздің ойымызша, мемлекеттік грантта оқып қорғаған доктор PhD – ларды он жолға келісім шарт негізінде жоғары оқу орындарына жұмысқа алу тетігін Білім туралы заңға тиісінше толықтырулар енгізе отырып шешкен жөн. Оған көнбеген доктор PhD – ға әлеуметтік пакеттер бойынша мемлекеттік кепілдіктерді арттыру арқылы аталған мәселені шешуге болады.

Мысалы, тұрғын үй беру, жер телімдерін беру арқылы сол жоғары оқу орының орналасқан аймағында адамдарды тұрақтандыру арқылы тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, аталған мәселе өте күрделі. Себебі кез келген жоғары оқу орынның оқытушысы тек бір жылға еңбек шарты жасалынатыны баршаға белгілі. Келесі оқу жылы адам жұмыспен қамтылады мен жоқ әлде жұмыссыз қалады ме ол белгісіз. Тағдырын оқытушылық қызметпен біліммен ұштастырған жандар жылсайын күйзеліске ұшырып жұмыстан ажырап қалу қауапы басым.

Жұмыс жасайтын жастардың күндізгі бөлімде жоғары білім алуларына университеттердің ішкі нормативтік актілері қайшы болып отыр әлі күнге. Сондықтан да, біздің ойымызша, аталған мәселені халықаралық жоғары білім беру саласындағы тәжірибелерге сүйене отырып шешкен жөн. Жоғары білім беру саласындағы қашықтықтан жоғары білім беру саласын дамыту керек. Сол арқылы осы мәселенің жастардың ауылдан қалаға көшу легін тоқтатуға болады.

Бесіншіден, білім беру мекемелері тек теориялық білім берумен шектелмеуі керек, сондай ақ ол, осы алған білімін өндірісте қолдана алатындай әлеуметтік ортада қалыптасып жетілу керек.

Қорытынды

Зерттеу келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Біздің Конституциямыз қоғамның әкімшілік өзін-өзі басқаруының ең құнды және тиімді құқықтық ережелері болып табылатын, адамзат өркениетінің барлық жетістіктерін жүзеге асыратын Қазақстанның барлық құқықтық жүйесінің негізі болып табылады. Әрбір ұлттық құқықтық жүйе бірегей және өзінше қайталанбас, әрбір қоғамның құқықтық дамуының заңды нәтижесін білдіреді. Қазақстан Республикасындағы конституциялық өзгерістер конституционализм қағидаты (мемлекеттік билік тармақтарының өзара бақылауы және бөлінуі) айқын көрінетін мемлекеттік құрылыстың жаңа құрылымын құруға әкелді, сондай-ақ халықтық егемендік қағидаты анық күшейтілді. Сол уақытта конституциялық заңнаманың әрбір кезеңі алдыңғы дамудың қорытындыларын шығара отырып, қазақстандық мемлекеттіліктің даму тарихындағы сапалы жаңа кезеңді анықтайды және Қазақстан Республикасының демократиялық даму жолында жаңа тұжырымдамалық ережелерді бекітуді көрсетеді. Сайлау заңнамасы Қазақстандағы демократиялық негіздерді дамытуға бағытталған көптеген өзгерістерге ұшырады. Көші-қон заңнамасы қалыптасқанымен, алайда көші-қон процесіне қатысушы субъектілердің құқықтары мен міндеттеріне, оралуы мен қоныс аударуына, бейімделуі мен интеграциясына әсер ететін өзекті мәселелер әлі де бар. Оралуды оңайлатылған тәртіптегі азаматтықты беру деп ғана емес, сондай-ақ оралмандардың кейіннен бейімделуі мен интеграциясына көмек көрсету деп түсіну қажет. Бейімделу мен интеграцияны тек тұрғын үй мен жұмыс беру деп қарастырмау керек, әлеуметтік, мәдени, тілдік, психологиялық, құқықтық аспектілерге назар аударған жөн. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды экономикалық реттеу механизмі табиғат пайдаланушылар үшін экономикалық ынталандыруды қамтамасыз ететін субъектілерді қамтитын белгілі бір факторлар немесе элементтер жиынтығы; осы субъектілердің қызметін қамтамасыз ететін құқықтық нормалар жүйесі; табиғат пайдаланушылардың мінез-құлқы субъектілерін реттеу үдерісі ретінде ұсынылады.

С.Ж.Смойлов жалпы көрінісінде көрсетілген құрамдас элементтер қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды экономикалық реттеу механизмінің толық бейнесін бермейді, себебі ол тек мемлекеттің табиғат пайдаланушыларға ықпалын қарастырады және азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтарының мүмкіндіктерін мүлдем ескермейді.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының біліктілік мәселелерін талдау – дәлелдемелерді белгілеу мен бекіту бойынша экономикалық қызмет саласындағы аталмыш қылмыстық құқық бұзушылықтар тобын бастапқы кезеңде сотқа дейінгі тексеру кезінде тергеу, астыртын тергеу іс-әрекеттерін жүргізу және жедел іздестіру шараларын өткізу кезінде қылмыстық іс жүргізу заңының әлеуетін оңтайлы пайдалану бойынша тиімді бағытты айқындау болып табылады.

Заңсыз кәсіпкерлік пен жалған банкроттықпен байланысты экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру әдістемесін зерттеу тергеуші үшін тек қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын ғана емес, адами, қоғамдық, экономикалық, саяси және мемлекеттік қызметтің әр алуан түрінің барлық механизмдерін, оның ішінде қылмыстық реттеуге келмейтін көші-қон легі және т.б. екенін көрсетті.

Бұл қылмыстық қолсұғушылық жағдайы мен әдісінің, қолсұғушылық әдісі мен пәнінің арасындағы өзара байланысты, тұлғаның өз лауазымдық жағдайын есепке ала отырып қандай құралды пайдаланғанын және оның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы әрі қарайғы рөлін анықтайды және көмектеседі. Осылайша, Конституцияны іске асырудағы көптеген мәселелер азаматтар сияқты үкіметтер де заңдық деңгейде дамымаған деңгейге байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Н.Ә.Назарбаевтың елдегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық көрінісі ұсынылған «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты мақаласы әрдайым өзекті болып табылады. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Конституцияның әлеуетін толық іске асыруға ұмтылу керек және оның нақты мақалаларына түзетулер енгізуге тырыспау керек. Оның тұрақтылығын және ішкі әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ету

қажет. Қазіргі конституциялық-құқықтық дамудың маңызды бағыты Қазақстанда конституциялық нигилизмді жеңудің алғышарттары, сондай-ақ конституциялық нормаларды қолдану тәжірибесін жетілдіру болып табылады. Қолданыстағы Конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның барлық нормалары мен институттарын әрекетке келтіру, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясының динамикалық аспектісі болып табылатын қоғамдық қатынастарға реттелетін әсерін қамтамасыз ету маңызды. Негізгі заңның мәтінінде «Конституцияның тікелей қолданылуы» ұғымы соңғы болып көрінеді.

Конституцияның тікелей әрекетін қамтамасыз ету қазақстандықтардың конституциялық сана-сезімі ахуалына және дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Конституцияның тікелей әсері заңды тәжірибенің барлық салаларына, заңнамалық, атқарушы және сот билігі органдарының, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың негізгі қағидаты ретінде әрекет ете отырып, құқықтық іске асырудың барлық нысандарын қамтиды.

Құқық қорғау органдарының ҚР Конституциясын тәжірибеде қолдануы жиі кездесетін және өткір сыни жағдайларға тап болған адамдардың санасына ерекше ықпал етеді.

Конституциялық әлеуетті іске асыру үшін, ең алдымен, оның идеялары мен қағидаттарын іске асыруға бағытталған құқықтық сипаттағы шараларды қабылдау қажет. Конституциялық идеяларды бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру мекемелерінде, барлық билік органдарының қызметінде, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтарға кеңінен тарату маңызды.

Мазмұны:

Кіріспе.....	3
Бөлім 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы және жария құқығы.....	9
1.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: жетілдіру жолдары.....	9
1.2 Қазақстан Республикасында мемлекет Басшысын сайлаудың күрделі мәселелері.....	33
1.3 Интеграция процессінде Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау органының мәні мен міндеттері.....	55
Бөлім 2 Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын әлеуметтік-экономикалық салада іске асырылуы.....	72
2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қазақ елінің құқықтық идеяларының сабақтастығы.....	72
2.2 Көші-қонның бір түрі ретіндегі репатриацияның Қазақстандағы жағдайы мен болашағы.....	93
2.3 Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғаудың конституциялық-құқықтық негіздері.....	120
2.4 Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлерін анықтау мәселелері.....	133
2.5 Жоғарғы білім беру саласындағы 2010-2017 жылғы реформаларға құқықтық талдау.....	156
Қорытынды.....	202

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саласындағы конституциялық тәжірибесі

Монография

Редакторлау және корректура

Оригинал-макетті дайындау

Мұқабаның дизайны

Авторлар жарияланған материалдарда қитаталар, аттар, атаулардың және өзге де мәліметтердің дәлме-дәлдігі, сондай-ақ зияткерлік меншік туралы заңдардың сақталуына жауапты

Басуға 3.07.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16.

Қағазы офсеттік. Көлемі 8,56 баспа табақ.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 181

071400, Семей қаласы, Шугаев көшесі, 4, тел.: 63-12-17

«ИНТЕЛЛЕКТ» баспа үйі

